



Ахметжан  
НҰРТАЗИН

ӨЛЕНДЕР  
ЖИНАҒЫ

Издательство  
«Северный Казахстан»



Ахметжан  
НҰРТАЗИН

ӨЛЕНДЕР  
ЖИНАҒЫ

Петропавловск, 2023

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5Қаз)-5  
Н 90

Н 90 Нұртазин А. «Өлеңдер жинағы» / Петропавловск: Изд-во «Северный Казахстан», 2023. – 340 стр.


ISBN 978-601-7958-49-7

569815

Данная книга – полный сборник произведений Ахметжана Нуртазина, в который вошли стихи, поэмы, шежіре, а также воспоминания его современников. Книга приурочена к 115-летию Народного акына.

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-7958-49-7



©Нұртазин А., 2023  
© Издательство «Северный Казахстан», 2023



*Ахметжан Нұртазин 1908 жылдың маусым айында Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Көктерек ауылында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген.*

*Өлең өнеріне кештеу келсе де, бар өмірін орманға арнап, Есіл өңірінің сұлу табиғатын және адамгершілікті, достықты, туыстықты, аңшылықты жырлаған. Алпысыншы жылдары үш кітабы басылып шықты: «Көк тоғай» (1965), «Полковник қызы» (1966), «Орман сыры» (1969). 1973 жылы өзі дүниеден озғаннан кейін «Орман жыры» (1979) кітабы жарық көрді.*

*1970 жылы Ахаң шежіре-дастанын аяқтап жеке кітапша етіп баспадан шығарып үлгермеген. 2007 жылы Қоблан қажы Хамзаұлы «Арналған ұрпақтарға аманатым» кітапшаны басып шығарды.*

*2008 жылы А. Нұртазинның 100 жылдық мерейтойына арналған «Туған өлке» деген жинағы шықты. «Туған өлке» жинағын басып шығарған кісі – Ахметжан Нұртазинның күйеубаласы Тілеу Нұрмұратұлы. Тілеу Нұрмұратұлы – Қазақстанның көрнекті ғалымы, биология ғылымдарының*

*докторы, ҚР Ұлттық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі.*

*Солтүстік Қазақстан облысының халық ақыны Ахметжан Нұртазинның бұл жинағы оның туғанына 115 жыл толуына арналады. Кітапқа бұрынғы өлеңдері мен поэмалары, шежіре-дастаны және көзін көрген, сыйласқан, біліскен біраз азаматтардың естеліктері енгізілді.*



# ӨЛЕҢДЕР





## ТҰҢҒЫШ МЕКТЕП ТОЙЫНДА

Күн шығып, көрді казак атқан танды,  
Ту тігіп, тұңғыш елде жаккан шамды.  
Қабағы ашылмаған қариялар  
Жайраңдап күліп-ойнап бір шаттанды.

Жарыла кара жолды ортаға алып,  
Жабыла қарсы қарап отыр халық.  
Сыпырды жерден күміс жас жігіттер,  
Жатаған ыңғайлы атты мініп алып.

Шекпеннің бір-бір жеңін киіп алып,  
Қабағын кара бұлттай түйіп алып,  
Отырды балуандар бұрадай боп,  
Қайратын бойларына жиып алып.

Қозыбай бұлшық еті бүлк-бүлк етіп,  
Алшаңдап кара жолға келді жетіп.  
Ежелгі елдің ғұрпын еске сақтап,  
Кетпеді жолдан асып аттап өтіп.

Бұл данды Құдайберлі Қозыбайы,  
Атакты «түйе балуан» мәлім жайы.  
Рудан оза шыққан жан болмаса,  
Таң келмес жабайы адам қарапайым.

Деп халық ішін ара күбірледі,  
Ішінен шығатын жан білінбеді.  
Қаска бас Қожахмет Меген ұлы  
"Мен оған шығамын", - деп күрілдеді.

Иә, тәнірім!  
Ел болған соң де тумак,  
Ер адам елі үшін белін бумак.  
Беделін Бәйімбеттің көтердің деп,  
Шұбыртып бата берді халық шулап.

Шалқак төс, кең жауырын, орак мұрын  
Жас жігіт, білмейтін ел онын сырын.  
Жүгіріп барған жерден Қозыбайды  
Өнгеріп жамбасына алды бұрын.

Омыра сілтесе де түсірмеді,  
О дағы онай болар кісің бе еді.  
Білектің тамырлары білеуленді,  
Темірдей тістеуіктің тісіндегі.

Қозыбай бұлқынғанда бурадай боп,  
Жұлқынып Қожахмет тулады-ай кеп.  
«Иә, алла! Иә, шадияр! Иә, құдайлап».  
Екі жак ду көтере шулады-ай кеп.

Қозыбай тік көтеріп алды жерден,  
Күшінін молдығына өзі сенген.  
Ашумен иіргенде төбесіне,  
Адам аз аямаған тұрған елден.

Қолында Қожахмет бейне берік,  
Қозыбай жайратпақшы жерге періп.  
Қас какпай халық тегіс тұрды карап,  
Көздері иіргенде бірге еріп.

Диірмен құлағандай зуылдады,  
Әкеліп ұрды жерге, жығылмады.  
Тік тұрып қалғанына сүйінген жұрт,  
«Жарайды, тусаң ту», - деп шуылдады.

Таңырқап отыр халық Мегеновті,  
Күші еркін Қозыбаймен теңеліпті.  
Қолының тиген жері тас басқандай,  
Таңба боп білеуленіп көгеріпті.

Екі дәу бір-бірінен ығысады,  
Бармақты барған сайын нық ұстады.  
Аянбай алысқанмен күші тең боп,  
Айырды аяғында, жығыспады.

Көрінді күздік шоктан аттың шаны,  
Жапырлап тұра келді тойдың жаны.  
Отыз ат осы тойға қосылып тұр,  
Келеді кімнің аты, кімнің бағы?

Алдында жеке дара келеді ағып,  
Айқын боп көрінген жоқ түсі де анық.  
Әр қайсы өз атына жорамалдап,  
Қас қақпай қарайғанды тұрды бағып.

Тор бесті Қойсарының жеке келді,  
Көсіліп көп алдынан өте берді.  
Шыққан леп танауынан тау жыққандай,  
Тербетті төрт аяғы кара жерді.

## ЖАСТЫҚ

Жайдары жаз күніндей күлімдейсің,  
Құлпырған масатының түріндейсің.  
Қайсарсың, қайыспайсың қайраттанып,  
Таскандай тас копарған дүрілдейсің.

Қайтпайтын ақ алмассың қойған қайрап,  
Жарқырап жазғы күнсің шыққан жайнап.  
Бейне бір гүл бақшасың балаусалы,  
Ән шырқап бұлбұл құсын тұрған сайрап.

## КӨҢІЛ КҮЙІ КЕЛГЕНДЕ

Табиғат баппен төрбетіп,  
Келіп тұр көңілім күйіне.  
Өлеңім тұрса ержетіп,  
Талайлар оқыр сүйіне.

Жазғы жайлы самал жел,  
Көкірекке күшті дем беріп.  
Өлеңім бейне дария, кел,  
Шалқысын толқын менгеріп.

Жеңілтек болып желге ерсем,  
Салмағым болар қанбақтай.  
Жалықпай жақсы жыр берсем,  
Жарыққа шығар жай жатпай.

1927

## ЖАУДЫ НӨСЕР, АҚША ҚАР

Жауды нөсер, ақ кары міне күздің,  
Тайға таңба басқандай мөрі іздің.  
Опа жаққан қалыпты өңі түздің.

Бір топ адам салт аңға шыға келдік,  
Сонар болыс кеппейді біздің терлік.  
Берлі көлін бетке ұстап таң сәріден,  
Бірде аяндап ақырын, бірде желдік.

Аттар жүйрік, иттер де өте бапты,  
Қас саятшы жігіттер келе жатты.  
Өлімтікке таң ата келіп кеткен  
Үш қасқырдың қосылып ізі жатты.

"Көл ығына екеуің тұр", - деді ықтап,  
Сөйлемеуді тапсырды тыңғылықтап.  
Тұңғыш шыққан аңшының бас міндеті,  
Саятшының тапсырған сөзін ұқпақ.

Көрінеді қасқырдың біреуі ірі,  
Бала қасқыр екеуі болар түрі.  
Ізге қарап тұрды да Қошан ағай:  
"Еске ұстандар, балалар, - деді, - мұны.

Ең алдымен жүйрігі тұра қашар,  
Жамандары жалтарып айла жасар.  
Алғашқысын аңдамай қуған адам  
Асығыстық жасар да каталасар".

Бір көкжалы алдымнан шыға келді,  
Жамандары жалтақтап бұға берді.  
Кете барған қасқырды көрген итім  
Жібермедім дегендей ызаға енді.

Шықты кейін екеуі есі кетіп,  
Жіберген ит әл сәтте барды жетіп.  
Алып тұрып біреуін алқымдады,  
Көптен бері жүргендей ызасы өтіп.

*1927*

## **ҚАЗАҚ АРБА**

Мінгенім сықырлатып казак арба,  
Құлаққа мұны мінсең маза бар ма.  
Өрге алып өгіз сүйреп шыға алмайды,  
Әрі ауыр, әрі тыйышсыз азап арба.

Көмейін майламасаң бақырады,  
Жүк салса жаны ышқынып акырады,  
Орманға отын ала бара қалсаң,  
Айғайлап орманшыны шақырады.

*1927*

## **ЕШКІ ҰРЛЫҒЫ**

Арбаға төрт аяғын салды байлап,  
Маңырап келеді ешкі, көзі жайнап.  
Алғандай жеті қоян жерден тауып,  
Ырекең келе жатыр өгіз айдап.

Ауылдың сыртындағы калың тоғай,  
Табылмас жасырынса атың да онай.  
Өгізді таяғымен жанай сабап,  
Ақырын аяндап бұрды солай.

Бакыртпай ұста деді ешкі тілін,  
Тапсырды шығартпа деп сыртқа үнін.  
Сезбейтін ештеңені бала едім,  
Ұрлықтың білмейтұғын ымы-жымын.

Ешкімнің тілін ұстап, ұртын керіп,  
Бакырса мәз боламын күлкім келіп.  
Ентігіп есі кетіп жатыр ешкі,  
Амал не болмаған соң шіркінде ерік.

Ет пісті, тиді қолға тоқпақ жілік,  
Қайтыстық бір-бір талды ат қып мініп.  
Желкемнен жегенімді шығарғаны  
Иесі ертеңіне оны біліп.

Кекетіп "келдің бе, - деп, - етке тойып",  
Естіген есімді алды көзімді ойып.  
Ұрлықтың түбі қорлық болып шықты,  
Шықпыртып шыбықпенен әкем сойып.

1927

## ЖАҚЫП

Мақтанғанда өседі өрдей болып,  
Көпіреді толқынды көлдей болып.  
Кісі үйіне кінәшіл, кір тағымпаз,  
Тұрса-дағы өз үйі көрдей болып.

Жақындасса күләйімсіп күліп тұрып,  
Жанын саған қосқандай біріктіріп.  
Шыға бере шұбырта жамандайды,  
Шын досың болғансып жүріп тұрып.

1928

## ҚОЛ ШАЛҒЫ

Қол шалғы, қолымды әбден талдырасың,  
Шындасам шырағымды жандырасың.  
Сәл бабың келмей қалса қыңырайып,  
Жүрмейсің, қарымды әбден талдырасың.

Қарыспа, балдырған жас меніменен,  
Әлім аз алысатын сеніменен.  
Жағыңды жануышпен жиі сипап,  
Шындайын маңдайымның теріменен.

1928

## СІЗ ДЕСЕМШІ...

Секиді «сен» деп едік, жөнгем Кішкей  
Кекиді кешке дейін шайы піспей.  
Сөзімді өзгертпесем өзім ойлап,  
Түрім бар қалатұғын тамақ ішпей.

Сызылды «сіз» деп едім, күле карап,  
Үзілді бойындағы ашу тарап.  
Кінамды білдім-дағы кішірейдім,  
Ойласам, өзім сөзім екен ағат.

1931



## МҰРЫН

Мынауың кім, мұрыны қолағаштай,  
Шағын басқа мол мұрын тұр жараспай.  
Екі көз танауының тасасында,  
Қалайша жүреді екен бұл адаспай?

1931

## ҚАСҚЫР

Қолға түсіп тұрсаң да,  
Ырсияға күлгендей.  
Үндемейсің ұрсам да,  
Кінәнді өзің білгендей.


Тұмсығыңа тас тиіп  
Жатқанын, жауыз, білмейсің.  
Азу тісің аксиып,  
Өзің де жай жүрмейсің.

1932

## БРИГАДИРДІ ЖЫҒЫП САП...

Жүдетіп жүгіртумен қара ала атты,  
Үдетіп, ұмытып бар қанағатты,  
Есте жоқ егін жинап жатқандығы,  
Жылпындар шақырды деп бара қапты.

Егіннің шаруасы қайда қалды,  
Ақ арақ тұла бойын жайлап алды.



Сұлатып салды-дағы сұлысынан  
Арбалап қаптың аузын байлап алды.

1932

## ҚҰРДАС

Жарасар әр кім өзі тұсыменен,  
Сүйкімді мінезімен, ісіменен.  
Құрдасқа күн жете ме өмірінде,  
Берілген адам болса ішіменен.

Жай ғана жылтыраса сыртыменен,  
Жаратпай шын дұрыс құлқыменен.  
Күншілдік етіп сырттан күңкіл жасап,  
Жанаса жүрегінді түрпіменен.

Жатырқап тұрса өзіңнен бойын тартып,  
Ұнамсыз мінезінің исі аңқып.  
Жымдасып жүрегімен үйлеспесе,  
Ол құрдас дұспаныңнан несі артық.

1933

## АЙТ КҮНІ

Мәлік жүр мың құбылып, жүз түрге ауып,  
Тегінге тары іздеген ол бір тауық.  
Мұғалім бір кездегі бала оқытқан,  
Бұл күнде моллалықты алды тауып.

Дамылсыз ішеді арақ ауық-ауық,  
Ішпеуге шыдатпайды аңсары ауып.

Садақа пітір алар шақтарында  
Тақуа болғансиді қасын жауып.

Қалай деп сыйлайды жұрт бұл молланы,  
Осыны молла бол деп кім зорлады?  
Айт күні аяғын жүр шалыс басып,  
Сонда бұл моллекеннің кім болғаны?

*1935*

## **ЕЛІМ**

Кемтар боп жүргенімде көрген елім,  
Қол ұшын қысылғанда берген елім.  
Сыраттан сыбызғыдай хал қалғанда,  
Сапырып сар кымызын берген елім.

Жаным жаз, көңілім көктем ел дегенде,  
Туған ел тең таппаймын сен дегенде.  
Арқама артса елім ауыр жүгін,  
Ерінбей шығарамын өрден өрге.

*1937*

## **ТУЫСТАРҒА МАЙДАННАН ХАТ**

Соғыс деп суық хабар алынғалы  
Кім жатып төсегінде дамылдады?  
Жеріме жасырынып кіргенде жау  
Жүректе намыс оты жалындады.

Сол жалын жауды жоймай сөнер емес,  
Ұйқы ұйықтап, күлкі-дағы келер емес.

Ойыма жетпей үйге оралмаспын,  
Туыстар тілектес боп немерелес.

Коммунист партиясы солдатымыз,  
Үміт зор, алда бақыт, алда ырыс.  
Бермейміз жарты сүйем жерді жауға,  
Қолда күш, бойда қуат, барда тыныс.

*1942*

## **МАЙДАНДАҒЫ ІНІМЕ**

Қапарым, хат жазайын елден саған,  
Кір жуып, кіндік кескен жерден саған.  
Көп ойлап аландама үй ішінді,  
Тұрмысы өте жақсы тегіс аман.

Кеткенде қол басындай Қайрат балаң  
Тартыпты түрі аумастан тура саған.  
Түбінде терезеннің жүр секіріп,  
Жас бота секілденіп ойнақтаған.

Сендердің қолдарында жаудың жаны,  
Сарқылмақ сықса қатты қалмай қаны.  
Келіңдер жойып жауды, желпіп туды.  
Сауықпен сайрандалық Сарыарқаны.

*1943*

## **ЕШКІ**

Орманның жайлап бауырын,  
Гүлге оранды ауылым.

Көгалды коймай құртатын  
Ешкі ғой бірі жауынның.

Бұтаға кадап башайды,  
Асылып талды асайды.  
Гүлін отап орманның,  
Киянатты жасайды.

Болса да бұлды түбітің,  
Қисық-ау ісің, жігітім.  
Көзіңді сенің жой десем,  
Ерсі де болмас үгітім.

*1944*

## **МУҒАЛІМ АҚАН ҚАРТҚА**

Таскындай тас копарған гүрілдедің,  
Маздадың май құйғандай, дүрілдедің.  
Қасарып қиындыққа қарсы шығып,  
Тік тұрып сынсаң-дағы бүгілмедің.

Жортсаң да тау мен тасқа сүрінбедің,  
Құлпыра түстің, күндей күлімдедің.  
Алпыстың аскарынаң ассан-дағы,  
Бас иіп кәрілікке жүгінбедің.

Отыз жыл оқытушы болып елде,  
Жайнаған жас ұрпакка білім бердің.  
Болдыңыз адалдықтың арқасында  
Қадірлі қариясы біздің елдің.

*1951*

## ЕТ КЕПТІРДІ

Сәуле-Шолпан отырып ет кептірді,  
Кептіргенін Болат та жептеп тұрды.  
«Кешегідей көгертіп алмандар», – деп,  
Мысқыл айтып жымыып елтеп күлді.  
Қара шыбын қабындап жүрген толып,  
Дәндеп алды дәмді еттің майын сорып.  
Мазаларын масалар кетірген соң  
Сойып алып келіндер шықты қорып.  
Одан сайын өшікті, көзі жайнап,  
Қорқар емес құрыкпен қуса да айдап.  
Бой үйреніп бұл үйдің жандарына,  
Дәндеп алған дәмді етке ұртын майлап.

1958

## КӨКШЕТАУҒА АЙТЫС ҰЙЫМДАСТЫРУҒА БАРҒАНДА

Мүсіреп қағазын құр түртіп отыр,  
Айтыстан күні бұрын үркіп отыр.  
«Сіздермен айтысатын ақын жоқ», – деп,  
Ауызын құр шөппенен сүртіп отыр.

Өсірген сан ақынды Көкше елі,  
Ыбырай, Біржан сал мен Ақан сері.  
Жерінде ат аунаған түк қалар деп,  
Көрінбей жүрген болар інілері.

1958

## ТАЯҚ ЖЕГЕН ТЕКЕ

«Тентіреп тереземнен азан қағып,  
Мезгілсіз манырайсың мазамды алып», –  
Деді де таяқтады, куды маннан  
Баяшов бара тұр деп сазанды алып.

Таяк жеп кете барды кара теке,  
Жанына сая іздеп шықты жеке.  
Орманнан ортаға алып екі касқыр,  
Төбелес болды түнде қызып шеке.

Қалжырап барып паналады,  
Қасқырлар оған-дағы карамады.  
Басына батып ауыз салмағанмен,  
Такымын тамтық коймай жаралады.

Кінәсы Баяш қарттың Сәбитіне,  
Әдейлеп айдап салды дала итіне.  
Тіріде керексіз қып қуса-дағы,  
Өлген соң әкеп берді сары итіне.

1958

## ОЗАТТАР МӘЖІЛІСІНДЕ

Тың өлкесі біз казір,  
Жаңарды жайнап аймағым.  
Алуға мол ғып біз әзір  
Алтын дән, күміс қаймағын.

Озаттарым, келдіңіз,  
Жүздерің жарқын жайнаған.

Мол өнімді бердіңіз,  
Гүлденді өлкем, айналам.

Съезге дейін сай болып,  
Жоялық жұмыс олқысын.  
Бұдан да елім бай болып,  
Тыңда дәулет толқысын.

1962

## МЕРЕКЕ ҒАРИФУЛЛИНГЕ

Өмірдің жолы қиын бұрандаған,  
Сонда да сырлары көп ұнар маған.  
Ұмтылып өрге талай шықсам-дағы,  
Тым асқак шыңдарым көп шыға алмаған.  
Океан шексіз-шетсіз аспан асты,  
Біреулер оқу оқып, білім қуып,  
Біреулер домбыра алып әнге басты.  
Біреулер – батыр, октан шегінбеді,  
Біреулер еңбек етті, ерінбеді.  
Біреулер жас басынан жасық болып,  
Аты адам, заты көзге көрінбеді.  
Бәрі де бұл дүниеге келген қонақ,  
Біреуі іске шебер, біреуі олак.  
Әр кімнің өзіне сай түсер жолы,  
Өмірдің жолы есепсіз толған сарап.  
Бір өзім таңдаулысын қамтып алып,  
Өмірі жүрмек едім артып алып.  
Алдымнан алпыс шығып ақырындап,  
Біртіндеп қолда бардан тамтырадык.



Шырағым, ұмтылып қал дер кезінде,  
Тұрғанда бойда жігер күш өзінде.  
Талпынсан таудай іске келеді әлің,  
Өмірді босқа өткізіп құр езілме.

## **ЖАРАСПАЙ НҰРҚАНОВҚА**

Жараспайым, ақын болып,  
Жайнап өскен ұлымсың.  
Жаркын жаның жырға толы  
Бакшадағы гүлімсің.

Жүзіп жырдың кемесімен,  
Жас білегің түрілсін.  
Ақындықтың өресінен  
Әлемге атың білінсін.

Ой түбіне кетсең бойлап,  
Жыр жазуға еркінсің.  
Көңілді жүр күліп ойнап,  
Сырат бұлты серпілсін.

Оқып жастар өлеңінді  
Жадырасын, желпінсін.  
Аяма бар өнерінді,  
Отан сыры шертілсін.

*1963*

## ӨРНЕКТИҢ ӨРИНЕ ШЫҚҚАНДА

Көк Есіл бірде толқып, бірде шалқып,  
Аромат исі гүлдің тұрды аңқып.  
Есіме елестетіп жас шағымды,  
Жанымды жылы леппен тұрды тартып.

«Қой тастын» койны толған қызыл бидай,  
Сауыры «Сарғамыстың» малға сыймай.  
Көркіне көз жіберіп көпке дейін,  
Кете алмай тұра бердім ішім қимай.

Женгелер желектері желбіреген,  
Қыздары кара көзі мөлдіреген.  
Қариялар «карағымдап» беттен сүйіп,  
Мейірімді сөзін айтып елжіреген.

Құрдастар ойнайтұғын өте қатты,  
Кекілін тарап бірге мініп атты.  
Тізіліп жүк тиеген керуендей  
Елестеп көз алдымнан өтіп жатты.

*1963*

\*\*\*

Бұл дүние бітер емес асықтырып,  
Есікті асығасың ашып кіріп.  
Жіп тағып мұрынымнан жетектеулі,  
«Жүрші, жүр», «болшы, болға» басып тұрып.

## ШАЛАҒАЙ АҢШЫЛАР

Мылтығы колда Уахит бүктемелі,  
Тоспадан аң өтер деп күткен еді.  
Бір түлкі солай қарай сылаң етті,  
Дестік біз, түлкі енді бүктеледі.  
Абайсыз отырғанда Уахит мерген,  
Жылт етіп түлкі алдына жетіп келген.  
Шеше алмай биялайын саскалақтап,  
Адамдай абыржиды аю көрген.  
Сыбдырды сезген түлкі сылаң етті,  
Ұзады көз ұшында қылаң етті.  
Сонынан жүгірем деп талға оралып,  
Мергенім бір заманда тыраң етті.  
Қайдардың қарсы алдынан қоян келді,  
Сырт еткен дыбысына оянды енді.  
Осындай орайы жоқ мергендерді,  
Тоспаға бұдан былай қояр ма енді.  
Мереке тоңып мүлде болбыраған,  
Базарбай тоны ұзарып солбыраған.  
Жамбасы жауыр болып қолдыраған.  
Тәшімнің түстен кейін тісі ауырды,  
Қасымның кешке қарай іші ауырды.  
Қарасам бәрінің де ажарына,  
Ұнатып келе жатыр іші ауылды.

1963

## БІРАЗ ЖАСТАР ЕСКІ ӘДІС ДЕП...

*Сырбай Мәуленовке*

Біраз жастар ескі әдіс деп,  
Біздің істен безінед.  
Көз кадасам анық түстеп,  
Өзіме де сезілед.

Амалым не, кінәлімін  
Туғаныма ертерек.  
Қайта жігіт болады кім,  
Жетелесе желкелеп.

Кейде жастар қызықтырып,  
Қыздырады арканы.  
Ескі әдетім алған сіңіп,  
Қалыбына тартады.

1964

## ЕРМЕК ҚОНАРБАЕВҚА

Арна, жаным, ардақты елге  
Игілігін ісіңнің.  
Сөз салмағын ұғам мен де,  
Талабына түсіндім.  
Сөзіңді оқып ауық-ауық,  
Болдым риза, ұнайсың.  
Жүректің дәл кілтін тауып,  
Бабыменен бұрайсың.  
Талабың зор, талпын, Ермек,  
Елің үшін өскенсің.

Ой өрісін кеңге сермеп,  
Сыз өмірдің кестесін.

*1963*

\*\*\*

Актарылса дәм тойдың аузын ашып,  
Шампанский шыныдан шыкса тасып,  
Қызыл шарап ішіп ап қыз-келіншек  
Би билеуге мықынын шыкса басып.  
Елеуіннің есігін жауып тастап,  
Кете барғың келеді араласып.

*1964*

## ПОЛКАН

Атылып қапылыста қалды Полкан,  
Жүрегім естігенде болды талкан.  
Қасқырдан 500 койды алып қалған  
Жануар ит болсаң да сенің аркан.

Үш көк жал еді келіп қойға тиген,  
Айқайды естіген ит ұмтылды үйден.  
Қасқардың бірінен соң бірін алып,  
Қуандым жай тигендей шығып шүйдем.

Жануар еді иттің Құлагері,  
Ақ қарды құйын етті серіпсе желі.  
Әлерген отыз қасқыр өткен жылы,  
Кездеспес енді сендей иттің ері.

*1964*



**Ахметжан Нұртазин Полкан итімен**

## СӨЗ ТӨРКІНІ

Кей адам сөз төркінін танымайды,  
Жүрегін жыр толқыны жанымайды.  
Арактың аркасына мініп кетсе,  
Жасык сөз секілденед бәрі майлы.

Түсінген тиегін дәл көрсе басып,  
Толыксып жыр дариясы жатыр тасып.  
Шалкып бір шабытына келсе ақын,  
Жадырар тындаған жұрт көңіл ашып.

*1964*

\*\*\*

Ой – теңіз, қалам – кеме, сезім – сағым,  
Жігер – жел, киял – қыран, жастық – жалын.  
Осылар ойға сүйреп, қырға тартып,  
Тыныштық таба алмайды менің жаным...

## АЛПЫСТЫҢ АСҚАРЫНДА

Уа, өмір, өзгеріссіз тұра алмайсың,  
Сағымдай көз ұшында қылаңдайсың.  
Қылығың қыздан тәтті бола тұра  
Қысқасың, дәл сол қыздай сыландайсың.

Адамбыз табиғатты бағындырған,  
Жанына жақсылықтың нәрін құйған.  
Жер үстін, аспан астын тегісінен  
Көндіріп бір өзіне табындырған.

Адамзат – тіршіліктің Пайғамбары,  
Құлашын кең әлемге жайған әрі.  
Жайнатып жеңіс туын желбіретіп,  
Орнатты алып барып айдан да әрі.

Осындай дана адам ақылға ұста,  
Өмірі болады екен неге қысқа.  
Кейінде оған да ойлап өнер табар,  
Өкінем болмағанға біздің тұста.

Алпыстың аман шығып аскарына,  
Жетпістің баспалдағын басқаныма  
Қуаныш көкірегімді керіп мүлде,  
Оралдым бүгін балғын жас шағыма.

Қиялым көкірегімнің кілтін басып,  
Лепіріп жыр толқыны шықты тасып.  
Торкалы тойыма арнап актарайын,  
Қалдырмай қазынамды ауызын ашып.

Ес біліп ер жеткелі елім дедім,  
Еліме қызмет еттім, ерінбедім.  
Алпыста адал еңбек алдан шығып,  
Андадым анық көзге көрінгенін.

Елдің шын ықыласы жүрегінен  
Екені сезіліп тұр іреңінен.  
Құрметті құрбылардың құшағында  
Құлпырдым жазғы гүлдей үнемі мен.

Қырық жыл қызмет еттім жалын шашып,  
Сүрінбей сан асудан шықтым асып.



Шындалған партияның солдатымын,  
Жұқарып мұқалғам жоқ әлі жасып.

Көгалды араласам көңілім тасыр,  
Еңбекті сүйген жанмын, емес масыл.  
Орманда отыз жылдай қызмет етіп,  
Кешегі қу даланы еттік жасыл.

Қатарлап жасыл оқа қадағандай,  
Көрікті, көк орманды дала қандай.  
Кешегі қолдан тіккен қарағайым  
Халықтың кәдесіне жарағандай.

Есепсіз еліме әлі берешегім,  
Күн сайын құлпырулы келешегім.  
Отаным арта берсе ауыр жүгін,  
Шаршадым, қалжырадым демес едім.

## **БУРАБАЙ БАУЫРЫНДА**

Күн шықты, Көкше маңы күлімдеді,  
Мойнағы мөлдіреді гүліндегі.  
Тындағым келе берді түрлі құстың  
Тәтті үнін тамылжыған тіліндегі.

Алтын күн айна көлдің бетінде еріп,  
Қаңқылдап қаз-үйрегі төсін керіп,  
Қыңқылдап қызыл тұмсық балапаны,  
Жөнкілді жіпке тізген секілденіп.

Көкшенің сұлулығы таңдандырып,  
Қызықтап араладым таңнан тұрып.  
Қырмызы кызыл-жасыл гүлін тағып,  
Табиғат таң нұрына алған күліп.

## **ЖАЗДЫҢ ЖАЙЛЫ БІР КҮНІ**

Май айы маужыраулы мүлдем балқып,  
Табиғат тамылжулы көзді тартып.  
Мөлдіреп шолпы таккан сұлулардай,  
Қойынынан иіс майы тұрды аңқып.

Астымда Акбауыр ат жерді тарпып,  
Жүрісі қызған сайын келеді артып.  
Жібек жел жадыратып жүрегімді  
Көкіректен шаттық жыры шықты шалқып.

## **ЕСІЛІМ МЕНІҢ**

Қысы жаздай, жазы жұмақ секілді,  
Көк Есілді ырыс тасып лепірді.  
Қызғалдақтай қыздары мың бұралып,  
Жігіттері еңбегімен өтімді.

Есіл бойы ен жайылым кең беткей,  
Шалғай жатыр көк жиегі көз жетпей.  
Тоғайында тоқсан түрлі өсімдік,  
Шебер қыздар оюлаған өрнектей.

Көк Есілде қуаныш бар көп қызық,  
Көпшілікке айта білсең жеткізіп.

Қарсы карап қас батырдай жартас тұр,  
Омырауын өр толқынға опкізіп.

Ақ күмісті әлемге әкеп шашқандай,  
Жұлдыздармен жүзгендей-ақ аспанда ай.  
Жазы өтіп, қыс келсе де қытымыр,  
Ерке Есіл жатыр ағып жасқанбай.

Ақ көрпені жамылғандай жер беті,  
Кілт өзгерді көк Есілдің келбеті.  
Ақша қардан адам жасап балалар,  
Қырау басқан талдарды жүр тербетіп.

Ерке Есілмен ес білгелі сырласпын,  
Арасында алпыс екі қырды астым.  
Суы анам, жері бабам секілді,  
Орманымен замандаспын, құрдаспын.

## **ШАБЫТЫМ ШАЛҚЫП**

Шабытым шалқып келемін,  
Жұпарын жұтып орманның.  
Кеудемді кернеп өлеңім.  
Қаламды мен де қолға алдым.

Ақша бұлты аспанның  
Даламның төсін суарған.  
Тамған тері жастардың  
Сынсыған сұлу ну орман.

Аспанменен таласты  
Қолдан еккен қарағай.  
Ақ қайындар жарасты,  
Балтырын ұрған баладай.

## **ЖЫР ТОЛҒАДЫМ**

Қош келіпсің, кел, жылым,  
Шашуымнан қысылман.  
Жыр толғайын мен бүгін  
Қуанышым ұсынған.

Өткен жылға өкпе жоқ,  
Тау тұрғыздық табыстан.  
Қуаныштар көктем боп,  
Дәйім оздық жарыста.

Жаңа жылым, жас жылым,  
Бақыт боп кел баршаға,  
Жарқын өмір жастығы  
Сені адамзат аңсаған.

О, жас жылым, төрге шық,  
Кім бар сені ән қылмас.  
Көңіл деген көл-көсір,  
Мен де сендей мәңгі жас!

## **БАҚЫТ БАҒЫНА**

Олжасы көп өтті жыл,  
Еселеп дәулет төкті қыр.

Міндеті көп әкелген,  
Жаңа жылым күліп тұр.

Астықты мол ғып сапырдык,  
Тасқындап көмір қорғасын.  
Қиынды жендік, жапырдык,  
Қуатым артып толған сон.

Жаңа жылда ел енді  
Жайнай түспек тағы да.  
Партиям бастап келеді  
Халықты бақыт бағына.

## **КӘКИМА**

Кәкима кеш оянып керіледі,  
Тұруға түске дейін ерінеді.  
Міні көп мінезінің бола тұрып,  
Жұмысқа жаны жалқау көрінеді.

Сәскеде Сәкен барып тұр-тұрлады,  
Шай қайнат, ас істе деп қыңқылдады.  
Еріне ерке болып алған келін  
Ақырын аунап түсіп ыңқылдады.

Таңырқап ыңқылдаған дыбысына,  
Тамағын құйып алып ыдысына,  
Асығып аңқау інім аңқаландап,  
Ас ішпей кете барды жұмысына.

## **ЕКІ ЖЕҢГЕМ**

Екі жеңгем дем алмай  
Шайды тартты шалқиып.  
Самауырда су қалмай  
Құлағы қалды қалқиып.

## **ЕПСІЗДІК**

Қайни жоқта қалдық Қаппас екеуміз,  
Екеуміз де ебіміз жоқ екенбіз.  
Бар тамақты бабын тауып іше алмай,  
Ашықтық біз, енді не амал етеміз.

Шайымыз да шаршатып тұр қайнамай,  
Отымыз да быкси берді жайнамай.  
Үй де суық, күнгірт тартты көңілсіз,  
Қайни барда жарқыраған айнадай.

Қаска сиыр корада тұр мөңіреп,  
Қаз, үйрек те тамақ сұрап емінет.  
Жас күнімде жатық болып алмаппын,  
Есейген соң енді киын көрінед.

## **ӨМІРЛІК СЕРІК ІЗДЕ**

Ажарын ай мен күннен болса да артық,  
Жігітім, мазамды алма мені тартып.  
Көңілім көлдененге елікпейді,  
Қош иіс қойынында тұрса да аңқып.

Сөзім бар сүйгеніммен берік түрде,  
Ептілік етіп мені еліктірме.  
Жаныңмен жақсы көрер жарыңды ізде,  
Мінезін, жан дүниесін көріп біл де.

## **ШАБАН КЕЛІН**

Күн боран, терезеде екі көзім,  
Асығам зорға шыдам етіп төзім.  
Шайына шабан әйел карама деп  
Айтпаған бұрынғылар текке сөзін.

Боранда түнге калып шыға адастым,  
Жапанда тілсіз жаумен жағаластым.  
Шай түгел, екіншідей мал сойса да  
Дәміне шабан келін карамаспын.

## **ҚАЙНИҒА ХАТ**

Көрген соң кылыш қайрап безенгенді  
Аянбай айқасатын кезең келді.  
Өліммен өмір бүгін тұр таласып,  
Ел үшін неде болса төзем енді.

Алты жыл қосылғалы ойнап күліп,  
Махаббат құшағына бойлап кіріп.  
Өзімді-өзім мүлде ұмытамын,  
Қызықты сол күндерді ойлап тұрып.

Жұлдызы жүрегімнің, жаным, сенсін,  
Жүректе жалынды от неге сөнсін.

Жиі сал өз қолыңмен жазып хатты,  
Жаныма жабырқаған жігер берсін.

## **ДҮЙСЕНБЕК**

Қасқыр соғып Дүйсенбек  
Қасқайып келді үйіне.  
Есікті ашып күйбендеп,  
Қарсы алды Бәтеш сүйіне.

Қанжығады, байлаулы  
Қасқыр жатты шұбалаң.  
Бәтештің жүзі жайнаулы,  
Шалына карап қуанып.

Жетпіс беске келсе де  
Жетіп қасқыр алуы.  
Жасында бейнет көрсе де  
Қайтпаған қарттың қаруы.

## **ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҮРЕГІМ**

Жұдырықтай жүрегім,  
Жүргізетін өзімді.  
Қадырын қатты білемін,  
Ісіме мықты, төзімді.

Аз емес оған тиесі,  
Жүйткіді жортып сағаттай.  
Тіршіліктің иесі,  
Салмағы жалғыз қадақтай.



## ОЙЫН-САУЫҚ

Ойын-сауық жасымнан жаратқаным,  
Сан жиынды көңілді таратқаным.  
Жатырмамай, жастарым, жақындандар,  
Сақаясын сендер де, қарақтарым.

Кеше ғана мен де жас тентек едім,  
Ойын десе ерекше елпек едім.  
Жиырма бесім жайрандап қайта оралса,  
Туын көкке жастықтың серпер едім.

Алпысым тұр алдымда есік ашып,  
Құтылмайсың бірін де одан қашып.  
Жасым үлкен болғанмен заманым бір,  
Жүрейін өздеріңе араласып.

\*\*\*

Аязын сықырлатып, сірестіріп,  
Боранын бүкіл елмен күрестіріп,  
Қаскиіп тұрған қысты қуып шығып,  
Тұр, міне, жарқын жаздың үні естіліп.

Елімнің қызы сұлу, ұлы мықты,  
Адамға берді заман ұлылықты.  
Аспаннан аяз қанша қысса-дағы,  
Орнатты жерге жастар жылылықты.

## ҚАШАУТАБАН

Ауылға келді тұңғыш қашаутабан.  
Көрінді күркіреген асау маған.

Түтіні төбесіне түйдектеліп,  
Жиылған жүк секілді жасаулаған.

«Тұяғы тек тұрса да қашар білем,  
Алдында от тұрса да басар білем.  
Құты мол көрінеді жануардың,  
Ауылға бір жаңалық жасар білем», -

Деп халық қарсы алды тракторды,  
Күші де, ісі де өте ұнап тұрды.  
Таңырқап тұңғыш көрген бұл көліктің  
Хал-жайын қариялар сұрап тұрды.

*1928*

## **АҢШЫЛЫҚ**

Түнерген бұлт торып түннің құрсауын,  
Көрсетпеді көлденеңді тұрса алдым.  
Бір мезгілде көздері оттай жарқылдап,  
Қасқыр қамап алды мені бір табын.

Қолымдағы жылан бауыр қолдасым,  
Ұшар басы қолдан құйған қорғасын.  
Жаулар-дағы жақындаудан жасқанды,  
Сезді-дағы тисе егер оңбасын.

Таң білінсе тап беруге ынтықпын,  
Қараңғыда табар оны тінтіп кім.  
Жақын келсе жайратар ем, шіркін-ай,  
Үйде қалып қойғандығы мылтықтың.

Айнадай боп таңы да атты бұл түннің,  
Атқан соң таң айғай сала ұмтылдым.  
Ақырында ұрып жығып біреуін  
Алып келдім ортасына жұртымның.

## ТУҒАН ӨЛКЕ

Атақты ата коныс, алтын Есіл,  
Күмістей суың аппак, салкын Есіл.  
Шілдеде, тамылжыған ыстық күнде  
Сусынды кандыратын балсың, Есіл.

Бауыры «Бас ағаштың» бітік егіс,  
Қойыны «Қос ағаштың» тұнған жеміс.  
Жер-Ана құтын жайлап өскен малдың  
Дариядай сүті теңіз, еті семіз.

Сұлудың сырғасындай «Кішкене алка»,  
Балығы май айында піскен марка.  
Шортаны шоктығына қол апартпай,  
Сүйреді сүзгіні іле, жұла тарта.

Жаз болса бозбалалар жуар атын,  
Ойнақ сап жуған жылқы қуанатын.  
Күн бата қыз-келіншек ән шырқап кеп,  
Сылкылдап ойнап-күліп су алатын.

Қызықты күнде думан жерім туған,  
Құс атып, қасқыр аулап, түлкі қуған.  
Сәулетті, салтанатты совхоз орнап,  
Саянда қыз-бозбала сауық құрған.

Елім бай, суым күміс, жерім алтын,  
Көркінмен келтіресің көңіл шартын.  
Кір жуып кіндік кескен ерке Есілдің  
Өткіздім өңірінде жігіт салтын.

Бұл жерде өтті менің бала шағым,  
Әлі көп берешегім, алашағым.  
Ұрпағым, жеткіншегім, өс, өркенде,  
Бұдан да қызық сенің болашағын.

1962

## БАЙҚАСАМ

Жылдан жылға жұқардык  
Жуылып жүрген сабындай.  
Қуалай берді бұл кәрілік  
Жалаңдаған жалындай.

Қайда жастык күндерім,  
Жайраңдап жайнап шығатын.  
Қайда кызыл гүлдерім,  
Сырымды айтпай ұғатын.

Гүлдерім қуаң көрінді  
Күзгі қырау шалғандай.  
Сөйлесуге ерінді  
Араздасып қалғандай.

Байқасам, олар өзі де  
Алпыстың жүгін артыпты.  
Мөлдір қара көзі де  
Қызарыңқы тартыпты.

## ЕСІЛ ТАСЫП КЕЛЕДІ

Есіл тасып келеді дария шалқып,  
Ырғағынан ырыстың иісі аңқып.  
Тоғайларды толтырып лықылдатып,  
Кемелерден жөнкіліп мұзы қалқып.

Сытыр-сытыр соғысып сені сырғып,  
Бірін-бірі қиратып жұтып қылғып.  
Ырғып мініп толқынның кеудесіне,  
Бара жатыр бұлардың дені мүлгіп.

Күнге тосып шоқтығын балықтары,  
Ақ шағала ағдысып қалықтады.  
Көшкен елге қызықтап карағандай  
Тамашалап тұр елдің халықтары.

Тамылжыта табиғат сырнайлатып,  
Жан-жанур жадырап күн жайлатып.  
Қызықтамай көктемнің кереметін  
Қалған жан жоқ төсекте тұрмай жатып.

## ҚҰРАМА ОТЫРЫСЫ

Көкте кою кара сұр бұлт түйіліп,  
Өткелі тұр ағыл-тегіл құйылып.  
Күркіреп күн, жаркылдап жай акырды,  
«Ұйқыны аш. Егін ек», – деп бұйырып.

Басқармасы бұл колхоздың тым салақ,  
Егінді әлі болған да жоқ орталап.

Көре тұра көз жұма ма көпшілік,  
Бастықтары басқаруға болса олак.

Сын айтқанда сілкінді Әбең, зекірді,  
Кешіккенге кінәлі емес секілді.  
Аудан мендік, ат ойнатам ертең деп,  
Аспанда айға аласұрды, секірді.

Салақтығы сынға алынды, сөз болды.  
Шыдамады, түрі тоқсан өзгерді.  
Құр айғаймен кеткен бастық дандайсып,  
Құраманың құрығына кез келді.

«Уысына туыстарын тартуды,  
Бейпіл сөзбен көрінгенді шарпуды,  
Қоя ма Әбең қысқа күнде қырық үйден  
Талтаң басып табактан ет камтуды?».

Деп сынады, шымбайына батырды,  
Бата айтқанда ожырайып акырды.  
Күшті сындар көкіп алған Әбілге  
Снарядтай тұс-тұсынан атылды.

Салақтықтың тауып халық тамырын,  
Мойындады, жуасыды Әбілің.  
Көпшілікпен қол ұстасып, бірлесіп,  
Қыздырды істі, қакты көктем дабылын.

## ҚҰДАЛАР

Ақ тоқты арбадағы – тойдың малы,  
Алдырған осы тойға сойдырғалы.  
Шуласып құдағилар кәде сұрап,  
Бір адам тоқтау айтып қойдырмады.

Жел көңіл жігіттердің есерлері,  
Суырылған құдағидың шешендері  
Қолына арқан алып жүгірулі,  
Жіпке асып құдаларды көтергелі.

Кәнекей, «кол ұстатар», «шаш сипарлар»  
Келеді бірінен соң зырлап.  
Кәденің біреуінен басын тартса,  
Құданың құлағына қолын салмақ.

Сұрасар «тоғыз табак», «тоғыз аяк»  
Жігіттер, жағасына қолын таяп.  
«Бермесен, бізден күтпе жақсылық», – деп,  
Қалған жоқ мықтылығын олар да аяп.

Жібермей босағадан бажалары,  
Аздай-ақ басқалардың қажағаны.  
Үстіне жығылғанның жұдырық боп,  
Кетті әбден құдалардың мазалары.

*1931*

\*\*\*

Жүдетіп жүгіртумен кара ала атты,  
Үдетіп, ұмытып бар қанағатты.

Есте жоқ егін жинап жатқандағы,  
Жылпындап шақырды деп бара қапты.

Егіннің шаруасы қайда қалды,  
Ақ арак тұла бойын дайлап алды,  
Сұлатып салды-дағы сұлысынан  
Арбалап қаптың аузын байлап алды.

1932

## **ЖҮРЕКТЕГІ ПЕРНЕЛЕР**

Бұйығы болып көрмеген,  
Отырсам ойға тербелем.  
Жазайын жырдың асылын  
Көкірегімді кернеген.

Тәуірін басып көрейін  
Жүректегі пернеден.  
Күтеді соны туған ел  
Бесігімде тербеген.

Оқып алсын құрдасым,  
Құмарта құрбым тыңдасын.  
Киініп келген сұлудай,  
Тағынып моншақ, сырғасын.

Қолтықтап кетсін жастарым,  
Қызықты болып тұрғасын.  
Жансыз мүлік секілді,  
Жиюлы жүкте тұрмасын.



## САҒИЛА САЛ

Саусағы сакинадан бүгілмейді,  
Бой-басын күміс жапқан күлімдейді.  
Салдығын Сағиланың бетке айта алмай,  
Ерінің ерні күбірлейді.

Сұлулық сырлағанмен жанаса ма!  
Жалқаулық жас адамға жараса ма!?  
Еңбексіз ел көзіне түсу қиын,  
Күмістен күмбез жасап қадаса да.

1934

## ЕРЖЕТТІ ДЕ КЕРІ КЕТТІ

Өскенбайдың қалқасы,  
Жалғыз ұлы – Өзібек,  
Еркеліктің арқасы,  
Ерсі істері сезілед.  
Қиындықтан жасқанып,  
Оқудан мүлдем безіп ед,  
Арақты көрсе бас салып,  
Жұтатын болды тезірек.

Жиырмадан міне асканы,  
Жұмысқа аяқ баспады.  
Алып қашты бір қызды.  
Он жеті ғана жастағы.  
Бір ай тұрып онымен  
«Жаратпаймын сені мен», –  
Деп ол қызды тастады.

Әке менен шешеге  
Өскен бала еркелеп.  
Көрген адам көшеде  
Қылығынан жеркенед,  
Ішіп келіп баласы  
Әкесін алды желкелеп.  
Оған бар ма шарасы,  
Алмаған қолға ертерек.

## **АЙТУАР ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ ӘНІ**

Көркем жер көк Есілдей көрмедім мен,  
Өн бойын жылқы жайып өрледім мен.  
Шілдеде сүңгіп талай, суында ойнап,  
Төсінде кере құлаш сермедім мен.

Тік жардың терең талай үңгірлері,  
Сөйлесіп бізбен бірге дүңгірледі.  
Сусыны салқын суға қанып шығып,  
Кісінеп құлын-тайым шінгірледі.

Жиырма жыл жылқы бактым қойынында,  
Мойылың қолымдағы сойылым да.  
Жүргенде ерке Есілде еркін жайлап,  
Қажып бір шаршадым деп мойыдым ба!

Ертеде бейілі тар байға бактым,  
Еш болды еткен еңбек, жайға бактым.  
Еңбекті енді колхоз бағалады,  
Жасарып күннен-күнге жайнамақпын.

*1935*

## БАЙ КОЛХОЗ

Бұрылып бай еңбекке ат шалдырдым,  
Топ жылқы ортасында көк балдырдың.  
Сапырған сар қымыздың иісін жұтып,  
Сусаған мейірімді бір кандырдым.

Қымызы бейне теңіз жатқан тасып,  
Көктемдей кемерінен шыққан асып.  
Құндыздай жылтыраған құлындары  
Еркелеп енесінің мойнын қасып.

Имекен иесіндей табиғаттын,  
Үстінде билеп басқан ақжал аттын.  
Жас шағы жалындаған еске түсіп,  
Әніне салып келед Ақтамақтын.

Қали қарт бұл ферманы басқаратын,  
Жан емес қиындықтан жасқанатын.  
Себелеп қымыз сатып осы колхоз,  
Жүз мыңдап жыл-жыл сайын ақша алатын.

Біз көрдік, міне, осындай бай еңбекті,  
Салыстыр бай еңбек пен жай еңбекті.  
Кер кетіп кедей колхоз жүргенінде  
Бай колхоз аспандата айға өрлепті.

1947

## ЖОҚТАУ

Жан бауырым Айтмұханбет, інім менің,  
Аспанда жарқыраған күнім менің.

Мезгілсіз бауырымнан айрылған соң  
Калайша шыкпай тұрар үнім менін.

Бой бермей жеңіп кетті наукас, шіркін,  
Жөтелдің дамыл таппай дүркін-дүркін.  
Күн сайын сыркат жеңіп төмендетті,  
Жүрмедің бойынды да жазып бір күн.

Біртіндеп, інішегім, ауырладың,  
Қайғырып қапа болды бауырларың.  
Үнамай наукасыңның түрі маған,  
Кеудемде зорға жүрді шыбын жаным.

Жас кыршын дер кезінде өте бардың,  
Қоштасып жас өмірмен кете бардың.  
Мың тоғыз жүз қырық тоғызыншы жылда  
Июльдің 30-да дүние салдың.

Қоштасты естіген жұрт өте налып,  
Аз күнде қалған тегіс хабарланып.  
Оқуда бірге жүрген жолдастарың  
Қайғырып жатыр бәрі хатқа салып.

Қадірлі бопсың, қалқам, жолдасына,  
Серік боп бірге жүрген қолдасына.  
Ертерек көзің тегі жеткен бе еді,  
Ғұмырың, сірә, ұзын болмасына?

Жан бауырым, оқу десе жаның салдың,  
Он төрт жыл оқу оқып білім алдың.  
Қызығын сол оқудың көре алмай,  
Амал не, арманда боп кете бардың.

Бойына бітіп еді таудай талап,  
Жүрмедің білім қумай босқа карап.  
Аузыңнан шыққан сөзің қымбат еді,  
Тыңдаушы ем әр сөзіңді мыңға балай.

Аузыңнан шыққан сөзің еді алтын,  
Ақ еділ, ашық мінез, жүзің жарқын.  
Қайысып көңіл айтып келіп жатыр  
Білетін кәдірінді сенің халқың.

Жан бауырым, 23 жасқа биыл толдың,  
От болып жасыңда сен шок боп сөндің.  
Көзімнен таса болсаң алаңдау шем,  
Амал не, бұл тағдырға шыдап көндім.

Қимадым коштасуға талай келіп,  
Бакұлдық ала алмадым, колды беріп.  
Егерде кол алысып бакұлдассам,  
Кететін секілденді жарық сөніп.

Амал не, кім көнбейді бұл жұмысқа,  
Көндірер өмір, шіркін, өте ұста.  
Жалғыз-ақ күйінемін, өкінемін  
Өмірің болғанына өте қысқа.

Көктерек, бауырым, сенін туған елің,  
Көк Есіл кіндігінді кескен жерің.  
Ақыры топырақ тартып туған жерден,  
Еліңнің ортасында бітті демің.

1949

## ОРМАНШЫ КАРТТЫҢ ӨЛЕҢІ

«Майысқан балдырғандай бала қайын,  
Қуанам жапырағынды жайған сайын.  
Саянның самалына төсімді ашсам,  
Мас кылып балкытады иісмайын.

Кешегі қолдан тіккен көгал шырпым,  
Ерінбей еңбектеніп баққан мүлкім.  
Көркейіп өстің, міне, орман болып,  
Толықсып байығандай елі-жұртым.

Қарағай, жасыл терек, аппақ қайын,  
Өсірген өз қолыммен қалқатайым.  
Ағайын, туысымды қыдырғандай  
Келеді аралағым күн-күн сайын».

Орманшы осылай деп келе жатты  
Ерекше есіркеулі табиғатты.  
Кәдір карт көңіл күйін шерткен сайын  
Жирен ат жорға аяндап кекіл қақты.

## ҚАРАҒАЙ

Алка-Ағаштың ығына,  
Отырғыздым қарағай.  
Қараймын өзім қызыға,  
Қуанып жас баладай.

Баладай сен ертең-ак  
Толығып ер жетерсің.

Мұнартқан жасыл көркем-ак  
Орман болып кетерсің.

Саянда сан мақұлық  
Рахатта алар дем.  
Келгендей тойға шақырып  
Қызығына қарар ма ем...

## ТӨРТ КЕЛІН

Керден-керден басады  
Кәмел атты келінім.  
Іздейді жаны тасаны,  
Қызартып алып ерінін.  
Жұрт сырынды байқады,  
Білмейді, Кәмел, сені кім?  
Масылы деп атайды  
Мұндай келін ерінің.

Сұлу келін Сақыптың  
Сәкісі қашан жуылмақ?  
Қара шыбын төрінде  
Тойдағы жандай шуылдап,  
Тынышымды алып төбемнен  
Самолеттей зуылдап.  
Мазасыз маса үйіңнен,  
Келінім, қашан қуылмақ?

Әдемі келін Ақтангер,  
Сымбатты, сұлу, тамаша.  
Аттанса ері аттам жер  
Мінезі жеңіл балаша.

Кетеді онай орала  
Жылырак жігіт караса.  
Сүйгеніндей бола ма  
Жағ адам жакын санаса.

Жәния келін жақынды  
Жыландай ащы шағады.  
Қас көріп айтқан ақылды,  
Кекірейе қалады.  
Бар өнері ақырғы  
Өсектің отын жағады.  
Осы келін осыдан  
Қандай пайда табады?

*1951*

## **АЛТАЙДЫҢ АЛЫБЫ**

Риддер қаласына келіп түстік,  
Таулары найзағайдай біткен істік.  
Сылдырап төмен аккан суық судан  
Шілдеде сусынымыз қанып іштік.

Бауыры бапты ғана қоңыр салқын,  
Сезілмес соқса дауыл ығы барқын,  
Өндіріс қазанында жатыр қайнап  
Болат, мыс, қорғасын, жез, құрыш, алтын.

Алтайдың заводы бар жатқан алып,  
Айтарлық табысы мол мақтанарлық.  
Ай сайын жүздеп жаңа тракторлар  
Тізіліп тың төсіне жатып барып.

*1955*



## ҚАБДОЛЛАНЫҢ ҚАРА БҮРКІТІ

Ақ боран алты тәулік ашылмады,  
Сұрапыл соқты, үдете арсылдады.  
Жоғалса қасқыр алған кара бүркіт  
Дос түгіл тосын жанның ашыр жаны.

Бүктеліп көкжал қасқыр жатыр сұлап,  
Қасында көрінбейді бүркіт бірақ,  
Бүркіттің бұл ісіне сүйсінгеннен  
Атынан түсіп аңшы тұрды жылап.

Қасқырдың қан жосыған шекесінен  
Батыпты батыл тұяқ жетесінен.  
Көкіген көкжал қасқыр күнде мал жеп,  
Алыпты сыбағасын көкесінен.

Аспанда бұлтқа сүңгіп кетіп әрмен,  
Қиядан сол қасқырды көзі шалған.  
Жентектеп жерге тастап құрбандығын,  
Күн бата көкті жарып кете барған.

Қасқырын қанжығаға байлап алып,  
Аспанға келе жатса көзін салып,  
Қиядан көзі шалып өз иесін,  
Құдия кара бүркіт келеді ағып.

Жақындап бір атылып жалтылдады,  
Қасқырды көріп көңілі қаркындады.  
Қолына иесінің қонып алып,  
Қыраны қуанғаннан санқылдады.

## АҢШЫНЫҢ ЖОЛДАСТАРЫНА ХАТЫ

Қансонар болды бүгін қары қалын,  
Асығыс күтулімін дала танын.  
Саятшы жолдастарым алыс жатыр,  
Құмарды кіммен жүріп таратамын.

Жүйрік ат, алғыр ит пен аңшы жолдас,  
Олармен арман бар ма болсаң колдас.  
Егерде соның бірі жетіспесе,  
Қансонар болса-дағы жолың болмас.

Шалағай жолдастарға ісім түсіп,  
Жүремін ыза болып күйіп-пісіп,  
Қабдолла, Қошан, Ғалым, шіркін, Сыздық,  
Көзімнен тұрсыздар-ау бір-бір ұшып.

Сіздермен аңға шықсам елге барып,  
Сықаңды аяндатсақ ізге салып.  
Өзгеміз жан-жағынан қаусырмалап,  
Отырсақ ит жетектеп найзаны алып.

Құтылып қандай қасқыр кетер еді,  
Сауықпен саятымыз өтер еді.  
Көмбеге Кертебелмен, Қарагер ат,  
Қуған да қандай қасқыр, жетер еді.

1957

## ЕСІЛ

Асахар атты станса,  
Қасында шағын обашық.  
Сол жерден Есіл басталса  
Ертіске құйып ұласып.

Сарыарканың белбеуі  
Белінде жатқан ұнасып,  
Ерке Есілдің ернеуі  
Гүлденді жылдан-жыл асып.

Көркем Есіл – көк Есіл,  
Көк шатырдай мұнарын.  
Шағала шыққан шарықтап,  
Биік құз асқан шынарын.

Суыңды сүңгіп жамылып,  
Тарқады талай құмарым.  
Анамдай аңсап сағынып,  
Көргім келіп тұрамын.

Еңкейе сілтеп талымды  
Қалтқылы кармақ салғаным.  
Балықшы болып кәдімгі  
Шелектеп балық алғаным.  
Балалық дәуірім жалынды  
Сезбедім өте барғанын.

*1957*

\*\*\*

Келгенде ак маралдың басын алып,  
Шал үйде отыр екен шашын алып.  
Көрдi де күңiрене сөз бастады,  
Қойды да ұстарасын қасына алып.

«Тамаша таудың ерке ак маралын  
Кiм саған бердi? – дедi. – Айт, қарағым!».  
«Шығыстың шыңында ойнаған арланы екен,  
Аны емес өзiм көрген бұл аранын».

Деп әкем көп отырды көзiн салып,  
Мүйiздiң бiтiмiне таңырқанып.  
«Ескерткiш етiп әдей берiп кетсе,  
Анық дос екен, – дедi, – досын анық».

«Жарайды, жақсы досқа барғандығың,  
Көшерде шығарысып салғандығың.  
Дүние жолдас емес бiлген жанға,  
Адалдық, анық достық арман бүгiн».

Дедi де қайта алып ұстарасын  
Тәртiпке келтiргелi сакал-шашын,  
Жөнелдi өз жұмысын қайта бастап,  
Айнаға бұрып алып көз шарасын.

## ӘЛІМ

Буының босап, Әлім,  
Кеткен екен әлің.  
Жиналыстың бір өзің

Бұзғалы тұрсың сәнін.  
Жылжып шығып кетсейші,  
Кеуденде болса жаның.

## ТАЙЫР ЖАРОКОВ

*(Ескерткіш)*

Құрдасымның бірі едің,  
Қоштаспай калдым арманда,  
Ауырдым деп тұр едің  
Кеңсеңе мен барғанда.

Тұңғыш рет көрсем де  
Туысымдай сыйласқан.  
Көз жасы толды керсенге  
Өлімге сені кимастан.

Жұмысты тастап үйге еніп,  
Сөздерің түсіп есіме,  
Кітабыңды алып, күйзеліп,  
Қыстым қатты төсіме.

Көп емес еді бір ғасыр,  
Үстасаң өмір тұлғасын.  
Ақниет адал, шын асыл,  
Бакыл бол, Тайыр, құрдасым!

1964

## ОРМАНДА

Қоршаған қонысымды жас карағай,  
Қызықтап аралаймын жас баладай.  
Өсірген өз қолымнан ормандарым,  
Өзіме көрінеді Астанадай.

Бірі балам, біреуі інімдей боп,  
Жапырағы жайқалып гүлімдей көк.  
Естіледі бір дыбыс құлағыма,  
Сұлу қыздың сыңсыған үніндей боп.

Самалын аймалаймын төсімді ашып,  
Көкірегім қуанып тасқын тасып.  
Ұл-қыздарым құлпырып ер жеткендей,  
Арасында келемін алшаң басып.

## ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДА

Жайлы самал желпіп тұрды жер гүлін,  
Жас жігіттей қылшылдаған дер күнім  
Секілденіп, ойым сергіп келемін,  
Есілді өрлеп саяхаттап мен бүгін!

Хош иісті жұтқан сайын жүрегім  
Жадырап бір рахатқа кіремін.  
Ақ қайыңдар ару қыздай бұралған  
Жаяды алға май айының кілемін.

## ЖАЛҒЫЗ ҚАЙЫҢ

Есіме алып өткен ауыр кездерді,  
Көкірек керней қиялыма сөз келді.  
Құлазыған құба жондар кешегі  
Бүгін, міне, аунап түсіп өзгерді.

Жалғыз қайың алып бүкіл даланы,  
Күзеткен бір солдаттай шекараны.  
Бабамыздың жас күнінде бар екен,  
Әлі тұр деп таңдана әкем қарады.

Ерке қайың күнге арқасын кактаған,  
Мұрасындай бабамыздың сақтаған.  
Терең сайдың көпіріне келгенде  
Көріп оны көңілім шалқып, шаттанам.

Малын бағып өскен әкем түбінде,  
Жүргендей боп көрінеді бүгін де.  
Жаз айында жылда барып жанына  
Көріп қайтам жапырағын, гүлін де...

## ЫНТЫМАҚ

Адаммын койдан жуас, коңыр шекпен,  
Ақырын, алшаң басып келем еппен.  
Достық мол, қастығым жоқ ешбір жанға,  
Жатырқап бір жаным жоқ сыртқа тепкен.  
Қойса кейбір туысым үйге енбей  
Еріксіз келтіремін сүйрегендей.  
Келмесе ағайыным елеңдеймін,  
Көңілім коңыр тартып күйге келмей...

## САПАРҒА

Сапаржан, әдей сені көре келдім,  
Көңілімді ән айтқызып бөле келдім.  
Жүрекке жылы тиіп шалқыса әнің,  
Арнаулы өлең жазып бере келдім.  
Ыбырай, Ақан сері жиенісің,  
Бейімбет, Шал ақынның сүйегісің.  
Жаттамай бабалардың мұраларын  
Жүргенге өкінеді, күйеді ішім.  
Думанға әсер етті әнің балдай,  
Өнерің болды бізге танылғандай.  
Бабалар сөзін шертсең қуанар едім,  
Қайтадан жоғалғаным табылғандай.

## НЕМЕРЕГЕ

Немерең болады екен неге тәтті,  
Сүйіп беттен төсіме қысып қатты  
Аймалап ем, жүгіріп барды-дағы  
Ойыншығын төріме үйіп жатты.

Толып жатыр сотқарлық қатасы да,  
Жұдырықты шекеге тақасы да.  
Үй ішіне ойранды салса-дағы  
Ұнап жатыр бәрі де атасына.

Жоламайтын балалар маңайыма,  
Алая караушы едім талайына.  
Болып кеттім балажан бұрынғыдан  
Ақ қырау түскен сайын самайыма.



## ЖАСЫЛ ОРМАН

Жүрегім қуанышта шалқып-тасып,  
Жүр едім жұбайыммен қолтықтасып.  
Шыбықтың сынып түскен дыбысынан  
Жөнелді қоңыр қоян қорқып қашып.

Тұлғасы табиғаттын мөлдіреді,  
Ашылып аспан бұлты селдіреді.  
Ақ қайың, жасыл желек, қарағайлар  
Құлпырып, жібектей боп желбіреді.

Киінген келіншектей оңалы орман,  
Гүлді өңір жанға сая, малға қорған.  
Бабамыз бауырында малын бағып,  
Үй салып, құрық алып, уық жонған.

Күн күліп, нұрын төгіп жасыл баққа,  
Жарқырап жүре берді атырап та.  
Шолпысы сылдыраған сұлулардай  
Жарасып, жайраң қақты жапырақ та.

Көк орман күнге керіп омырауын,  
Жел желпіп күмбірлетті қонырауын.  
Киінген қызыл, жасыл қыз секілді  
Майысып мың бұралды бақша-бауым.

Осында табиғаттың бар асылы,  
Көркейген келбетімен дала сыны.  
Ақ қайың, жасыл желек, қарағайлар  
Секілді-ау көзіміздің қарашығы.

## ҚЫР КӨКТЕМІ

Аттандым түн түнегі таркамастан,  
Астымда ат ауыздықпен арпалысқан.  
Боз торғай аспанға өрлеп ән шырқайды,  
Оянды ұйқысынан дарқан аспан.

Жайылған жайылымда жылқы малы,  
Кер бесті солай қарай ұмтылады.  
Көктемнің сымбатына көңілім шалқып,  
Кеудемде тың қуаныш бұлқынады.

Жұмысқа жетті, міне, жастар барып,  
Қазір-ақ еңбек тойын бастар анық.  
Сар дала қара мақпал секілденіп,  
Өзгеріп жүре берді астарланып.

Еңбектің күлашы кең сермелгенде  
Үксады жердің төсі тербелгенге.  
Жәннаттай жайнап кетті ауыл маңы  
Көңілді көктем келіп ең бергенде.

## ШІРКІН-АЙ

Жолдастарды жиі-жиі көрсем мен  
Зор байлыққа батқандаймын белшемнен.  
Құйма құлақ құрбылар мен жастарға  
Ұққанымды түгел айтып берсем мен.  
Алпысыңды десек тағы шамалы-ақ,  
Еңсені бір басып алған ғаламат.  
Алынбаған ата кегі бардай-ақ,  
Ажарымды айғыздаулы жаралап.

Отырсам да өзімді өзім жасартып,  
Тастағандай жүрегіме тас артып.  
Ауыстырып алатұғын, шіркін-ай,  
Болар ма еді бір жүрегім басы артык!

## КҮЗГІ АЙМАҚ

Ақ кайындар ақ балтырын түрінген,  
Айырылған койнындағы гүлінен.  
Жайнаң қаққан жапырағын жоғалтып,  
Өзгерілген бұрынғы әсем түрінен.

Жапырактар шаңғы теуіп сырғанап,  
Бұрылмады арттарына бір қарап.  
Көшерін жел, қонарын сай білетін  
Бейне әбігер бара жатқан бір қонақ.

Тоғай біткен тонын шешіп тұрғандай,  
Тыр жалаңаш бола қалған сұр қалмай.  
Қарт адамдай буындары қатыпты,  
Бұрынғыдай мың бұралып ырғалмай.

Жалғыз ғана өзгермеген қарағай,  
Жасыл көркі жас өспірім баладай.  
Құба талдар құны кетіп, ұйысып,  
Салақ қыздай тұрған шашын тарамай.

Теңіз төсі сұрғылттана суынып,  
Асау толқын апшыларын қуырып.  
Жар кабакты тепкіледі тынымсыз,  
Көкшіл тастар ақ көбікпен жуынып.

## БҮРКІТШІЛЕР

Бүркітшілер сонарға  
Таңсәріден аттанды.  
Аншыда ұйқы болар ма,  
Бүркіт те, ат та бапталды.

Тоғай бойлап енгесін  
Томағасын сыпырды.  
Жарык дүние көргесін  
Бүркіттер дүр-дүр сілкінді.

Аспандап бүркіт алды да  
Төңкерілді, көкте ойнап.  
Кездері шалып қалды да  
Тағылар зытты тау бойлап.

Қанатын керіп көкті өлшеп  
Биледі бұлар аспанды.  
Орманда жортқан көп тентек  
Жасырып бойын жасқанды.

Түлкілер талға паналап,  
Қарсақтар қашты ініне.  
Қалғаны жан саялап,  
Тығылды терек түбіне.

Аспаннан төнген Ақиық,  
Аузына сыйып кеткендей,  
Тұрды қасқыр қаскиып,  
Ешнәрседен сескенбей.

Ақиық жерге бір кезде  
Аспаннан төмен атылды.  
Қасқырды жүрген бұл жерде  
Апарып қарға жапырды.

Соғайын деп терекке  
Тоғайға қасқыр жөнелді.  
Бүркіт те бүрді ерекше,  
Қанатын жайып көлемді.

Тұяқтарын сұғыпты  
Шекесіне сүнгітіп.  
Бір көзі мүлдем шығыпты  
Қасқырдың халі тұр бітіп.

Тоғайға жетпей ақыры  
Әлі азайып көсілді.  
Тамтық қалмай тақымда  
Жосадай қаны жосылды.

Арланы екен бас салып  
Ақиықтың алғаны.  
Басқа бүркіт жасқанып  
Манайына бармады.

Ақиығын шақырып  
Алды Қошан қолына.  
Үйренген құс жаттығып  
Отырды келіп орныға.

Қолына бүркіт қонғанда  
Қойнын ашты иесі.

Ырза әбден болған ба,  
Босады мүлде жүйесі.

Омырауы даладай  
Бұрды мойнын салалы.  
Еркелеген баладай  
Иесіне карады.

## ҰЙҚАС

Өлең деген өзара салық емес,  
Шалыс ұйқас арнаулы калып емес.  
Бір ырғаққа ынтымақ жасау қиын,  
Кімнің нені қалауы мәлім емес.

Өлең күны халықтың тануында,  
Жылылықпен жүрекке баруында.  
Сөзі тәтті, ырғағы сәтті шығып,  
Әр адамның жадында қалуында.

Шалыс ұйқас шандылса жасық сөзбен  
Айтпай мінін қоя ма ашық сезген.  
Жаңалық деп жанын тек қолына алып  
Жүгіргенге бола ма басып тезден.

Шұбыртпаны жалпы жұрт терме дейді,  
Оны ептеп он саусак өрмелейді.  
Ескі ұйқас деп еске алмай қалдырып жүр,  
Мақұлдай ма ондайды, ел не дейді?

Бәріменен жүрген бар жағаласып,  
Қай ырғақты мақтаса соған асып.

Біреуінің құйрығын ұстай алмай,  
Әбігерсіп, әшейін болады асық.

Ой түбінен оянған асыл жырмен,  
Бүлдіршіндей боялған жасыл гүлмен  
Мөлдіретіп бере алса жұртшылыққа  
Татымды етіп тұздығын тәсіл білген.

## **ДОС ҚАНДАЙ**

Жылмандар жақын жүргендер  
Дәулетің жүріп тұрғанда.  
Танымай калып күйбендер  
Кемеңді толқын бұрғанда.

## **ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ ЖОҚ**

Ақпанның аязына тосып төсті,  
Салқын жел «Сарыарқаның» самалы есті.  
Байлаған қанжығада қасқырым бар,  
Астымда алшаң басты кері бесті.

Құрғамай қан сонарда аттың тері,  
Беу, жастық қайда апармад сүйреп мені.  
Бұл жерде болған күнді болжап тұрсам,  
Екі жыл өтіпті ғой содан бері.

Жас күнде жортқан жерге жорғаменен,  
Бұл күнде зорға жеттім "Волгаменен".  
Жастық шак жалындаған еске түсіп,  
Келемін қоңырлатып қозғап өлең.

## ЫРЫСТЫ ӨңІР

Уа, Есіл, дәулетің мол өңірінде,  
Мал өсіп, бітік шықты егінің де.  
Тасқыны табиғаттың әсер етіп,  
Сөз келді шаттық кернеп көңіліме.

Астықтан ауданымыз оза кеткен,  
Жоспарды орындады сүт пен еттен.  
Еңбектің озаттары, алдарыңда  
Ақ шашты басымды ием қошеметпен.

Озаттар, үдей берсін табыстарың,  
Жұлделі бола берсін жарыстарың.  
Сіздерге жігер-қайрат, қуат берген  
Коммунист партиясы данышпаным.

## ЕСІМДЕ

*Партизан Қарамұқанға арнадым*

Жүректі жігіт еді, күші де алып,  
Соңына еретұғын бүкіл халық.  
Қайран ер қайырымсыз жау қолында  
Ел үшін оқ алдына тұрды барып.

Есімде қолын жаулар байлағаны,  
Ақ қарда жалаң аяқ айдағаны.  
Қапыда жау қолына түстім-ау деп,  
Ызамен өз бармағын шайнағаны.



Есімде елдің шулап барғандығы,  
Көтеріп қардан басын алғандығы.  
Атылып қалған ұлын көргенінде  
Анасы естен танып қалғандығы.

Есімде елмен ердің қоштасқаны,  
Қайыспай жау оғына төсті ашқаны.  
Кегінді ақ бандыдан аламыз деп  
Ант берді ақ ниетпен достастары.

## ТАУ-ТАУ АСТЫҚ

*«Заря» совхозының диқандарына*

Байқасам байтақ даланы,  
Көз жеткізсіз көсілген.  
«Заряның» еңбек адамы  
Өнімді егін өсірген.

Бұлты жоқ аспан көгінде,  
Жер үсті асқан арпалыс.  
Шығынсыз жинау егінді –  
Дикандарға ар-намыс.

Тұңғыш рет көргенде  
Түсі суық, тым салқын.  
Жан дүниесін сезгенде  
Жайдары жан ақ жарқын

Есілбай жүрді гүрілдеп,  
Бригаданы басқарған.

Күннің көзі күлімдеп,  
Төкті нұрын аспаннан.

Бесжылдықты орындап  
Қуанышты бәрі де.  
Озып алдан орын ап,  
Берулі астық әлі де.

Қасенов пен Әбішев  
Самалға тосып мандайын,  
Келеді озыш жарысып,  
Астында бір-бір комбайн.

Еңбектің осы ерлері  
Егіннің денін жинады,  
Теңіздей тасып терлері.  
Қырманға астық симады.

Тау-тау астық тым биік,  
Үксайды асқар асуға.  
Жылтыйдың көзі жылтиып  
Жүйіткітіп жүріп тасуда.

Имантайдың Жүнісі,  
Аркасын тіреп астыққа:  
– Тасыды елдің ырысы, –  
Деді тұрып бастыққа.

– Жүкеннің сөзі дұрыс қой, –  
Деп Каренке жөптеді.  
– Жер қойны толған ырыс қой,  
Берері бізге көп, – деді.

Белін буып белсене  
Артысып жатты арбаны,  
Сексен беске келсе де  
Жұмыстан Жүкең калмады.

Жамбасы жерге тимеген  
Балуан еді кезінде.  
Кәрілікке басын имеген,  
Қайраты әлі өзінде.

Ерекше көзге көрінген  
Жүкеңнің ерлік, нарлығы.  
Қоғамға солай берілген  
Болсайшы қарттың барлығы.

## АҢШЫ ӘЗІЛІ

*Қошан Жантілеуовке*

Ассалаумағалайкүм, аңшы ағай.  
Сырат бар бойыңызда, білем, талай.  
Айығып аңға шыксаң, кетер едің,  
Бір қасқыр шыға қашса ойға қарай.

Аңшы адам албырт мінез баламен тең,  
Беті ауса қалай қарай оныкі жөн.  
Қасқырды қуып жетіп соғып алса,  
Жауды бір жайратқаннан қай жері кем?

Ақша қар жауды, міне, болды тойың,  
Серпілер саяттасаң сергіп бойың.

Көмбеде қасқыр соғып, түлкі ұстасаң,  
Бөлінер қапаланып жатқан ойың.

Ұмтылып дене дертін емдеген жөн,  
Шалмын деп салақсырай бермеген жөн.  
Жетпістен желіп өтіп ат үстінде  
Сексенде серуендеп сөнбеген жөн.



**А. Нұртазин, С. Мұқанов, Қ. Жантілеуов**

## ШЕШЕНДІК

Ақ тастағы Төлебай  
Мәжіліске керегі-ай.  
Шабыты шалқып кеткенде  
Теніздей сөзге терені-ай

Сөйледі Төкең құрылдап,  
Тыңдады халық күлімдеп.  
Ұзақ түннің өткені  
Бір сағаттай білінбейд.

Мәжіліс сәнін келтірді,  
Шебер тілдер шертілді.  
Тыңдаушылар тамсанып,  
Көңілдері желпінді.

## САПТА ТҰРҒАН СОЛДАТТАЙ

Жүріп келем күз аспанын аркалап,  
Қалың егін жағалауы жаркабак.  
Комбайнның ұстарасы үстінде  
Десте-десте түсіп жатты шалкалап.

Сара даланы қоңыр шандақ көмкеріп,  
Астық үшін аттанулы ел толық.  
Комбайннан жүк тиеген машина  
Қырмандарға қызыл дәнді төңкеріп.

Бітік егін біткелі тұр шабылып,  
Белсенулі бүкіл халық жабылып.

Сары алтындай тұқым қоры совхоздың  
Сарайында қойған ақтап салынып.

Байтақ дала, егінді өлке, адыр бел,  
Мейірлене берген биыл барын жер.  
Егіз тойға апаратын шашуын  
Қамдап жатыр жомарт дикан, қалың ел.

Жұрт жөнелді жұмысына таң да атпай,  
Жүрер күнде қырман басын шандатпай.  
Егіншілер екі айтқызбай төгер тер,  
Берген сертін берік ұстар солдаттай.

## ҚОЯН ӘКЕЛДІ

Ұнады ұлым өнері,  
Олжасы тіпті тамаша.  
Көтеріп қалай келеді –  
Мылтықтан өзі аласа.

Қоянды қалай атты деп  
Жас өспірім баланы.  
Той жасау керек жақсы деп  
Жігіттер мені қамады.

Қой сойып мен де жүгірдім  
Қуанғаннан балаша.  
Қоян атқан ұлымның  
Қызығы қандай тамаша!

## ӨЛКЕНІ АРАЛАП КЕЛІП

Өлкеме өзгеше бір таң атқандай.  
Отырар таң атқанда кім аттанбай.  
Өңірі өнімді астық, өрбіген мал,  
Әлемді әсеріне қаратқандай.  
«Окжетпес» өр кеудесін бұлтқа тіреп  
Өзгені өзі ғана жаратқандай.  
Күмбезін Көкшетаудың күн аялап,  
Кеудесін алтынменен жалатқандай.  
Көк Есіл тың төсінің тамырына  
Құнарын мейірлене таратқандай.  
Сүздіріп Көкшетаудың теңіз дәнін,  
Жүздіріп көк Есілге семіз малын.  
Қойнынан Қостанайдың копарып кен,  
Өлкенің көркейтулі елім сәнін.  
Кешегі құлазыған жапан түздің  
Енгізген еңбек еді енді жанын.  
Әдемі ақ шатырдай үйлер салып,  
Бөлеген бау-бақшаға бүкіл маңын.  
Аралап өз көзіммен көріп келіп,  
Қуанып жадырады жарқын жаным.

1961

## ТЕҢІЗДЕ

Арканың есіп самалы  
Аромат иісі тұрды аңқып.  
Мажырап Есіл алабы  
Мың бұралды гүл шалқып.

Есілге жақын келгенде  
Есіме түсіп жас күнім,  
Көк теңізді көргенде  
Ырыстың сездім тасқынын.

Бұғалықтаған бестідей  
Балықтар ауда тулады.  
Күндізгіден кешке үдей  
Қосыла құстар шулады.

Жағалап келіп Есілді,  
Дем алдым біраз мен енді.  
Құмына төсеп төсімді,  
Жадырап жаным кенелді.

## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Сарыарка Сәбең келсе құлпырады,  
Төсіне қызыл, жасыл гүл тұнады.  
Жайрандап кәрі-жасы қол алысып,  
Аталап жас бөбек те ұмтылады.

Ақ жарқын, кішіпейіл жылы сөзбен  
Жарасады ырысты ынтымағы.  
Жетпіске келген бүгін біздің Сәбең –  
Арқаның темір топшы бір қыраны.

Солтүстік өз ұлына мақтанады,  
Томдарын ақ тілекпен ақтарады.  
Салмақты әрбір сөзі саф алтын ғой,  
Жадында жұртшылықтың жатталады.



Теңіздей толкып жатқан қазына мол  
Сәбеңде сыры ашылмай жатқан әлі.  
Томдары тозбай туған мәңгі мұра,  
Кіршіксіз кіл күмістей сақталады.

Сәбеңнің өмірі ерен бастан кешкен,  
Өткізді ауыр күнді астан-кестен.  
Жетпіске келсе-дағы дер бабында  
Қажымай қиындыққа бастан кешкен.

Сәбеңнің бар өмірі өнегелі,  
Ақындар дайын тұрған дастан дескен.  
Дастан түгіл Сәбеңдер – ғарыш әлем  
Күн жүзіп омырауынан аспан көшкен.

## АҒАЙЫН

Елге арналар кеудемдегі ізгілік,  
Елдің камын жүрген жанмын, сөз қылып.  
Аянбадым ауыр жүгін артса да,  
Алмаймын деп ағайынды бездіріп.  
Мен сондықтан дос жолымен дәл бастым,  
Қабағына карап өттім қарны аштың,  
Жокшылықта үзім нанды бөліп жеп,  
Таршылықта қол ұшынан жалғастым.

\*\*\*

Шапатылау шал емеспін,  
Еңсе түсіп езілген.  
Бір бұйығы жан емеспін,  
Сорасы аққан көзінен.

Бакытты өмір келетінді  
Бала күнде сезгенмін.  
Бұл қоғамға беретінді  
Ерінбестен бергемін.

Енді бізге жарасады  
Ақ ниетпен аңқылдап,  
Қызықтап зор тамашаны  
Жүрсек болды жаркылдап.

\*\*\*

Болса да ой да арман, бой да дарын,  
Сыркаттың салдарынан кеміп әлім,  
Бір жанып, бір тұтанып сөне берді  
Маздамай көкірегімнен отты жалын.

Айығып сыркатымнан алшаң бастым,  
Қартайып қалғаным жоқ, әлі жаспын.  
Талпынып талабымды орындауға  
Толғанып тебірене төсімді аштым.

Келді жыр таситұғын кезеңіне,  
Өзендей тарап арқа өзегіне.  
Ақтарып асыл ойдың қазынасын,  
Берейін гүлге орап өз еліме.

## ҚЫРМАНДА

Батыс жақтан жастар келді ағылып,  
Студент те, мұғалім де, дәрігер.  
Істеп жатыр жанын салып жабылып,  
Мол астықты алуға тез әбігер.

Қайраты мол, жалынды жас шетінен,  
Еңбек десе белді буып бекінген.  
Қызық тойды қырмандағы қыздыра  
Шырқа, жастар, жастық жырын лепірген!

## **ӘСИЯНЫҢ ӘНІ**

Алтындай сары түрге еніп  
Кешегі көгал қыр мен бел,  
Ақырын ғана үн беріп  
Есулі күзгі қоңыр жел.  
Жымиып қана күлімдеп  
Қызыл бидай мұртынан  
Алынды астық гуілдеп  
Комбайнның ұртынан.  
Комбайншы келінім,  
Қыр кемесін жүздіріп,  
Шығынсыз жиды егінін,  
Қаймағын қалқып сүздіріп.  
Көмейінен комбайн  
Саркылдай саулап сары май.  
Көтере шырқай айкайын  
Әсия – әнге салуы-ай!

## **КӨКТЕРЕК АУЫЛЫНЫҢ САУЫНШЫЛАРЫНА**

Көрікті өте сұлу жерім менің,  
Көңілді Көктеректей елім менің.  
Ақ ниет акын ағаң сөзін тыңда,  
Елдегі сауыншы қыз-келіндерім.

Білемін, бірін-дағы ерінбейсің,  
Бәрің де балдырған жас өрімдейсің.  
Аудандық газетті алып күнде оқимын,  
Бірақ та бір де бірін көрінбейсің.

Қарағым, қыздарым мен келіндерім,  
Жарар еді енбегінмен көрінгенін.  
Озаты сауыншының болады деп  
Әлі де сіздерге зор сенімдемін.

## **АУПАРТКОМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА**

Тізіліп кара шаштар мөлдіреді,  
Ақ шашты делегаттар селдіреді.  
Азайып қатарымның қалғандығын  
Осы бір көрініс-ақ сездіреді.  
Болса да қазіргі өмір қымбат, алтын,  
Көңіл шат жүрсем-дағы жүзім жарқын.  
Жасаған сайын жаздың қадыры өтіп,  
Секілді күз келгендей қоңыр салқын.

*1966*

## **МЕКТЕБІМ**

Үйлері шағын, аласа  
«Қарашок» атты селоны  
Бейне бір жас балаша  
Күн сайын көргім келеді.

Ұқсайды менің анама  
Қызыл үй темір шатырлы.

Тұңғыш жаздым қағазға  
Осында өзім атымды.

Білім берген жасымда  
Бұл менің шағын мектебім.  
Жақындай келсем қасына  
Басымды имей өтпедім.

Оқыдым қанып, сүйіп те,  
Білімді содан ұқтым мен.  
Ойыма алған биікке  
Одан кейін шықтым мен.

*1965*

## ӨЗІМЕ

Сезілмей жарты ғасыр жасағаным  
Күн сайын көңілім көктем жасарамын.  
Шалкытып шат дәуірдің ақындары  
Бакшалы ауылында басады әнін.

Орнады он жасымда жаңа дәуір,  
Қалың бұлт, қайғылы күн тарады ауыр.  
Лениннің лебіменен жылынып күн,  
Тиышталып тына қалды кара дауыл.

Секілді жас бүркіттей торда жүрген,  
Өткен күн әлі есімде зорға жүрген.  
Бұл күнде шаруамыз шалқып-тасып,  
Шал болдық шат көңілді, «Волга» мінген.



**Ақын жұбайымен 60 жылдық мерейтойға сыйға тартылған «Волга» машинасын көруде**



**Қазақтың көрнекті ақыны Қ. Бекхожин жұбайымен А. Нұртазиннің 60 жылдық мерейтойында**

## ӨЛЕҢ

Сан рет сан соқтырды салақтығым,  
Өсірмей дұрыс баптап тарап гүлін.  
Асығыс жүріп кеткен жерлерім көп,  
Отырсам өзім байқап қарап бүгін.

Майталман ақынмын деп мактанбаймын,  
Мінім көп, одан өзім ақталмаймын,  
Ол үшін ой түбіне терең бойлап,  
Салактық істерімнен сақтанғаймын.

## «СЕРГЕЕВКА» СУ ҚОЙМАСЫ

Тас копарып, құм құйып,  
Бұлшық еттер биледі.  
Тұрған мотор тым биік  
Тасты нанша иледі.

Қарасан мәрмәр тастарға  
Қолдан қойған жасаудай.  
Атылды толқын аспанға  
Бұғалықтаған асаудай.

Ашулы толқын ақырды,  
Жуасыды, жайылды.  
Дария етті такырды,  
Шөлейтті құмды байырғы.

## ТОРҒЫН АСПАН

Қабағын түйген мықтап торғын аспан,  
Жауын тұр ашылып бір сорғымастан.  
Табаны таска тиген сары "Волга"  
Тынымсыз талай белден орғып асқан.

Жатқандай бар табиғат терге балқып,  
Мас кылды жұпар лебі келген аңқып.  
Құлаққа жел гуілдеп келе жатыр,  
Бейне бір кеткендейміз желге қалқып.

Жанымда жалғыз ұлым – Азаматым,  
Таңырқап табиғаттың ғаламатын  
Келеміз екеуміз де еркін жұтып  
Аңқыған Арқаның гүл ароматын.

## ҚЫС ҚЫСПАҒЫ

Биыл қыс қысты суық ызғарменен,  
Үскірік үрді үдете тұз қарымен.  
Бірде аяз, бірде боран, бірде дауыл  
Байкасты басшылардың күз қамымен.

Бастықтар бейғамсыған аузын ашып,  
Сабанын ала алмаған ерте тасып.  
Малына азық жетпей, қыс та бітпей  
Мазасы кетті мүлдем құты қашып.

Көрсетпей көпенені күртік басып,  
Таба алмай талайлары басын қасып.



Жиырмалап жігіт жиып қар копарып,  
Шығыны шеңберінен шықты асып.

Жануар жылқы ғана жанын жалдап,  
Адамға түсірмеді ауыр салмақ.  
Қопарып қалың қарды тұяғымен,  
Бұркырап буы үстінен шықты парлап.

Жетпіске жакындаған Шери Шайжан,  
Қайратты жас жігіттей жүзі жайраң.  
Қар жұтып мұз төсеніп еңбек етіп,  
Жылқысын айырмады жазғы майдан.

Дауылда дамыл таппай абалады,  
Қасқыр да талай торып камалады.  
Тік тұрып ұзақ түнге кірпік қакпай,  
Төзді олар, киындыкка қарамады.

"Заряның" жылқылары жүзден артық,  
Құлпырып құйрық жалы желге шалкып.  
Қысына қысылмастан шыға келді,  
Теніздей терең қардан жүзіп қалкып.

1966

## ҰСТАЗ

*(Рахымға)*

Жүзі қыс, жүрегі жаз жадыраған,  
Білім мол, бойы аласа шағын адам.  
Отырды орындықта газет оқып,  
Селт етпей бір дыбысқа бағанадан.

Отырған оқытушы Кеңес еді,  
Жадырап жан адаммен кеңеспеді.  
Жанына жетіп барды бір жас жігіт,  
Адамның көрінеді өрескелі.

Үрпиген желке шашы, жіңішке сирак,  
Тұрғандай жақсы көріп оны сыйлап.  
Тосыннан тап болысқан арзан достан  
Денесін Кеңес-дағы алды жинап.

Ақшаңыз калтаңызға симаған ба,  
Таңым бар тосын мені сыйлағанға.  
Ептілік жасағанмен жолың болмас,  
Конкурс сатулы емес милағанға.

Секілді су құйғандай жүрегіне,  
Өзгеріс ене қалды іреніне.  
Ақша мен ақыл табам деген жылмаң  
Ойлаған жете алмады тілегіне.

## **СЫРЫМБЕТ ТАУЫНДА**

Көргенде Сырымбетті көңілім балқып,  
Қиялым шыңға шырқап шықты шалқып.  
Алдымнан анам шығып қарсы алғандай  
Гүл майса жұпар иісі тұрды анкып.

Әлемге аты мәлім Уәлиханов  
Шоқанның өскен тауы ойын салып.  
Сан жақсы сауырынан өрбігенін  
Айтады аңыз етіп кәрі тарих.

Сымбатты Сырымбеттің сұлу кызы,  
Жаксының жатыр жайнап басқан ізі.  
Жанына жакындасаң елестейді  
Шоканның шын төсінен алтын жүзі.

Сауыры Сырымбеттің салтанатты  
Қашаннан ойын-сауық тарқамапты.  
Қажымұқан, Шолак палуан күрес салып,  
Құлагер озып талай бәйгені апты.

Шыңында Сырымбеттің бұлбұл сайрап,  
Ығында жатыр елі бие байлап.  
Жеке көл жел жағында керіп төсін,  
Алдымда айнадай боп жатыр жайнап.

Түктінің карағайы оқа тағып,  
Тұрғандай иісмайын жұртқа жағып.  
Бауырында еңбек ері Қабікен қарт  
Қаптатып жатыр жайып қойын бағып.

Егіні Есілбайдың басын иіп,  
Тұрғандай тың төсіне әрең сиып.  
Гүрілдеп комбайндар тыным таппай,  
Тау-тау ғып алтын дәнді тастады үйіп.

## ЕКІ АҚҚУ

Екі аққу Есіл бойын мекен етті,  
Суда ойнап құнқылдасып үнмен епті.  
Сырғаксып нысанаға ілдірместен  
Талайды тамсандырып әлек етті.

Жақындап баруға ептеп маңайына  
Жігіттің арман болды талайына.  
Осындай ойдан кетпес құс төресі  
Сиып тұр Сахараның сарайына.

Айдынды ақ төсімен жүзді есіп,  
Саңкылдап, серуендеп еркін өсіп.  
Сан акку саясында салқындаған  
Көк Есіл, көңілді Есіл, алтын бесік.

## **СЕНДЕ КОНЦЕРТ...**

Сахараның сарайына кіргенде  
Ұқсайды әлем жымып бір күлгенге.  
Табиғаттың тәңірісіндей боласың  
Арасында алшаң басып жүргенде.  
Алтын аймақ арайы әсем жайнаған,  
Бейне өндіріс қазаны бір қайнаған.  
Жыр жазуға сырды алыстан іздемей,  
Алғандаймын алдымдағы айнадан.  
Қызыл толқын қырманында тасыған,  
Күнде келіп бір көруге асығам.  
Сенде концерт, сенде кино, карнавал,  
Шаттық жыры шарықтаған басып ән.

\*\*\*

Кейде жақсы жырды жазып  
Өзіме өзім сүйінем.  
Кейде оймен құдық қазып  
Қажып, шаршап күйінем.

Ойым быт-шыт бөлінеді,  
Жинақталмай бытырап.  
Кейде өлең өріледі,  
Жібектей бір жылтырап.  
Өлеңімді өте баптап  
Аяласам макташа,  
Әбір сөзін еске сактап  
Жадына жұрт жаттаса,  
Сонда анық ақталады  
Халық алдында борышым.  
Акын сонда ақтарады  
Ой казынасын ел үшін.

## ЕСКЕРТКІШ

*Халық ақыны  
Молдахмет Тырбиевке*

Арканың ардагері әркім өскен,  
Ән салып домбырасын шертіп өскен.  
Ақ жарқын акын аға Молдекеннің  
Қашанда шығармайды ел кейпін естен.  
Аспанда аскак әні тербелген жан,  
Әсері жиын топқа өз берген жан.  
Әкетіп бірден бірге ән салдырып,  
Қызығын Аркадағы ел көрген жан.

Думанда домбырасы колда болды,  
Он саусак шекпен ойнап жорға болады.  
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайдың  
Өрнекті өлеңдері сонда болды.

Ардагер абзал жанды есіне алып,  
Ел болып ескерткішін отыр салып.  
Есінен шығармады туған елі,  
Алтынды тот баспайды деген анық.

1969

## САЯТТА

Ұлпа қар, жел де тымық, күн шырайлы,  
Сонарда үйде отырып кім шыдайды.  
Аңсырап иттерім де елегізіп,  
Жұлынып жіберші деп қыңсылайды.

Аңшылар ит жетектеп алып найза,  
Жөнелді желе жортып терең сайға.  
Жанада жүріп кеткен төрт қасқырдың  
Жосылған ізі келіп болды пайда.

Жігіттер ізге түсіп елегізді,  
Қасқырлар құлаштады көре бізді.  
Маяның төбесінде жатыр екен,  
Қырымнан көрсе керек төбемізді.

Жолдастар саятшылар кәнігі епті,  
Амантай ақжал атпен барып жетті.  
Жанына жетіп барып қабырғалап,  
Қасқырды ақ сойылмен қағып өтті.

## ТАЛАПКЕР

Көкірегі көріктей  
Алады төсін керіп дем.

Бұлшық еті бөріктей  
Темірді колы еріткен.

Күн сүйіп қасқа мандайын,  
Талапкер терін төгіп жүр.  
Жұмыстың болса қандайын  
Сапалы істеп беріп жүр.

Осылардың колында  
Орманның күре тамыры.  
Жүріп кеткен жолы да  
Тайганың іші кәдімгі.

Көгалды көріп көңілім  
Қуанышка бөленді.  
Көк Есілдің өңірін  
Орман етті көлемді.

## **ТОРҒА ТҮСТІ АҚИЫҚ**

Құрыш қанат қыран бүркіт  
Халықтады қияда.  
Жем тастасам кете ме үркіп,  
Торыма бұл сия ма?

Алып қанат ақ иықты,  
Өзі екен ғаламат.  
Мұндай алып алынып тым,  
Көлге түссе жарар-ақ.

Күдіктеніп көп ойладым,  
Құрдым торды қолдағы.

Күнде алыстан абайладым,  
Жемге түсе коймадым.

Екі бірдей қоян алды,  
Қудым одан жегізбей.  
Тояттап бір тоя алмады,  
Ашығулы жем іздей.

Жетінші күн жемге төнді,  
Қудиды кеп аспаннан.  
Жетіп келген мені көрді,  
Санк етті құс сасқаннан.

## **АЛТЫ ҚАСҚЫР**

Астымызда бір-бір жүйрік көсілген,  
Қасқыр қуып шыға келдік Есілден.  
Алты қасқыр алып қайттық бір күнде,  
Осы сапар өмірі қалмас есімнен.

Елу бесте егде тартып жасымыз,  
Ақжамбыға боялса да шашымыз.  
Қайратымыз қылшылдаған қалпында,  
Әлі өрге домалауда тасымыз.

## **ЖИЕНДЕРГЕ БАРҒАНДА**

Жолда көп жердің төсін өрнектеген,  
Елде көп еңсесі өскен еңбекпенен.



Ақанның еліндегі жиендерді  
Сағынып Есіл бойын өрлеп келем.

Кек Есіл жанапайлап қалыспады,  
Толқындар түсті қатар жарысқалы.  
Кей кезде ақ көбігін аспанға атып,  
Бұркырап бізден ұзап алыстағы.

Күн батып қызыл нұры тарағанда  
Кездестік келе қалып сан адамға.  
Келбеті апамызға келе кетті  
Жиендер жылы ұшырап қарағанда.

## **САЯЛЫ АҒАШ**

Ауылдың сыртына еккен құба талды  
Көргенде еске алар жұрт мына шалды.  
Ыстықта жұмыстағы жүрген жастар  
Салқындап саясында тұра қалды.

Осы тал өз колымнан еккен талым,  
Орман боп өсіп-өніп кеткен қалын.  
Ауылдың сыртына әкеп сая орнатқан  
Алпыстың үшеуіне келген шалын.

## **ҮЙДЕ ОТЫРСАҢ...**

Қошеке, босатпасак колымызды,  
Қатындар қайнататын сорымызды.  
Сонарды сылтау етіп сырғиык та  
Ат мініп, ала қашып тонымызды.

Не отын, не сиырдың шөбі деді.  
Не тауық, не үйректің жемі деді.  
Қант пен шай, ұн мен тұздың бірі азайса,  
Мыңқылдап миымызды кеміреді.

## ҚҰРДАСҚА

Кәкімнің бойы тапал, кішкене екен,  
Шұнтитып бай табиғат пішкен екен.  
Басына жалғыз тал да шаш шығармай  
Құдайым қыр соңына түскен екен.

## АҚ БҰЗАУ

Ақ бұзау, ақ еділ жан салдырлаған,  
Айыбы арақ көрсе қалдырмаған.  
Қардоннан ішіп алып келе жатып,  
Кездесті жапан түзде жалғыз маған.

Тал түсте танымады тесе қарап,  
Андрей Тычков па деп көзін салад.  
Менімен орысшалап амандасып,  
Божысын қағып қалып кетіп барад.

\*\*\*

Сессияға шақырса кеш барады,  
«Бесбармакка» шақырса дес барады.  
Жылтырарын жойғанша жанын салып,  
Сүңгітеді табакка бес саланы.

Жұмыс десе жабыркап камығады,  
Ауырдым деп керпесін жамылады.  
Тұрып алса тынымсыз арак іздеп,  
Көше кезіп түнімен сабылады.

Бригадир бұл күнде мұндай болды,  
Жұбайынан айрылып жұрдай болды.  
Қалтасы да қағылып бітсе керек,  
Мойыны да жіңішкеріп қылдай болды.

## ЖАҢА МОДА

Кіріп келді сақалды, шашты адамдар,  
Шамасы, емес болар жас адамдар.  
Отыздан асса-дағы өздерінің  
Ақылы алқымынан аспағандар.

Мандайын құлақшынның түзеген,  
Желкеден шыққан шашын күзеген.  
Шалбардың тарлығынан болды ма екен,  
Қақиып илікпейді тізе неден.

Отырған көрмеді ме үйде мені,  
Сәлем жоқ, басын-дағы иземеді.  
Осындай одағайлау жасты көрсем,  
Жабыркап жаным қатты күзейледі.

## КІМ КІНӘЛІ?

Дәуіт, Асқар екеуі бөсіп тұрып,  
Шарифат соқты судай есіп тұрып.  
Мұрт қойып мосқал адам бола қалған,  
Үйіне кәріліктің көшіп кіріп.

Молдалар екеуін де ертіп алған,  
Жіп тағып мұрынынан тесіп тұрып.  
Екі жыл ескі оқуды оқымаған,  
Осылар айтар екен несін біліп.

Арак ішсе екеуі шешен жорға.  
Қызған кезде керемет, мықты, зор да.  
Молдаларға кездесе момақансып,  
Тасбихтары тартулы тағы қолда.  
Жігіттерге кездесе жымың қағып,  
Жығылады үйіне жетіп зорға.

1948

## ЕРІНШЕК КЕЛІН, ЕРКЕ БАЛА

Сібірдің көшесінде сібір келін  
Нервімді қозғағаны түгел менін,  
Әдейілеп ері сыйлап шақырмаса,  
Үйіне тіземді мен бүгер ме едім.

Үйіне келсем ері көрінбеді,  
Қоқыра жиылмады төріндегі.  
Жалындай жабағының болып алған,  
Өмірі тарак тимей өрімдері.

Ерке ұл екі иінін жұлып салып,  
Бір минут отырмады тыныс алып.  
Есімді ет піскенше шығаратын,  
Ашылды көзім қонбай кетіп қалып.

1965

## ЖАЛҚАУЛАР

Жалқауды Құсни деген алдым түстеп,  
Пайдасыз тал бойында арам күш көп.  
Өңкиіп ұялмастан отырыпты  
Жеті айда жиырма бір күн еңбек істеп.

Колхозға пайдасы жоқ, үйге салақ,  
Жатқан бір алып дене, арам тамақ.  
Ерінің еңбегін жеп ерінумен  
Есіней ертелі-кеш жатыр қарап.

Келіні Мүсәйіптің Сара қайда?  
Жұмысқа жайындай боп жарамай ма?  
Өмірі орамалға су тимеген,  
Алғандай басын тығып қарамайға.

## МЕНІҢ МІНЕЗІМ

Жаным қас – көре алмайтын күншілдермен,  
Өрбіткен өтірікті діншілдермен.  
Өсек пен жалған сөзді жүндей сабар,  
Көпірме, бөспе сөзді шіркіндермен.

РЕШЕНИЕ

Исполкома Советского района городского округа Куйбышев.

г. Куйбышев от

№ 621 от 24 июля 1957 г.

Об утверждении плана "Акция Советского района города Куйбышева и Ижевска по созданию в сельской местности областного радио-центра в 1957 году. (См. протокол заседания Исполкома от 19 июля 1957 г.)

Исполком Советского района города Куйбышева постановляет: 1. Утвердить план создания областного радио-центра в 1957 году. 2. Поручить исполнению данного плана районным исполкомам:

- 1. Исполкому Советского района.
- 2. Исполкому городского округа Куйбышев.
- 3. Исполкому Ижевска.

4. Исполкому Советского района города Куйбышева поручается организовать работу по созданию областного радио-центра в 1957 году.

5. Исполкому Советского района города Куйбышева поручается организовать работу по созданию областного радио-центра в 1957 году:

- а. Исполкому Советского района - 1000 рублей.
- б. Исполкому городского округа Куйбышев - 1000 рублей.
- в. Исполкому Ижевска - 1000 рублей.
- г. Исполкому Советского района города Куйбышева - 1000 рублей.
- д. Исполкому городского округа Куйбышев - 1000 рублей.
- е. Исполкому Ижевска - 1000 рублей.

Секретарь Исполкома  
Исполнительный директор

Секретарь Исполкома  
Исполнительный директор

**Халық ақыны атағын беру туралы шешім**

Жаратам ақ ниетті адал жанды,  
Лениннің лебізінен нәр алғанды,  
Халықтың қамы үшін қызмет етіп,  
Жаркын боп дүниеге жаралғанды.

Жаным қас – мүләйімсіп күлгенменен,  
Бетке дос, сырттан өш боп жүргенменен.  
Адам ба досыменен бауырласып,  
Қасына хас батырдай зілденбеген?!

Ұнатам – адал айтса кімде-кімді,  
Тайсалмай тура айтса міндерімді.  
Көлтексіз көзіме айтсын – анық дос сол,  
Бар боса жаза басып жүргенімді.

## **КӘРІЛІККЕ КӨНБЕЙМІН**

Әлбетте, жас адамдар – атқан таң бір,  
Жаратпас қарт адамды қатал тағдыр.  
Дүниені дүбірлетіп жүріп келіп,  
Қиын-ау қалып қойсаң қатардан бір...

Кәрілік артыма кеп мінгескен соң  
Ада етті ажарымның нұр кестесін.  
Қойныма төсегін сап жатып алды,  
Жүрегім жек көрсе де, ол не істесін?

Бойымнан жастық тарап бала гүлдей,  
Кәрілік келе қалды жаңа өмірдей.

Қол бұлғап қариялар шақырады,  
Жүрмін-ау оның тілін және білмей.

Есікті діндар қауым дүрсілдетіп,  
Келіпті үйге кіріп бір сұм жетіп,  
Жағдайын о дүниенің есіне ал деп  
Өзімді үгіттеді үлпілдетіп.

Тұзағын арнап маған жайып келді,  
Бейне бір тергейтіндей айыпкерді.  
Отырған гүлге карап жырлар жазып,  
Молдекең мені көріп... тайып берді.

## СҮЙГЕНІҢДІ АЛ

Ақиқат – үйдің кілті келінде ғой,  
«Жаксы әйел – үй ырысы» делінген ғой.  
Жұбайы жайдары боп жұртқа жакса,  
Жолдасы жүрген елдің төрінде ғой.

Жаксы жар ердің басын төрге сүйрер,  
Жаманы, – дейді халық, – көрге сүйрер.  
Әйелің адамдыктан ада болса,  
Досын да келекелеп көзге түйрер.

Онай жұмыс емес-ау – адам алу,  
Асылы қасиетіне карап алу.  
Махаббатынды маздатып сүйгенінді ал,  
Жарамайды жүректен жаралану!



## КӨҢІЛ

Көңілім әлі жастай лекілдеген,  
Беріліп кәрілікке бекінбеген.  
Елу жыл еркін ойнап күлсем-дағы  
Жері бар секіді әлі жетілмеген.

## ЖИЕНДЕРІМ

Бейбітжан, Орманжаным, қалқаларым,  
Келдім де кезек-кезек арқаладым.  
Сағынып көріскесін сүйіп-сүйіп,  
Көрдің бе құмарымның тарқағанын!

Сендерді аңсап келдім, балапаным,  
Құшақтап құмарымды таратамын.  
Кей кезде қызығамын түсіне алмай,  
Балдырлап не дейсіндер, балақаным?

Балдырған балапаным, жиендерім,  
Сусыным қанғанынша сүйе бердім.  
Көргенде екеуіңді көңілім көктеп,  
Жадырар жаз айындай жүйем менің.

Көнемін, козыларым, илеуіңе,  
Төсіме шығып алып билеуіңе.  
Күн санап кылықтарың тәтті болып,  
Еркіме қойып тұр ма сүймеуіме!

## ТЕРЕЗЕМНІҢ ТҮБІНДЕ

Өз колымнан еккен талым  
Көкке өрледі таласа.  
Бірі калмай шықты қалың,  
Жапырағы жараса.

Саясында салқындадым,  
Көкорайға көсіліп,  
Жайқалады жарқын бағым,  
Көңілімді өсіріп.

Қаракаты қалың шығып,  
Мойылбасы мөлдіреп,  
Күнде терсем, күнде тұнып,  
Азаймайды селдіреп.

Анау көгіл, мынау жеміс,  
Бұл не деген тамаша!  
Қызық көріп бәрін тегіс,  
Қуанамын балаша.

## ҚЫЗ ТУСА

Кей біреу қыз туды деп ұнатпайды,  
Көршіден сүйінші де сұратпайды.  
Ұл артық, қыз артық па, кім біледі,  
Белгісіз, кімге бакыт тұрақтайды.

Ұл туса қуанысып етеді той,  
Қалжаға сойылатын жетеді кой.  
Асырап күтеді деп ата-анасын,  
Туғаннан шартарапқа кетеді ой.

Егерде ұлың жаман болса, жасық,  
Ерініп, еңбек десе тұрса қашып,  
Мойнына әкесінің атша мініп,  
Отырса асыра деп аузын ашып.

Ал қызың шын ақылды болса, дана,  
Жүрсе егер ата-ананы есіне ала.  
Бірін жақсы, біреуін жек көрудің,  
Бауырлар, бабы қалай, өзің қара.

## ОЙДЫҢ КЕНІ

Төсегіме жата калсам,  
Өлең, жырға сүнгимін.  
Тұрып қолға қалам алсам,  
Кейде қайта мүлгимін.

Кейде жақсы жырды жазып,  
Маңызына сүйсінем.  
Оймен бейне құдық қазып,  
Су шықпаса күйінем.

Өлеңімді өріп, баптап,  
Аялаймын мақташа.  
Сүйсінер ем, халық мақтап,  
Жадына оны сақтаса.

Сонда ғана ақталды,  
Ел алдында борышым.  
Ақын терең ақтарады  
Ойдын кенін сол үшін.

*1962*

## **СҮЙМЕГЕН СҰЛУ**

Бүгін алтын көрінсе де  
Ертең болар қалайы.  
“Жаным сен”, – деп берілсе де  
Алдайтұғын талайы.

Сұлулықтың сыры мәлім  
Анық сүймей алдаса.  
Кеш түсінсен, сорын қалың,  
Басың болар далбаса.

*1962*

## **ӨМІР ҒАЖАП**

Еске аламын жастық шак күндерімді,  
Ойға шомып өткізем түндерімді.  
Жастар неге ашпай жүр есігімді,  
Білмей ме екен сағынып жүргенімді.

Бітпес өмір күйбеңі тіршіліктің,  
Күн өтерін ойлайды күрсініп кім.  
Баған арзан болса егер тіршілікте,  
Сынғанындай сырт етіп бір шыбықтың.

Өмір ғажап, өкітпес күнімдетіп,  
Өте берер әр күнің күлімдетіп.  
Аз өмірді адамша пайдаланып,  
Дүниені өтейік дүбірлетіп.

1966

## АУРУДЫҢ АЗАБЫ

Ауру қырық жыл бойы қалмай келді,  
Қайталап қайта-қайта алдай берді.  
Көкіректі керней біткен шабытыма  
Бұл, шіркін, бөгет болып шалғай келді.

Сонда да жастық оты самғай берді,  
Ескі дос есінетіп тандай керді.  
Әлегін бұл аурудың тындамастан  
Дарыны ақындықтың лаулай берді.

Шырықтап шабыт шалқып самғай берді,  
Тыңдаушым тәтті жырды балдай көрді.  
Орнығып жүрегіме алған науқас  
Ширатып жібін үзбей жалғай берді.

Сәті бір сауығудың келмей келді,  
Дамылсыз дәрігерлер емдей берді.  
Шалқыған шабыт шарты шорт үзіліп,  
Лепіріп өлеңім де өнбей келді.

Жүрегім жүре-жүре меңдей берді.  
Көңілім жазылад деп сенбей келді.  
Табиғат тасып жатқан бейне тасқын  
Мені бір салмағы мол сендей көрді.

Өмірдің болмаса да арты мәлім,  
Тірлікке талаптанып талпынамын.  
Сөнсем де сүйкімді боп ағайынға,  
Сүттен ақ, таза болсын жаркын жаным.



# ПОЭМАЛАР



## ОРМАН СЫРЫ

Жыландай патша ыскырып,  
Төңірегін түгел жалмады.  
Алды бейне үскірік,  
Бетіне жан бармады.

Шыдамы біткен шаруа  
Қолына қару алады.  
Көтеріліс дамуда,  
Оятты дүбір даланы.

Жүргізіп жаулар ықпалын  
Халыққа какты дігерді.  
Бетіне қарсы шыққанын  
Жер аударып жіберді.

Соның бірі Синенко  
Дмитрий жігерлі.  
Қуғындап патша ерекше  
Салмакшы болды шідерді.

Батыстан қуғын көрді де  
Шығысқа қарай жылысты.  
Көк Есілге келді де  
Қазақпен дос боп ұғысты...

Ксеня жүрді тамсанып,  
Қымыз бен мақтап сүзбені.  
«Алыста жүрсек аңсадық,  
Қазақ боп алдық біз!» – деді.



Дмитрий Синенко  
Бесбармақты ұнатты.  
Қазақтармен ерекше  
Дос болып алды тұрақты.

Екеуі де ауылға  
Тұра алмады келмесе.  
Достары да ауылда  
Жүре алмады көрмесе.

“Қарасаң көзің тоймайтын  
Көк Есіл бойы сәнді-әсем.  
Өрлетіп мұнда ойды алтын  
Серперміз таңнын пердесін!”

Деуші еді олар әрдайым,  
Кең пейіл елге сүйене.  
Келіп жүрді күн сайын  
Қабалақ қарттың үйіне.

Сакшысы болып орманның  
Синенко алды бекініп.  
Келеді жақсы алдан күн,  
Кіреді топка лепіріп...

Ауылдан дос-жар кісіден  
Балташы шебер алдырды.  
Оралған орман ішінен  
Өзіне бір үй салдырды.

Қос ауыздың серіппесін  
Сындырып бұрын алатын.

Енді ұсталық етпесе  
Мылтықсыз мүлде қалатын.

Әкеден қалған көрікті  
Көшерде жүкке салдырған.  
Іс соқканын көріп те  
Көзін талай қандырған.

Дмитрий ап көрікті  
Дәстүрін әке бастады.  
Темірді қолы ерітті,  
Мылтығын оңдап тастады...

Синенко аңға қамданып,  
Мылтығын ендеп жүгірді.  
Жатқандай атып анды алып,  
Атылған дыбыс білінді.

Таңданды көріп аттарды,  
Ерттеулі жүр екен...  
Партизандар актарды  
Жусатып салып тұр екен.

Сегіз адам бұл жүрген  
Синенконы ұстады.  
Қол-аяғын шылбырмен  
Тас қылып байлап тастады.

Байлап оны алады,  
Жау болар деп сақтанып.  
Жөнін сұрап қарады,  
Документін актарып.

Матвеевич Синенко  
Дмитрий аты екен.  
Танытпай түнгі көлеңке  
Ұстағаны хата екен.

Мұқан оны таныды,  
Қабалақтың досы деп.  
Байлағанға налыды,  
Білмегендік осы деп.

Сегізімен қайтадан  
Синенко қол алысты.  
Ерлігін көріп байқаған  
Олармен ойы қабысты.

«Батыстан келген бұл жерге  
Украинаның ұлымын,  
Патшаға менің ежелден  
Ұнамап еді қылығым.

Қабалақ карттан біліп ап,  
Сіздермен сырттан танысып.  
Кездесе алмай жүріп ем,  
Қуанып қалдым табысып.

Мейман боп үйге жүріңдер,  
Қазақтың маңғаз ұлдары.  
Көлбөн ұшқан көгіңнен  
Мен де бір достық қыраны!...».

Таң да атты, танысып  
Жігіттер қолын алысты.

Үйге жүр деп жабысып  
Тұрғасын, еріп барыпты.

Әйелі мүлдем абдырап  
Асыға асын қамдады.  
Шай ішіп бұлар жадырап,  
Ашыла түсті қабағы...

Мұқан мен Оспан сарайға  
Көзін салса, көрік түр.  
Көрікке жақын маңайда  
Көмір мен темір толып тұр.

«Жаным-ау, осы орманшы  
Ұста жігіт боп шығар.  
Сөйлесіп, Оспан, козғашы,  
Осында өнер көп шығар?» –

Деп екеуі бұрылып  
Үйге қайта кіреді.  
Жүздері жүз құбылып  
Көріктің жайын біледі:

«Әкемнің бұл көрігін  
Елімнен алып келіп ем.  
Мылтықтың серппе темірін  
Сынғасын оңдап көріп ем.

Көз үйренген жұмысты  
Қол үйрену қиын ба?  
Істеді әкем бұл істі,  
Қалғаны бар миымда», –

Деп Синенко шылымын  
Тартып қойып күледі.  
Сипап тастап бұрымын  
Аркасын жүкке тіреді.

«Дмитрий, бізбенен  
Ойың бар ма еретін?  
Бір керегім іздеген  
Сіздің колдан келетін.

Актармен талай айқастың  
Тыныштығы үшін елімнің.  
Сырласып сізбен байкастың,  
Тілектес адам көріндің.

Мылтықтар бар ондайтын,  
Құйылған даяр оқ керек.  
Құр колмен жеңіс болмайтын,  
Қару-сайман көп керек.

Осылар келсе қолыңнан,  
Құдайдың бізге бергені!» –  
Дегенде тұрып орнынан:  
«Қолынды әкел, кел бері», –

Деді де дереу достарын  
Ертіп кірді сарайға.  
«Қос ауыз мылтық, достарым,  
Татырлық болғай сыйлауға?!».

Қуанып Мұқан балаша  
Мылтығын алып оқтады.

Көп екен даяр тамаша  
Өзінің соккан октары...

\*\*\*

Синенко дос-тамырмен  
Жан аяспай сыйласты.  
«Қалауың болса, ал менен!» –  
Деді досқа кимасты.

Мейманын күтіп мәпелеп,  
Ішілді кымыз, шайлары.  
Жүйрік атын әкеліп  
Жетегіне байлады.

Достар көлік берген соң  
Синенко қатты сүйінді.  
Атын алып келген соң  
Ойға келді түйінді.

«Батыр казак баласын  
Бауырымдай көрейін.  
Құлпыртып қуаң даласын  
Қарағай-емен егейін.

Бұл Кардонға онаша  
Орнығып әбден алайын.  
Мейірімді, тамаша  
Қаптаған казак манайым!..» –

Дегенде тұрып жұбайы  
Ерінің сөзін жаратты:

«Осындай момын, жайдары  
Кім қиып кетер казакты!» –

«Рас-ау, – деді Синенко. –  
Көңілім толды менің де.  
Қазақтар жүр ғой ұлым деп,  
Дак түсірмейік сенімге!».

Көрігі тынбай гүрілдеп,  
Балкытты құрыш темірді.  
Жұбайы тұрды күлімдеп,  
Қызықтап тәтті өмірді...

Партизандар құралға  
Алды әбден молығып.  
Келешек бақыт күнге алда  
Қалғандай болды жолығып.

Синенконың арманы  
Есілге, елге гүл екпек,  
Орыстың жасыл орманын  
Сарыарқада түлетпек.

Март айының басында  
Тайгаға барып оралды.  
Әкелді тұқым осында  
Жасауға орман-көгалды.

Мұзжауғанның ығынан  
Питомник ашты, баптады.  
Үйінкі, арша бұрыннан  
Бар еді мұнда ақ қайың.

Қарағай өсіп жыл сайын,  
Көркейтті күміс Есілді.  
Қуанып көңілі күн сайын  
Ойлаған ойы шешілді.

Көңілді көктем көзді ертіп,  
Көкірегін кернеді.  
Гүл төсеп өңін өзгертіп,  
Арқаны самал тербеді.

Таба алмайсың қарасан  
Бір бұтаны кесілген.  
Зәулім биік орасан,  
Тамаша тоғай өсірген.

Осылардың өзіндей  
Еңбекпенен өсірген  
Орманшы өз көзіндей  
Қорғаулы өрттен, кесуден.

Даланы тербеп әуені,  
Питомнигі ырғалды.  
Қарағай-қайың әдемі  
Жырдың да жақсы ырғағы.

Жұбайын ертіп жайрандап  
Демалыс күні жастарым  
Жүреді екен сайрандап,  
Жұпарын жұтып бакшаның.

Директор болды кешікпей  
Дмитрий баласы.



Өсірген оны бесіктей  
Бұл араның ағашы.

Явленконың іргесін  
Көк орманмен көмкерді.  
Көгалды халық көргесін  
Қызыға көзін төңкерді.

Синенко орман ішінде  
Ормандар шулап үн қатты.  
Бір сырды түйді ішіне  
Жалғанған арман сияқты.

Орманға келсе карт әке,  
Өмірдің жұтып миуасын.  
Алдынан шығып жалт ете  
Тұрды күліп Димасы.

Көз алдынан керуендей  
Жас шағы өтті тізіліп...  
Орманды кешіп өрімдей  
Димаға келді бұрылып.

«Бакытты өңкей балдырған,  
Жастарға берсін өмірді.  
Айы туып алдынан,  
Өмірі болсын көңілді!» –

Деп кария баяулап  
Төңірекке карады.  
Ақырын басып, аяңдап  
Үйіне кетіп барады.

\*\*\*

Солтүстіктің орманы  
Өсті деп өте кабындай,  
Дәуренбеков толғанды  
Орманның генералындай:

«Есілді өрлеп карағай,  
Қайың менен тал өсті.  
Бакша – баулы дала-жай,  
Ауылдың сәні жарасты!» –

Деді орманның бастығы  
Дәуренбековке гүрілдеп.  
«Орманды жердің астығы  
Асты!» – деп, – биыл!» – күлімдеп.

Оқып шыққан мамандар  
Барановский, Сағитов  
Еңбегі сіңген адамдар  
Ыстық терін ағытып,.

Тәрбиелеп өсірді  
Көп маманды тұрақты.  
Солардың бірі десулі –  
Тәжібай, Кеңес, Жұматты.

Жұмыстарын мақұлдай  
Жұрт ұнатты бұларды.  
Майданға шыққан батырдай  
Біліктерін сыбанды.

Инженерлер ерінбей  
Еңбек етті еліне.  
Адал тері төгілмей  
Іс келе ме жөніне?!

Еңбектері еленді,  
Келеді алға ұмтылып.  
Қарағай өсіп көгерді,  
Жыл сайын түлеп, құлпырып.

Трактор шымды төнкерді,  
Күрек пен кетпен шет калып,  
Қызықтап келем өлкемді,  
Құмарта карап, тоқталып.

Көгеріп бәрі көненің,  
Қабылдап алды жананы.  
Өмірдің көркі – кемелі  
Орманы болса саялы.

Жастардың күллі қолында  
Орманның күре тамыры.  
Жасыл желек жолымда  
Тайганың іші кәдімгі.

Келемін орман аралап  
Жел тынған соң басылып.  
Астымда жүйрік кара-ала ат,  
Мойныма мылтық асынып.

Қар бетіне карағай  
Жасыл шатыр құрғандай.

Жүрсен жақын жағалай,  
Жұпарын төгіп тұрғандай.

Қарағайдың қасынан  
Оспан ағай кез болды.  
Тымағын алып басынан  
Түсі тоқсан өзгерді.

«Шырағым, мынау карағай  
Қайдан келген бұл жерге?  
Жас өспірім баладай  
Жайнап тұрған түсі өзге.

Аязға бермей бояуын  
Жасыл боп қалай бұл тұрған?!  
Орманның көркем ғажабы  
Осы екен шырақ құлпырған.

Трактордың тағасы  
Қопарып кеткен жерінен  
Астық түгіл ағашы  
Құлпырды, міне, егілген.

Бақытты ғой, шырағым,  
Бұл заманның адамы.  
Басқан сайын бір адым  
Қызықты болып барады!».

Деп ақсақал атының  
Тізгінін қысып қолына,  
Жылжыды жүріп ақырын  
Аксудың түсіп жолына.

## АУЫЛДАҒЫ АРПАЛЫС

Көк Есіл көңіл күйін талай ашқан,  
Көп акын сырын шерте перне басқан.  
Суында шортан жүзіп, шабак ойнап,  
Нуында елік жортып, түлкі кашқан.

Бидайық жасыл шалғын белден көмген,  
Желпініс жұпар лебі көлмен келген.  
Жаздың бір жайлы күні еді бүгін  
Мұнарлы Көкше бұлты көктен төнген.

Тамылжып Алкаағаштың атырабы,  
Алдыңнан көркем сурет ашылады.  
Құлпырып гүл-бәйшешек жұпар бүркіп,  
Жаныңды рахатқа батырады.

Ел жылжып көкорайға жана қонған,  
Бакытын өздігінше қалап әр жан.  
Тігілген ақ боз үйлер дөңгелене  
Сырлы өзен сикырланып ағады алдан.

Кейбір үй ашпапты әлі түндігін де,  
Сәске шақ... Маңдайшадан күн бұрылды.  
Іргеден тұрды есіп салқын самал  
Түрілген белуардан туырлығы.

Тұсында кейбір үйдін кебеже арба,  
Жаз күні тұрмыс-салтқа керек ол да.  
Кемпірлер көленкеде өрнек тоқып,  
Қолдарын адарғы екшеп қағады алға.

Көгілдір көк Есілдей ауыл үсті,  
Көңілден қозғайды бір сағынышты.  
Жетелеп бала қиял, сағым арман  
Жанымды әлдеқайда алып ұшты.

Аңғардан айналаға тұрдым қарап,  
Тулайды бура толқын сырды ұрлап ап.  
Біреулер балық аулап қайықты жүр,  
Жағаны қармағымен жүз тырмалап.

Өмірдің жанталасқан күресінде  
Сол бір кез бүгінгідей жүр есімде.  
Солдаттар қылыштарын жалақтатып,  
Желігіп жетіп келді көк Есілге.

Бала едім ат суарған жайдақ мініп,  
Ойымда еш нәрсе жоқ, ойнап-күліп.  
Елеуреп ортаға алып ұрып кетті,  
Жейдемді паралады қармаққа іліп.

Мен аң-таң орнымда тұрып қалдым,  
Шамырқап бұл сорақы қылықтарын.  
Естігем жолдағысын жайпап жүр деп,  
Ақ банды кез келгеннің ұрып бәрін.

Ауылға бет қойды олар аңғардағы,  
Қаз, торай қанжығағы байланғаны.  
Жапырып ат тұяғы көкорайды,  
Мөп-мөлдір таза ауаны шаңға орады.

Ақ банды алған әбден асып-тасып,  
Қасқырдай інге ұмтылған қашып-сасып.

Отырған жас баланы үй алдында  
Ауылға кіре бере кетті басып.

Тапталған жатыр бала шала-жансар,  
Ақ банды міз бақпады оған онша.  
Құлынын қолына алып зар қақты ана,  
Дәрмен жоқ жендеттермен жағаласар...

Жаудырып азалы ана лағнетті,  
Ақтардың тізгінінен ала кетті.  
Бірінің алқымына салды қолды,  
Қайтсін-ай, жауыздардың әлегі өтті!

Ашынған кайнап ана зығырданы,  
Жендетті ат үстінен жұлып алды.  
Жатты анау шалкасынан талып түсіп,  
Өзінен өзі жұтып жылы канды...

Ақ банды: «шаш ал десең, бас алады»,  
Лап қойыш найзалады жас ананы.  
Ауылға кешке дейін бүлік салып,  
Кез келген бұзып-жарды босағаны.

Жау өстіп елді таптап дүлейленді,  
Жақсылық ізгілікті күрей келді.  
Ел үркіп кенет келген алапаттан,  
Тығылып үйді-үйінде үрейленді...

Бір ақ боз үйді алды ақ бандылар  
«Қырғызды жайпадық», – деп мақтанды олар.  
Содан соң құтыларын қолына алып,  
Еліріп, арақ, ішіп мақтанды олар.

Қоспаны Балқожаның еді батыл,  
Жаулардан ауыл кегін алғалы ақыр.  
Ыскак пен Биканды ертіп еппен басып,  
Солдаттар жатқан үйге келе жатыр.

Ер Қоспан кірді үйге есік ашып,  
Жүректе жігер қайнап, кегі тасып.  
Заматта қаруларын алды жиып,  
Бойында ашу мен кек араласып.

Бұларға тұзағын жау құра алмады,  
Алынып қойған еді құралдары.  
Алақтап, маңайларын сипалақтап,  
Көздері қарауытып, тұманданды.

Болды олар алыспакшы тісін қайрап,  
Кәрленіп, катуланып, шегіп айбат.  
Қоспанның соңына ерген жолдастары  
Жалақтап алдаспандай кірді жайпап.

Биканмен кетті айкасқа оның бірі,  
Қамшысы сегіз таспа қолында ірі.  
Ойы бар қаныпезер катал жаудың  
Биканды өз қанына шомылдыру.

Алысты... Екеуі де талықсыды,  
Сол сәтте Қоспан батыр алып сынды.  
Дұшпанның аяғынан шалып қалып,  
Жықты да кеудесіне барып мінді.

Ел ісі ер адамға жүктеледі,  
Ерлікті ер Қоспаннан күткен елі.



Ақыры жұрт ұйқыдан оянғанша  
Жаулардын жұмысы да біткен еді.

\*\*\*

Партизан боп орманға енді жас-кәрі,  
Ақ бандыға қарсы күрес басталды.  
Жасырынып калың жыныс койнына,  
Мұз төсеніп, қарды талай жастанды.

Сол орманда бар еді үйі  
Жау қолынан қаза тауып сол қыран,  
Бұл Сәлима – жесір қайғы тартқан күн.

Ерте шығып ауылынан асығып,  
Келді Қоспан жаудан бойын жасырып.  
Командирі Шишкин берген бұйрықты  
Осы арада жүрмек іске асырып.

Қоспан, Бикан, Ыскактардың бір жүрген  
Кеткен жөнін кейбір дұшпан білдірген.  
Тауып бер деп тосын жүрген жандарды  
Найзасын шаншып ақтар ілдірген.

Екендіде ит манкылдай үреді,  
Үйдегілер жау келгенін біледі.  
Атып шығып Сәлима тез үйінен  
Ақты көріп алып-ұшты жүрегі!..

Жау: «Қоспанды тауып бер!» – деп зекіді,  
Сырды айтпасқа Сәлима да бекіді.  
Ащы таяк батса-дағы жанына,  
Шыдай білді түк сезбеген секілді...

Бірақ оған зекуін жау коймады,  
Табанда әйел бір қулықты ойлады.  
«Ақтарменен кетті Қоспан күреске,  
Босатам деп достарымды тордағы!...».

Нанды бұған аусар актың басшысы  
Көтерді де сегіз өрім камшысын,  
Қолын бастап шыға тартты орманнан  
Солдаттардың бір қуырып апшысын.

Жаудан аман қалып Қоспан шаттанды:  
«Теріс жакка сілтедің ғой ақтарды.  
Қайратыңа разымын, Сәлима!  
Жауға солай құру керек какпанды...».

Қас карая Бикан да кеп түседі,  
Күн де суық – ақпанның іші еді.  
Сәлима тез шайын демдеп дайындап,  
Үстел жайып, дастарканын төседі...

Бір шежіре бастап Бикан көлемді,  
Отырғандар әңгімеге кенелді...  
Командирі Шишкин тығыз шақыртып,  
Түн ішінде Қоспан соған жөнелді.

Таң біліне келіп жаулар камады,  
Төрде жатқан Биканды олар табады.  
Жеті жендет жеткендей-ақ мұратқа:  
«Қоспан ғой!» – деп қосылып ап сабады.

Тұтқын етіп қолын қысып байлады,  
Саумалкөлдің селосына айдады.

Қоспан келіп болған жайды білді де,  
Жас жүрегін жігер оты қайрады.

Жүйрік ат пен жеңіл шана табады,  
Шанасына бастырып шөп салады.  
Махамбеттің кең тымағын киіп ап,  
Арттарынан салып-жетіп барады.

Шөп іздеген шал екен деп шаналы,  
Солдаттардың болмады оған алаңы!  
Мазак етіп: «Насыбайың бар ма?» – деп,  
Бір қулауы күле сөйлеп қарады.

«Бар насыбай», – деп «шал-дағы» шаналы  
Қойынына күйбеңдеп қол салады...  
Шакша орнына алты атарын суырып,  
Екеуіне де екі басып қалады.

Оққа ұшып сұмырайлар сұлады,  
Жаудың үні бір ышқынып тынады.  
Қоспан дереу Бикан қолын босатып,  
Құшақтасып көпке дейін тұрады.

Ақша жүзі ер Қоспанның нұрланып,  
Қиялдарға көз жіберді ырғалып.  
Екі қыран кетті ілгері қолдасып,  
Сыбағадан жүрмейік деп құр қалып.

Батыр Қоспан партизанды бастаған,  
Талай рет жауын жерлеп жасқаған.  
Даңқты Сидор Дубовикпен қолдасып,  
Шудасайда ерекше ерлік жасаған.

Шишкин еді бұл топтарды құрушы  
Жауынгерлік нұсқау беріп жүруші.  
Гвардия командирі бұрынғы  
Марьевка селосында тұрушы.

Қоспан қолы күннен-күнге өсулі,  
Сан шайкасты абыроймен шешулі.  
Ұлы таңға жігер-талап жеткізбек,  
Тілек бірге, жүрек бірге десулі.

Қызыл келсе құшақ жайып ауылым  
Қарсы алады көргендей бір бауырын.  
Салқындатып сары қымызын сапырып,  
Сойып жатад қойдың семіз, тәуірін...

Тоғытайдың Қабиы мен Сұраған  
Келді іңірде ұнжырғасы құлаған.  
«Ақтар келіп ат ойнатты ауылға,  
Қалмас түрі біздің елде тірі адам!..».

Мұны естіп Қоспан, Нақай, Павелдар  
(Ер жігіттер жүрегінде жалын бар)  
Түнделетіп келді бұлар ауылға,  
Жау сазайын тартқызуға қағынған.

Жау тынысын бакты олар абайлап,  
Барды Нақай байқап басып аяндап.  
Қабайын деп қамалаған иттерге  
Қалтасынан нан тастады амалдап.

Қос ағаш үй шыммен жапқан төбесі,  
Естіледі көп адамның кеңесі.

Еңгезердей біреуі отыр ортада,  
Өзгесінен басымырақ дауысы.

Сөйлеп отыр қолын сермеп жұлқынып,  
Тындай қапты өзгелері іркіліп.  
Тындап тұрған сөзін сырттан Нақайға  
Емін-еркін естіртпеді ит үріп.

Алты солдат ас ішті де аттанды,  
Алшаңдатып тағалаған аттарды.  
Бастығы мен қалған екі солдаты  
Жатуға енді жайыменен баптанды.

Андушыға жайы мәлім болады,  
Кетті ұйқыға үйдегі үш «қонағы...».  
Желіндеген биесін бір байқауға  
Үй иесі қарай шықты қораны.

Күпі тонын иығына аркалай  
Қорасына келіп кірді Маркабай.  
Сәлем беріп тұрған алда Нақайдан  
Шошып дауысы шығып кетті байқамай.  
«Ой, қарағым, суыт келген кім едің?  
Жарылып бір кете жаздады жүрегім».  
«Атым Нақай, әкем Сокбай!».  
«Япыр-ай,  
Шошыттың-ау, түнде неғып жүр едің?»

Кім бар еді, байқа бала, қасында,  
Ақтар қонып жатыр еді осында.  
Ұрмаған жан, қиратпаған дүние жоқ,  
Үстеріне барып қалма тосында».

«Естіп келдік бұл хабарды өзіміз,  
Көмек жағын көрсетіңіз өзіңіз.  
Жатқан жерде жайратайық жауларды,  
Шамыңызды басыңқырап келіңіз».

«Бұл сөзіңе, балам, толық қосылам,  
Бірақ өзім қанды көрсем шошынам.  
Кемпірімді алып шығып кетейін,  
Бізді аулақ ет, айналайын, осыдан!».

Ұйықтады ма, барып байқап өтейін,  
Шамды басып сығырайтып кетейін.  
Сосынғысын өздерің біл, шырағым,  
Одан артық қандай көмек етейін!».

Қоспан, Накай белді бекем буынып,  
Шықпак қолын жау қанымен жуынып.  
Қалғандары хабар күтті далада  
Бірде қызып, бірде қаны суынып.

Дәу оянып, қару іздеп бүлінді,  
Қанын ішке тартып жүзі құбылды.  
«Көтер қолды!» дегеніне қарамай  
Қарсы ұмтылып жолбарыстай жүгірді.

«Қол көтер!» – деп Қоспан тағы зекірді,  
Тындамады дүлей адам секілді.  
Оң иықтан оқ тигенде өгіздей  
Үй ішіне ойран салып өкірді.

Сау қолымен Қоспанды нық ұстады,  
Темірден бір кем тимеді қысқаны.

Талай жаумен жағаласып көрсе де,  
Мұндай күшті болған емес дұшпаны.

Кәрленді-ай кеп катал жауыз күші мол,  
Үйіріп жүр бір қолымен қысып ол.  
Батыр Қоспан тауып жаудың қапысын,  
Сұғып қалды ақ канжарын ішіне.

Сылк түсті дәу, тынысы әбден тарылды,  
Ақырғы дәм әлсіз ғана алынды.  
Тірі қалған екі солдат есі жоқ,  
Ебелектеп қол көтеріп бағынды.

Кеше жұртқа жасаған жау дігерді  
Бүгін кез боп жігіттерге жігерлі.  
Халі азайып қансыраған қасқырдай  
Жандарынан үзді ақыры күдерді.

Оқтау жон, доғадайын жалы иілген,  
Тұяғын сілтегенде қарды үйірген.  
Жұлқынған қос бестінің желісіне  
Айызың қанып әбден жан сүйінген.

Құлпырып жал-құйрығы кекіл қағып,  
Құлшынып ауыздыққа тісін жонып.  
Ақпанның аязының қырауынан  
Алғандай омырауға шолпы тағып.

Әуелден білетұғын батырлығын,  
Алған соң қара Мұқан хатын бүгін,  
Қоспан ер сол Мұқанды әдейілеп  
Асығыс іздеп келе жатыр бүгін.

Қоспанды Қошан бірден тани кетті,  
Жайдары жігіт еді ер келбетті.  
Мұқанның суыт жүріп кеткендігін  
Болған соң амандасып, баян етті.

Қонақты алып барып үйіне ертіп,  
Отырды уақиғаның күйін шертіп.  
Қошекең жетістікті желпігенде  
Қоспан ер ажарлана түсті бөртіп.

«Ақтар жүр келіп, кетіп ауық-ауық,  
Партизан жігіттерге іздеу салып.  
Нояндин, Соколов пен Кузнецовты  
Сактадық үй тіктіріп, нармен жауып!..».

Деп Қошан болған істі баяндады,  
Елдің жоқ партизаннан аяр жаны.  
Көрсетіп терезеден кигіз косты,  
Екеуі шығып солай аяндады.

Ол үйге кіріп Қоспан таныскалы,  
Сөйлесіп, іс әдісін алыскалы,  
Қағылып отырғандар орын берді,  
Келгендей күткен қонақ алыстағы.

Нояндин қоңырлата сөзін бастап,  
Әр сөзін дәмдендіре баппен бастап.  
Төнкере төнірекке көз тастады,  
Салалап сары шашын сырып тастап.

Қоспанды Қошан оған таныстырды,  
Өзара пікірлерін алыстырды.



Соколов шыдамы аз жігіт еді,  
Бұлармен сөзін бірге жарыстырды.

Күжілдеп отырғанда кенес құрып,  
Шегір көз Шери бала келді кіріп.  
«Әнеки, кесек жеккен екі адам –  
Ақ банды келе жатыр!» – деді тұрып.

Жабыктан жақын келіп көзін салып,  
Аяндап шықты Қошан мылтық алып.  
Дәретін алып жатқан Дайыр шалға  
Келгендер кеңірдектеп төнді барып.

«Дайыр шал, айт тезірек, досын қайда,  
Досыңа тіккен кигіз қосын қайда?  
Жаныңнан болса үмітін, жасырмай айт,  
Күйесің біреу үшін осындайда!...».

Қария карады да орман жаққа  
Жалтарып салды оларды бір жаңсаққа:  
«Қаршыға шілігіне қоян аулап,  
Қарауға кеткен, – деді, – қолтұзаққа!».

Біреуі дүрбісін тез қолына алып,  
Қаршыға шілігіне көзін салып,  
Жылқыдан келе жатқан екі адамды  
Солар деп үміттеніп тұрды бағып.

Сыртынан сырғып Қошан келіп қалды,  
Сұмдардың сыбағасын беріп салды.  
Кузнецов көсем атқа жетіп барып,  
Шанадан жатқан сары сөмкені алды.

Сөмкеден келгендердің сыры ашылды,  
Тілші етіп алыпты ақтар би Қасымды.  
«Алқаағаш ауылында қызылдар бар», –  
Деп келген түсіргелі бір жасылды...

Сүйеніп сұм Қасымның көмегіне  
Жүріпті пайдаланып керегіне.  
Алдағы март айында бүлік жасап,  
Ақ банды жетпек екен дегеніне.

\*\*\*

Кузнецов Оралға тез барып жетіп,  
Мойынына игілі істі парыз етіп!..  
Штабка тапсырды да сары сөмкені,  
Жай-күйді баяндады аңыз етіп.

Көрген соң Перекальский сөмкені ашып,  
Сөйлесті Кузнецовпен көңілі тасып.  
Штабка бұл хабарды Чапаевқа  
Жеткізіп алды екеуі жоспарласып.

\*\*\*

Күн жылынып, ағыл-тегіл кетіп қар,  
Жайланулы жайылымға жетіп мал.  
Сұрағаны Тұралының кез болды  
Қарсы алдынан Қоспан ердің келіп дәл:

«Киіп алып ақ шекпенді айқарып,  
Сиыр бағып Сұрағаным найкалып.  
Арпалысқа аттаныспай, бұл қалай,  
Жүргендігің жайыңменен жайқалып?!».

Деді Қоспан Сұрағанды сынға алып,  
Не дер екен дегендей-ақ тыңдалық...  
Елдегі ер жігіттердің бірі еді,  
Көрейін деп, көңілі болса, қырға алып.

«Сиыр бағып жүргенімнің сыры бар,  
Жігітсің ғой сырды жақсы ұғынар.  
Ақ бандылар ат ойнатты ауылға,  
Көңілінде бізге деген дығы бар...

Барып Қоспан терезеден караса,  
Екі солдат аты жолға таласа,  
Найзалары ай астында жаркылдап,  
Атын бұрды шеткі үйге оңаша.

Қоспан, Бикан білектерін түрініп,  
Терезеден тұрды қарап үніліп.  
Жау жақындай түскен сайын абалап,  
Сартайлақ та өршеленді жүгіріп.

Терезенің алып тастап сынғанын,  
Мылтық құрып бұлар даяр тұрғанын  
Сезген жау жоқ, баса-көктеп келеді  
Айтқызбаққа момын жұрттың иманын.

Мылтықты енді еңірте басты кеп,  
«Андысқан жау атыспаққа жақсы!» - деп.  
Ауыздықтап ала қашты үріккен ат,  
Ақ доғаның алқымына бас тіреп.

Әлгі екеуі қалды түсіп шанадан,  
Естері ауып оқыс соққан жарадан.

Сұрауға алды қолға тірі түсіріп,  
Азғындарды елді ығыр ғып тонаған...

Жиып алды қылыш, мылтық-құралын,  
Қалталарын тінтті Қоспан бұлардын.  
Тапты Қошан сөмкелерін ақтарып:  
Тізім, карта, жоба, майдан ақпары.

Тізімде жүр Балғожаның Қоспаны,  
Накан, Бикан... бәрін ажал тосқаны...  
Түнде бас сап орнынан тұрғызбай  
Жою екен жаудың бүгін жоспары.

Картасы бар қолдан алған түсіріп,  
Біле алмады бұлар оған түсініп.  
Бар қағазды Биканменен жіберді  
ІПтабка тез беріп кел деп ұсынып...

\*\*\*

Қағазды оқып, картаменен танысып,  
Қалды Шишкин көп мәлімет алысып.  
Жолдастары жаңалықты естуге  
Жапырласа сұрақ қойды жарысып.

«Март айында бас қосатын ақтардың,  
Сыбағасын сәті түссе сақтармын!».  
Қоспанға арнап хат жазыпты Шишкин ер:  
«Алыс емес, – деп, – еңбекті ақтар күн!».

Хатын алып, оқып көріп қуанып,  
Тапсырмасын қабылдады құп алып.

Жігер беріп жан досының сөзі асыл,  
Жауға айкасқа шықты Қоспан сыбанып.

Көңілі толып рухани азыққа,  
Тұрды Қоспан атын байлап қазыққа.  
Биқан болжап төңіректі шолып ед,  
Біраз солдат келе жатты жазықта.

Махамбет қарт, баста жыртық тымағы,  
Үй алдында малын жайып тұрған-ды.  
Келген солдат: «Ей, қырғыз!» – деп еңтігіп,  
Есіл жолын екілене сұрады.

Тереңірек «Нарғожаның» өткелін  
Нұсқап, солай бұрды жаудың беттерін.  
Қанға құмар қаракшылар жойылып,  
Тілек етіп тұңғиыққа кеткенін.

Екіндіде Есіл барып жетеді,  
Екі солдат тұңғиыққа кетеді.  
Бізге қастық жасады деп әлгі шал,  
Көңіліне бұлар күдік етеді.

Күн қызарып ұясына енеді,  
Қалған жаулар кейін қайтып келеді.  
«Шалдың көзін жойып шық!» – деп офицер  
Солдаттарға бұйрықты тез береді.

Сыртта жүрген Қоспан келіп артынан,  
Офицерді алды аударып атынан.  
Ақиықтың тұяғындағы түлкідей  
Шықты ақырғы демі жаудың алқымынан.

Үйге Қоспан жылдам басып кіреді,  
Ақ бандылар үйді ойрандап жүр еді.  
Сасқан солдат жанын кояр жер таппай  
Арқаларын қабырғаға тіреді.

Қарияның басынан қан жосыған,  
Қапар бала зәресі ұшып шошыған.  
Солдаттардың сыбағасын берді карт  
Дегеннен соң: «Кегінді ал осыдан!».

Нақай, Бикан тұтқынды алып екеуі  
Күн батарда Марьевкаға жетеді.  
Бірін байлап қалдырдык деп ауылда  
Шишкинге кеп бәрін баян етеді.

\*\*\*

Екі торы еркін құлаш сермеді,  
Түнгі дала жол торабын тербеді.  
Ойы алаулап Нақай менен Биканның  
Көкіректі күшті жалын кернеді.

Тырашпанның темірі айға жарқылдап,  
Екі торы келе жатты аңқылдап.  
Таң да атты, ауыл жақын қалыпты.  
Ашылғандай армандай бір алтын бак!..

Арман алға жетелейді есіліп,  
Ашқандай боп арайлы таң есігін.  
Қияларға самғап ұшты қос қыран  
Қиялының қанатында көсіліп!..

Қоспан кетті Князевке барғалы,  
Сырымбетке соны жұмсап салғалы.  
Рахымжан мен Нұрыштардан хабар жоқ,  
Солардың бір жайын біліп алғалы.

Сәлима ерте сабан іздеп кетеді,  
Күн шығарда Кеңөзекке жетеді.  
Жас бала мен аш әйелді аямай  
Қара боран қарсы алдынан төпеді.

Қарны ашқан Қапар бала ашулы,  
Аш өгізге ашы таяк басулы.  
Келсе екеуі үйдің іші тас-талқан,  
Жатыр мүлкі бет-бетімен шашулы.

«Тағы жаулар түбімізге жетіпті,  
Үшеуін де ұстап алып кетіпті, –  
Деп Сәлима назаланды, – киіп те,  
Үлгермепті-ау, ең болмаса етікті!».

Бір шақырым тұрған Қайнет үйіне  
Барды Қапар қабағы тым түйіле.  
«Үйге әлекті сап кетіпті жаулар!» – деп  
Ағыл-тегіл жылап берді күйіне.

Төгіп жасын Сәлима да жылады,  
Көзден ұшып сөнгендей боп шырағы...  
Разия да: «Ой, сұмдық?» – деп күрсініп,  
Істің жайын таңыркана сұрады:

«Бозат жаққа біраз шана кетіп ед,  
Атын асық айдаулары өкім ед!..» –

Деген кезде «Солар ғой!!!» деп  
Сәлима ойға қалып көп отырды өкініп.

Тұтқындарға азық алып аттанды,  
Елең қылмай суық-аяз – ақпанды...  
Бозатқа әкеп суық үйге қамапты,  
Үшеуін де желкеге ұрып ақ банды.

Бұл селода таныстары көп еді,  
Тар кезеңде тиген талай көмегі.  
Сәлимаға жылы шырай сездіріп,  
Сөздер айтты ойы терең-өрелі.

Осы сарай тұтқынға нық толулы,  
Отырған жан оннан артық болулы.  
Жанды жақын жібермейді тұсына  
Екі солдат күндіз-түні қорулы!..

Етіктерін күзетшілер алмады,  
Жолама деп шошайтты сұқ бармағын.  
Ақырында ақша тосып амалдап,  
Жемге үйреткен жыртқыш андай алдады.

Күлімдеді көп ақшаны көрген соң,  
Түсі өзгерді тегін ақша келген соң.  
Сәлима да қайтты үйіне көңілді,  
Ебін тауып етіктерін берген соң.

Етікті алып енді бұлар киінді,  
Сәлиманың өнеріне сүйінді.  
Қоспан келсе бізді тордан құтқарар,  
Деген үміт көңілдерін үйірді.



Күн де суык, март айының аяғы,  
Қыс ұзады, қардың қалпы баяғы.  
Тұтқындардың көпшілігі етіксіз,  
Көрген халық жаны ашып аяды.

Жауыздарға жұрт жұмыла ашулы,  
Көрсен оларды қаны қайнап тасулы.  
Қатын-бала, қариялар жазықсыз  
Тал паналап жан сауғалап қашулы.

Ақ бандылар сұлуларды іздейді,  
«Мал мен жанның енді иесі біз, дейді.  
Айдаудағың келеді деп күтпендер,  
Келмейді олар, күдерінді үз!» – дейді.

Ат бермесе, сөзсіз атып салады,  
Ат бермесе бір бәлеге қалады.  
Қойша шапқан қасқырлардай жалаңдап,  
Ауыл мүлкін әлсін-әлсін талады!

Қыран бүркіт канат жайып, қалықтап,  
Жоғары өрлеп шықты шырқап, шарықтап.  
Сырымбеттің шыңын тінте қарады  
Айналаны алайын деп анықтап.

Күн астында жалтылдаған жез канат,  
Қаршығаға қанды тұяқ мұз балақ.  
Тымақтары сырғи түсе төбеден  
Келе жатты жолаушылар көз қадап.

Қарай-қарай көздері де талықты  
Қызық көріп аспандағы алыпты.

Бір мезгіл ит дауысы естілді,  
Ауыл жакын алдарында калыпты.

Сәлима жүр құдықтан мал суарып,  
Ақша жүзі ашаң тартқан қуарып.  
Қапар бала Қоспан келсе алдынан  
Арсаландап шығатұғын қуанып...

Бұрынғыдай келіп сәлем бермейді,  
Бәрінің де қабағы аса келмейді.  
Істің сырын білгенінше анықтап,  
Келген мейман үйге бірден енбейді...

Сұрап біліп үйде болған жағдайды,  
Ер Қоспанның зығырданы қайнайды.  
Батырларды тұтқын болған актерға  
Босатпаққа Қоспан қылыш қайрайды.

\*\*\*

Күңгірт тартты түннің кара түнегі,  
Іңірлете аттарына мінеді.  
Бозаттағы дос орысы Наумның  
Үйіне еппен бұлар келіп кіреді.

Наум танып құшақтады Қоспанды,  
Есік шала жабылмастан бос қалды.  
«Үй суыды, есік ашық қалды!» – деп,  
Сөкті әйелі құшақтасқан достарды.

Жауып алып ашық қалған есігін,  
Танып калып сұрады әйел кешірім.

Кішірейіп: «Отырыңыз!» – деді де,  
Алды жолдан баласының бесігін.

Жадырады әйелінің қабағы,  
Дайын болды тез арада тамағы.  
«Ақтар қайда, білесіз бе?» – деп Қоспан  
Наумға ол жылы ұшырай қарады.

«Ақтар қазір көтерулі иығын,  
Жарар еді тапсаңыздар қиығын.  
Ұрынарға кара таппай жүрген жау  
Жарып кетті сиырымның бүйірін».

«Көшеге мал жіберме», – деп бұйырды,  
Жөнге салмақ жайылымдағы сиырды.  
«Құнын сұрап барып едім малымның  
Бастығынан алып қайттым сыйымды.

Талай жауды тосқан кеше жолынан,  
Жойған оның бірнешеуін қолынан  
Ағайынды Иван, Павел Ремезов  
Деген ерлер ерер еді соныңнан».

...Келіп солар Қоспанменен танысты,  
Пікірлері бір-бірімен қабысты.  
Бұдан былай бірге жүріп-тұруға  
Бір-бірімен ант-уәде алысты.

\*\*\*

Шыққан кез ұясынан күн қызарып,  
Сәулесі тарамданып тұрды ұзарып.

Тұтқыннан шыққан тоғыз адамды ертіп,  
Аяндап Наум үйіне кірді барып.

Бір күні Ильичтің хаты келді,  
Айналар істің оңғы сәті келді.  
Көсемнің өнегелі өсиеті  
Шаттыққа бөлеп бүгін жатыр елді.

«Алайық басымызға біздер де ерік,  
Шығындар білек түріп бірге еріп.  
Аяусыз ақ бандыны тойтарайық,  
Еркінсіп көңіліне кірген желік!..

Ақтардың әбден бізге ызасы өтті,  
Жазықсыз жастандырды сыз төсекті.  
Ал, достар, аттанайық! – деді Қоспан, –  
Уақыт аз баяндауға болған кепті!..

Алпысбай, Әлімгерей Сүтемгенов,  
Қосылды олар-дағы бізге келіп.  
Еншілес ел кедейі, тілегі бір  
Жауынгер жігіттер көп жүрген еріп.

Сөзімді бір маңызды бәрің тыңда,  
Түсеміз ертең айкас, анық сынға.  
Арпалыс аяқталмай қылышты біз  
Болмайды отыруға салып кынға...

Шапқыншы келген мана ерте таннан  
Сыздығы Қойлыбайдың кісі салған.  
Ауылға ақтар келіп ат ойнатып,  
Ішіне көк мешіттің кіріп алған».

Деп барлық болған жайды баяндады,  
Кек оты көкірегінде алаулады.  
Қасына жолдастарын ертіп алып,  
Ер Қоспан Есіл бетке аяндады.

\*\*\*

Қызарып күн сәулесі отын жағып,  
Бұралып орман, тоғай шолпы тағып.  
Таң ата түскен тұман тарады да  
Көрінді көк Есілдің шоктығы анық.

Тізіліп терең сайдың ішіменен  
Келді де бір топ ерген кісіменен,  
Паналап бала кайың арасымен  
Танысып жүрді жаудың күшіменен...

Екі адам мұнараға шығып-түсіп,  
Жүргендей түрлері бар іші пысып.  
Қыдырып ауыл үйді кейбіреуі,  
Қызара бөртеп алған қымыз ішіп...

Кеш болды, күн де батты, іңір басты,  
Әр жерде ақ бандылар сыбырласты...  
Баяндап Қоспан дереу уақиғаны,  
Құш сұрап Михаилге хабарласты...

Михаил хабар тие жетті келіп,  
Жетпістей солдатты бар жүрген еріп.  
Ойранды салды бұлар таң біліне  
Жау жатқан көк мешіттің ішіне еніп...

Қар кетіп карауытып жазық дала,  
Күн кызып күртіктерге түсіп жара.  
Ақ теңіз секілденіп жатқан өлке  
Құлазып бола қалды қоңыр ала.

Тағы да Сырымбеттен сыбыс келді,  
Барып тез білу үшін бұл істі енді  
Аттанды Бикан, Қоспан, Рахымжандар,  
Нақай, Павел, Иван мен Нұрыш та ерді.

Көрінбес көзге түртсе тым қараңғы,  
Көретін емес ешкім түнде адамды.  
Қуанып Нұрыш келе жатыр жайнап,  
Бетінен сүйсем-ау деп бір баламды.

Өзінің қорасына байлап атты,  
Қақпаны Нұрыш еппен барып қақты.  
Әйелі Шамшиқамар сасқалақтап,  
Етігін есі шығып әрең тапты...

Мақының шақыртып ап Ідірісін  
«Сен де бір еңіреген ел ұлысың.  
Қалай, дос, баққан малың қоны қазір,  
Ақ банды жайлы өзің айт ендігісін.

Тиді ғой бізге талай қолқабысың,  
Мал бағып аралап сен орман ішін.  
Ақтардың солдаттары бар деп айтад,  
Дәл қазір олар жайлы не білесің?».

«Ақтарың алыс емес, жақын жерде,  
Айуандар тырнақтарын батырды елге.

Күнімен ел ішінде бүлік салып,  
Қайтады сүмектей қып атын терге.

Он бестей болар солдат онда тұрған,  
Қару мол көрінеді колда тұрған.  
Түйедей мойны ұзын бір нәрсе бар,  
Өнеші үңірейіп ол да тұрған.

Толғанды Қоспан, біраз тұнып көзі,  
Бакытты болашақтан үмітті өзі.  
«Жан сақтап жаудан бұғып калған жігіт,  
Ойлашы, – деді тұрып, – жігіт пе өзі?!

Тәуекел сапарына аттанайық,  
Көбейтіп әскер ертіп қаптамайық.  
Жеті адам жетіп болар өзі-дағы,  
Сәті боп алаңсыз жау жатса лайық.

Қарағай ішіменен барса аңдып,  
Күзетші көзін жұмып отыр калғып.  
Сыбысты сезіп қалып жақындаған,  
Қояндай қосына ытып кірді қарғып.

Жайратты жатқан жерде жаудың көбін,  
Құтылды, бірлі-жарым тауып ебін.  
Қарағай қалың болып таба алмады,  
Көрсен де қашқандардың кеткен жөнін.

Атпенен әкете алмай зеңбіректі,  
Бұларға зор қауіпті енді үдетті.  
Қашқандар хабар беріп қалса керек,  
Қалың жау қамап алған төңіректі.

Айкаста Бикан, Павел окка ұшты,  
Оқ бітіп қалғандары қолға түсті.  
Аюдай ақырған жау аясын ба,  
Істеді ойларына келген істі.

Айдады Көкшетаудың қаласына,  
Жан төзбес бойдағы ауыр жарасына.  
Бесеуін қолын байлап, жаяу айдап,  
Үш солдат отырды аттын шанасында.

Үскірік үдей түсті қарды түтіп,  
Бурадай бұркырады, жынын бүркіп.  
Арандай аузын ашып азынады,  
Алғандай жердің жүзін тегіс жұтып.

Арттан жау, алдан қарсы суық ұрып,  
Тұтқындар қалжырады дымы құрып.  
Қорлығы өтсе-дағы, амалы не,  
Келеді сөйлесе алмай іштен тынып.

Саршұнақ аяз тілін жалаңдатып,  
Жел тіреп жүргізбеді табандатып.  
Жеккен ат жедел таяк жесе-дағы,  
Жүрмеді өлетіндей жамандатып.

Күн батты, іңір болды, көз байланды,  
Адасты, таныс емес жер аймағы.  
Ақ боран аласұрып астан-кестен,  
Тасыған теңіздей бір салды ойранды.

Тұтқындар қашып ұзап сала берді,  
Тасалап ұйтқыған қар араға енді.



Айрылып айдап жүрген адамынан,  
Солдаттар санын соғып кала берді.

Бірінің қолын бірі тіспен шешіп,  
Қоспандар қуанысты көңілі өсіп.  
Манағы арсылдаған ақ боранда  
Секілді тербеп тұрған алтын бесік.

Айқайы айдаушының келді зорға,  
Байқауы қалған алыс кейін сонда.  
«Қараңғы көзге түртсе көрінбейді,  
Алайық, – деді, Қоспан – жауды қолға».

Жаулардың халы бар ма жайланғандай,  
Адасып болды өздері айдалғандай.  
Қараңғы, көзге түртсе көрінбейді,  
Тұсалды қол-аяғы байланғандай.

Тұтқындар бәрі батыр келген мықты,  
Жауларды жетіп келіп жерге жықты.  
Жанымен жауыздарды қоштастырып,  
Аттарын бұрып кейін елге шықты.

Ақмола губкомінде еді Лосев,  
Кірді жұрт партияға арыз тосып.  
Айыртау – Саумалкөлден ревком құрды,  
Ортақшыл адамдардың басын қосып.

Бастығы Уәлихан, Нұрыш болды,  
Халыққа бұлар ірі ырыс болды.  
Байларға алым-салық баса салып,  
Кедейге тым қамқоршы туыс болды.

Баскарды болыс Қошан Бәйімбетті  
Әскерге азық-түлік дайын етті.  
Кеудемен көк тіреген бұзықтардың  
Бұрынғы күндері жоқ, жайы кетті.

Шалқарда Молдахмет Тырбиұлы,  
Сайлады болыс етіп халық оны.  
Көмекке үні болыстан барып жатты  
Әскерге азық-түлік, ат пен тоны.

Қызылдар халық қолдап құлпырулы,  
Күн санап ісі алға ұмтылулы.  
Ақтардың аласталып әр ауылдан,  
Аты арып, тоны тозып жыртылулы.

Әскерлер Көкшетауға жүріп кетті,  
Есілге Қоспан қолы барып жетті.  
Бұл кезде ревком маңы қорғансыз қап,  
Жауларға жауыз Лотов мәлім етті.

Жиырмадай жендетімен Коновалов  
Юдинка селосына кірді барып.  
Максаты Лосев Иван табылса үйден,  
Құмардан шықпақ қолын қанға малып.

Бандылар Юдинкеге кабынданды,  
Найза мен айыр балта қарулары.  
Бұл күні жортушының жолы болмай,  
Үйінен Лосев Иван табылмады.

Әйелі Лукерия зәресі ұшып,  
Бауырына жас баласын тұрды қысып.

«Ерінді тауып бер!» – деп едірейді  
Келген жау екілене құты түсіп.

«Еріміз аңшы адам жапан кезген,  
Өмірі жұмысы жоқ басқа сөзбен.  
Аң аулап ала таңнан кеткен еді,  
Әуре боп жүрген болар көрген ізбен».

Қолынан жас баласын жұлып алып,  
Әйелді тепкіледі Коновалов.  
Жауларды жатыркаған жас нәресте  
Шырылдап жылап жатып кетті талып.

Ашынған адам кімнен жасқанады,  
Баласын барып әйел бас салады.  
Жауыздар сокқыға ұрып шешесін де,  
Аязға алып шықты жас баланы.

Су құйып сорлы әйелді жауратты,  
Баласы бауырында мұз боп қатты.  
Азаптап өлтіргенін көріп тұрған  
Халыққа аянышты қатты батты.

Ұрттауға тағы бұлар қызыл қанды  
Іздеді Нұрыш пенен Рахымжанды.  
Қас дұшпан қолдан келсе қанын сорып,  
Құртуға құнығады партизанды.

Жауыздар жүрегіне сұмдық түйген,  
Қаруы қолындағы айыр-сүймен.  
Таң ата тәтті ұйқыда жатқанында  
Нұрыш пен Рахымжанды ұстады үйден.

Жиырмадай іздеп келген жаудың саны,  
Екі адам көпшілікке келе ме әлі.  
Берілмей көпке дейін алысса да,  
Қалжырап қолға түсті, бітіп халы.

Баласын Шамшикамар белге буып,  
Ақ жүзін кара көздің жасы жуып,  
Ерімен еріп бірге кете барды,  
Дұшпанға қаныпезер көнілі суып.

Осылай азғын Лотов лаңдатып  
Жау болды тон жамылған сырандатып:  
«Білдірмей өнерімді асырдым», – деп  
Түлкідей жүр күйрығын бұландатып.

Рахымжан, Шамшикамар, Нұрыштарды  
Юдинка селосына алып барды.  
Қарамай жас баланың көз жасына,  
Қараңғы тас сарайға жауып салды.

Жас бала тыным таппай шырылдады,  
Аш ана уатам деп ыңылдады.  
Кегін бір қас жауынан алғандай-ақ  
Мәз болып Коновалов жымыңдады.

Босат деп жас әйел мен Трембачты  
Халықтан үсті-үстіне арыз түсті.  
Көрейік босатпаса біз мұны деп,  
Кедейлер келді жетіп кілең күшті.

Анығы жұрттан ығып жасканады,  
Арызды босқа аяксыз тастамады.

Егерде екеуін де босатпаса,  
Жасамақ жиылған жұрт масқараны.

Рахымжан, Нұрыштарды жауап алып,  
Азаптап неше түрлі күйге салып,  
«Партизан мүшелерін айтып бер», – деп  
Қысымға алды жауыз Коновалов.

Батырлар «білмеймізбен» құтылады,  
Айтса егер, әрине, одан ұтылады.  
Жөніңді айтпадың деп Коновалов  
Бурадай жынын шашқан бұркырады.

Февраль айы еді ұзақ таңы,  
Мың тоғыз жүз жиырма бір - жылдың саны  
Нұрыш пен Рахымжандай асыл ердің  
Арманда жау қолынан бітті дәмі.

Атты да өз қолымен Коновалов  
Жыртқыштай жалаңдады көзі жанып.  
Жок етіп еңіреген екі ерді,  
Мәз болып масаттанды төсін қағып.

Трембач Қоспандарға кісі салды,  
Ер Қоспан ертіп тобын жетіп барды.  
Алдымен азғын Лотов жайын естіп,  
Тұтқиыл келіп оны тұтқынға алды.

Ақталып азғын Лотов жалынбады,  
Анығы ісі болды мәлім бәрі.  
Тінткенде төсегінің арасынан  
Ақтардан алған хаты табылады.

Жауының келгендігін сезіп қалып,  
Жылыса жөнеледі Коновалов.  
Трембач Қоспандарға еріп шығып,  
Ұстады «народныйды» өзі барып.

Жаулардың көзін жойды қамап алып –  
Біразы қолға түсті жараланып.  
Оқ тиіп омыртқадан омақа асты  
От басып ойнақтаған Коновалов.

Қаскиып екі беттен қаны бөртіп,  
Қасқырдай жүрген жауыз кеше жортып.  
Ойранды осы маңға салған еді,  
Жиырмадай жыртқыштарын соңына ертіп.

Трембач түсі суып жетіп барды,  
Көкіректе ашу қайнап, жалын жанды.  
Жауыздың жүрегіне найза салып,  
Нұрыш пен Рахымжанның кегін алды.

Атылған Нұрыш пенен Рахымжанды  
Алуға Трембач ер алып барды.  
Күйеуін көргенінде Шамшикамар  
Есі ауып ұшып түсіп талып қалды.

Қайғырды, кара шашын жайып салып,  
Неліктен атылды деп айыпталып.  
Жанына жетіп барып жас баласы  
Жылады өз әкесін танып қалып.

Коммунист Лосев келсе үйіне еніп,  
Іс болған үй ішінде күйінерлік.

Шешініп отырады ойға қалып,  
Қайтадан жағдай болды киінерлік.

Папалап ұмтылатын балапаны,  
Жаркылдап шығатұғын сүйген жары,  
Бірі де көрінбеді бұрынғыдай,  
Тып-типыл бола қалған үйдің маңы.

Толғанып төңірекке бір қарады,  
Кеткендей төңкеріліп жер алабы.  
Сезініп бір сұмдықтың болғандығын,  
Жабылды жауар бұлттай ер қабағы.

Жау келіп жез тырнағын батырғанын,  
Нұрыш пен Рахымжанның атылғанын,  
Әйелін, жас баласын жауыздардың  
Су құйып, жауратып қатырғанын

Трембач тегіс айтып баяндады.  
Жок оның сүйгенінен аяр жаны.  
Жарымен жаны сүйген коштасуға  
Молаға қарай асық аяндады.

Күрсініп, жанын умен суарғандай,  
Қайғының тұла бойын буы алғандай,  
Аяғын баса алмады әлі бітіп,  
Талықсып, халы азайып, құлар жандай.

Шығарып жүрегінен жалын лебін,  
Күрсініп көкіректен алып демін,  
Жығылды топырағына төсін төсеп,  
Қош бол деп, жаным, сүйген жарым менің.

Жүрегі аласұрды жанып, күйіп,  
Кете алмай тұрды біраз жарын киып.  
Сәбімен, сүйген жармен кош айтысты  
Қайғырып батыр Лосев, басын иіп.

Алдырды жау Лотовты сарайдағы,  
Жинады село халкын манайдағы.  
Жауызға жұдырықты төндіргелі  
Ұмтылды кіжінісіп талайлары.

Азғынды жұрт алдында тергеп жатты,  
«Дұшпандық ісін мұның көр», – деп жатты.  
Ісімен танысқан жұрт тісін қайрап:  
«Құзғынды қолымызға бер», – деп жатты.

Аякка адамшылық арды басып  
Жүргенде жұрттын қаны тұрды тасып.  
«Жарым мен жас баламның кегі үшін!» – деп  
Мылтықты кеудесіне тіреді ашып.

«Сенімен жан жарымның бітпес құны,  
Сонда да сыбайласың білсін мұны», –  
Деді де жүрегіне таяп тұрып,  
Шанк етті жау төсінде мылтық үні.

Азайып жаудың қару тағынғаны,  
Ауыл бір тыныш тауып дамылдады.  
Қуаныш қойынына сыймай елдің,  
Советтің орнап жатты әділ заңы!



\*\*\*

Жыл жылжып жыл соңынан өте берді,  
Гүл жайнап еңсесі елдің көтерілді.  
Ескерткіш ер мүсіні кезек алып,  
Өшпейтін өңірінде от өрілді!

## АҢШЫЛАР

Ақша қарды көргенде  
Аңшы үйінде жатар ма.  
Аңсаған таң ол кезде  
Оңайлықпен атар ма.

Сарғая күткен таң-дағы  
Сәл ғана сәуле берулі.  
Арканың ерке андары  
Ұйықтаса түске енулі.

Таңнан тұрып киініп,  
Суарып атты үздірдік.  
Ұлпа қарды үйіріп,  
Орманға қарай біз жүрдік.

Күмістей аппақ көлемге  
Қызыға қарап көз тастап,  
Қуаныш кернеп денемде  
Келемін аңды байкастап.

Ақ жамбыны жамылған  
Әлемнің өңі өзгеше.  
Қасқырдың ізі ағылған  
Келе жатты кездесе.

Айылды тартып қамданып,  
Аздап қана бөгелдік.  
Иттерді ұстап қолға алып,  
Ізге түсіп жөнелдік.

Құлшына атым көселіп,  
Жүйіткіте жортып келемін.  
Көңілді шаттық өсіріп,  
Шалкыды тасып өлеңім.

Акындық пенен аңшылық  
Ат үстінде жарысып,  
Жасымнан алған жан сүйіп  
Достарым еді табысып.

Саятшының сонарда  
Болады ірі майданы,  
Жырға косса оларды –  
Акындықтың айғағы.

Бүктеме мылтық қолымда  
Кер бесті жорта желеді.  
Таймасым еріп соңыма,  
Жалтақтап карап келеді.

Орманның іші қаптаған  
Аң біткеннің ордасы.  
Киігі тауды аттаған  
Маралдың сонда жорғасы.

Жайылып арқар-бұғысы  
Орманның оттап ығынан,  
Қасқырдың тынбай дыбысы  
Түнімен шулап ұлыған.

Қырмызы кызыл түлкісі  
Қыз андыған жігіттей,

Қоянның келсе үйқысы  
Тиеді оған бүліктей.

Елігі аңқау, елгезек,  
Едірейіп құлағы.  
Мылтықты тұрсаң сен безеп,  
Танырқай карап тұрады.

Мөлдіреп карап тұрғанда  
Атуға қалай қиясын.  
Оны аяп басқа аңға  
Мылтығынды бұрасың.

Ағашқа Қошан барды да  
Айқай шықты мұңдалап.  
Аңшының көбі алдымда  
Барады аңды қуалап.

Ұмтылып мен де жөнелдім  
Алдына қарай төтелеп.  
Тоспаға барып бөгелдім,  
Итімді ұстап жетелеп.

Басағашқа келгенде  
Барады қасқыр жүйткітіп.  
Көкжалды итім көргенде  
Ұмтылды қарды ұйтқытып.

Көсіліп қасқыр барады,  
«Бөрінің» көлін жағалап.  
Бұрылып алып қарады,  
Бір түп талды паналап.

Таймасым барып жетті де  
Бөгеді тартып балтырдан.  
Кербез келіп ентіге  
Алды азулап алқымнан.

Қарибек карт күрілдеп,  
Жігіттей жайнап жігерлі,  
«Ия, сәт», – деп күлімдеп,  
Насыбай атып жіберді.

Қандай қызық, тамаша  
Итінің қасқыр алғаны.  
Қуандым тұрып балаша  
Екен деп, шіркін, арланы.

Жанына жақын бармадық,  
Иттер ауыздансын деп.  
Аузынан анды алмадық,  
Құмардан шығып қалсын деп.

Қасқырдың халі біткенде  
Ақырға қанын актырып,  
Еркеледі иттер де,  
Иесіне мактанып.

Екінші қасқыр ұзады,  
Барады артқа жалтаптап.  
Аң көрсе кім тұрады,  
Ұмтылдык тағы айтақтап.

Қасқырға жақын қалғанда  
Қалың қарға камалдым,

Ат батып, болдым арманда,  
Құрыды мүлдем амалым.

Оппадан шығып сілкінді,  
Атымның тері төгіліп.  
Сырма жүріп, жел тұрды,  
Қалмады із де көрініп.

Атыма мініп аңқытып,  
Шалқардың шықтым жанына.  
Сусаған қасқыр қар жұтып  
Сұлының түскен жолына.

Сұлыдан шықты шуылдап  
Бір топ жігіт далаңдап.  
Атақты жүйрік бурыл ат  
Жетіп барды жалаңдап.

Үстіне мінген адамы  
Ұруға корқып шегінді.  
Жолдастың жасық жаманы  
Жіберер жауға кегінді.

Біз келгенше жақындап  
Қамысқа қалың жоқ болды.  
Жүректе жалын лапылдап,  
Ішіміз күйіп от болды.

Аңшылар айкай салысып  
Бірінен бірі көрісті.  
Ауыр сөзге барысып  
Өзара біраз керісті.

Көпшілігі көпіріп  
Терісіне симады.  
Айрылғанға өкініп  
Айкайласып тұр бәрі.

Ерегіспен үйіне  
Біраз аңшы оралды.  
Көңілі келмей күйіне  
Қалғаны сүзді орманды.

Орманнан аң табылмай  
Ізедік жазық көлемнен.  
Кетті халық дабырлай  
Қасқырды көріп жөнелген.

Алыстан кашқан арланға  
Аңшылар тағы ұмтылды.  
Қалжырап итгер қалған ба,  
Жүгірісі баяу бір түрлі.

Аты жүйрік астында,  
Жетті Қошан төтемен.  
Салған найза қасқырға  
Бойлады барып жетеден.

Сағадан сынып найзасы,  
Өзіне қасқыр ұмтылды.  
Таусылды карттың айласы,  
Абыржыды бір түрлі.

Өзіне қасқыр атқанда  
Алқымнан алды шошынбай.

Алпыстан жасы асканда  
Қарт көрдім батыр осындай.

Ат үстінен алысқан  
Аңшының ерлік бұл ісі.  
Алқымда колы қарысқан  
Қасқырдың бітті жұмысы.

Алынған қасқыр терісін  
Қанжығаға байлады.  
Қарияның бұл ісі –  
Батылдықтың айғағы.

Ойнақшып тұрған кер бесті  
Байлатып зорға бөгелді.  
Алдымнан самал жел есті,  
Алшаңдап атым жөнелді.

Ентүскеннің ежелден  
Қояны толы қойнында.  
Мылтықшыны безенген  
Тоспаға қатар қойдым да

Келемін солай аяңдап,  
Дыбыстап қоян үркітіп.  
Мылтықшылар қаумалап,  
Серіппені ашып тұр күтіп.

Тоспаны кезбей өздері  
Ажалға қарсы жүгірді.  
Кезектесе көздеді,  
Көсіле көбі жығылды.



Қанжығаны қандасып,  
Қарық болып қалыстық.  
Жасына қарай жолдасып,  
Анды бөліп алыстық.

# ПОЛКОВНИК ҚЫЗЫ

## I

Ақсұр ат алшаң басып Бикан мінген,  
Таласып келе жатты шыққан күнмен.  
Боз торғай сырнайшыдай керіп төсін,  
Тартуда музыкасын түрлі үнмен.

Атының дүбіріне үнін косып,  
Табиғат тұрды алдынан гүлін тосып.  
Екі қыз ерте аттанған жұмысына,  
Өтпеді капитанның жолын кесіп.

Қыздарды көріп Бикан баяулады,  
Ақсұр ат кекіл қағып аяндады.  
Тұр қыздар тінте карап тұлғасына,  
Сөйлесу жігітпенен ой-арманы.

Кездескен қыздың бірі аты Ольга,  
Әдемі аксары қыз сөзге жорға.  
Сымбатты суреттей бір шебер салған,  
Көркемдік, сүйкімділік – бәрі сонда...

Ақсұр ат елегізе, шұлғи тартып,  
Тықыршып тұра алмады, жерді тарпып.  
Екі қыз екеуі де кез болысқан,  
Жігітті көз қырымен тұрды камтып.

Биканды бір көрген жан танығандай,  
Жанары қыз жүрегін жанығандай.

Ольганың өңі тұрды жүз құбылып,  
Жақындап сөйлесуге жаны қалмай.

Бөріктей бұлшық еті білегінде,  
Оты бар жанып тұрған жүрегінде,  
Отырды аттан түсіп, әзілдесіп,  
Төсеген май айының кілемінде.

Көзі өткір, қараторы, түсі суық,  
Жан сырын білмеген жан жүрмес жуық.  
Жас қыздар жасканды ма, жадырамай  
Отырды тастағандай аузын буып.

Кен иық, жазық маңдай, орта бойлы,  
Бастады әңгіме етіп ортақ ойды.  
Батырша батырмақ боп сұрақтарды  
Қыздарды сынамаққа жорта қойды.

Сездіріп асығысын сөзбен епті,  
Күрсініп шығарды да ыстық лепті,  
Қиыспай тұрып біраз, қол алысып,  
Жұмысқа асыққан қыз жүріп кетті.

Қалшиып кара үзгенше тұрды карап,  
Самалы жаздың жайлы шашын тарап.  
Сылаңдап бара жатқан сұлуларға  
Ақсары ат қос құлағын тікті қадап.

Сұлу қыз өрт салғандай өзегіне,  
Кездесті өмірдің зор кезеңіне.  
«Неліктен қыз асығыс кетіп қалды,  
Ұлтымның басқалығын сезеді ме?».

Әлде қыз жұмысына асығыс па?  
Бөгеліп сөйлесуге уақыт қысқа.  
Болмаса қылымсыған қыз мінезге  
Алданып қалдым ба әлде қапылыста?

Дегендей ой түбіне кетті бойлап,  
Лүпілдеп жас жүрегі тулады ойнап.  
Жастықтың жалындаған махаббаты  
Жанына жас жігіттің ерік қоймады.

\*\*\*

«Япырмай, әлгі жігіт сөзін сырлап,  
Бойымда қайнап жатқан сезімді ұрлап,  
Қараған кара кастың қиығымен  
Шакырып тұрғандай бір өзінді ымдап».

Сол замат Ольга терең ойға батты,  
Жасқанып жас жүрегі лүпіл какты.  
Жайымен ұлпа кірпік айкасты да,  
Шам сөніп, қараңғылық перде жапты.

Одан соң талай күндер шұғыла шашты,  
Нұрлы өмір құттықтады екі жасты.  
Биканмен ойнап-күліп сыр алысып,  
Сұлу қыз қала ішінде қадам басты.

Екі жас білісті әбден сырын ашып,  
Жүректің сыр пернесін көрді басып.  
Ернінен бүлдіргеннің суын жұтты,  
Сусыны қанысты еркін мауқын басып.

Сөз түйіп қосылуға келіседі,  
Қолдарын келісімге беріседі.  
Лепірген екі жүрек бірге соғып,  
Махаббат құшағына еніседі.

\*\*\*

Естіртті Ольга жайын үйіне еппен,  
Күн жақын қалғандығын уағада еткен.  
Естіген қыз әкесін ашу қысты,  
Жарадай жарылатын сыртын шертсен.

«Бермеймін кырдың коныр қазағына  
Ол үшін тап болсам да ажалыма.  
Жоғал бар, көзін шыққыр, жіт, көрінбе!  
Әке деп карамадың ажарыма!».

Деді де дәу Петро гүрілдеді,  
Долданып ашу қысып дірілдеді.  
Алайып әйеліне қарады да  
«Шығарма ана қыздың үнін!» – деді.

Қасарып қарт осылай сызданады,  
Ольганың өзегіне мұз қадады.  
Кей қарттан күні бүгін қалмай жүрген  
Ескілік әдетінен із бар әлі.

Анасы Татьяна сөзге жорға,  
Ерін ол сол заматта алды қолға.  
«Шылықтың шырмауына түсемін деп  
Айырып сүйгенінен әуре болма!

Мейлі орыс, мейлі казак, мейлі татар,  
Болсын нак сүйген жігіт өзі ұнатар.  
Қор болса қосыла алмай сүйгеніне,  
Қайғысы іштен шыққан бізге батар».

Әйелі осы сөзді айтты басып,  
Ері оған ерегісіп кетті тасып.  
Токпактай жұдырығып мықтап түйіп  
Оңтайлап орындыққа қойды асып.

Өтті Оля ата-анадан өтіл сұрап,  
Біріне ұнамады, біріне ұнап.  
Әкесі жұдырығын түйсе-дағы  
Қымсынар емес одан қызы бірақ.

Қисайып қыз әкесі көнер емес,  
Құйған сөз құлағына енер емес.  
Алдына сөз асылын тосса-дағы,  
Шырайын жылы ұшырар берер емес.

Тамсанды Татьяна қолын жайып,  
Ерінің ерсілігін етіп айып,  
«Күйеуді көрмей жатып кемсінесің,  
Көрсеңіз Ольгаға сай, ете лайық.

Есіңнен қалмағанмен ескі шылық,  
Күйеуді көрсең кетер ішің жылып.  
Бір сырлы, сегіз қырлы тұратын жан,  
Адамның ішкі сырын оймен біліп».

Бұл сөзі шалды ойға қалдырады,  
Ойланды: мойны төмен салбырады.

Ежелден сөзге епті Татьяна  
Қажытып қарияны талдырады.

Сөзіне ерін енді сендіреді,  
Көңілдің кілтін тауып көндіреді.  
Бұрадай бұркыраған қариядан  
Ашудың бұлты тарап селдіреді.

Алдырып күйеуменен танысады,  
Айтылған сөзге жігіт қабысады.  
Сұрасып аты-жөнін, туған жерін,  
Сөйлесіп, аздап сырын алысады.

Өтеді таныстырып туған елін,  
Арқаның алтын жерін, күміс көлін,  
Әскери қызметке сұранып кеп  
Штабта қызмет етіп жүрген жерін.

Қуанып Бикан барып берді қолын,  
«Мейірімін түсті, ата, болды жолым.  
Көріспей келісімді бермедіңіз,  
Табиғи екенін мен білем оның».

Жайдары жылы жүзбен күле қарап,  
Салалы саусағымен шашын тарап,  
«Ақтаймыз ақ сүтінді, анажаным,  
Еңбегін, – деді, – өмірлік есте қалад».

Ольга да көңілі шат, өңі ашық,  
Тұрғандай тұла бойда тасқын тасып.  
Ата мен анасынан рұқсат алып,  
Қуанып шықты екеуі қолтықтасып.

Штабка қайта әкелді болған істі,  
Үйлену тойы болмақ енді күшті.  
Қазаққа ғашық болған орыс қызын  
Көруге жолдастары асығысты.

Айдынның аккумуляндай кірсіз мамық,  
Ақ тамақ сұлу қызды келді алып.  
Әскери басшылары «құтты болсын»  
Айтулы кіріп барып топты жарып.

Тойда жан толқынады сен секілді,  
Шарабы жатқан шығып кен секілді.  
Шешендер суырылып сөйлегенде  
Әркімге өзінікі жөн секілді.

Жиналды жұрт та тегіс жапырласып,  
Қызғандар өзін әрең отыр басып.  
Қызықтап Ольга, Бикан қуанышын,  
Сол жерде қол алысты талай ғашық.

## II

Түн қандай тымық жазғы даладағы,  
Үн қандай ауыл менен қаладағы.  
Төсіне ай, жұлдыздан алқа тағып,  
Көркейе түсіпті аспан карамағы.

Жайымен жадырады дала таңы,  
Жайылды бүкіл әлем алақаны.  
Самалы сары таңның сүйіп бетті,  
Бірде өріп, бірде шашты таратады.



Сәулесі шыққан күннің суды сүйіп,  
Әлемге тастағандай алтын үйіп,  
Сұлудың шолпысындай сылдырайды  
Қоғажай құс қанаты кетсе тиіп.

Қызықтап тұрдым карап дала таңын,  
Қызарып күн шұғыласын шашты жалын.  
Қаз, үйрек қатар жүзіп суды сызып,  
Жөңкіле жүзді ертіп балапанын.

Қарсы алып, шығарысып салып бәрі,  
Әбігер неге мұнша халықтары.  
Қай поезд қай мезгілде жүретінін  
Сұрасып қайта-қайта анықтады.

Саны жоқ сапырылысып жатыр халық,  
Бірі отыр, бірі билет сатып алып.  
Біреулер орындықты босатпайды,  
Қорылдап, бүктетіліп жатып алып.

Жүзінде қуаныштың нұры ойнап,  
Жүргендей мерекелі күнді тойлап,  
Аяндап арасына қалың жұрттын  
Чемодан көтерген қыз кірді бойлап.

Майысқан май айында балдырғандай,  
Көркіне көңіл мейір қандырғандай.  
Жарк етсе жан сезімін мүлдем билеп,  
Жүрегін жас жігіттің жандырғандай.

Ажары күлімдеген нұрлы аспандай,  
Жанары жан дүниеге гүл шашқандай.

Сөйлесе сыбызғыдай сүйкімді үні,  
Көкіректің күн пернесін дәл баскандай.

Салмақты тілі майда, ісі жатық,  
Жеңілтек жат мінезбен кетпесе артық.  
Аз сөйлесіп, көп тыңдайды ару Ләйлә,  
Шығармай жатқан сырды сыртқа тартып.

Отырды орындықта ойға батып,  
Бір сүнгіп, тұңғыыққа бірде батып.  
Мөлдір жас кірпігіне төгіледі,  
Не киял мазалайды қызды шарпып?

Әлде ол махаббаттың ұшқыны ма?  
Сүйгені алдап көңіл толқыды ма?  
Жан тартып жақындаған эзезілді  
Дос керіп маңдайына жуытты ма?

Білдірмей бір адамға тұйық жатқан  
Сол бір сыр бізді-дағы таныркатқан.  
Әлде ол өткен соғыс зардабы ма,  
Жадына жас арудың мұз боп катқан.

Қарасам қадағалап көзім салып,  
Жүзі өте жылы ұшырап барады анық.  
Жаутаңдап кара көзі қарай берді,  
О-дағы отырғандай мені танып.

Ұнатпай қала ма деп қала қызы,  
Бастауға табылмады сөздің ізі.  
Ажары тікшіл мінез секілді емес,  
Ажарқын адамға ұксас, жарқын жүзді.

Жанына жақын келіп сәл иілдім,  
Сөз бастау қиын болып көлемді үнім.  
Сактанып сыры мәлім емес қызға,  
Аншыдай андып басып сөзге тидім.

«Шырағым, шырайыңыз таныс жандай,  
Отырдым әдеп сақтап сұрай алмай.  
Бірліктің «4 ауылы» деп сұрадыңыз,  
Танысың ол ауылда еді қандай?»

Сол Бірлік бұрыс емес менің жолым,  
Бар еді машинама бірер орын».  
Дегенде қуанып қыз сәл жақындап,  
Жадырап жылы үшырап өзгертті өнін.

Көк «Волга» көсілулі жолды ұтып,  
Келеді тасты мытып, шанды түтіп.  
Педальды басқан сайын қытығына  
Тигендей ыршып түсті, ілгері ытып.

Келеміз Есіл бойын төрлей өрлеп,  
Көк толқын ақ көбігін көкке сермеп.  
Бейне бір туған елдің бесігіндей,  
Жүйіткіді бізді «Волга» баппен тербеп.

Кейінге бір бұрылып карадым да,  
«Қарағым, бар ма сөзім хабарыңда», –  
Дегенде сәл қозғалды орнынан,  
Жадырап күн қонғандай қабағына.

«Аға, сіз жөн сұрайсыз сөзге тиіп,  
Сырымды ағытайын жатқан тұйық.

Кешегі өткен соғыс өрті шарпып,  
Адасқан үйірінен мен бір киік.

Тұрағым Житомирдің қаласында,  
Туысым Қазақстан даласында.  
Анамның айтуынша, аққан Есіл  
Өзені сол жақ беткей жағасында.

Отырсам үзілісте газет алып,  
Қарасам қадағалап көзім салып.  
Әнуарбек Дүйсенбиев деген атты  
Кенеттен қуандым мен көре қалып.

Бұл адам болып шығар Дүйсенбаев,  
Қатадан Дүйсенбиев деуі лайық.  
Деп ойлап қуанышта шек болмайды,  
Тұрғандай туыстарым құшак жайып.

«Пионер правдасын» колмен қысып,  
Отырдым уақиғаны оймен пішіп.  
Анығы кім екенін білгенімше  
Қиялым әр тарапқа шарлады ұшып.

Туыстың көрінгендей бір қарасы,  
Болар деп бұл қуаныш бастамасы,  
Хат жаздым Дүйсенбиев Әнуарбекке,  
Адресі – Қазақстан астанасы.

Жасымда жетім қалып көңілім жарым,  
Жан едім ішім түтін, сыртым жалын.  
Әкемнің аты Бикан Дүйсенбаев  
Соғыста Отан үшін берген жанын.

Әкемнің көзі кара есімдегім,  
Шешемнің айтуынша, Есілде елім.  
Олардың адресін білмегенмен  
Іздеумен табам деген шешімде едім.

Шешеміз украин қызы екен,  
Әкеміз батыр казак ұлы екен.  
Ертеде екеуі елге барғанында  
Қолына ұстап барған гүлі екен.

Сол елдің адресі сақталмаған,  
Жадына жан адамның жатталмаған.  
Фашистен қорқамыз деп бәрін құрттық,  
Қоймады жерімізді ақтармаған.

Келемін папашымның өз еліне,  
Атақты Есіл атты өзеніне.  
Әкемнің туған жерін көргенімше  
Сағыныш оты ербіді өзегіме.

Қызықты көк Есілдей көркем жерін  
Қызыма көрсет деген әкем менің.  
Ерекше ескеруші ед дейді мамам,  
Майда ескен Сарыарқаның самал лебін.

Киевте туып-өскен менің мамам.  
Айырып жау қолынан алған аман.  
Папамның туған жері Шалқар көлі,  
Болмасын қалай ыстық енді маған.

Соғыста сорлы болған екі жетім,  
Қоршауда қалып көрдік зорлық өкім.

Фашистер тінтіп талай таба алмады  
Әкемнің осы жансыз суретін.

Қапыда түсіп жаудың құрығына,  
Шыдадық не хайуандық кылығына.  
Бәйгеге басын тігіп бермей мамам,  
Сақтады бұл суретті бұрымына.

Таныр деп туыс болса сөзсіз анық,  
Отырмын суретті хатқа салып.  
Құмарын бір тарқатып, қысып төске,  
Сүйсін деп емін-еркін мейірі қанып.

Өзіме қайтаруды өтінемін,  
Кірлетіп түсірмеңіз шетіне мін.  
Қайғырып отырғанда көрсем мұны,  
Әкемді көргендей бір бекінемін.

Туысым болмағанмен Дүйсенбиев,  
Жәрдемі отыр, міне, маған тиіп.  
Келемін шаттық шалқып, көңілім тасып,  
Қуаныш құшағына зорға сиып.

Газетке хатымды алып жария еткен,  
Сол газет туысыма барып жеткен.  
Інісі әкеміздің Кәрім ағай  
Хат жазып келуімді талап еткен.

Келемін папашымның елін іздеп,  
Ойнаған бала күнде жерін іздеп», –  
Дегенде кара көзі төңкеріліп,  
Мөлдір жас кірпігінде тұрды тізбек.

«Қызыма көрсет менің өз елімді,  
Атақты Есіл атты өзенімді»  
Деген бір әке сөзі орындалмай,  
От болып жүруші еді өзегімде».

Деп анам отырады сырын шертіп,  
Жыласа әкетеді мені ертіп.  
Қайғының қалың бұлтын таркатушы ек  
Сырнайдың күйіменен сыртқа серпіп.

Әкеміз ән мен күйге шебер екен,  
Тал бойы толып тұрған өнер екен.  
Қазақтың қадірлі әнін күй сандықпен  
Үйретіп мамашыма береді екен.

Қазақша мені шешем ән мен күйге,  
Үйретті украинша түрлі биге.  
Папамның әнін айтып, күйін басып,  
Шешеміз таркатушы ед шерін үйде.

Қазақтың онкүндікте басқан әнін  
Қызыға күттік талай бастағанын.  
Тыңдадық тігіп құлақ бірнеше рет  
Торабын ашып қойып Астананың».

...Келеді тамылжытып тілдің майын,  
Жүрекке жылы тиіп айтқан сайын.  
Сағынып жерін іздеп келе жатқан  
Тыңдадым құмарлана қыздың жайын.

«Папашым туған жерге не жетеді,  
Кешегі өскен ойнап кең мекені.

Бір адам Қазақстан деп мактаса,  
Жүректі зор қуаныш тербетеді.

Қуанам Қазақстан табысына,  
Мол өнім тың төсінен алысына.  
Мал өсіп, еңбек асып, сүті тасып,  
Әлемге аты шыққан табысына.

Мақтаныш елім-дағы, кенім-дағы,  
Еңбекпен алған ірі өнім-дағы.  
Кейбіреу кемшілігін кеңес етсе,  
Тиеді намысыма менің-дағы».

Көңілім кеңесіне берілуде,  
Қыз сөзі қайнап тасып төгілуде.  
«Бірлік» ауылының тебесі де  
Жақын тұр белден асса көрінуге.

Қаз кеуде, аққу үнді «Волгаменен»  
Жүйіткіп әлі ұзақ жолда келем.  
Қалыппын мүлдем мүлгіп қыз сөзіне,  
Тарады ұйып қалған зорға денем.

\*\*\*

...Керілген кеудесі ырыс кең даланы  
Қызықтап терезеден қыз қарады.  
«Ауылдың төбесі эне!» – дегенімде  
Қуанып ажарынан нұр тарады.

Ызғындай Есілдегі ел егін еккен,  
Жасаудай құлпырулы жасыл көктем.



Трактор тың төсінде есебі жоқ,  
Жайылған жылқыдай боп өріп кеткен.

Жүйіткітіп жетіп, міне, келдік, «Бірлік»,  
Көшеге баяулата ендік жылжып.  
Кәрімнің төңірегі толған халық  
Тұрғанын қызды күтіп енді білдік.

Өзгеден бұрынырақ есік ашып,  
Түсті қыз қуанышты көңілі тасып.  
Құлашын жайып келіп құлынымдап  
Балқыды Кәрім қызын төске басып.

Бетінен мейірлене сүйіп Кәрім,  
«Бауырым, балапаным, – деді, – жаным!».  
Көл болып ақтарылған ыстық жасы  
Ерітті қорғасындай жұрттың жайын.

Қосыла қариялар жылап жатты,  
Ықыласы бәрінің де құлап жатты.  
Халықтың қызға деген мейірімі  
Жүрекке жылы тиіп ұнап жатты.

Кернеді кең көшені келген халық,  
Жоктасты, ер Биканды есіне алып.  
«Ажары әкесінен айнымайды», –  
Деседі жиылған жұрт көзін салып.

Болған соң қызықпенен амандасып  
Аяндап кірдік үйге, қадам басып.  
Ләйләні босаттырды жеңгелері,  
Кәрімнің құшағынан әрең ашып.

\*\*\*

...Ләйлә айтты өткен ісін басындағы,  
Бейнетін көрген кеше жасындағы.  
Оқытып Ұлы Отаны көзін ашқан,  
Бұл күнде бақытты қыз асыл жаны.

Сауырын Сарықамыстың сауық кернеп,  
Әсем ән бірде өрлеп, бірде көлбеп.  
Шарықтап шаттық жыры – бұлтқа бойлап,  
Келтірді көңіл күйін самал тербеп.

Әншілер терге балкып ашылды әні,  
Қызды ойын, ұзақ күнге басылмады.  
Ләйләнің өміріне ой жүгіртсек,  
Талайдың тау бұзғандай тасыр қаны.

Бізбенен серуенге шығып Ләйлә,  
Жүзіне зор қуаныш болып пайда,  
Төңкере теңірекке көз жіберіп,  
«Папашым жүрген жері, – деді, – қайда?».

Көрікті көк Есілдің белестері,  
Көркіне бар ма жердің теңескені?  
Қызғалдақ, сарғалдағы Сарықамыстың  
Жел желпіп, жібектей боп елестеді.

Табиғат тамылжыды көзді тартып,  
Қойнынан хош иісі тұрды аңқып.  
Қыр құсы су құсымен үнін қосып,  
Шарықтап шаттық әні шықты шалқып.

Жазғы күн жайлы аспаннан төгіп нұрын,  
Құлпыртты ерке Есілдің қызыл гүлін.  
Жаны бір жадырады көңілі шалқып,  
Жерінде әкесінің Ләйлә бүгін.

Өр толқын өршелене аспанға атты,  
Қызыл құм қағып алып жұтып жатты.  
Қаз, үйрек сырнайшыдай керіп төсін,  
Шығарды шабыттана үнін бапты.

Құба тал иыққа әкеп иіп басын,  
Таранды сұлулардай сілкіп шашын.  
Балығы тайдай тулап, қойдай өріп,  
Ойнады тұмсығымен түртіп тасын.

Арканың ақырындап самалы есіп,  
Қыз көңілі қуанышты келеді өсіп.  
Жүрегін жылы леппен тербетулі  
Әкесі туған жері – алтын бесік.

Көрген соң көк Есілді жатқан шалқып,  
Папасын көргендей қыз кетті балқып.  
Құлашын жайып күнге төсін тосты,  
Алғандай атырапты тегіс қамтып.

«Уа, шіркін, папашымның елін көрдім,  
Құлпырған бетегелі белін көрдім.  
Балбырап балаусасы пісіп тұрған  
Сүймелі Сарықамыстай жерін көрдім.

Әкемнің ізі бар ма құмда басқан,  
Көп жүрген Есілі еді бала жастан.

Жағалап қармақ салған жері қайсы,  
Жапырып қамыстарын алдын ашқан?

Аң аулап, ит жүгірткен жері қайда,  
Тығылған түлкілер терең сайға.  
«Папашың сағынушы ед», – дейді мамам  
Самал жел Сарыарканың лебін майда.

Көрсеткін қозы баққан «Тереңсайын»,  
Қай жерде отырушы еді папатайым?  
Отырған орнына төсім төсеп,  
Жүректің жалынын бір таратайын».

Сәл қозғап қауырсындай кара қасын,  
Бір түзеп бармағымен бұйра шашын,  
Қыналған қыпша белін қайыстырып,  
Тас алды құм бетінен иіп басын.

«Көруге осы жер мен осы тасты  
Келуге аңсағалы жылдар асты.  
Әкемнің бала күнде терген тасы  
Алтыннан несі кем?» – деп төске басты.

Қайғылы қыздың сөзін сезінгендей  
Мөлдір жас мөлтілдеді өзімнен де.  
Азынап асау толқын баздай ағып,  
Ұксады ботасы өлген боз інгенге.

Жүрсек те саяхатта ұзақ күнге,  
Қыз сөзі саркылатын емес мүлде.  
Бір кезде бұлт сезіліп қабағынан,  
Бір кезде үйлеседі жазғы күнге.

Төсінде Сарықамыстың самсаған жан,  
Шөпшілер шырқай салып басады ән.  
Жастарға жақынырақ келген кезде  
Сездірмей сұлу Ләйлә түзеді сән.

Жалт қарап жастар бізге көзін салды,  
Қол беріп қошеметтеп ортаға алды.  
Көрген соң бауырмалдық мейірімді  
Ләйләнің жүрегі ойнап, от боп жанды.

Сұрасып бірін бірі білісімен  
Бірдей боп туған аға, інісімен,  
Батыстан келген жастар таныстырды  
Өзінің еңбектегі ұлы ісімен.

Құлпыра түсті бүтін қыздың түрі,  
Бейне бір май айының қызыл гүлі.  
Жастардың ажарының айнасынан  
Сезілді бауырмалдық істің сыры.

Сөйлесіп сыбыр-сыбыр шеттерінен,  
Лыпылдап ыстық қаны беттерінен,  
Ләйләні босататын түрлері жоқ,  
Тықыршып тұрсам-дағы кеткелі мен.

Кірген қыз ел жасының арасына  
Көз тастап бір-біріне карасуда.  
Сыйласып серуенге алып шыққан  
Есінен шығып кетті ағасы да.

«Ескеріп жатқаннан соң жастар елеп,  
Құрметтің құшағына алып бөлеп.  
Кете алмай азырақ тұрып қалдым,  
Кешіріңіз күттіргенге сізді бөгеп».

Деді де аяндады әсем басып,  
Жүрісі бұрынғыдан ілкім асық.  
Ажары жадырап бір жайнай түсіп,  
Келеді жүзі жарқын, көңілі тасып...

Аттанды ай жатты да Житомирге,  
Біржола келмек болып бұл өңірге.  
Елінің ықыласын еске сақтап,  
Ұмытар емес, сірә, қыз өмірде.

«Ардақты аға, сізге қояр тілек,  
Келіңіз, бірге келсін жеңгем Жібек.  
Сіздерді көріп еркін мауқын бассын  
Мамашым, қайғыменен жүрген жүдеп.

Сөзімді сыйлап ағай келер деймін,  
Өзімді жас болсам да елер деймін.  
Туысым келгенінше тыным таппай  
Тырс етсе тереземіз елеңдеймін».

Көрікті, көңілді Есіл салтанатты  
Көркіне келген жанды бір қаратты.  
Келем деп Ләйлә елімен кош айтысты  
Күмәнсіз орындауы ол талапты.

### III

Суық жел салқындатты күздің таңын,  
Таң атып, күн шұғыласы жақты шамын.  
Ығына жиды жұртты қалың орман,  
Бауырына басқан қаздай балапанын.

Жел желпіп, жерде өсімдік шашын сілкіп,  
Жатқандай жасыл орман қойын қыркып.  
Сырғытып сарғылт тартқан жапырағын,  
Аң қайың түсірулі жерге бүркіп.

Келеді Кәрім, Жібек Ләйләсына,  
Көз салып табиғаттың айнасына.  
Кей кезде күркіреп күн жаркылдайды,  
Ақ семсер соғылғандай жай тасына.

Тықыршып тоназыған тұрды жиын,  
Жымдаса бір-біріне тіреп иін.  
Ләйләнің туыстарын тосулы олар,  
Қарсы алып көрсеткелі құрмет-сыйын.

Кешікпей күткен мейман келіп түсті,  
Жеңгесі қызыменен құстай ұшты.  
Бауыры Биканымның деп анырап,  
Кәрімді Ольга құшып, төске қысты.

Құшағы көпке дейін ашылмады,  
Лепіре соккан жүрек басылмады.  
Елестеп көз алдынан өтіп жатты  
Елдегі болған күндер жасындағы.

Мұнды жан қайғыменен жүрген жасып,  
Кеткендей көкірегінде өзен тасып.  
Жарасын жүрегiнiң емдегендей,  
Кәрімді қысты Ольга төске басып.

Көз тартқан көк Есiлдiң белестерi  
Көңiлiне қайта бүгiн елестедi.  
Өтсе де ширек ғасыр содан берi,  
Есiнде ер Биканның кеңестерi.

Есiне ендi түсiп егiледi,  
Сортаң жас сырғып жерге төгiледi.  
Бiр кезде бiлдiрмеген болады да,  
Жаралы жанын iштен кемiредi.

Кәрімдi қайта-қайта сүйдi қатты,  
Күрсiндi, жанарынан жалын атты.  
Ольганың өзегiнiң ыстық лебi  
Жұрттың зор жүрегiнiң отын жақты.

Биканның айтқан сөзi әлi есте,  
Ақыры Днепрден өтер кеште.  
«Ләйләні туысымен таныстыр», – деп,  
Құшақтап қайта-қайта қысты төске.

«Әкеден қалды Ләйлә төрт жасында,  
Аз емес көрген бейнет бiр басында.  
Қоршауда жау қолында болған күндер  
Пара-пар бұлт жамылған бiр ғасырға.

«Қасармай жөнiндi айт, әкең қайда?  
Қай жақтан сен, қара көз, болдың пайда?»



Айтпасаң – ажалын», – деп жас ботама  
Фашистер сан ұмтылды алып найза.

Ерін кім, жөніңді айт деп күнде үнемі,  
Таяқтап тал бойымды тілгіледі.  
Қамауда суық үйде бір ай жатып,  
Ісініп кол-аяғым күлдіреді.

Өмірден көңіліміз күдер үзді,  
Жүрекке басты сұмдар суық мұзды.  
Сол кезде армиямыз келіп қалып,  
Босатты бөрі аузына түскен бізді.

Салмақты, кішіпейіл, ісі жатық  
Кәрімге қарады Ольга, іші ұнатып.  
Ерінің келіп елден туыстары  
Жарқылдап қуанышка жүрді батып.

Қасына отырғызып Ләйләжанын,  
Танысты құдалармен Жібек, Кәрім.  
Сөз етті бірде жылап, бірде күліп,  
Қалайша табыс болып жатқан мәнін.

Биканның қайын енесі Татьяна  
Кірді үйге таяғымен жер таяна.  
Астымен алақанның бір сығалап,  
«Құдажан отыр, – деді, – қай арада».

Құрметпен Кәрім қолын берді барып,  
Бәйбіше балкымасын енді нағып.  
Жылады ағыл-тегіл ақтарылып,  
Құдасын құшағына қысып алып.

«Мама» деп кіргенде үйге маң-маң басып,  
Қуанып қалушы едім, көңілім тасып.  
Сағынып саңқылдаған сол дауысын,  
Амал не, аңсап, міне, жүрмін жасып», –

Деді де қысты төске жақын тартып,  
Сырғытып сортан жасын төкті сарқып.  
Келбетің келіп тұр деп Биканыма,  
Еріткен қорғасындай кетті балқып.

Сөздері мейірімді жылы тиіп,  
Өздері жүгірісті жаны күйіп.  
Құрметтеп құдалары қарсы алып,  
Тамақтың түр-түрінен тастады үйіп.

Құдалар, құдағилар дөңгеленді,  
Қуаныш бұған қалай тең келеді!  
Сырнайдың сұңқылдаған ырғағымен  
Тізіліп қыз-бозбала тербеледі.

Қөңілді той үстінде Кәрім – Жібек,  
Күн сайын шаттық шалқып, ойын үдеп.  
Қазақтар украиналық туысында,  
Жарасып жатты осылай жарқын тілек.

## ТАУБАЙ

Күлімдеп күннің көзі жайлы тиіп,  
Жадырап жан-жануар жаны сүйіп.  
Тамылжып тұрған бір күн таңғажайып,  
Талаурап табиғаттың төсі иіп.

Көсіліп ақ көрпесін сілкіп салып,  
Керіліп кербез дала тыныс алып,  
Ақша қар аунап түсіп ақтарылды,  
Сұлудың шолпысындай сылдыр қағып.

Көшулі жаздың бұлты тұманданып,  
Есілдің ақты өзені бұлан қағып,  
Жас бала жанарынан жас мөлтілдеп,  
Түнерді тұңғиыққа көзін салып.

Толкынды толқын теуіп ытқып атып,  
Бурадай түсі суық бұрқыратып.  
Жөңкіліп көшкен елдей көк Есілден,  
Не күтті шерлі жетім көзін сатып?

Тамшылап қара көзден жас тамады,  
Не сыр бар, кім біледі жас баланы.  
Әкесі шыға ма деп үмітті ме,  
Ойлай ма толқын әкеп тастар әлі.

Қалың ой алған қамап құрған аудай,  
Көкірегін басқан қайғы болып таудай.  
Жетімдік жүрегінде жара салған,  
Жас бала шерлі болған аты – Таубай.

Алтыда анасы өліп жетім қалып,  
Әкесі суға кеткен ағын алып.  
Айрылып әкесінен, шешесінен,  
Бақытсыз бала еді бұл бір ғарып.

Қолына әр адамның кірді барып,  
Ішпейді тойып тамақ қарны жарып.  
Бұл жайды нағашысы Жүсіп естіп,  
Баланы іздеп келіп, кетті алып.

Шектінің шек шығары болып Қасым,  
Байлығы баскалардан еді басым.  
Қорыққанан қолтығына еніп еді,  
Қоятын Қасым десе ішкен асын.

Таубайды тәуелді етіп алайын деп,  
Соңына қой-қозының салайын деп,  
Шақыртып алды Қасым Жүсіп қартты,  
Бермесе күш сынасып қарайын деп.

Беруге кимай мүлдем толғанады,  
Бермесе атар таң жоқ ол баланы.  
Араға отырғандар ақыл айтып,  
Жүсіпті қосарланып қолға алады.

Бермесе бар бәлені төндіреді,  
Түтінін біржолата сөндіреді.  
Баланы бергісі оның келмегенмен,  
Еріксіз дегеніне көндіреді...

Көк Есіл көк теңіздей ақты шалқып,  
Табиғат тамылжыды бапты балқып.

Жадырап жан-жануар төсін керіп,  
Жаздың бір ишараты жатты аңқып.

Алты ай қыс қамауда әбден тұрған жасып,  
Жөнелді мал өріске маң-маң басып.  
Керіліп кербез дала төсін ашты,  
Қызғалдақ, сарғалдақтар гүлін шашып.

Қолына он жасында алып таяқ,  
Қой бакты жетім Таубай жалаңаяқ.  
Бейнетке белшесінен батса-дағы,  
Жаны ашып жүрген бай жоқ баланы аяп.

Тасбауыр бай не қылсын ұят-арды,  
Таяқтап талай рет басын жарды.  
Малыңа ерте таңнан бармайсың деп,  
Шыңғыртып шырт ұйқыда шыбық салды.

Құл болып қорлығында жүрді бала,  
Жұмсады қойдан келсе суға жана.  
От жағып, құртын-дағы қайнаттырды  
Қасымның жас тоқалы аю Сара...

Жел тұрып, кара жаңбыр сабалады,  
Қалын бұлт қоршап тегіс камалады.  
Суытып солтүстіктен соққан дауыл  
Арсылдап бет қаратпай абалады.

Қойлары бүрсең қағып кетті ықтап,  
Баланы қайраты жоқ қарсы шықпақ.  
Қағыр тон, қатқан шалбар суға балқып,  
Басылды аяғына жүрсе мықтап.

Жаурап өліп қойлар жығылулы,  
Ашығып белі мықтап бүгілулі,  
Су өтіп, халы азайып қалған бала  
Паналап қой ішіне тығылулы.

Ауған соң түн ортасы күн де ашылды,  
Толастап бірте-бірте жел басылды.  
Екі күн, екі түнде көрген бейнет  
Басынан өткізгендей бір ғасырды.

Қасымның балалары мініп атқа,  
Қой іздеп шапқыласты тұс-тұс жакқа.  
Жаурап өлген қойды көрген олар  
Таубайды салды ұрып сол азапқа.

Жендеттер жетімді тым басынулы,  
Аш бала таяқ өтіп ашынулы.  
Жаурап, әлі азайып қалған қойшы  
Ауылға жетуге тым асығулы.

Бұркырап карт бурадай шықты Қасым,  
Айрылдың қойымнан деп ұйықтаған соң.  
Амалы бар ма істерлік жас баланың,  
Жауыннан жаурап қойы ықтаған соң.

Баланың сөзіне бай карамады,  
Аямай ұстап алып сабалады.  
Көпіріп ашу кернеп кеткен жауыз  
Көгертіп тұла бойын жаралады...

Қорлыққа сан осындай шыдап болды,  
Ер жетті, он тоғызға жасы толды.

Жетім деп талай рет желкелеген,  
Тиюге байлар оған батпады енді.

Бөріктей бұлшық еті білекте ойнап,  
Ақ көңіл жаркын жігіт өсті бойлап.  
Әдемі қою кара қасы иілген,  
Келбетін көрген жанның көңілі тоймақ.

Қыр мұрын, ақсұр жігіт, жазық маңдай,  
Жарқырап жанары өткір жанған шамдай.  
Түнерсе түн сезіліп, қабағынан  
Жандырса жаздың жайлы таңы атқандай.

Бес ауыл Ақбасты көл бойын жайлап,  
Отырды ел жайлауда бие байлап.  
Кеш болса бозбалалар күрес салып,  
Қыздары алтыбақан тебеді ойнап.

Шалқак төс, Таубай ірі, зор иықты.  
Күреске кезегімен келіп шықты.  
Сірескен бай мырзаның балаларын  
Жусатып бірінен соң бірін жықты.

Қасымның кіші ұлының қолы сынды.  
Бұған да тағы Таубай болды мінді.  
Намысқа қызып байлар қуып шықпақ  
Болды да бірыңғай боп қосты үнді.

Баласы жүрегіне басып уды,  
Қасымды қалшылдатып ашу буды.  
«Қастықпен әдейі қолын сындырдың», - деп,  
Ашумен аю Сара үйден қуды...

Таубайды нағашысы құп алады,  
Сағынған жүрегі бір жұбанады.  
Күресіп бай баласын жусатқанға  
Жүсіптің жүрегі зор қуанады.

Жиенге берді Жүсіп бір құнанды,  
Мүшесі, жүрісі де өте ұнамды.  
Баланы бауырына тартқандығы,  
Ырза етті бұл жұмысы бүкіл маңды.

Сол жирен асқан сұлы құнан болды,  
Мүшесі түгел келген ұнамды, оңды.  
Шыққанда Таубай мініп құнанына,  
Қаратты сан кара көз, бұран белді.

Алка бел, аю кабак, бота мойын,  
Шөгендей төрт тұяғы құйған шойын.  
Құс кеуде, інген ерін, түлкі азу,  
Бөкен бел, қасқыр тірсек, бура койын.

Ерігіп, көкке атылып салып ойын,  
Керіліп күнге қарап салып ойын.  
Жаратып жүрді Таубай бабында ұстап,  
Бір байдың келін түсер күтіп тойын.

Той болды, қосылды өрен алпыс құнан,  
Сал жирен кетті бірге басып бұлан.  
Жалшының жалғыз тайы деп күлсе де,  
Ер Таубай ерегісіп етті шыдам.

Жұлдыздай ағып жирен жеке келді,  
Көсіліп көп алдынан өте берді.



Екпіні ел көшіріп тау жыққандай,  
Тербетті төрт тұяғы кара жерді.

Ұнатпай Қасым оған сызданады,  
Таубайға тәуір атты қызғанады.  
Жалшының жалғыз аты озғандығы  
Жауыздың жүрегіне мұз қадады.

Кеш болды, келін тойы қыза түсті,  
Болса да бұған деген ыза күшті,  
Жылқысын жая салып бір тоғайға,  
Ер Таубай думанды үйге келіп түсті.

Жағасын жыртық тонның бірер қағып,  
Отырмақ еді төрге бойлап барып.  
Тыржиды бай мырзаның балалары,  
Ұнатпай, жүр дегендей мынау нағып.

Жағалай кезектесіп жілік ұрып  
Жатысты сындыра алмай, дымы құрып.  
«Бір қойып екі бөліп тастамайтын  
Несі бар, – деді Таубай, – мұны тұрып».

Ұнатпай одырайып қарады да:  
«Қайратын қатқан тонның кара мына.  
Көрейік күшін мұнын», – деп кекетіп,  
Сынамақ арасына алады да.

Қолына орамал да орамады  
(Жұрт оны бір есер деп жобалады).  
Торсық бас тоқпақ жілік бір қойғанда  
Бөлініп екі жаққа домалады.

Өлең де өз жөнімен келе жатты,  
Өктемдеу даяғашы алды қатты.  
Ширатып өріп алған орамалмен  
Айтпаса алақанға ұрып жатты.

Таубайға төніп келіп даяғашы,  
Батырды шымбайына тілін ащы.  
«Жілікті сындырымпаз қатқан тоным,  
Қанекей», – деді тұрып, – әнге басшы».

Қалкытты аспанға әнін сұңқылдатып,  
Шалкытты, жұртқа әдемі үн тындатып.  
Жұлдыздай жымың қаққан жан-жағынан  
Қарады қыздар көзін жылтылдатып.

Мөлдіреп кара көздер өліп отыр,  
Елжіреп, есі шығып еріп отыр.  
Майысып, балдырғандай мың бұралып,  
Гүл болып құшағына еніп отыр.

Таубайдың топ алдында өнері асып,  
Сәнденген мырзалардың өні қашып.  
«Қатқан тон» қалкытқанда биікке әнін  
Мықтылар абыржыды, қалды сасып.

Майысқан май айында балдырғандай,  
Жанары жүрегінді жандырғандай,  
Ернінен бүлдіргеннің суын жұтып,  
Мейірінді мейілінше кандырғандай.

Жайнады сұлу Айман жазғы гүлдей,  
Сүймеген жігітіне сөзі зілдей.

Жарк етсе акша жүзі жанды ерітіп,  
Жалт етіп бұлт астынан шыққан күндей.

Балбырап тұрған пісіп бакша-баудай,  
Айманға болды ғашык батыр Таубай.  
Жүрсе де, жылкы ішінде отырса да,  
Күлімдеп көз алдында тұрады аумай.

Қасым бай кайырусыз кеткен керден,  
Еңбексіз талай табыс келген желден.  
Баласы Нұралының Әбу мырза  
Қызына кырык жетінің малын берген.

Арада айттырғалы жылдар өтті,  
Айманның он жетіге жасы жетті.  
Жанына жеті жігіт ертіп алып,  
Қайнына Әбу күйеу келіп жетті.

Күйеудің тұңғыш рет келгені еді,  
Жесіріп бұрын Әбу көрмеп еді.  
Көрімдік аламыз деп жүгірісті  
Айманның епті, пысык жеңгелері.

Сымбатын сырттан естіп шошынатын,  
Әбуді айтса жасы жосылатын.  
Еріксіз жеңгелері жетеледі,  
Амалсыз санап басын жүрді жақын.

Көрген соң күйеу түрін кейін сырғып,  
Қаскырды көрген койдай шықты ырғып.  
Бір ауыз сөз айта алмай қалыңдыкка,  
Аңкыып қала берді Әбу ынжык.

Әрі өңсіз, әрі жасық, әрі күйкі,  
Көлдегі көлбакадай мүше сикы.  
Күдіс бел, камыт аяқ, көзі қисық,  
Сексеуіл секілденген кикы-жикы.

Көрген соң қалындықты бұға берді,  
Тұмсығын жағасына тыға берді.  
Қызарып екі беті, құты кашып,  
Шекеден шып-шып тері шыға келді.

«Қолынан қалындықтың ұстамадың,  
Отыр деп кішілікпен қыстамадың.  
Адамсың ашық ауыз, ақылың аз,  
Жоқ сенің қыз сүйетін нұсқаларын.

Аңқайып неге отырдың ауызыңды ашып,  
Сөйлесіп, ойнап-күліп мауқың басып.  
Әкенің ақылы аз қыз айттырған,  
Орынсыз жүрген саған малын шашып».

Ашумен аттарына ерін салды,  
Ауылына ара қонып жетіп барды.  
Болған сыр бұл сапарда тегісінен  
Әбудің әкесіне жетіп қалды.

«Баламның болғанымен өңі нашар,  
Кімі бар байлығынан менен асар.  
Қалдырмай қалың малды қайтармаса,  
Қасымға қастығым мол», – деді, – жасар».

Мұны естіп қызын Қасым шақырады,  
«Батамды бұзба сен», – деп ақырады.

Қан жылап тұрған қызға қасқырдай боп,  
Алайып отты көзі атылады.

Таяктан тұла бойы жара болып,  
Зар жылап шықты Мәну дала конып.  
Жыртылған жұқа шапан суық түнде  
Денесін жылытпады пана болып.

Жас толып екі көздің шарасына,  
Ботадай боздады Айман анасына.  
Құшақтап қызын қатты төске қысты,  
Жүректің ем тапқандай жарасына.

Төсіне анасының қойып басын,  
Жайды да иығына кара шашын.  
Балкытып басқан жердің топырағын,  
Көл кылып төкті Айман ыстық жасын.

Айманды кара бұлттай басты уайым.  
Сарғайтты сары уайым жас шырайын.  
Алатын ажал жақын секілденді,  
Бір күннен бір күн өтіп кеткен сайын.

Таубайдың Айман десе көңілі баска,  
Бірге ойнап, бірге өскен қиғаш қаска.  
«Еріксіз берейін деп жатқандары,  
Білейін әлде өтірік, әлде рас па».

Деп Таубай тыным тауып бір жатпады,  
Аяндап келді, Айманнан сыр тартқалы.  
Үйінде кіші отаудың отыр екен,  
Алдына жайып салып ақ мақтаны.

Қуанып тұра келді сұлу Айман,  
Аккудай ұшарында канат жайған.  
Күлімдеп кол алысып отырысты,  
Сездіріп жүрек сырын қыз шырайдан.

Жақындай түсіп Таубай келді сөзге,  
«Адам жоқ екеумізден үйде өзге.  
Шертіңіз сырыңызды», – деді-дағы,  
Тастады көздің қырын күлімкөзге.

Айтылмай келгеніште сырды шыдап,  
Айтуға асықты Айман енді тым-ақ.  
Мұңын бір ағасына шаккан жандай,  
Төсіне қойып басын тұрды жылап.

«Жарқыным, жасыманыз, жаным Айман,  
Жан болдың жас басыннан бағың тайған.  
Тірегің болайын деп, сүйенішің,  
Тор болса бұза келдім саған жайған.

Өмірім менің кеше болған қиын,  
Ызғарлы өтті күндер суық құйын.  
Есімнен өмірімде кетер емес,  
Ақ Айман, аяп сонда еткен сыйын.

Сол күнде тамақ бердің, киім бердің,  
Мен сізден адал ықылас сыйын көрдім.  
Беремін сыбағасын, жаным Айман,  
Бұл күнде сізге жау боп түйілгеннің.

Бірге өсіп, бірге ойнап, күліп келдім,  
Айта алмай анық сырды бүгіп келдім.

Жалшыны жаратпас деп байдың қызы,  
Жасқанып сол жағынан күдіктендім.

Ботадай болып, тату өстік, ойнап,  
Сырымды шеше келдім, жүрген ойлап.  
Жанарың жүрегімнің отын жағып,  
Махаббат құшағына кірдім бойлап.

Құрбынмын, құлыншақтай құрдасыңмын.  
Тар жолда табысатын мұндасынмын  
Десеңіз қолынды бер, жаным Айман,  
Қалармыз көзге түсіп тұрғасын тым».

Әдеппен Айман сұлу сөз бастады,  
Жүректе жатқан тұнып сырды ашқалы.  
Таубайға танытқандай махабаттын,  
Күлімдеп көздің қырын бір тастады.

«Жасымнан сізді жақсы білуші едім,  
Сүйсем де сөз ката алмай жүруші едім.  
Ауылда аттанғанда жылқыңызға,  
Сан қарап сыртыңыздан тұрушы едім.

Жасытып жүдетулі қайғы мені,  
Жаркыным, құтылудың қайда емі?  
Қабакқа ұялаған қалың бұлтты  
Сенемін серпеді деп, құрбым, сені».

Кіршіксіз ақ шатырдай аспан асты,  
Күлімдеп күн сәулесі нұрын шашты.  
Ішінде ақбоз үйдің екі ғашық  
Онаша ойнап-күліп жымыңдасты.

Шешіліп сыр түйіні бүгін анық,  
Сүйісті емін-еркін мейірі қанып.  
Қос атпен ауыл жата келмек болып,  
Аттанды ақ Айманның қолын алып...

Келді де Жүсіпке айтты осы жайды  
(Отырған кезі еді ішіп шайды).  
Ауылдас болғаннан соң амалы жоқ,  
Әйтпесе жаратпайтын Қасым байды.

«Жауыздың не қыламыз түксигенін,  
Алдымен салар маған нақ сүйменін.  
Алып каш, алдыңнан ай тусын, жаным,  
Көнемін, не істесе де мен үйдемін».

Астына сал жиренді мініп алып,  
Жетекке Акқоянды іліп алып,  
Ауылдың сыртындағы қалың нуға  
Аяндап батыр Таубай кірді барып.

Дыбысқа үрді ауылдың төбеттері,  
Ақ Айман Акқояндай кебектегі.  
Оянып түрегеліп төсегінен,  
Түймеге саусақтары безектеді.

Анасын кимай Айман тұрды налып,  
Мөлтілдеп кара көзге жасын алып.  
Жасқанды әкесінен жақындауға,  
Сұмдықты жасай ма деп біліп қалып.

Анасын сүйді беттен еппен барып,  
Адамдай тым әлсіреп кеткен талып.



Оянды шырт ұйқыда жатқан әйел,  
Қызының ыстық жасы бетке тамып.

Қасымға қарады да көзін ашып,  
Балкыды, бауырына қызын басып.  
Қиыспай бірін-бірі құшақтасып,  
Балкыған қорғасындай кетті жасып.

Есікті еппен ашып шықты тысқа,  
Күн тұман, көрінбеді ешбір нұсқа.  
Елегізіп оңашада қызды күтіп,  
Таубай да түрді құлақ әр дыбысқа.

Асыға басып Айман келді жақын,  
Жақын кеп Таубай оған берді атын.  
Айманды Аққоянға отырғызып,  
Жириенге өзі мініп, қысты тақым.

Жөнелді бірде шауып, бірде жортып,  
Тозанды екі тұлпар өрге серпіп.  
Дүние дүбіріне сілкінгендей,  
Даланы сары самал желмен желпіп.

Көк орман тұрған көркем, жасыл киіп.  
Елсіз жер, мекендеген марал, киік.  
Кеш болды, түнемекке тоқтады олар,  
Ай тұрып аймалады төсін сүйіп.

Өздері тыным таппай күбірледі,  
Көздері ұзақ түнге ілінбеді...  
Сырласып, сыбырласып сылқ-сылқ күліп,  
Уақыттың өткені де білінбеді.

Күлімдеп көкте жұлдыз, жымын қағып,  
Көк орман, асқар таулар жатқан алып,  
Ай тұрды алдарында, тесе карап,  
Қызғанып тұрғандай бір қызды бағып.

Күн шығып сәскелікке жақындады,  
Тұр-тұр деп қырдың құсы какылдады.  
Айқасқан ақ білектер ажырасып,  
Тұруды жастар енді мақұлдады.

Ақ Айман мақпал кара шашын тарап,  
Аяғын әсем басып жүрді санап,  
Сұлудың тұлғасына сүйсінгендей,  
Ер Таубай екі көзін тұрды қадап.

Қасым бай намазына тұрса таңнан,  
Айман жоқ төсегінде, кетіп қалған.  
«Жоғалғыр жоғалыпты, кетіпті», – деп,  
Абыржып шықты дауысы айғай салған.

Жүгіріп жұрт асығыс ат іздесті.  
Әбігер бай ақырып шығарды есті.  
Жосыған қалың шықта ізді көріп,  
Сол ізге қуғыншылар келіп түсті.

Жел желпіп жойды-дағы шықтағы ізді,  
Із бітіп қуғыншылар күдер үзді.  
Таба алмай қалғанына түгі шығып,  
Намысқа туыстары тегіс қызды.

Кім алып кеткендігі білінбеді,  
Күдікті жігіттерді тізімдеді.

Түгендей келгенінде Таубай болмай,  
Жүсіпке Қасым барып кіжіндеді.

«Келдін де маған кінә, – деді, – тағып,  
Жетпістен аскандығым еліме анық.  
Мен кімге жеңге болар жағдайым бар,  
Отырар жайым бар ма қызды бағып».

Қасым бай қайырымсыз ағайынға,  
Жинады жендеттерін маңайына.  
Таубайын жасырса сал такым бұрау,  
Қысылып шықсын тері самайына.

Байлардан кедей құның бар ма сұрау,  
Шыңғыртып салды қысым такым бұрау.  
Қария қайрап тісін, шықырлатып,  
Сонда да сыр айтпады етіп шыдау.

Батырып салған бұрау такымынан  
Жүсіпті жаңылтпады ақылынан.  
Қыл бұрау салсаң-дағы сыр айтпайтын,  
Кекетті шықты ғой деп батыр мұннан.

Қасымның қабағына тұрды қырау,  
Салдырды санды тастап, шеке бұрау.  
Қыл шылбыр кара құсқа батса-дағы,  
Қарысып шынын айтпай етті шыдау.

Есі ауып, халі азайып, кетті талып,  
Әйелі жайып құлаш жетті налып.  
Шала өлген ерін құшып жатқанында  
Тістеніп Қасым жауыз тепті барып.

Шекеден шып-шып ағып қызыл қаны,  
Жүсіптің канға толы бүкіл маңы.  
Әлсіреп әрең демін алып жатыр,  
Кеудеден кетпеген соң шығып жаны.

Орманды, таулы-тасты, құмды жерде  
Келеді Бәсентин деген елге.  
Тумырза деген байдың асы болып,  
Күн ыстық, қаптаған жан ағып терге.

Аяндап Айман, Таубай жақындады,  
Қарсы алып даяғашы мақұлдады.  
Ортадан ақсақалдар орын беріп,  
Жөн сұрап шешендері тақылдады.

Қалың топ отырысқан қарсы қарап,  
Бәйге аты алпыс саңлақ кетіп барад.  
Шығар деп балуанды даяғашы  
Алдына көпшіліктің жетіп барад.

Балуандар түйіп қабак, буып белін,  
Суытып алған дәулер бәрі де өңін,  
Алшандап алға барып отырысты,  
Бос тастап шекпенінің бір-бір жеңін.

Біреуі шап еткізіп іштен шалып,  
Біреуі алып ұрды жамбасқа алып.  
Кейбіреу ыңғайларын алыса алмай,  
Аңдысып бірін-бірі жүрді бағып.

Біреулер оқ жыланша атылады,  
Біреулер бүйірге кол батырады.

Шамасы келмейтіні шаттан тіреп,  
Шіресіп қимыл қылмай жатыр әлі.

Құмар боп күресуге көңілі құлап,  
Бірақ та шығуға ұят өзі сұрап.  
Аруағын құрыстатқан бақсылардай  
Отырды орнында әзер шыдап.

Таубайға Темірбайдың көзі түсті,  
«Шырағым, дененіз бар болар күшті,  
Осы елдің жігіті деп шығарайық,  
Көрсетсең қайтер еді бір жұмысты».

Өзі де отырған жан зорға шыдап,  
Таубайға Темен сөзі кетті ұнап.  
Тізілген балуандар қатарына  
Асығыс жетті барып жылдамырақ.

Ақ балтыр, аршын дене, кең иықты,  
Жат елде жеңін түріп топқа шықты.  
Тәжібай деген бір дәу Тама елінен  
Таубайға келе жатты асқан мықты.

Жетелеп даяғашы шықты алып,  
Көздерін екеуіне тікті халық.  
Түксиіп төбелесті салатындай,  
Ыңғайын алыса алмай жүрді бағып.

Еріккен буралардай іші пысып,  
Ұмтылды құлшына бір құты түсіп.  
Найзадай кірпіктерін тікірейтіп.  
Алардай бір-біріне жүрді пісіп.

Тәжібай тәсіліне салып алды,  
Шап етіп тартып, іштен шалып алды.  
Белінен қысып Таубай көтергенде  
Белінде саусағының табы қалды.

Таубайға қандай адам тең келеді,  
Көтерсе күші тауды өңгереді.  
Төбеге Тәжібайды үйіргенде  
Тасындай диірменнің дөңгеледі.

Көтеріп «Бәсентиін» кикү салды,  
Көрмеген мұндай күшті алып жанды.  
Таубайдың тамалықтар қауіптеніп,  
Қас қақпай қатар түзеп қарай қалды.

Айқалап жатқанында ел көтеріп,  
Сұлата жықты Таубай жерге періп.  
Темірбай түріп тымақ алшан басты,  
Жүргендей өзін әрең жер көтеріп.

Таубайға болды риза күшін көріп,  
Үйіне қонақ етті ертіп келіп.  
Айманнын ақша жүзін көріп көркем,  
Теменнің көңіліне кірді желік.

Таубайдың жайын біліп бастан аяқ,  
Бауырына тартқансыды жастарды аяп.  
Жайлауда жатқан малды басқар деді,  
Ол жерге жан бармайды некен-саяқ.

Ол малды барып Таубай бағысады,  
Малшылар бір-бірімен танысады.

Кеш болса Таубайға жұрт ән салдырып,  
Құрметтеп ортасына алысады.

Әрі әнші, әрі балуан болып тұрды,  
Сал жирен бәйге бермей келіп тұрды.  
Той болса екі тоғыз бәйге әперіп,  
Көңілін Темірбайдың желіктірді.

Алпыстан асса-дағы көңілі жас,  
Айманды көрсе көңілі болады мас.  
Есебін тауып ертіп алу үшін  
Таубайға жүрді Темен болғалы қас.

Пиғылын сезген байдын Таубай батыр  
Деді де, тұрғаным да болмай ғапыл,  
Айманын Акқоянға мінгізіп ап,  
Бір елге тағы беттеп бара жатыр.

# АРНАЛҒАН ҰРПАҚТАРҒА АМАНАТЫМ

Ахметжан Нұртазаұлының аты аталған жерде, ол кісінің қызмет атқарған жылдарында көріп біліскен, болмаса, сырттай таныс болған, әсіресе ақындық өнерлерін көріп, естіп, оқып білген кісілер, «ой, Аханды кім білмейді», – деп, ол кісіге қатысты әңгімелерін ерекше ықыластарымен, сыйластық көңілдерімен айтып отыратынын әлі күнге естіп жүрміз.

Ахаң шындығында өзіміздің өлкеге ғана емес, көрші облыстардың, қала берді, бүкіл республика көлемінің халқына таныс тұлға. Сол құрметті аты, атағы халық арасында әлі ұмытыла қойған жоқ.

Облыстық халық ақыны, халықтың қадірмені, аяулы ағамыз Ахаң ортамызда жүрсе 2008 жылы 100 жасқа келер еді. Тағдырдың шешімі бөлек болып, Ахаң небары 65 жас жасап, бұл (фани) дүниемен ерте қоштасты. Ахаңның тірі бейнесіне сүйсіне қарап, сүйкімді қоңыр дауысын естімегенімізге келесі жылы 35 жыл болады.

Шүкіршілік, Ахаңның қара шаңырағында баласы Қайрат, келіні Күләш, немере, шөберелері бар, қара шаңырағы орнында.

Ахаң көзінің тірісінде артында өшпейтін мәңгілік мұрасын – өлең жырларың кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырып кетті. Міне, біз Ахаңның сол дүниеліктерін қайта-қайта оқып, сүреттерін қарап, Ахаңның өзін көріп, сөзін естіп отырғандай әсер аламыз.

Ахаңның үлкен еңбегінің бірі – өлеңмен өрнектеген шежіре-дастаны. Бұл шаруашылықты атқарып шығуға Ахаң бір жыл емес, бірталай жылдар еңбек еткен ғой.



Талай білімді адамдармен кездесіп, жазба тарихи дүниеліктерді оқып, зерттеп, көптеген шежіре білетін адамдарды тындап, керектерін жазып жинақтап, тірнектеп қажырлы еңбек атқарғаны өзінен өзі белгілі.

Ахаңның:

Қолымда жеті шежіре,  
Отырмын ойда толғанып.

Талай түнді өткіздім,  
Шежірені қолға алып,

– деген екі ауыз сөзі айтылған ойымыздың дәлелі.

Осы үлкен жұмысының қорытындысын Ахан жеке кітапша етіп баспадан шығарып үлгермеген. Оның себебі бізге беймәлім.

Қолмен басылатын жазу машинкасынан шыққан осы шежіренің бір данасы менің қолыма 1988 жылы жетті. Қолдан - қолға көшіп жүрген басылымның тозуға айналған кезі еді. Басылымның аяғында 1970 жыл деген жазу бар. Ахан марқұм 1973 жылы қайтыс болған ғой.

Біраз сөздері, кісі аттары өшіріле бастаған шежірені мұқият қарап отырып, қолдан қайта көшіріп жазуға тура келді.

Ендігі жерде ойланып, шежірені сақтап қалу мақсатында бір мекеменің баспасымен келісіп, 1961 жылы кітапша түрінде 200 данасын шығардым. Кітапша елағайындардың, жолдастардың арасында тез тарап кетті. Ахаңның атынан естелік-сыйлық есебінде тегін таратылды.

Бүгінгі қолда қалған жалғыз кітапшаның жазуы да, бояуы да кетіп, кей әріптері өшіріліп, оқып пайдалануы қиынға айналды. Ахаңның мұндай қадірі қымбат еңбегін жойылып кетуден сақтап, кейінгі ұрпақтардың қолына жеткізу – біздің парызымыз деп білдік.

Сондай оймен қолымыздағы Ахаң жазған шежірені қайта жаңартып, кітапша етіп баспадан шығарып, халықтың игілігіне жеткізуді өз жауапкершілігімізге алып, сол ниетімізді атқарып отырмыз.

Аханның аруағы разы болсын!

*Қоблан Хамзаұлы, зейнеткер,  
Қазақстан журналистер одағының мүшесі,  
2007 жыл*



# ШЕЖІРЕ-ДАСТАН

*(Kipicne)*

Қолымда жеті шежіре,  
Отырмын ойда толғанып.  
Міндет қойып өзіме,  
Тұныққа терең көз салып.

Талай түнді өткіздім,  
Шежірені қолға алып.  
Таратайын үш жүзді,  
Сәтін салса оңғарып.

Шығыс халқы өмірін  
Көп ғалымдар зерттеген.  
Қазақтың өмір тарихын  
Табамыз деген сертпенен.

Казанцев пен Потанин  
Монғолдан деп жөптеген.  
Бартольд деген білгір де  
Одан ұзап кетпеген.

Әр ғалымдар өзінше  
Әртүрлі етіп жорыпты.  
Өзбек пенен монғолға  
Қазақты теліп келіпті.

Аманжолов Сәрсен нак  
Анығын айтып беріпті.

Арғы түбі қазақтың  
Түрікпенен өрбіпті.

Түріктің ру басшысы  
Алаш батыр болыпты.  
Сейілхан мен Жайылхан  
Деген екі ұл көріпті.

Сегіз ата түрікпен  
Сейілханнан өрбіпті.  
Жайылхан ұлы Майкыдан  
Өзбек, Сапуан болыпты.

Сапуанның баласы  
Айырқалпак деліпті.  
Ол кісіден Қазақ пен  
Созак өсіп, өніпті.

Созактан Қарақалпак боп,  
Қазақтан туған Алаш та.  
Алаштан туған үш бала,  
Таралған үш жүз оңаша.

Үлкен ұлы Ақарыс,  
Орғаншысы Жанарыс,  
Ең кішісі Бекарыс.  
Бұл жайында, жас ұрпак,

«Айқап» атты журналдан  
Кәрімнің сөзін көр, таныс.  
Ұлы жүзді басқарған  
Үлкен ұлы – Ақарыс.

Орта жүзді басқарған  
Ортаншы ұлы Жанарыс.  
Кіші жүзді басқарған  
Кіші ұлы Бекарыс.

Үш жүзге бөлінетін жайы қалай?  
Бұл жөнінде болжамдар бар ғой талай.  
Қазақтың үш әйелі болған екен,  
Ақбидай, Дина және Алтынсамай.

Ақбидай, Дина екеуі бедеу болып,  
Ұл тапқан Алтынсамай күні толып,  
Күншілдік жасап оған екі әйелі  
«Алапес балаң» деген ерге келіп.

Күндестік көре алмаған сөзге нанып,  
«Баланы көмсін» деген тірі апарып.  
Қимаған өлтіруге жігіттер де,  
Баланы кете барды анасы алып.

Жас бала Алаш болып аталады,  
Ер болды, енді оған кім бата алады.  
Жағдайды анасынан білгеннен соң  
Қалайша шыдап батыр жата алады.

Алаш мықты, жүректі болды батыр,  
Әкесін іздеп келіп тапты ақыр.  
Алапес деген бала аман шығып,  
Екі әйел сыбағасын тартты ақыр.

Ақыры екі әйелдің басын алды,  
Әкесін көшіріп өз қасына алды.

Ерекше күші басым батыр болып,  
Қалмақтың біраз жерін басып алды.

Бар елді бағынышты үшке бөлген,  
Бөлгенде қоныс саны жүзден келген.  
Бірдей ғып бөліп беріп үш арысқа,  
Үш жүз деп содан бері атап келген.

Шын аты Ақарыстың – Абайдолла  
Жанарыс анық аты – Құбайдолла.  
Жамантас – Бекарыстың анық аты,  
Деп жазған Аманжолов Сәрсен сонда.

## 1. ОРТА ЖҮЗ

Жанарыстан Қотан би туған оза,  
Қотан биден Қарамен, Дара кожа.  
Бес кожа деп аталған содан бері  
Есмағұл, Есім менен Ақтан кожа.

Ақтан кожа баласы – Арғын елі,  
Қара кожа баласы – Қыпшак елі.  
Дара кожа ұрпағы Қоңыраттар,  
Есімнен өрбіп өскен Найман елі.

Есмағұлдан Ошыбай, Жаубасар ер,  
Қотан биден тараған ұрпақ түгел –  
Арғын, Найман, Қоңырат Қыпшакпенен,  
Керей, Уақ аталған алты рулы ел.

## 2. АРҒЫН

Баласы Ақтан кожа Ақжол батыр,  
Ақжолдан туған екен Арғын ақыр.  
Арғынның жеті сұпы туып өсіп,  
Осылай канат жайып келе жатыр.

Аға сұлтан Жәнібек елді бастап,  
Арғын, Керей руы оны қостап,  
Он бесінші ғасырда кеткен көшіп,  
Бөлініп Әбілхайыр ханды тастап.

Көшіп барған жері екен Монғолстан,  
Темір атты ханы бар елді қысқан.  
«Қазақ тағы кез болды темір торға», –  
Деп жазған Рәшит тарих етіп дастан.

Арғынның елі де көп, жері де үлкен,  
Қалайша мақтанса да болады жөн.  
Абай мен Мұхтар, Сәкен Сейфуллинге  
Қай ақын, жазушы келеді тен.

Жәлел мен Ыбыраев Ыскак, Мәлік  
Фашистің ордасына ойран салып,  
Кешегі өткен Отан соғысында  
Батырлар алтын жұлдыз келген алып.

Тарайды Ақсұпыдан Қанжығалы,  
Асаубай, Шөңкі, Төкіш содан бәрі.  
Сарыдан Тобықты мен Қаракесек,  
Иманның ұрпақтары Тарақты елі.



Ақсұпының баласы Бәсентиін,  
Қарадан Қарауыл боп тартар кейін.  
Баласы Мейрам сопы Елеместен  
Өрбіген соңғы ұрпақтар бізге дейін.

Еламаннан Еменбай, Игі атты,  
Игіден Елемес еді шыққан аты.  
Атакты Дәуіт туып Елеместен,  
Осыдай мәлім болған ұрпақ аты.

Дәуіттен Атығай мен Қалқас баба,  
Ақкиік, Қойлы Атығай, Бағыс бала.  
Қоңырбай, Қоңырнайман, Майлыбалта,  
Құлансу, Бабасанмен туды дара.

Дәуіттің үлкен ұлы ер Атығай  
Саятшы атаныпты сері Атығай.  
Дәуіттің он екі ұлы сері атымен  
Атанып кеткен тегіс елі Атығай.

Қалқастың үлкен ұлы Құдайберді,  
Бәйімбет тете інісі соңына ерді.  
Ертеде Сырдың бойын мекен еткен,  
Кейінде көк Есілге көшіп келді.

Қалқас өліп қалмақтың күні туды,  
Елімізді ежелгі жерден қуды.  
Қалмақтың Қалдан ханы қойдай талап,  
Сарысу, Шу бойынан елді қуды.

Қазақтар болды ақтабан-шұбырынды,  
Ашығып жолда халық көп қырылды.

Қоқанның Құдияр ханы жолда тонап,  
Осылай азып, тозып ел бүлінді.

Қырық жыл көшуменен тартып азап,  
Еліміз Көкшетаудан орын алад.  
Сол жерде ширек ғасыр өмір сүріп,  
Дүниеден қайтыс болған атам Азат.

Қазақтың бар қызығы – баққан малы,  
Бір-бірін шақырысып татқан дәмі.  
Атамыз отыз бес жыл мекен еткен  
Қазіргі Азат атты стансаны.

Жамангүл, Жантелі мен Қаумен өсіп,  
Мендеке Тілекемен тізелесіп,  
Бәйімбет, Құдайберді елін бастап,  
Көлемді көк Есілге келді көшіп.

Есілді мекендеген аз ғана Естек  
Қазаққа қарсы шықты: «Қайта көш», – деп.  
«Есілді еш адамға бермейміз», – деп  
Шықты олар қолына алып бір-бір кескек.

Сарбұлақ, Шуда менен Бағанаты  
Естектің батыры еді шыққан аты.  
Соғысып, келгендермен қарсыласып,  
Белдеуден босамады байлаулы аты.

Тілеке осы ұрыста қаза тапты,  
Құлеке содан кейін ерттеді атты.  
Батыры Бағанаты Сарбұлақты  
Өлтіріп Тілекенің кегін апты.

Естектен тазартылып Есіл жері,  
Құдайберді, Бәйімбет қалың елі  
Мың жеті жүз алпыс бір жылы келіп,  
Мекені Есіл болды содан бері.

Ерке Есіл елімізге өте ұнады,  
Мақал бар «Елу деген – ел құлағы».  
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уак  
Жарасқан қашаннан да ынтымағы.

Шақырып бірін-бірі келді көшіп,  
Қыдырып ерулікті жүрді жесіп.  
Шал акын, Бәкет акын, Тоғжандарды  
Өсірген ерке Есіл, алтын бесік.

Орыс халқы сексен жыл кейін келді,  
Келе егін салуға бейімделді.  
Қазақтар соқасына көлік беріп,  
Өсірді жомарт жерден егінді енді.

Жүз жиырма жыл, мінекей, оған-дағы,  
Ойласаң өзгеріс көп қоғамдағы.  
Өнімсіз жеке меншік, мешеу шаруа,  
Ол күнде ойдағыдай оналмады.

Білім мен жаңалықтан мақау болды,  
Сондықтан іске көнбіс, аңқау болды.  
Орыс халқы келген соң арамызға  
Үлгілі жұмысы іске арқау болды.

Ұлы Октябрь еліме жарық берді,  
Бак, дәулет, шат тұрмысты алып келді.

Көп орыспен іргеміз қосылған соң  
Шаруамыз шалқып, тасып дамып келді.

### 3. ҚҰДАЙБЕРДІ

Туып өскен өз елім Құдайберді,  
Елімді түсіндірер кезім келді.  
Ақмәліш, Андайменен алты ұл өсті,  
Құлымбет, Жәмбет, Ырсай, Есенгелді.

Құлымбеттен Көшқұлы, Ораз екен,  
Ақмәліш Айыртауда болады екен.  
Жәмбеттен Андагұл мен Жұмық тарап,  
Андайдан Тілеп, Маймақ, солар екен.

Есенгелді қазіргі Ақсу елі,  
Ық жағы Торанғұлдың тұрған жері.  
Қайролла, Баян, Сағди, Қабдрашит,  
Тілеужан, Әлжан, Есіләм жүргендері.

Ырсайдан сегіз ауыл Есілді өрлеп,  
Келеді шаруасы шалқып, сермеп.  
Өзімнің туған елім болғандықтан  
Жөні бар сәл кейінде айтып бермек.

Жұмықтан Қойсары, Есей, Бәйгел, Барак,  
Жаулыбай, Маңыбай мен Қонай тарап,  
Нығымет, Қабдунасов Шамшит, Ғазиз,  
Төлеген, Жақиялар ұрпақтанады.

Мұқаш пен акын Ғалым Малдыбаев,  
Зейнолла, Кенжеболат Шалабаев.

Базарбай, Қыпыш, Қозыбай, Қожахмет,  
Жұмықтан өскен олар канат жайып.

Жұмықтан Мырзақымет Мейірманов,  
Сағындық Қапарұлы туысы анық.  
Жаңажол ауылындағы бауырларын  
Қаппас карт аралайды жылда барып.

Ораздан Дәуітпай мен Манап тарап,  
Шахмет, Жауар, Асқар соған карап.  
Шарапи Төребеков, Тәжібайлар,  
Қажыбай, Елубайлар канат жаяд.

Андағұл, Өтеміс, Құлтай, Сасық  
Бір туып өскен, Шінгір өкше басып.  
Малқар мен Жарылғамыс, Өтемістен  
Құрымсы шешен өткен сөзге машық.

Ырсайдан сегіз ауыл Есілді өрлеп,  
Келеді шаруасы шалқып, сермеп.  
Бірі аға, бірі іні сыйластығы  
Атадан мирас болып бізді жебеп.

Сасықтан Жолдыбайдай батыр өтті,  
Толыбай жау қолынан каза шекті.  
Ұрпағы Толыбайдың Кенже батыр  
Алыпты қалмақтардан ескі кекті.

Жолдыбайдан Байкісі, Мырзагелді,  
Жанкісі Үсен менен болды белді.  
Байкісіден Мәжікен Ғаббасовтар,  
Жанкісіден Бүтікен өсіп өнді.

Өтемістен Малғаждар Әуелбеков,  
Дүйсенбі, Әшкер менен Сауытбеков.  
Белгілі Шөже батыр шөбересі,  
Атағы Арка еліне шыққан кетіп.

Андағұлда Зілқара, Шопан өткен,  
Ресейдің патшасына қызмет еткен.  
Әлібек аға сұлтан болып елге,  
Есілдің екі бетін билеп өткен.

Құрымсыдан Жания, Болат, Хамза  
Бұл күндері жүргендер осы маңда.  
Құрымсы сөзге шешен болды дейді,  
Алдына жан салмаған о заманда.

Жарылғамыс ұрпағы Ыскак батыр,  
Смағұл содан тарап келе жатыр.  
Дүниеден Есжан да өте барды,  
Сейітжан жалғыз ұлы қалды ақыр.

Малқардан Әубәкір мен Қабен тарап,  
Біртіндеп осылайша жайды қанат.  
Шінгірден Нұрғожа мен Қайроллалар,  
Мақытай Сағдиевтер өсіп барад.

Көшқұлы Төрт ата мен Қаумен Сары,  
Исабай, Құрсак, Әнет, Сегізелі,  
Токсанбай, Аман, Жұман, Шокатпенен,  
Аталад Көшқұлы деп мұның бәрі.

Әшімов Бәйкен, Еркін Әуелбеков,  
Қоспанов Шәпет, Тұрсын Макыметов  
Ұрпағы Көшқұлының көш бастаған,  
Партия колдаумен өсіп, жетіп.

Жүргендер ел ішінде Әлміш, Әйіп,  
Амантай, Мағұзым, Умақ, Еренғайып.  
Қыдырма Балақымет, Қошқарбай мен  
Жылкелді, Абай, Қадір канат жайып.

Адайдан тараған ел – Тілек, Маймақ,  
Ық жағын Торанғұлдың жатыр жайлап.  
Сәкен мен Мәкен, Мәжікен, Қалиаскарлар,  
Асайын, Тиыштықбайлар жүрген жайнап.

Бұл елден Жарматай мен Қошан өскен,  
Ыскақтар сөйлегенде желдей ескен.  
Тимеген ел ішіне киянаты  
Қақ жарған кара қылды әділ дескен.

#### **4. ЫРСАЙ**

Ырсайдан Түмен, Көлей, Бөрі, Қара,  
Қалыбек, Сойырғаспен алты бала.  
Сойырғастан Жетпіс пен Мүштариза,  
Ыбырай, Сұрағандар өсті жаңа.

Сойырғастан атакты Есенберген,  
Бір жан жоқ оны жеңген шешендерден.  
Қас батыр Қайнарбайдың Сыздығына  
Ақыры топырақ жазған бөтен жерден.

Сыздығы Қайнарбайдың жайнап шыққан,  
Ерекше ер болғанын көре алмай,  
Арадан байдар ақыр айдап шыққан.

Түменнен өскен еді Әлжан, Қалжан,  
Олардан Сапарғали, Сабыр қалған.  
Баскасын білмеген соң жаза алмай,  
Бір дерек таба алмай еттім арман.

Жамшинов Нұрмұхамбет Толыбайдан,  
Жан емес жігіттікте бағы тайған.  
Қосылып Амангелді Имановқа,  
Азамат соғысында ашқан майдан.

Ырсайдан туды ер боп Қара батыр,  
Қалмақтан ата кегін алған ақыр.  
Үш жүздің батырына басшы болған,  
Ерекше ерліктері жарап жатар.

Қара батыр баласы Орыс еді,  
Көкше жері малының өрісі еді.  
Азаттың стансасы осы күнгі  
Бұрынғы атамыздың қонысы еді.

Орыстың бес баласын таратайын,  
Орыс деп не себепті айтқан жайын.  
Орыстар өздеріне жақын тартқан,  
Қазақты «момын жан, – деп, – қарапайым».

Өзара достық болып арамызда,  
Бұл халық болды елдің панасындай.  
Солардай көп және әділ ер болсын деп,  
Орыс деп ат қойыпты бабамызға.



Орыстан Жаманғұл мен туды Жанат,  
Қозыбак, Иман менен үлкені Азат.  
Ұшырған сан жақсыны ұясынан  
Ауылы Көктеректің деп аталады.

Азат Пәрменбектен Тышқан батыр  
Түсірген дұшпанына заман ақыр.  
Әлімбай, Қойлыбай мен Сандыбайлар,  
Жолдыбай, Пазылбек боп келе жатыр.

Әлімбайдан Жаңбыршин Шәкір өсті,  
Оқу, білім жолына ерте көшті.  
Астанада қырық жыл қызмет істеп,  
Алдынан Алатаудың самалы есті.

Салық ұлы Әлімбек, Сағидолла,  
Қабдолмәжит, Қамзалар туысы о да.  
Шәріпов Қабдунастар отыз жаста  
Майданда өте барды келмес жолға.

Нәсірбай, Қапен, Қәкім Сандыбайдан,  
Қамит пен Жанақымет Жолдыбайдан.  
Сыздық кажы, Абылан Шұғайыптар,  
Қас батыр Тышқанұлы Қойлыбайдан.

Халықта сауатсыздық болды онда,  
Түзелді Сыздық бас боп бұл іс оңға.  
Төте оқудың молдасын алып келіп,  
Ауылды жетеледі жаңа жолға.

Қадемше оқу кейіндеп қала берді,  
Төте оқуға ел іші баға берді.

Қазақтар өз тілінде оқыған соң  
Хат танып жастар жайнап сала берді.

Сыздық елдің ақылды ағасы еді,  
Адамның адал жүрек тазасы еді.  
Ол барында Орыстың бес ауылы  
Дау, жанжал, барымтадан қағыс еді.

Сыздық қажы қайтқан соң сайлау болды,  
Партия, жанжал, жұлқыс, айдау болды.  
Ауылнай сайлау үшін ел биінің  
Ауызын пара беріп майлау болды.

Пазылбектен Қарауыл, Берден еді,  
Нұрғали, Махмет, Кэртэй өрген еді.  
Мансұр мен Бопан, Кеңес, Қабдолқайдар,  
Бір туып канат жайып келген еді.

Оспаннан Бопан, Некен қатар өсіп,  
Атқарды ел ішінде адал кәсіп.  
Ұлғайып ел ағасы болған олар,  
Атағы ел аузында жүреді өсіп.

Иманнан тараған ел Батырбек ед,  
Жаулыбай, Тоғай одан өсіп өнед.  
Балғожа, Нарғожалар Жаулыбайдан,  
Шора мен Қайырбектер содан өред.

Тоғайдан Әнес, Мағзұм, Әбзакымет,  
Кәрібай, Таласпай мен Божынай ед.  
Сарбабадан Әнуарбек, Қалиакмет,  
Жұмабек, Өмірсейіт, Сыздық өред.

Тарайды Қобылан, Елиас Шүленбайдан,  
Едірес, Шортанбайлар канат жайған.  
Ерекше Қайса елге қадірлі еді,  
Амал не, алып кетті өткен майдан.

Қайса істің төзген еді қандайына,  
Жаркын жүз, кере қарыс мандайы да.  
Көңілін бөлуші еді әр уақытта  
Жетім менен жесірдің жағдайына.

Ер еді тайынбаған оттан-дағы,  
Елі үшін тайынбады октан-дағы.  
Амал не, арамыздан алып кетті,  
Соғыстың сұрапылы соқты дағы.

Қозыбақтан Тілеулі, Сүгерәлі,  
Алтыбай, Жетібай мен Наурыз тағы.  
Көшубай, Бекұлы мен Мәш атанып,  
Сегіз ұл Қозыбақтан өсті бәрі.

Алтыбайдан Акжан, Бәйміш Базарбаев,  
Мұрат бар Көкшетауда Телімтаев.  
Сарымолла, Аскарбек, Сұлтанбектер,  
Әшкен, Өндіріс келеді канат жайып.

Наурызбайдан Қабдөш пен жүрген Айтжан,  
Қабдөштер Еңбек Ері еді, ісін айтсам.  
Мәшіден Едірес ұлы жалғыз Қорған,  
Ұрпақтар өсіп жатыр бұл баладан.

Тілеуден жас Қатыран Қазіұлы,  
Ашылмас айтылмаса елдің сыры.

Қозыбақтың қара шаңырағы сонда дейді,  
Сондықтан ол Қатыран зордың бірі.

Сүгірәліден Ойынжан, Дүйсенбектер,  
Қапар мен Ғаббас, Сағит, Сейсенбектер.  
Төлеген, Қуат, Болат, Жұмағази,  
Сенізбай, Қайнетұлы бұл Ермектер.

Жетібайдан Мәжит пен Кәкімжандар,  
Ақмадия баласы Ғалымжандар.  
Көшубайдан Дорба мен Сейпи, Қален,  
Сейсенбек, Амангелді, Кәмен, Айдар.

Тарайды Бекұлыдан Ешмат, Әйіп,  
Қайыржан, Ойрат, Сәлім канат жайып.  
Қапез бен Қабдырақым, Қажакмет,  
Абай мен Ақжол бала өсті ұлғайып.

Қасымов Кәмен, Махмет Телімтаев,  
Қалиев Қален, Зікірия Ырысбаев,  
Токбетов Қапез, Есқак Айтуаров,  
Жаңбыршин Шәкір, Ләмәли Қонарбаев.

Алғашқы коммунистер ед жүзі жарқын,  
Бастаған жаңалыққа Есіл халқын.  
Ұшты да бір ауылдан сегіз қыран,  
Көтерді Көктеректің сыртқа данқын.

Жанаттан Байсымак пен Тиыштыбайлар,  
Ер туған Бораншы мен Сексенбайлар,  
Тізіліп қатарынан төрт ұл өсіп,  
Тараған бір ауыл боп қоныс жайлар.

Бораншыдан Пұсырман, Таңқай өскен,  
Койбағар інісі екен тетелескен.  
Есілям, Ескен, Әйкен, Ахмет пен  
Алтынбай, Тетай, Шахмет, Рустем, Дәстен.

Тиыштыбайдан тарайды Қабен, Шәкір,  
Сексенбайдан Елубай, Әшім ақыр.  
Жанаттың төрт баласы осылайша,  
Біртіндеп ұрпақ жайып келе жатыр.

Құсайын, Жәнен, Марыс Байсымақтан,  
Талапкер, Мырзан, Қоспан сол ұрпақтан.  
Жанаттан Таңқай өте шешен болып,  
Бір жан жоқ сол кісіден сөзі асқан.

Кейінде Сәдуақасов Ғалым болды,  
Қадірі ағайынға мәлім болды.  
Кешегі өткен соғыс апатында  
Ардақты Отан үшін жанын берді.

Жаманғұлдан Өмірзақ, Құттықадам,  
Тірі туған кіші інісі Тәттіқадам.  
Ләмәли, Шаяхмет, Ермек, Болат,  
Қабыкен, Жарқындар жүр бұл атадан.

Шын коммунист Ләмәли Қонарбаев,  
Қарсы алды үкіметті қолын жайып.  
Сайланып ҚазЦИК-ке мүше болып,  
Атағы аспандады, бағы ұлғайып.

Қайыржан, Амангелді, Әлкен, Сайран,  
Тарайды Жұмабай мен Есенбайдан.

Бұлар да Тәттікадам немересі,  
Біртіндеп өсіп-өніп, канат жайған.

Өмірзактан Сакбаев Накай қалған,  
Ұрпак жоқ Молдашұлы Зұлқарнайдан.  
Жиырма екі жасқа жаңа толған кезде  
Арадан алып кетті өткен майдан.

Саятшы болған асқан Құттыкадам,  
Жұрымбай мен Доскана туған одан.  
Жұрымбайдан – Аманбай, Зия, Ыбырай,  
Қаппас пен Темірғали ұрпак қалған.

Жомарт еді Аманбай Балтабаев,  
Ақжарқын адам еді таңғажайып.  
Қырық жеті жасында өтті дүниеден,  
Қадірлі туыстарым қалды азайып.

Досканадан Найманбай, Үсенбайдар,  
Көлбақа, Қарабай мен Нысанбай бар.  
Қарабайдан ұл болмай, төрт қыз туып,  
Басқа елге тұрмыс кұрып кеткен жай бар.

Нұртаза Нұрпейіспен Нысанбайдан,  
Мұкатай, Еске, Совет Үсенбайдан,  
Ерғали, Қадір, Фазыл Көлбақадан,  
Сейтен мен Қапез, Санақ Найманбайдан.

Нұрпейістен Омар мен Қоспан аға  
Ибрагим Омардан өскен бала.  
Досбол мен Ербол, Найман Ибрагимнен,  
Жігіт боп өсіп келед жаңа-жаңа.

Өзім атым Нұртазин Ахметжан,  
Қайратым бар жігіт боп келе жатқан.  
Жалғзым өссе жайнап, жігіт болып,  
Менің де атым қалмас осы саптан.

Еншілес інім менің жалғыз Ғаббас,  
Екеуміз де сақайып болдық ақ шаш.  
Қайратым мен Ғаббастың Талғат өссе,  
Бұлар да еншілес боп, жігін ашпас.

Ол билік келіндердің қолында ғой,  
Ағайынға мейірімді болуда ғой.  
Мандайға жақсы келін пайда болса,  
Біткен бақ, бар дәулетің орнында ғой.

## 5. БӘЙІМБЕТ

Бәйімбеттен Тока мен ер Уанас,  
Жоламан, Жетім, Төбет, батыр Айбас.  
Бір сөзді, бірауызды болған олар,  
Айтылған сөздерінен өмірі таймас.

Уанастан Уәли мен Тасмағамбет,  
Жетібай, Ғаббас, Шери, Баймағамбет,  
Нұрғали, Қасым, Шора, Әбілқайыр,  
Бекжан мен Уақит, Қанаш, Шаяхмет.

Төбеттен бір тайпа ел – Сары тарап,  
Тілеу мен Жолымбеттер соған карап,  
Жолымбеттен Биттігүл, Қоспандары,  
Тілеумбеттен Шокат пен Мұқан қалад.

Тәшкен, Кәрім, Кәртай Ерсарыдан,  
Теміртас, Мәлік өсіп, ел дамыған.  
Байғабыл, Тілеуғабыл ұрпақтары,  
Сарыға косылады ол да әріден.

Тоқадан бір тайпа ел Түшке тарап,  
Атақты Сарыкамыстан орын алады.  
Кедейден Қожамбеттей акын шығып,  
Байларға батыл жырмен жара салады.

Жүргендер Жұма, Әлен, Игібайлар,  
Қайыржан, Зәми, Кәрім, Қасым, Омар,  
Жакан мен Қабидолла, Қажымұрат,  
Әуіпіжан, Биғали мен Малгаждарлар.

Айбастан тарағандар Қойайдарлар,  
Бекайдар, Байғара мен Жылқыбайлар.  
Олардан Қапаш, Қонтай ұрпақтары,  
Орынбай, Ахмет пен Жаксыбайлар.

Ер болды Айжаркынның Ғаббастары,  
Иманжан, Қатиялар ел бастады.  
Мегенов Қожакмет балуан болып,  
Күресте одан ешкім күші аспады.

Жоламаннан Дәулетай өскен екен,  
Тұрмыстың тар тұсауын шешкен екен.  
Жігерлі төрт ұл туып, ер жеткен сон  
«Кедейлік, хош, аман бол» дескен екен.

Дәулетайдан Қайдауыл, Алдаберлі,  
Қабай, Тұяк, Алдияр, Тәйірберді.



Есекемен екеуі жедел өсіп,  
Бәйімбет деп аталды бүкіл елі.

Дәулетайдан Есеке мырза болған,  
Балуан жуан Жүніс жүрген одан.  
Есілбай Парламентке мүше болып,  
Еңбегіне бүкіл ел риза болған.

Қайдауылдан Сырымбет нак Қангелді,  
Марқаштан Тілеуімбет, Сәмбет өрді.  
Сәмбеттен Байғабыл мен Тілеуғабыл,  
Жанғабыл, Байғабылдар содан өрген.

Тарайды Жайық ауылы Байғабылдан,  
Ақжігіт, Жәкебайлар Байғабылдан.  
Молдағұл жүз он екі жасқа келген,  
Туыпты Сәмбет ұлы Жанғабылдан.

Тілеуімбеттен Жылқыбай, Қожахмет,  
Жүсіп пен Мағауия, Мейрамға кеп.  
Байкенже, Уәли, Мұқан, Кенебайлар,  
Бәрі де Тілеуімбеттен өсіп-өнед.

Мақаштан Әбілжандар, Ахметтің,  
Сибан мен Әубәкірі Токпанбеттің.  
Байтілеу, Ахметжан, Әбдіғали Баженовтың  
Ғалым аты жайылып көпке жетті.

Бөкетов Евнейлер Сырымбеттен,  
Алыпқаш аталары батыр өткен.  
Ақмәди Мизамбаев Бәймішпенен  
Төлеген Алматыда қызмет еткен.

Тәйірбердіден Құлеке шыққан батыр,  
Дұшпанына түсірген заман ақыр.  
Сәкен, Қошан, Темірбай, Қабдірашит,  
Уәп, Бікән, Шәміштер келе жатыр.

Шал акын Құлекеден туып өскен,  
Арқада акын жыры желдей ескен.  
Үлгілі, өнегелі көп сөздерін  
Шығармай жүргендер бар әлі естен.

Кенжесі Тәйірберді Қожаберген,  
Қайролла Қажытаев Нәбилермен.  
Рамазан, Рақым, Қайнет, Имашпенен  
Қаратай, Бопыш, Сабыр, Сәлтай өрген.

Жұмағұл, Молдахмет, Бурабайдан  
Өмірбай, Қабен, Қабыкен канат жайған.  
Баласы Молдахмет, Нүркелерді  
Арадан алып кетті өткен майдан.

Тілекеден Сұраған, Ахметжан,  
Ғазез, Шер деседі Шәріп пен жүр Айдархан.  
Азамат соғысының ардагері,  
Партизан кешегі өткен Қарамұқан.

Алғашқы айтып өткен Алдаберді,  
Мендеке батыр өсіп, соңына ерді.  
Одан туып Аккошкар, Құттықадам,  
Құлмеген Байжанменен содан өрді.

Құлмегеннен Өміртас, құдам Есет,  
Өмірсейіт, Сейітқали бірге өсед.

Құттыкадам ұрпағы бұл жүргеннен  
Әушәкім, Белгібай мен Шака десед.

Аккошкардан Дайыр мен Шалабайлар,  
Әлімгерей, Арыстан, Аяғандар.  
Қасым, Кәкім, Қоңқактар немерелес,  
Ұрпағы өскен тарап бай адамдар.

Байжадан Қуандық пен Қуат, Дайыр,  
Сәдірбек, Бұлғадыр мен өсті Майыр.  
Әбілхан Төребеков Қуандықтан,  
Немере ақын Уахит асқан шәйір.

Жасында қызметкер боп кумады өлен,  
Әйтпесе Уахит асқан жырға терең.  
Ендігі қалған күнге ерінбесе,  
Жазады талай дастан, оған сенем.

Қуаттан Ғарифолла Жұмабаев,  
Мереке, Есмағызым өсті ұлғайып.  
Дайырдан Күнту, Шәріп, Ережептер,  
Майырдан Байсал өсті канат жайып.

Бұл күнде Бұғадырдан Ниетжандар,  
Туысы Аяжанов Қалихандар.  
Мамырбай Иманбегі Садырбекпен  
Шет жайлап осы күні жүрген жандар.

Қабайдан Айтқожа мен Барғана екен,  
Нарбота, Ерке атақ алған екен.  
Тараған Айтқожадан Шорғай, Сабыр,  
Есілям, Әли, Жәки ұрпақ екен.

Нактан Қазы, Бейсембі Барғанадан,  
Арғын, Қоңқаш Еркеден калған адам.  
Қошқарбайдан Шортанбай туып, өсіп,  
Қадірлі жас ұрпақтың бірі болған.

Нарботадаң Бадана, Бостау өсед,  
Естекен, Қадірәлі және Әсет.  
Қаражан, Ырыспай мен Темірғали,  
Рақымжан аталары бірге десед.

Қабайдың ұрпақтары Тайшық батыр,  
Жұмабек Дәуренбеков одан акыр.  
Токмурзин Тайжан, бәрі түбі бірге,  
Осылай канат жайып келе жатыр.

Жаназар, Шортан тарап бұл Қабайдан,  
Акытай, Қабдоллалар Ашамайдан.  
Ескендір, Бәсәри мен Шәкен, Бота,  
Шортайдың ұрпақтары соңғылардан.

Тұяқтан Елемес пен Құлмырза бар,  
Серәли әнші Ерғали Сейіткожадан.  
Жүніс пен Балахмет, Әбу, Мәкіш,  
Қарибек, Нөсірбайлар бір тараған.

Құлмырза жас күнінде жайнап өтті,  
Бұл күнде тоқсан беске жасы жетті.  
Алтынды тот баспайды деген анық,  
Көкелеп оны аймағы құрмет етті.

## 6. ҚАРАУЫЛ

Нағашым Сегіз ата Қарауылдан,  
Бірнеше елге әйгілі акын туған.  
Орынбай, Ақан сері, Молдахмет,  
Ыбырай – жүрген жері болған думан.

Қарауылдан Амандық, Найқы, Мәшек,  
Мәшектен Құрманғожа, Құланшы өсед.  
Құрманғожа баласы Қарашамен  
Есенбай деген акын содан өсед.

Құланшыдан Құлымбет, Бөлекей карт,  
Апанай Қоңыршамен Тұңғатарлап.  
Есенбайдан Әлмәмбет, Шұңғырша боп,  
Алдиар Қожым елі келді тарап.

Әлмәмбеттен Айтқожа Жаксылықпен,  
Алдиардан Елшібек, Тынымбектер.  
Әлібек, Тоғұзақ пен төрт үл өсіп,  
Сағасын Сырымбеттің мекен еткен.

Айтқожадан Қалдаман, Тоғай келген,  
Шежіре кімге айтуға оңай келген.  
Жаксылық пен Майтабар, Баян, Төкен,

Қарашадан Байқошқар, Қанай, Бөкен,  
Үлкен ұлы Балуан, Аю екен.  
Еншібектен Аккозы, Тілеу болып,  
Осылай канат жайып келеді екен.

Қожымнан Қосыбай мен Біржан туған,  
Арыстанбай талайды сөзбен бұған.  
Қабайдан Есен менен Қосан туып,  
Жарқын көлі жағасын еткен думан.

Қожымнан Қожамжар мен Қарасері,  
Аккозы, Тілеу, Тыныбек туысы еді.  
Мүбәрәк, Сәлім, Қапез, Әлкен, Есім  
Қожамжар ұрпағынан жүргендері.

Аккозыдан Жанат пен Айтмағамбет,  
Тілеуден Шубай, Ботай, Төкендер ед.  
Тынымбектен Ұлбала, Арғын, Ботай,  
Тоғжандар жайнап өскен жалынды ер ед.

Қарасеріден Молдахмет, Тырби ұлы,  
Атақты Орта жүздің ол бұлбұлы.  
Ақбұзау, Ерғара мен Жанбырбайлар,  
Сұраған, Мұрат одан жүргендері.

Халық білед осы елдік Кәкімбекті,  
Атағы бүкіл елге тарап кетті.  
Үкілі Ыбырайды жырға қосып,  
Тамаша тамылжытып, машық етті.

Қожымның басқа атасы тарамалды,  
Жинауға оған уақыт қарамады.  
Көріп ем біраз жаннан сұрастырып,  
Ата терген білгіштер шыға алмады.

Ботан, Шора, Шоктыбай қарттан тарап,  
Шоктыбайға Андағұл, Қожа қарап.

Қалмақшы мен үшеуі содан өріп,  
Көшей, Қантай, Сәділер содан тарад.

Көшейдің жүрген жері күнде думан,  
Сырымбет саясында сауық құрған.  
Көшейден Төлебай мен Түгелбайлар,  
Атакты Жарылғап пен Өтеп туған.

Бейе мен Молдағали Түгелбайдан,  
Жан емес жас күнінде бағы тайған.  
Ғалымжан, Ақкөл, Диан, Емтихандар,  
Акмолла бәрі туыс бір атадан.

Абыздан нағашы атам Шағыр кажы,  
Өмірдің белгісіз ғой көп пен азы.  
Сүлеймен, Мәлім, Елжан, Мүсәйіптен,  
Дәм таттым, нағашылап қысы-жазы.

Жарылғаптан Жарман мен Ескақ, Кеңес,  
Абыз бенен Жарылғап немерелес.  
Қалихан, Орманбек пен Жұмағали,  
Орынбай, Қайрат, Жомарт және Едірес.

Туыпты Төлебайдан би Нұралы,  
Тарайды Нұралыдан Бердіәлі.  
Малдыбай, Түмен, Тайлақ, Мойнақ болып,  
Өсіпті Бердіәліден мұның бәрі.  
Мойнақтан Қойшыбай мен Томпақ қалған,  
Томпақ қарт аты шыққан қас балуан.  
Жетпісінде жас жігітті топта жығып,  
Газетте облыстық орын алған.  
Туыпты Бабас, Өтеп Малдыбайдан,

Бабастан үш ұл туып, шаңырақ жайған.  
Қошқарбай, Ақылбайлар Тілеубайдан.

## 7. КЕРЕЙ

Керейдің ұлы әкесі Ошыбай би,  
Үстем боп бір тайпа елге көргені сый.  
Бөлінген үш буынға керей елі,  
Абак пен Қара Керей, Уак Керей.

Абак Керей – бұрма сөз, Аппак Керей,  
Ашамайлы ұрпағы Қаракерей.  
Жаубасардан тараған ұрпақтары,  
Түгелден деп атайды Уак Керей.

Уактан аты шыққан Жаубасар ер,  
Жаубасардан тарайды Уактай ел.  
Еркөкше, Ер Қосай мен Қамбар батыр,  
Сарбаян Саршаменен бәрі бір ел.

Еркөкше батыр болған асқан саңылақ,  
Жауына қарсы тұрған «Жаубасарлап».  
Қалмақтың жауыз ханы конак етіп,  
Қапыда өлтіріпті батырды алдап.

Бір мың төрт жүз жиырмасыншы жылы екен,  
Атақты Еркөкшедей батыр өткен.  
Профессор Никоновтың кітабында  
Еркөкше – «кас батыр» деп, баға берген.

Уактың жері де мол, елі де көп,  
Ерекше аты шыққан ері де көп.



Амал не, жүйесімен тарататын  
Қолыма менің түскен шежіре жоқ.

Он екі ұлдың атасы керей Абак,  
Ержастанбай, Меркет пен Шеру, Жәдік.  
Қаракас, Малқу, Сарбас, Ителменнен  
Шимойын, Шұбарайғыр, Ерконсадақ.

Бұл күнде ол ұрпақтар Қытай жақта,  
Ол күнде кім кетпеді әр тарапка.  
Бір жерді мекен етіп отырарлық  
Болды ма мүмкіншілік ол уақытта.

Қаракерей дегенің Ашамайлы,  
Туыпты одан Төбе, малға байлы.  
Төбеден Жанай атты бала туып,  
Жанайдан Жарғақ туды деп баяндайды.

Жарғақтан Танаш атты шешен туған,  
Сайысқан шешендердің тілін буған.  
Көшебе, Балта, Сибан Тарышы өсіп,  
Олар да атасының жолын қуған.

Көшебеден Әлмәмбет, Жаңбыршы өсед,  
Әлмәмбет бұл арадан кеткен десед.  
Жоламан, Таузар, Ораз қатарымен,  
Үшеуі Жаңбыршыдан туып өсед.

Тарайды Тарышыдан Смайыл бай,  
Үш ұлы Смайылдың тетелес, сай.  
Өрбеген Орта жүзге канат жайып,  
Ақсары, Күнсары мен Елтезағай.

Туыпты Ақсарыдан Еменәлі,  
Нұрымбет Емембақтан би Нұралы.  
Үлдізер, Ақпанбет пен Дәулетімбет,  
Тоқымбек, Ырысбекпен тегіс бәрі.

Нұралы деген елден Біржан өскен,  
Біржан сал әні асқак, желдей ескен.  
Мың сегіз жүз тоқсан бір жылдың саны,  
Сол жылы дүниеден Біржан көшкен.

Тараған Үлдізерден Бике екен,  
Болыпты Бике шешей сөзге шешен.  
Тараған Үлдізерден ұрпақтары,  
Сондықтан Бике елі деп атайды екен.

Ырысбектен Алдай мен Нияз тарап,  
Қантай мен Қасболат оған қарап.  
Алдайдан Қараби мен Айдос, Мәрі,  
Қарабиден Жабайдай өскен ұрпақ.

Жабайдан Сексен, Токсан, Мыңжасарлар,  
Олардан Бопаш, Әбу Файзуллиндер.  
Керемет шешен болған Токсан бидін  
Сөздері бар ұрпаққа үлгі болар.

Сәбит, Ғабит руы Керей Сибан,  
Ерекше мактау айтар сөзге сыйған.  
Қазақтың әдеби сөз қазынасына  
Еңбектері ерекше нұрын кұйған.

## 8. ҚЫПШАҚ

Батыр Қыпшак жауларын кырған түйреп,  
Найза алып кірген тобы калған сиреп.  
Волга мен Донның бойын төрт жүз жылдай  
Ерлікпен Қыпшак елі келген билеп.

Бір мың үш жүз жылдардың шамасында  
Алтын орда Қыпшактың кол астында.  
Елу жылдай билеген ерлікпенен  
Өгіз хан мен Шыңғыс хан арасында.

Жазушы әлі – Омар, заты – араб,  
Қыпшактың батырларын мактап жазад.  
«Монғолды маңайлатпас еді», – дейді,  
Қыпшакқа косылғанда бүкіл казак.

Үш тарапка тарайды Қыпшак елі,  
Ішінде Қаракыпшак батыр-ері.  
Құланкыпшак елі мен Сарыкыпшак  
Орта жүзде мекендеп жүргендері.

Кейінде сегіз ру тарап алып,  
Торайғыр, Түйакшы мен Қарабалык.  
Көлденен, Танабұға, Қытабек пен  
Көкбөрік, Бұлтұлы боп тарауы анык.

Қыпшактың Мәлім деген ханы болған,  
Жылдары мың үш жүз жиырмасыншы, әрі болған.  
Өзбектің Долымбиян деген қызы  
Іздеп кеп Мәлім ханның жары болған.

Өзбек пен Қыпшак солай ілік болған,  
Қолдасқан түбі бірге түрік болған.  
Көршінің көмегімен күшейіп ап,  
Елу жыл Мәлім ірі ұлық болған.

Мың сегіз жүз сексенінші жылдан саны  
Аты әйгілі Ыбырай Алтынсарин.  
Қазактан болған дейді Россияда  
Үш жүз сексен жеті мың түндік саны.

Жүз жетпіс мың түндігі Орта жүздік,  
Алпыс сегіз мыңы оның Арғын, біздік.  
Алты арыстың ішінде Арғын елі  
Көп екен баска рудан ерекше үздік.

## 9. НАЙМАН

Найманнан үш ұл өседі,  
Аристов былай шешеді:  
Елата, Токпан, Өкірешті  
Найманнан туған деседі.  
Келбұғы мен Кетбұғы,  
Төлегетай, Сүгірші –  
Елата, Өкіреш ұлдары.  
Бұл сөзіне жүгінсек,  
Қаракерей Матай мен,  
Садыр, Төртуыл төртеуі –  
Төлегетай ұрпағы.  
Сүгіршіден үш бала,  
Бағаналы, Балталы.  
Үшіншісі, үлкені  
Ергенекті атанды.



Ергенектің ұлдары  
Сарымжомарт, Бура, Көкжарлы  
Сегізінші ғасырда  
Билеген Ертіс, Байкалды.  
Мың екі жүз үшінші  
Жылы келіп Шыңғыскан,  
Наймандарға тиісті,  
Қумак болып Байкалдан.  
Байкал көлі күңіреніп,  
Көлемі болды қан майдан.  
Найман оңай болмады,  
Көмек алып Қытайдан.  
Бір жыл бойы соғысып,  
Найманнан өлді Даян хан.  
Даян ханның баласы  
Кішіұлық енді салып жан,  
Кішіұлықтың ағасы  
Көмекке келді Бұйрық хан.  
Бұйрық хан асқан батыр ед,  
Сан ұрыста шыныққан.  
Екі жылдай соғыста  
Окка ұшты ол да кырсыктан.  
Намыстанып Кішіұлық  
Одан сайын ширыққан.  
Ел сүйсініп қолдады  
Кішіұлықтың ісіне.  
Шыбысқан жауын қаусатты,  
Шошынып кіріп түсіне.  
Кішіұлықтың ерлігі  
Ерекше елге байкалды.  
Мың екі жүз сегізінші жылдары  
Моңғолдың бетін қайтарды.

Үздіксіз он жыл соғыста  
Ел дәулеті шайқалды.  
Жебеқоян дейтұғын  
Асқан жылпос сайқалды  
Шыңғыс хан берген бұйрықпен  
Тыңшылыққа аттанды.  
Жебеқоян келді де,  
Өтірік дос боп тайпалды.  
Сезбей қалды Кішіұлық  
Бұл әзәзіл сайтанды.  
Аңдыған жау алмай ма  
Көп күтіп жүріп бір сәтін.  
Басын кесіп алады  
Ұйқыда жатқан батырдың.  
Қолбасшысыз қалың қол,  
Жау күшіне шыдамай,  
Шашыранды соғысып,  
Тозды, басы құралмай.  
Наймандар қашты Байқалдан,  
Топ-топ болып қосымен.  
Монғолдар қалды мәз болып  
Орындалған өшінен.  
Шаруасы күйзеліп,  
Айрылды халық есінен.  
Көп найман барып табысты  
Қытайлық қалың досымен.  
Қозы Қөрпеш зираты  
Аягөзден табылған,  
«Руы – Найман», – деп онда  
Қара тасқа жазылған.  
«Мың сегіз жүз жетінші  
Жыл еді», – деп зерттеген

Радлов деген ғалымның  
Еңбегі бар ертеден.  
Тарихта үлкен мәні бар  
Моңғолмен өткен бұл майдан,  
Халық аузына таралды  
Қырғызды жеңген Ер Найман,  
Бура Найман – Ақ Найман,  
Мырза, Семіз, Күн Найман,  
Бүйікара, Жуанбұт,  
Құран, Киік, Ор Найман,  
Қамарқұл, Қожа, Жігер де,  
Он екі ата ел – Найман.  
Найманның өзін күйзелеткен  
Моңғолмен болған қан майдан.

## 10. ҚОҢЫРАТ

Оразкелді, Токболат, Байлар, Жандар,  
Күлжеге, Етім, Бәшмен, Жаманбайлар.  
Қаракұса, құйысқансыз он ата боп,  
Қоңыраттан таралған осы жай бар.

Еңбегін Аманжолов Сәрсендердің  
Шежіре-өлең етіп, елге бердім.  
Қолымда деректерім толық болмай,  
Таралмай қалды ұрпағы біраз елдің.

Нұртазин Ахметжан өзім атым,  
Құралды көп еңбекпен осы хатым.  
Алпыстың аскарынан асқан жылы  
Арнаған ұрпақтарға АМАНАТЫМ.

*1970 жылы жазылған*





**ЕСТЕЛІКТЕР**



**Абылай Балтабаев,  
Аханның немере інісі**

## **ТАБИҒАТТЫ СҮЙІП ӨТКЕН АҚЫН АТАМНЫҢ РУХЫНА АРНАЙМЫН**

Ахметжан атамыз (ел азаматтары Ахаң деп атап кеткен) 1908 жылы Шал акын ауданы Көктерек ауылында карапайым шаруаның үйінде дүниеге келген.

Ахаң шығармашылық, өлең өнерімен өмірінің соңғы он шақты жылдарында ғана айналысады, бар өмірін орман шаруашылығына арнап, Есіл өңірінің сұлу табиғатын, адамгершілікті, достықты, туыскандықты, аңшылықты жырлап өтті. Алпысыншы жылдары үш кітабы басылып шықты: «Көк тоғай», «Полковник қызы», «Орман сыры». Өзі 1973 жылы дүниеден өткеннен кейін «Орман жыры» кітабы 1979 жылы жарық көрді. Аханның тағы бір үлкен еңбектерінің бірі – өлеңмен жазылған қазақтың шежіре-дастаны. Бұл шежірені жазу үшін Ахаң бірнеше жылдар бойы еңбек етіп, талай білімді адамдарды тындап, тарихи жазбаларды зерттеп, көптеген шежіре білетін адамдармен қажырлы еңбек атқарғаны белгілі, бірақ өзі көзі тірісінде шежіресін баспадан шығарып үлгермеді. «Ұрпақтарға арналған аманатым» деген атпен ол шежірені құрметті қажы ағамыз Хамзин Қобыланды 2007 жылы ғана баспадан шығара алды.

Ахметжан атамыз жасынан жаны жомарт, бауырмал, көпшіл, өте салмақты да сабырлы мінезімен ел азаматтарының алдында ертеден аса құрмет тұтуға лайық тұлға есебінде қалыптасқан адам еді.

Біздің елде Ахаңнан кейінгі халықтың қалаулысы бола білген, ақындық өнері бар қажы Хамзин Қобыланды ағамыз, атамыз Ахметжан Нұртазинді бүкіл елімізге пана бола білген, тамырын тереңге жайған Бәйтерекке теңеп, «Ахаң есте сақталады» деген өлеңінде:

Ахаң тұр қатарында алыптардың,  
Арқада аты әйгілі ақындардың.  
Халқының қазынасынан сусындаған  
Зергері әсем сөздің жеке дарын.  
Сенемін, Ахаң есте сақталады,  
Елге сіңген еңбегі ақталады.  
Ұрпаққа үлгі болып мол мұрасы,  
Әні өлмейді, сөздері жатталады, – деген.

Келесі бір өлең шумақтарында:

Ақын еді ел сыйлап, ардақтаған,  
Ахана арнап әр үйде төр сақталған.  
Айтылған әрбір сөзі жүрек тербеп,  
Санасында халқымның орнап қалған.

Халқымның ардақтысы, асыл адам.  
Үлгісі өмірімнің, өнеге алған.  
Ұмытылмай санамда сақталатын  
Ақын, сері, данышпан, тарлан бабам, –  
деп Ахаң еске түскенде Қобыланды ағамыз осылай  
толғанатын.

Мен он жасқа келгенде әжем бұл дүниеден фәни дүниеге өтіп еді. Қайтыс болар алдында маған «Балам, сен атаңның (мен Ахаңды директор ата дейтінмін) қасында бол, ол кісіні біздей көріп, айтқанын істесең, жақсы адам

боласын», – деп тапсырып кеткен еді. Менің Аманбай атамды көзі тірісінде немере ағасы ретінде өте құрмет тұтып, Ахаң сыйлап жүрсе керек. Шынында, әжем айтқандай, Ахаң маған өмірінің соңына дейін камкор болып өтті. Сондықтан мен жасымнан Аханның қасынан табылып, атамның халықтың алдында қандай абыройлы болғанын көзбен көріп, құлағымен естігендердің бірімін.

Әсіресе Ахметжан атам 1968 жылы 60 жасқа толып, пенсияға шыққаннан кейін үш жыл бойы студенттік кездегі жазғы демалыста Қазақстан жазушылар Одағы сыйлаған «Волга» машинасымен Аханды әртүрлі кездесулерге, тойларға, қонаққа апарып, үнемі қасында болдым. Болатбаев Ніл Агдамович біздің облысты 17 жыл бойы басқарған, Аханды өте құрметтейтін, екеуі де өмірлерінің соңына дейін сыйласып өтті. 1968 жылы Ахаң пенсияда болса да райкомның жиналыстарына қатысып тұратын. Ол кезде Ніл Агдамович Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болатын. Сондай жиналыстың біріне мен Аханды апарып, ол кісіге қандай құрмет көрсетілгеннің куәсі болдым. Жиналыс біткен соң Нікең обкомнан келген қонақтарды сыйлап шығарып салуды орынбасарларына тапсырып, өзі Ахаңмен бірге шығып, машинасының алдыңғы есігін ашып, Аханды соған отырғызып, өзі артына отырып, үйіне апарып Ахаңа арналған асын беріп, үлкен құрметпен шығарып салып еді.

«Ұлық болсаң, кішік бол», – деген қазақтың дана сөздері дәл Нікендей қазақтың бір туар асыл азаматтарына арналған сияқты.

1969 жылдың көктемінде дәл осындай нағыз сыйластықтың куәсі болдым. Мамыр айында Ахаң жалғыз ұлы

Қайратты әскерге жіберіп ысылдырып алайын деп, тойын өткізіп, Сергеевқадан шығарып салып, лесхозға келдік. Содан түнгі сағат 3:30-да атам мені оятып: «Балам, калаға барамыз, машинаны дайындап кой», – деді. Ахаң түннің ортасында облисполкомның сол кездегі бастығы Қусаинов Сақан Қусаинович деген адамның үйіне телефон соғып: «Сәке, менің денсаулығым сыр бере бастағасын түні бойы ойланып, жалғыз ұлым жоғарғы білім ала алмай қалады ма деп, Сізден баламды алып қалсаңыз деп сұрайын, әйтпесе таңғы сағат сегіздегі пойызбен баламды әскерге алып кетуге тиісті», – дегенін өз құлағыммен естідім.

Біз таңертең он минутсыз сегізде облисполкомның алдына келсек, Сақан Қусаинович мекеменің алдында сыртта Ахаңды тосып жүр екен. Екеуі құшақтасып амандасып, Сақан: «Балаңыз облвоенкомның кабинетінде сізді тосып отыр», – деді.

Міне, әр адам сыйласқанның құлы дегеннің мағынасы осындай адамгершілікте жатыр ғой деп ойлаймын. Әйтпесе облыстың басшысы түн ортасында тұрып бір зейнеткер шалдың сұрауын орындай қоймас еді. Ахаң кейде ауыл аралап жүріп өзі кезінде жақсы араласқан карапайым адамдардың үйіне сокса, сол үйдің адамдары ерекше қуанып, мақтанышпен «Біздің үйге Ахаң келіп қалды», – деп бүкіл елге жайып жіберетін. 1970 жылы Ахаңның қатты ауырып жүрген кезі. «Маған машинаны дайындашы, Ақтас деген ауылда мен сияқты зейнеткер Төлебай деген досыма барып бой сергітіп қайтайық», – деді. Ақтасқа келсек, ол кісінің үйінің есігінде құлып тұр екен. Содан «Жолымыз болмады ғой», – деп, машинаға мініп кетіп бара жатсақ, байқаймын, артта бір кісі екі қолын бұлғап жүгіріп келе жатыр. Токтасам, сол

Төлебай шалдың өзі екен. Біз келгенде ол кісі корада мал жайлап жүрсе керек. «Ахметжан-ау, Ахметжан, мен сенен айырылып қалам ба, жаным шығып кете жаздады ғой», – деп ал келіп құшақта.

Сол кездегі «Бұлақ» совхозының басшылары, директоры Айбасов Қалкен Кереевич, парторгі Балтабаев Қаззетай Балтабаевич, Төлебай ақсақалдың дос-жарандары жиналып, сол түні бір әдемі отырыс болды. Атам да ауруын ұмытып кетті. Ол кісі отырған жерінде қазақтың алтын қазынасы шежіре-дастанды жатқа білетін, қара сөздің шебері, суырып салма ерекше ақындық қасиеті бар адам болғандықтан ел азаматтары ерекше құрметтеп, қуана қарсы алушы еді.

Сол кеште Төлебай досына мынадай өлеңін арнап кетіп еді:

Ақтастағы Төлебай  
Мәжіліске керегі-ай.  
Шабыты шалқып кеткенде  
Теңіздей сөзге тереңі-ай.

Сөйледі Төкең құрылдап,  
Тыңдады халық күлімдеп.  
Ұзақ түннің өткені  
Бір сағаттай білінбейді.

Мәжіліс сәнін келтірді,  
Шебер тілдер шертілді.  
Тыңдаушылар тамсанып,  
Көңілдері желпінді.

Мен Ахаң туралы мына кішкентай мақалада барлық көрген-білгендерімді айтып бере алмайтын шығармын.

Тағы бір-екі естеліктерді еске түсіруді жөн көріп отырмын.

Ахан академик жерлесіміз Евней Бөкетовті өте қадір тұтып, сыйлап өтті. Ол кісі елге келгенде Ніл Агдамович Болатбаев екеуі Есілдің жағасында киіз үй тігіп, кішігірім той жасап жіберуші еді.

Мен Аханның әншілері Жарман, Мұрат, Социалдан Сәуле деген халық әндерін жақсы айтатын қыз бар да, солардың бәрін жинап әкеліп, Евней ағамызға әдемі ән тындатып, қызықты әңгімелер айтқызып, ертеңіне Көкшетау облысының азаматтарының қолына Сырымбеттегі Шокан Уәлиханов ауылының қасына дейін шығарып салушы едік.

Сол жолы атам маған «Қарағым, сен бүгін ұйықтама, мына Евней ағанның әңгімелерін тыңда, ол кісі ғұлама адам», – деп айтқан. Сонда бірінші рет Евней ағаның бөтен адамдар болмағандықтан өз ауызынан естігенім «мына Совет үкіметі біздің казакқа тәуелсіздігімізді онайлықпен қайтара қоймас», – деп қынжылып айтып отырғанын көрдім. Бір партиялы жүйеде елдің тағдырын партия басындағы 3-4 адам ғана шешетіндіктен ақыр аяғы Совет үкіметі дағдарысқа ұшырап, біз жоқ жерде тәуелсіздікке қол жеткізіп едік.

Бірақ бізде 30 жыл өтсе же тәуелсіздігіміздің қадірін бағалай алмай келеміз. Евней ағамыздың өзіміз жеке тәуелсіз ел болсақ, ұлан-ғасыр байтақ жеріміз бар, бітпейтін кен орындарымыз бар, сондықтан біз әлемдегі ең мықты елдердің бірі болар едік деп айтуы әлі күнге дейін бізге қиял болып қала беретін түрі бар.

Ерекше атап өтейін дегенім, Ахметжан атама Қайни әжем де сай, түрі де, жаны да өте сұлу асыл анамыз болатын.

Сол ардақты Қайни әжеміздің бір кабак шытқанын көрмеппін, әрқашан мейірім төгіп тұратын адам болды. Сондықтан болар, атамның үйінен қонақ кетпейтін, үйінің есіктері жабылмаушы еді. Облысымызға Алматыдан атақты ақын, жазушылар келсе, Ахаңның үйіне соқпай кетпейтін. Ахаң Сәбит Мұқановпен ағалы-інілі сияқты араласатын. Ахан­ның Сәбен туралы жазған өле­нінің үзіндісін келтіре кетейін.

Сарыарқа Сәбен келсе құлпырады,  
Төсіне қызыл, жасыл гүл тұнады.  
Жайраңдап кәрі-жасы қол алысып,  
Аталап жас бөбек те ұмтылады.  
Солтүстік өз ұлымен мақтанады,  
Томдарын ақ тілекпен ақтарады.  
Салмақты әрбір сөзі саф алтын ғой,  
Жадында жұртшылықтың жатталады.  
Сәбеннің бар өмірі өнегелі,  
Ақындар дайын тұрған Дастан дескен.  
Дастан түгіл Сәбеңдер – ғарыш – әлем,  
Күн жүзін омырауынан аспан кешкен.

Сәбенді құдайдай сыйлайтын адамдардың бірегейі осы Ахаң еді. Одан басқа Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғафу Қайрбеков, Қалижан Бекхожин сияқты атақты ақындармен өте жақсы қарым-қатынаста болды. Тайыр Жароковты Ахаң нағыз қазақтың ерте сөнген шок жұлдызы деп еді, ол кісі 1964 жылы қайтыс болғанда досыма «Ескерткіш» деп мына өленді жазып еді.

Құрдасымның бірі едің,  
Қоштаспай қалдым арманда.



Ауырдым деп тұр едін,  
Кеңсеңе мен барғанда.  
Тұңғыш рет көрсем де  
Туысымдай сыйласқан.  
Көз жасы толды керсенге  
Өлімге сені кимастан.  
Көп емес еді бір ғасыр,  
Ұстасаң өмір тұлғасын.  
Ақниет, адал, шың асыл,  
Бакыл бол, Тайыр, құрдасым.

Атам халқымыздың қанына сіңген аңшылық, құс салу, жүйрік ат міну деген құмарлығын қадір тұтқан. Сондықтан өзінің маңайына өзі сияқты азаматтарды тартып, демалыс күндерін қансонарға арнаушы еді. Нағыз аңшы жолдастарын аңсаған кездерін былай еске түсіреді:

Жүйрік ат, алғыр ит пен аңшы жолдас,  
Олармен арман бар ма болсаң қолдас.  
Егерде соның бірі жетіспесе,  
Қансонар болса-дағы жолың болмас.

Шалағай жолдастарға ісім түсіп,  
Жүремін ыза болып күйіп-пісіп.  
Қабдолла, Қошан, Ғалым, шіркін, Сыздық,  
Көзімнен тұрасыздар-ау бір-бір ұшып.

Ахметжан атам лесхозда өзімен бірге тұрып өмір сүрген атакты Құлеке батырдың немересі Жантлеев Қошан ақсақалсыз аңға шықпайтын. Қошекеңмен қосылып аңға шыққанда:

Құтылып қандай қасқыр кетер еді,  
Суықпен саятынсыз өтер еді, – деп «Аңшылар» деген өлеңінде Қошекеннің батырлығын былай жырлап берген.

Алыстап қашқан арланға  
Аңшылар тағы ұмтылды.  
Қалжырап иттер қалғанда  
Жүрісі баяу бір түрлі.  
Аты жүйрік астында  
Жетті Қошан төтемен.  
Салған найза қасқырға  
Бойлады барып жебеден.  
Сағадан сынып найзасы  
Өзіне қасқыр атқанда,  
Алқымнан алды шошынбай.  
Алпыстан жасы асқанда  
Қарт көрдім батыр осындай  
Ат үстінен алысқан.  
Аншының ерлік бұл ісі.  
Алқымда қолы қарысқан  
Қасқырдың бітті жұмысы.

Сол арлан қасқырдың тісінің ізі менің нағашы атам Қошекеннің білегінде мәңгілік қалды.

Ахаң елдің ардақты азаматтары елеусіз қалса, соған қатты күйзелетін. 1969 жылы атам өзі ауырып жүрсе де еліміздің атақты акыны болған жерлесіміз Тырбиев Молдахметтің басына там орнатам деген шешім қабылдап еді. Лесхоздың қасындағы екі совхоздың директорларымен Петров Н. Н. деген Новопокровкадан, Сушенков деген Зарядан Ахаң жақсы қарым-қатынаста

болды, сол кісілер там салуға керек материалдарды үзбей қамтамасыз етіп тұрды. Ал мен атаммен таңертең ерте жұмысқа барғандай кешке дейін Еңбек ауылында там салушылардың қасында болдық. Там қалап жатқан адамдардың ас-сусын қай үй дайындап беретініне дейін белгілеп қоюшы еді. Бір жұманың ішінде Жаман сопқада тасын дайындап, көрші елдің халқын жинап, зират басында асың беріп еді.

Айта берсек, Аханның елге жасаған игі жақсылықтары бір мақаламен біте қоймас.

Атақты жазушы жерлесіміз Герольд Бельгердің әкесі Карл Бельгермен Ахан өте жақын достық қарым-қатынаста болды. Карл Бельгер 60-қа толғанда ауылдастар жылқы, қой сойып, үй тігіп, мәре-сәре үлкен той жасады. Сол тойда атам Бельгерді марапаттап, соңында «Бельгер құрдасыма» деген өлеңін оқыды. Сол өлеңнен үзінді келтіре кетейін:

Құрметті құрдасымыз Бельгер еді,  
Бельгерді Есілдегі ел біледі.  
Аурудың қандай түрі болса дағы,  
Маман жан бәріне де ем біледі.  
Біреуі үлкен, біреуі баласындай,  
Бәріне бір туысқан ағасындай.  
Сан адамды ажалдан сақтап келді,  
Көзінің ағы менен қарасындай.  
Жыл сайын жасара бер тіпті, досым,  
Тамаша денсаулығың мықты болсын.  
Әйелің, балаларың аман болып,  
Тойыңыз тойға ұлассын, құтты болсын.

Герольд Бельгердің бір естеліктерінде «Мен жас кезімде Ахаң біздің үйге анда-санда келгенде өте үлкен құрметпен қарсы алатын. Содан болар, маған есейгенге дейін Ахаң осы өлкенің ең үлкен бастығы болып көрінетін», – депті. Мен де оқу бітіріп, қызметке кіріскенше дейін дәл сол Герольд Бельгер сияқты ойлайтынмын. Себебі, мен атаммен қайда барсам да көретінім Аханды қошеметпен қарсы алатын, не айтса да бәрі тыңдайтын. Ахаң – бұл дүниенің қызығын бір кісідей көрген адам. Жасынан елдің көзіне түсіп, әртүрлі қызмет атқарды, абыройға бөленді, атак-даңққа ие болып, сән-салтанатпен ғұмыр кешті.

Ахаң суырып салма ақындығынан басқа өмірде дархан көңілді сері адам болды. Ол кісі шын мәнінде тойдumannың сәні, бағыттаушысы, әңгіме-қалжыңды төте жөнелтетін адам болушы еді. Саналы ғұмырында Аханның ұрпаққа өнеге болып қалатындай игі бастамалары көп болды.

Орманшы кәсібінің қыры мен сырына тек қанық бола қоймай, асқан ұйымдастырушылық қасиетінің арқасында Сергеев ауданының (Шал ақын) орман шаруашылығының өркендеуіне зор үлес қосты.

Ахаң лесхозды басқарған жылдың ішінде халықтың айтуынша 20 млн. аса шырша, қайың ағаштары бой көтеріп, ауданның жарты аумағынан астам жері ну орманға айналды. Атам, міне, дүние салғалы 47 жыл өтсе де, ол кісінің қолымен өсірген орманы азаймаса, көбейген жок».

«Өлді деуге бола ма, айтындаршы,  
Өлмейтұғын артында іс қалдырған», –  
деп Абай атамыз айтқандай, «Ахметжан ағаштары» атанып, жайқалып өсіп тұрған орман ағаштары ешқашан

ұмытылмай, өзінің жарқын есімімен ұрпақтарға үлгі болып мәңгілік есте қалу керек еді.

Әттең, бір өкініштісі, Аханның жүз жылдығында осы өңірдің сыйлы азаматтарының бірі болған қажы Хамзин Қобылан ағамыз осы облысымыздың Аханды көзі көрген, бірге қызмет істеген Ғаббасов Мажкен Ғаббасович, Телюк Петр Захарович, Искаков Жаксылық Ғабдуллин-нович, Аханның шәкірті болған ондаған жылдар облысымыздың орман шаруашылығын басқарған Звериченко В.М., тағы басқа он шақты осы өлкенің абыздары, ең қадірлі азаматтарының қолдары қойылған тілектерін алып барып Октябрь лесхозының атын Ахметжан Нұртазин атына өзгертуді облыс әкімшілігінен сұрап еді. Ол кезде Мансуров Таир облыс әкімінің қызметінен Мәскеуге ауысып, орнына уақытша қалған орынбасары облысымыздың бетке ұстар азаматтарының хатына да қарамастан, «Бізге ондай жүздеген лесхоз директорларымен, ақындарының бірі келіп, бірі кетіп жатады, оны не үшін алып келдіңіз», – деп, Октябрьдің атын халықтың кезінде ардақты ұлы бола білген Ахметжан Нұртазинге қимай қайтарып жіберіпті. Қобылан ағамыз «Еліміздің ардақты азаматтарын сыйламайтын адамдар билікте отырғанда біздің болашағымыз бұлыңғыр болады ма деп қауіптенемін», – деп, өте қиналып келді.

Аханның ел ішінде қандай сыйлы азамат болғанын мен өз көзіммен ол кісі 1973 ж. қаңтар айында қайтыс болғанда көрдім. Сол күні 43 градус суық болғанына қарамастан Аханды соңғы сапарға шығарып салуға бірі машинамен, бірі атпен, бірі жаяу, мыңдаған адамдар 80 үй Көктеректің үйі түгіл даласына сыймай кетіп, машиналары барларды лесхозға жіберіп еді.

Біздің ауылдың қасиетті адамы Мансур қари акын болмаса да, Ахаң қайтыс болғанда ерекше тебіреніскен «Тазасы едің алтынның» деген өлеңін арнап еді.

Айнасы едің халқыңның,  
Көтеретін көңілін.  
Тазасы едің алтынның,  
Ақыры жерге төгілдің.  
Думандаттың жасыңда,  
Кетпеді достар қасыңнан.  
Ардақты ұлы елімнің,  
Сол дәурен өтті-ау басыннан,  
Достарың қалды артында,  
Уақытсыз сөнді шамшырақ.  
Қайғылы жүрек камығып,  
Көзден жас кетті-ау тамшылап.

Ахаң қайтыс болар түннің алдында мен ол кісінің ең соңғы өлеңін дәптерге жазып кетіп едім. Сол «Аурудың азабы» деген өлеңнің бірінші және соңғы шумақтарын келтірейін.

Ауру кырық жыл бойы қалмай келді,  
Қайталап қайта-қайта алдай берді.  
Көкіректі керней біткен шабытыма  
Бұл, шіркін, бөгет болып шалғай келді.  
Өмірдің болмаса да арты мәлім,  
Тірлікке талаптанып талпынамын.  
Сөнсем де сүйкімді боп ағайынға,  
Сүттен ақ, таза болсын жарқын жаным.

Енді біздің қолдан келетіні тілек: Ахаңның қалған балалары, немерелері, шөберелері аман болсын дейміз. Жалпы еліміз аман болып, Аханды білетіндеріміз өміріміздің аяғына дейін өңіріміздің дара туған асылын еске алып жүруге жазсын. Атамның өзі кетсе де, халқына сіңірген еңбегі кетпесін.



**110-жылдық мерейтойына  
арналған конференция**

**М. Р. Сағдиев,**  
**Қазақстан Республикасы Ардагерлер**  
**ұйымы Орталық кеңесінің төрағасы**

## **ЖАДЫМДА ЖЫРЫ ҚАЛҒАН ЖАТТАЛЫП**

Ақын жүрегі кашанда сергек те сезімтал, дарынды адамдардың мінезі адал да елгезек келетіні табиғи заңдылық болса керек. Солтүстік өңірдің төл тумасы Ахаңның – Ахметжан Нұртазиннің бойында осындай шынайы адами қасиеттері ерекше үйлесім тапқан. Ахаң елге сыйлы, замандастарының арасында өте беделді, өңір шежіресінің тылсым тұнығынан сусындаған шын мәніндегі ел ағасы еді.

Мен Ахаңды бала жасымнан жақсы білетінмін. Ол менің әкем – Рамазан Сағдиевтің өте сыйлас жолдастарының бірі болатын. Біздің үйге талай келіп, қона жатып, әкем екеуі ұзақ түндер бойы ел жайлы, туған жеріміздің тамаша өңірлері хақында жалықпай сырласатын. Сонда мен оның туған табиғатын барынша сүйетін ақынжанды нәзіктігіне тәнті болатынмын. Әкем марқұм Ахаңның ақындығын құрметтеп, бірден тапқатта жөнелетін суырып салма өлеңдерін марапаттап отырушы еді.

Кейін мен ержетіп, Сергеевка ауданының «Афанасьевский» кеңшарында директор болып тағайындалғанда, Ахметжан Нұртазинмен етене араласып, бұрынғыдан да жақын бола бастадық. Бұл 1962-1966 жылдар аралығы еді, Ахаң сол өңірдегі орман шаруашылығының директоры болатын. Ол кісінің адамға өте жұғымды, кішіпейіл де елгезек мінезінің аркасында ағалы-інілі адамдардай біте қайнасып, өте сыйласып кеттік.



Солтүстік Қазақстан облысының тамаша табиғатынан нәр алып, ақ қайың, сұлу қарағайлы орманды алқаптарында өскен Ахаң туған жерінің тылсымын терең түсінген, шын мәніндегі дала перзенті еді. Сапарлас болып, облысты аралай шыққан сәттерде Ахаң әрбір орман алқабының, әрбір ағаш пен әрбір бұлақтың беймәлім шежіресін толғана шерте жөнелетін.

Туған жерінің тылсым табиғатымен үндес өмір кешкен Ахаң дархан көңілді сері адам болды. Суырып салма ақындығымен сырлы әуезді әншілігі қосылып, оның өнер бесігінде дес бермейтін қасиетін сомдайтын. Ол шын мәнінде той-думанның сәні, сәтті келген тұста, бағыттаушысы, әңгіме-қалжыңды төге жөнелтетін адам болушы еді.

Ахаңмен жұмыс бабында да жиі кездесіп, елге сыйлы замандастарының арасында беделді болғандықтан кейбір түйіні күрделі мәселелерді шешуге үнемі араластырып отырушы едік. Ел мүддесі, жер жағдайы туралы мәселелерде ол үнемі принципшілдік танытып, салиқалы пікірлерін айтатын.

Тағы да бір ерекше атап айтатын жағдай, Ахаң облыс көлемінде айтулы аңшы атанған адам болатын. Жасында жүйрік баптап, ит жүгіртіп, құс та салған екен. Бертін келе де далалық аңшылық дәстүрді жалғастырып, ізбасарларына ата салтының сан қырларын үйретуші еді. Ахаңмен аңға шыққаннан артық қызықты да салтанатты сәттер жоқ шығар, сірә!

Саналы ғұмырында Ахаңның ұрпаққа өнеге болып қалған игі бастамалары да баршылық. Орманшы кәсібін қыры мен сырына қаныға жүріп, ол туған жерінің әрбір талы мен ағашын көздің қарашығындай сақтауға барын салды. «Бұлақ көзін аш, ағаш ек» деген ата дәстүрін берік

ұстанып, орман шаруашылығының өркендеуіне барлық күш-жігерін жұмсады. Бұл өңірде өспейтін талай-талай ағаш тұқымдарын жерсіндіріп, өзі отырғызған ағаштардан орман-тоғай жасады. Аханның игілікті істерінің ізіндей, өзі баптаған орманы бүгінде жапырақ жайып, жайкалып тұр. «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында іс қалдырған», – деп Абай атамыз айтқандай, «Ахметжан ағаштары» атанып, жайкала өсіп тұрған бұл орман алқаптары тұрғанда, «көзден кетсе де көңілден кетпеген» Аханның бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес, есімі де ұрпақ жадында жаңғыра бермек.

Ақын Ахметжан Нұртазиннің барлық өнегелі ғұмыры, шығармашылық қызметі туған жерге, орман өміріне арналды. Оның әрбір өлеңі орманды өлкенің ерекшеліктеріне, ұшқан құс, жортқан анына, тылсым табиғи көріністеріне арналушы еді.

Алка-Ағаштың ығына  
Отырғыздым карағай.  
Қараймын өзім қызыға,  
Қуанып жас баладай.  
Баладай сен ертең-ак  
Толығып ер жетерсің.  
Мұнарқан жасыл көркем-ак  
Орман болып кетерсің.

Міне, Аханның өмірдің өзінен туған өлеңдері осылай шындықты сурет кылып беруші еді. Тамаша табиғатын аялаған атакты орманшы, артына мол мұра қалдырған сыршыл ақын, өнегелі ұрпақ өрбіткен аяулы әке Ахметжан Нұртазиннің жадымда жаңғырған азаматтық тұлғасы осындай болатын.

## РЕШЕНИЕ О переименовании улиц в г. Сергеевке

На основании Постановления Правительства Республики Казахстан от 6 марта 1996 года № 281 «Порядок наименования и переименования предприятий, организаций, учреждений, железнодорожных станций, аэропортов, а также физико-географических объектов Республики Казахстан и изменения транскрипции их названий», концепции упорядочения наименований государственных и административно-территориальных единиц, переименования населенных пунктов и восстановления исторических, географических названий в Республике Казахстан, постановления районной ономостической комиссии от 27 февраля 1997 года № 1 и решения 17-ой сессии 1-го созыва районного Мاسлхата «О переименовании улиц г. Сергеевки» от 7 мая 1997 года, аким района **РЕШИЛ:**

1. Утвердить переименование улиц в г. Сергеевке (приложение № 1).
2. До 30 июля 1997 года начальнику МПХХ Пустыльникову В.Н. подготовить аншлаги улиц, согласно приложения № 1.
3. Поставить в известность о переименовании улиц следующие организации и предприятия: РУТ, ГСПС, РОВД, ЦРБ, РОС, налоговую инспекцию.
4. Акиму Аютаского сельского округа т. Барышеву В. С. принять соответствующие меры по практической реализации данного решения.
5. Редактору районной газеты «Новатор» Малдыбаеву С. Г. опубликовать в районной газете данное решение.

### СПИСОК

переименованных улиц в г. Сергеевке.

- |   |   |
|---|---|
| 1. ул. Коммунистическая — ул. Дружбы    | 7. ул. Октябрьская — ул. Шал-Акына        |
| 2. ул. Дзержинского — ул. им. В. Котова | 8. пер. Ибраева — пер. Наурыз             |
| 3. ул. Ленина — ул. Победы              |   |
| 4. ул. Красноармейская — ул. И. Шухова  | 9. ул. Советская — ул. Желтоқсан          |
| 5. ул. К. Маркса — ул. С. Мукамова      | 10. пер. Комсомольский — пер. А. Нуртазин |
| 6. ул. Кирова — ул. им. Ибраева         | 11. пер. Пионерский — пер. Аютаский.      |

5. Контроль за исполнением данного решения возложить на заместителя акима района

Х. Куандыков, аким района.

## Сергеевка қаласындағы көшені қайта атау туралы шешім



**Кәкімбек Салықов,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
күрметті азаматы**

## **САРЫАРҚАНЫҢ САҢЛАҒЫ**

Солтүстік Қазақстан облысы акындарға, өнерпаз әншілерге өте бай өңір. Сегіз сері, Шал акын, Орынбай, Арыстан, Шөже, Нияз сері, Біржан сал, Акан сері, Үкілі Ыбырайдың бай мұрасынан сусындап өсіп өнерпаздың таланты мен талабы жалғаса берді. Әсіресе алыптарға сабақтас өскен Молдахмет Тырбиұлы, Ғалым Малдыбайұлы, Әміре Сұлтанмұратұлы секілді бергі тарландар канат жайды. Тап осы буынды ұстаз тұтып, қолына қалам алып атағы шыққан акындардың бірегейіне үстіміздегі жылдың маусымында туғанына 100 жыл толып отырған «Ақ қайындар жыршысы» атанған орманшы-акын Ахметжан Нұртазин жатады. Бұл ағамыз акындық өнерін кештеу паш етсе де, қазақ поэзиясына өмірден ойып салған өзінше ою-өрнекті, әдемі лирикасы бар Есіл өңірінің елеулі акыны болып қазақ поэзиясынан занды түрде орын алды.

Кейде Аханды профессионал емес, ауыз әдебиетіне жақын ел акындарының қатарына жатқызушылар да болды. Өз басым ол шешімге көне алмаймын. Мүмкін, осылайша баға беру алғашқы өлеңдерін оқыған зерттеушілерден шыққан шығар. «Орман жыры» (Алматы. «Жазушы», 1979) өлеңдер мен поэмалар жинағындағы:

«Тоғай біткен тонын шешіп тұрғандай,

Тыр жалаңаш бола қалған сұр қалмай.

Қарт адамдай буындары катыпты,  
Бұрынғыдай мың бұралып ырғалмай», –  
деген шумақты оқығанда ақ қайындар аймағының  
қоныр күзі келгенін анық ұғасың. «Тыр жалаңаш бола  
қалған» деуі де жапырақтарынан жұрдай орман-тоғай-  
дың ахуалын айтып тұр. «Қарт адамдай буындары ка-  
тыпты» – деуі де ауыз әдебиетінің өкілі емес, нағыз өр-  
кендеген қазақ поэзиясының көрнекті өкілі жазған өлең  
деуіме толық дәлел емес пе? «Тоғай біткен тонын шешіп  
тұрғандай» тамаша сурет! Сурет те бар, тауып айтылған  
тенеулері де тамаша өлеңді нағыз «орманшы-ақын» ғана  
жазады. Ол Ахметжан аға емес пе, профессионал ақын  
болып, әрі бөрі, әрі сері салтында өмірге өз ізін тастап,  
асыл мұра қалдырып кеткен жоқ па? «Оқырман қауым  
бұл ақынның мұрасынан елдің, жердің тарихымен бірге  
оның өз адамгершілік, ақындық кескінін танытқанына  
кәміл сенеміз», – деп қазақтың ақ иық ақыны, актангер  
тулға Ғафу Қайырбеков айтқандай Аханның поэзиясы-  
ның елмен, жермен бірге жасайтынына еш күдік жоқ.  
Керісінше, уақыт өткен сайын оның өлеңдері мен поэ-  
маларының құны арта түседі. «Алтынның қолда бар-  
да қадірі жоқ» дегендей тамаша поэзиясының бағасын  
күннен күнге жас ұрпақ тани түседі деп білемін. Өйт-  
кені онда Сарыарқаның суреті, көк Есілдің нұр жүзі,  
ақ қайындар алқасының қарапайым тірлігі сол табиғи  
қалпында әсерлі де сұлу берілген.

Ахметжан Нұртазин 1908 жылдың маусымында Сол-  
түстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданындағы Көкте-  
рек атты ауылда қарапайым һәм қайырымды отбасында  
дүниеге келген. Ол Есіл-Көкше өңірінің айтулы азаматы  
болып өскенде қай қызметте жүрсе де аузына берік,  
ісіне мығым, бастыққа сак, бағыныштыларға досжар

карапайым болып, ар-намысын таза сақтап өсті. Атақты ақылман Артур Шопенгауэр: «Өз ғұмырынды жақсы өткізу үшін сақтық пен мейірбандық қолда бар қоры молдау болсын, біріншісі қастандық пен шығыннан, екіншісі – бос талас пен қиянкескі жанжалдан сақтап қалады», – деген екен. Міне, осы даналықты оқымай, естімей-ақ Ахаң бойына ана сүтімен сіңіріп, тамшы терімен дарытқан екен. Ол кісіні алғашқы көргенде байқағаным: ұқыпты да жинақты, көп тындап аз сөйлейтін асыл ғадеті бар екен.

Ахметжан Нұртазинді алғашқы рет 1950 жылы Сырымбет орта мектебін күміс медальмен бітіріп, Көкше жақтан атамекенге келгенде әкем Салықов Айтахметтің ағасы Қазақстанның халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы аудан орталығы Марьевканың түбіндегі Октябрь лесхозының орталығына алып келгенде көрдім. Онда Ахаң орман шаруашылығының директоры болатын. Біз болсақ Молдекеннің тағы бір інісі Ақбұзау Ертуриннің үйіне қонақ болып келдік. Көршілері Жантілеудің Қошанын осы күнгі академик баласы Аманжолмен және директорын жұбайы мен Дариға атты қызымен қоса шақырыпты. Түн ортасы кезінде қазандағы менсіз карақойдың еті енді пісті-ау дегенде аудандық әскери комиссары полковник Хакім Бекішев келді. Ақбұзау кіріп келген құрдасына: «Түн ішінде Марьевканы жау шапты ма, аш қасқырдай кара орманға неге келдің?» – деп жұртты күлдіре бастап еді, Ахметжан ағай: «Әй, Ақбұзау, әзіліне зіл оратпа, «аш қасқырың» не, ол маған келемін деп келісімін беріп еді», – деп тоқтатты.

Содан кейін сәлден соң: «Сүзеген мүйізділер мен қоңыраулы қасқырларға тиіспеу керек, не олжасы, не ойыншығы болып кетсең, не істер едің», – деп Ахаң сәл

жымыды. Осынау кезде Молдекең домбырасына қол салып, Үкілі Ыбырайдың: «Сұм дүние, сумаңдаған сен бір қакпас, үйінде сені қуған үш күн жатпас», – деген әнін нәшіне келтіріп шырқай жөнелді. Сонда үй иесі тағы да құрдасына шүйілді де: «Е... солдат емес отын сұрауға келген ғой», – деп ду күлдірді. Сол кезде әбден жайғасып болып, табақтан ас алып отырған ұзын бойлы толық полковник: «Әй, Акбұзау, әрі құрдас, әрі сырлас едік қой, Ахметжанды тыңдайық, директорлығынан емес, айтқан ақылының керектігінен деп біл. Молдекеңнің өлеңі де дұп-дұрыс: сұм дүниенің соңында түнделетіп жүргенім рас. Ал, акын ағамызды танымай қалып, ренжітіп алғаным бар еді, кешірім сұраймын», – деді. Молдекең: «Білгеніне ризамын, кешірдім, шырағым», – деп түйіндеді. «Бұл сөзден байқағаным, – деді Ахметжан ағай, – Молдеке, сіздің мейірбандылығыңыз, кешіре білу де үлкен сабақ қой, бар болыңыз», – деп басқа әңгімеге көшті бұрып кетті.

Ахметжан Нұртазиннің достары, сыйластары тек қана ауыл маңы емес, ол алматылықтармен де табактас-сабактас болып өтті. Сәбит Мұқанов ағамыздың қадірлі інісі болды. Тайыр Жароқовпен құрдастығын, сыйластығын ескерткіш өлеңінен білеміз.

«Көп емес еді бір ғасыр,

Ұстасан өмір тұлғасын.

Ақ ниет адам, шын асыл,

Бакыл бол, Тайыр, құрдасым», – деген сөздерге қаншама толғанысты ойлар сыйып жатыр. «Ұстасан өмір тұлғасын», – деп баға берудің өзі әрі орынды, әрі ақындық асқан шеберлікпен айтылған. Ал Ғафу ағамыздың пікірін жоғарыда білдіріп өттік.

Ахметжан акын орман сырын, туған өлке сипатын, Есілдің ақ кайынды күміс алкаларын суреттегенде ба-  
яғы бәз калпында бала кезім алға келеді.

Жаз болса бозбалалар жуар атын,

Ойнак сап жуған жылқы куанатын.

Күн бата қыз-келіншек ән шырқап кеп,

Сықылдап ойнап-күліп су алатын, – десе, осы нағыз өзіміз көрген өмір ғой. «Шортаны шоктығына кол апартпай, сүйрейді сүзгіні іле, жұла тарта», «Шілдеде сүнгіп талай суында ойнап, төсінде кере құлаш сермедім мен», «Өсірген өз колымнан ормандарым, өзіме көрінеді астанадай», – деп табиғаттың досы, ел ішіндегі орманшы Ахандай ғана акын айта алады.

Жалпы адамгершілік, достық, туыстық жайында Нұр-тазиннің өлендері аз емес. Олардың ішінде де тере білсең гауһары бар. Ал, табиғат жөніндегі Аханның жазғаны казак поэзиясының тұлғасын толтырып тұрған кесек дүние, керек жиһаз. Әр акынның табиғат жайлы жазғаны бар, бірақ бар өмірін орманға арнап, коршаған ортамызды толағай жырлаған акын Ахметжан ғана. Сондықтан да оның поэзиямызда һәм әдебиет, мәдениетімізде өз орны бар тұлға.

Аңшылық жайлы жазғандар да аз емес, ал аңдарды да, аңшыларды да коса жырлап, «жүйрік ат, алғыр қыран, аңшы жолдас, олармен арман бар ма болсан колдас», – дей келе:

«Шалағай аңшыларға ісім түсіп,

Жүремін ыза кернеп, күйіп-пісіп,

Қабдолла, Қошан, Ғалым, шіркін, Сыздық,

Көзімнен тұрсындар-ау бір-бір ұшып», – деп сағыныш білдірген достарын кәміл білемін. Жантілеудің Қошаны, Жалғызтаудағы Кәрім Ырысбектің Қасымы,



Бәкібайдың Қожағалиы, Қожымның Есенғазысы, Нұр-тазиннің Ахметжаны Есіл-Көкше аймағындағы барлық аңды, көлде құсты өз иеліктеріне бөліп алардай таластарын талай көрдім. Олар өз ормандарына көршілесін жолатпайды, тек қана салтанатты шеру ретінде жиналып аңға бірге шыққандары дүбірлі той болатын. Оны білетінім аңшы атам, шешемнің әкесі Қожағали өз баласы Ерғожа мен мені қастарынан тастамайтын. Екеумізді екі атқа мінгізіп ала жүретін. Үлкен аңшылардың алдында Ахметжан ұйымдастырушы, ымыраға келтіруші, бас қосуға себепкері болатын. Аханда сал-серілердің де мінезі баршылық еді, әттең, ол бәрін тауыса айтып жар салмайтын. Қошан ақсақалдың аңшылығына сүйсініп есте қалар өлеңдерін арнады. «Ауылдағы арпалыс» атты поэмасында Қошан ақсақалдың бейнесін аша түсіп,

«Басқарды болыс Қошан Бейімбетті,

Әскерге азық-түлік дайын етті.

Кеудемен көк тіреген бұзықтардың

Бұрынғы күндері жоқ, жайы кетті», – деп Қошан ақсақалдың болыс болып елді әділ басқарғанын шабытты түрде, өте әдемі һәм әсерде жазыпты. Әрине, Қошекеннің аңшылық өнерін «Аңшылар» поэмасында айта қаларлықтай ашса, ол да ақынның үлкен жемісі.

«Аты жүйрік астында,

Жетті Қошан төтелесп.

Салған найза қасқырға

Бойлады барып жетеден», – десе қазақтың «жетесіне жеткізе соқты» дейтіні де осы ғой. Ең қызығы:

«Қанжығаны қандасып,

Қарық болып қалыстық.

Жасына қарай жолдасып,

Анды бөліп алыстық», – деп қорытқаны қуанышка батырады. Ол шындық қой.

Ахметжан Нұртазин Отан соғысының отты күндерінің куәсі ғана емес, ақ борандай октың арасында жүріп, ел қорғаған майдангер. Оның «Туыстарға майданнан хаты» және «Полковник қызы» атты поэмасы, әсіресе поэмасы қыл қаламның құлшынысын білдіреді. Поэма – күрделі дүние.

«Әкемнің көзі қара есімдегім,  
Шешемнің айтуынша Есілде елім.  
Олардың адресін білмегенмен

Іздеумен табам деген шешімде едім», – десе, «Шешеміз украин қызы екен, әкеміз батыр қазақ асыл ұлы», – деп әрі қарай тереңдете түседі де, «Ажары әкесінен айнамайды» деседі жиылған жұрт көзін салып», – деп, одан әрі қыздың майданда өлген әкесінің ағасы Кәрімжан кездескенін адам жанын тебіреніпте жырлайды. Әкесінің туған жеріне келген Ләйләнің қуанышы, Есіл өңірінің сұлу көрінісі, бәрі-бәрі қызықты да, мұнды да, қуанышты көріністермен алмасып жатады. Бұл поэмаға сценарий жазып, сахнаға шығарушылар табылса да нұр үстіне нұр жауар еді.

Ахаң айтыс ақыны емес, бірақ айтысқа түсіп Солтүстік Қазақстан ақындарының жеңімпазы атанғаны да бар. Бұл өнер сол кезде салт болып кетті, атақты жазба ақын Нұрқан Ахметбеков те Молдекеңмен айтысты ғой, бірақ одан ауыз әдебиетінің өкілі болып кеткен жоқ. Ахаң орман шаруашылығының үздік маманы ретінде бұрынғы Сергеев, қазіргі Шал ақын ауданындағы Октябрь орман шаруашылығын табаны күректей жиырма жылдай тапжылмастан басқарды. Сол кезде маңайына Жарман ағай

сияқты қарт әншіні, Мұрат сияқты жас акынды саялатты. Өзінің туған ауылы Көктерекке көмегін аямады. Осылай ойсырата еңбектеніп жүріп артында үш өлең жинағын қалдырды. Ахаң 1973 жылы дүниеден озды, жұбайы Қайни жеңгеміз де артында көп тұрмай соңынан кетті.

Ахметжан Нұртазиннің екі қызы (Дариха, Зылиха) және ұлы Қайрат (1949 жылы туылған) балалар өсіріп, немере-шөбере сүйіп, елге сыйлы азаматтардың қатарында жүрді. Дариха мен Қайрат Петропавлда тұрса, Зылиха отбасымен Алматыда тұрады.

Нұртазин Ахметжанның шығармаларын оқығанда тұтас бір өлкенің табиғаты, ауыл өмірі, казактың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, қандастарымыздың жайдары мінезі мен жомарт көңілі, әсіресе орман өмірі, ондағы ұшқан құс, жүгірген аң, жылдың төрт мезгілі көзге суреттей елестейді. Тіпті акынның поэзиясы осы күнгі туған жер табиғатын қорғау ұранымызбен де үндесіп жатыр. Асыл ағаның 110 жылдық мерейтойы құтты болсын!

*14.05.2008 ж. Астана*

## **АҚ ҚАЙЫҢДАР ЖЫРШЫСЫ**

Ақын Ахметжан Нұртазин казак поэзиясының сан түрлі гүл атқан жазирасында өзінше өрнек-ажарымен назар аударатын өлеңдердің иесі. Бұл ақын өлең сүйгіш қауымға кештеу танылды. Әйтсе де, біз оны ауыз әдебиеті мен осы күнгі профессионал ақындарды жалғастырып келе жатқан ел ақындарының қатарынан орын алады деп бағалаймыз.

Ахметжан шығармашылығының ерекшелігі – барынша шыншылдығы, өмір суреттерінің дәлдігі, жырлау объектісінің нақтылығы. Оның ертеректе жазған жырларынан казак ауылының социализмге өтудегі тұнғыш қадамдары, ауыл адамдарының психологиялық өзгерісі, ортақ коллективтік еңбекке деген көзқарас – бәрі де қарапайым да көркем тілмен баяндалады.

Ақыл, нақыл, ащы сықак, өткір мысқыл, әзіл-әжуа, казактың мінез түзеу жолындағы құралдарын әр түрмен қолданып, керекке жаратып отырады. Енді бір басты қасиеті – бұл ақынның табиғатты молынан жырлауы, орман жыршысы болуында. Бұл казак профессионал ақындарында да бірыңғай кездесе бермейтін тақырып. Бақсақ, мұның үлкен себебі бар екен.

Республикамыздың солтүстік өңірінде туып-өскен Ахметжан Нұртазин өмірінің көбін орманшылық қызметте өткізген. Тіпті ұзақ жылдар орман шаруашылығының басшылық қызметінде болған маман еді. Тамаша табиғат аясында өмір кешкен ақын табиғаттың өзіндей

әсем жанды, жомарт пейілді, сері көңілді. Ол өз өлкесінде айтулы аңшы атанған, «жүйрік баптап, ит жүгіртіп, құс салған» адам.

Оның поэзиясы осы күнгі туған жер табиғатын қорғау ұранымызбен де үндесіп жатады.

Ахметжан Нұртазин жоғарыда айтқанымыздай біздің поэзиямызға алпысыншы жылдардың басында ғана келіп, не бәрі он жылға жетпес уақытта «Полковник қызы», «Орман сыры», «Көк тоғай» атты үш кітабын шығарып үлгерді. Соңғы «Есіл тасып келеді» деген жинағын баспаға ұсынар кезде дүниеден қайтты.

Ақын өлеңдері қоғамның даму мерзімдерінің ерекшеліктерін қамтиды. Ақындық өнерінің бастау көзі ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарының аяғы. Сол кездегі тақырып түрі, жырлау сапасы жағынан бұл алғашқы өлеңдері біздің поэзиямыздың сол уақыттағы дәрежесіне сай келеді. Ақынның «Полковник қызынан» өзге дастандары түгелімен дерлік Солтүстік өлкеміздегі Азамат соғысы жылдарын, Совет үкіметінің ауылдағы өзгерістерін баяндайтын туындылар. Негізінен хикая түрінде жазылған бұл дастандар болған оқиға, деректі жайлардан хабар береді. Ал, «Полковник қызы» дастаны да болған оқиға негізінде жазылған. Ұлы Отан соғысы басталғанда әке-шешесінен жау тылында ажырап қалған казак жауынгерінің, казак офицерінің қызы туралы, оның ғажайып тағдыры туралы сыр шертіледі. Шығармада халықтар достығы тақырыбы қатар жырланады. Жалпы Ахметжан дастанында орыс-казак бауырластығы, ортақ күресі басым жырланады. Ол достық революциядан бұрынғы казак өмірінен басталып, осы күнге ұласады.

Айтып өткендей, тұтас бір өлкенің табиғаты, ауыл өмірі, казактың ұлттық жақсы әдет-салттары, жайдары мінезі, жомарт көңілі – бәрі-бәрі көрініс береді. Әсіресе орман өмірі, ондағы ұшқан құс, жүгірген аң, жылдың төрт мезгілі көзге суреттей елестейді.

Оқырман қауым акынның мұрасынан елдің, жердің тарихымен бірге оның өз адамгершілік, акындық кескінін танытынына кәміл сенеміз.

*«Орман жыры» кітабы,  
«Жазушы» баспасы, Алматы, 1979*

## КӨКТЕРЕКТЕН ШЫҚҚАН КӨРНЕКТІ АЗАМАТ

«Одағым десем, ойыма шалқырған Шалқар көлі түсер» дегендей. Ахметжан Нұртазин дегенде ойға туған жер, туып-өскен ауыл оралады; жазық дала, жасыл орман көзге елестейді. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылы – біздің туған жеріміз.

Кішкентай ғана ауыл Көктеректің өзі бес атадан тұрады: Бәгірбен (Батырбек), Жаманкұл, Жанат, Қозыбақ, Тышқан. Кімнің кім екенін біліп жүру үшін осылай болуы дұрыс та сияқты. Ахметжан Нұртазин Жаманкұлға жатады екен. Елдің үлкені де, кішісі де Ахметжанды Әбең деп, аяқ-қолын жерге тигізбейтін. Сол себепті Ахметжан Нұртазинді біз де Әбең деп әспеттейміз.

Мен Әбеңнің әкесі Нұртаза шалды бала кезімде көрдім. Берген сәлемімізге жауап катқан үні де, ұсынған қолымызды сипай ұстаған алақаны да өте жұмсақ болатын. Дауыс шығарып күлгенін, дауыс көтеріп сөйлегенін естіген емеспін. Айыр, күрек ұстағанын, үй маңында жұмыс істеп жүргенін де көрмеппін. Жайлы, таза үйде, қалың, жұмсақ көрпе үстінде жан рахатта отыратын сияқты еді. Бастық баласы Ахметжанның арқасында шығар. Бірақ Нұртаза шал сол жайлы орында жай-барақат отырмай, біреулерді мінеп, мысқылдап, өлең шығарып отырады екен. Сондай бір шумақ шымшыма өлең менің атама да арналыпты.

Жас кезімде жадымда ұстай алмай қалған сол жалғыз шумак өленді қазір жұрттың білмеуі де мүмкін. Ал мұны сөз етуімнің себебі: бір нәрсені өлең ету, біреуге өлең шығара кою Әбеңе әкесінен жұққанын, өлеңге бейімділік тұқымында бар болғанын айту. Ахметжан Нұртазиннің өленді қолма-қол шығара коюға да, ойланып, жазып шығаруға да бейім екені анық. Оның ақындығына дау жоқ.

Кейін білдім: Нұртаза мен Нұркан атам түйедей құрдас екен. Екеуі бірін бірі қалай қағытса да болады. Сондай-ақ, Ахметжан мен Әнәс та құрдас. Ол екеуінің құрдастық жолымен қалай қалжындасып ойнағанын естідік те, көрдік те. «Әкесі құрдастың баласы құрдас». Бірақ мен Әбеңнің үлкен қызы Дарихадан бір жас кішімін.

Ермек екеуіміздің Ленин орта мектебінде оқып жүрген кезіміз, Октябрь аудандық орман шаруашылығының директоры, атағы дардай Ахметжан Нұртазиннің үйіне қонаққа шақырылды. Аудандық орман шаруашылығын жұрт Лесхоз деп атайды. Міне, сол лесхозға енді бізді, бір топ жасты, Әбең өзі арнайы шақырып, әдейі алдырткалы отыр.

Ахметжан Нұртазиннің лесхоздағы үйі, мекен-жайы бізге қатты әсер етті және сондай ұнады. Сондайдан назар аударған еңселі үй алыстан көз тартады. Ағаш, мүк иісі аңкиды. Қарағайдан қиып салынған үйдің іші саңғырап тұрған болуы керек. Сыртқы баспалдақтың өзі соны аңғартқандай, соған бастап жетелегендей. Аумағы үлкен үйдің кіре беріс дәлізі де, кіргеннен кейінгі бөлмелері де, кеңінен ашылып қарсы алған залы да бұл үйдің иесі орманшы екенін әйгілеп тұр. Үй ішіндегі жасау-жиһаздардың көпшілігі ағаштан түйін түйген шеберлердің қолынан шыққаны байқалады. Қабырғадағы



карсак, түлкі терілері, еденге төселген қасқыр терісі үйдің егесі аншы екенін аңғартады. Әбеннің әйгілі қасқыр ішігі қабырғаның жартысын алып тұр. Біз үшін мұның бәрі таңсық.

Әбеннің әйелі – Қайни шешей жылы жүзді, мейірімді жан екен. Кісіні бірден жақын тартатын жақсы қасиеті бар. Бізді өз балаларындай, іні-бауырларындай қарсы алды. Үй иесінің үлкен қызы Дариха біздің келгенімізге, бізді көргеніне шынымен-ақ қуанышты. Кіші қызы Зылиха бізге тым сабырлы, ұстамды көрінді. Оның есесіне еркін де жайдары Дариха бәрімізді баурап әкетті. Әбең кенседен келгеннен кейін тіпті жадырай түстік.

Лесхоз, әрине, колхоз да емес, совхоз да емес, мекеме деуге келмейтін, ауыл деуге болмайтын, өз алдына бөлек бір дүние, өзінше бір патшылық. Міне, сол орман шаруашылығының қожайыны Ахметжан Нұртазин сырт көзге, былайғы жұртқа патшаныздан кем емес. Әйтеуір Әбең өзінің абырой-беделімен, салмақ-салтанатымен өз тұстастарынан оқшау көрінетін. Әр кездері колхоз басқарған, басқарма болған құрдастары Қази Досымбековтен де, Бікән Қоспановтан да, Әнәс Нұрқановтан да Ахметжан Нұртазинның иығы жоғары, еңсесі биік болатын. Әбең өзінің көтеріңкі кеудесін ешқашан ешқандай жағдайда да төмен түсірген емес. Әрдайым өзіне тиімді данқ-дәрежесін, бедел-бейнесін (имиджін) жоғалтпауға ұмтылатын. Айталық, оның жазда, күзде, қыста ел аралайтын тұста киетін киімі, мінетін көлігі, жегетін аттарына дейін таңдаулы, келісті, көрікті болатын. Ат әбзелдерінің өзі қандай. Өңкей бір күрең төбел, жирен қасқа, сал торы аттар бауырынан жарап, жұтынып тұрушы еді. Жазда рессорлы, жұмсақ, жеңіл арбаның мойылдан тоқылған қорабын жалғыз өзі толтырып, атқосшысын

алға отырғызған Әбенді, қыста жеңіл кәшәуәға жалғыз өзі жайғасып, қасқыр ішігін, қаласа, киіп, қаламаса, жамылып, жантайған, көшірін алға орналастырған Әбенді, Лесхоз директоры Ахметжан Нұртазинді ел ерекше көретін. Және соның бәрі Әбеңе жарасатын.

1961 жылдың жазы ғой деймін. Туған ауылымыз – Көктерекке атам Нұрқанның, аға-жеңгем Таласбай-Тойжанның үйіне жиі барамын. Солай ерігіп жүрген бір күні тағы да Әбеңнен шақырту алдым. Ахметжан Нұртазин ауылда екен. Әбең есік алдында, көк майсаға төселген алаша, көрпе үстінде екі иығынан дем алып, омырауын ашып тастап, тыныстап отыр. Әбең ашық аспан аясында әңгіме-дүкен құрды. Әңгіме ауыл төңірегінде өрбіді. Әбең алысқа, анау айнадай болып жалтырап жатқан қарасуларға, одан әріде көзге бұлдырап көрінетін тоғайларға қарай отырып, туған ауылымыз Көктерек тұрасында өзі де тебіреніп, бізді де тебірентіп, біраз әңгіме айтты. Қашан болса да, қайда жүрсе де көңіл төрінде Көктерек тұратынын, Көктерекке жеткенше асығатынын жасырмады. Бір кезде Елеусіз шал ұсталық еткен ұста дүкені тұрған жалпақ дөннен немесе Күлекенің ескі үйінің орны бар дөнкіген дөңестен Үлкен Алқа, Кіші Алқаға ұзақ қарап, телміре сүйсінуден әсте жалықпайтынын жайып салды. Мынау әңгіме маған қатты әсер етті. Ойыма: «О, менің көкорайлы Көктерегім!» деген сөздер оралып, көңілден кетпей қойды. Орнымнан тұрып, үйімізге жеткенше сол сөздерді қайталай бердім-ау деймін. Жаныма тыныштық бермеген, әзірге беймәлім сөз тіркестері ақыры өлең болып өріліп, жыр шумақтарына айналды. Бес шумақ өлең асығыс қағаз бетіне түсірілді:

О, менің көкорайлы Көктерегім,  
«Жаһанда өзіндей жер жоқ» дер едім.  
Арада айлар өтіп оралғанда  
Сағыныштан өлердей боп келемін..

Ораған батысың мен түстігінді  
Орманың – қорғаның ғой қысты күнгі.  
Жалғыз ағаш бауыры бау-бақшадай,  
Жайнатқан түрлі жеміс, түсті гүлді.

Ал Алқаң – анық әсем, айна көлді,  
Көлдерді мыңғырған мал айнала өрді.  
Шалқалап жатам жасыл шалғынында,  
Туристер мұндай жерді қайда көрді?!

Мұхит қой маған сенің Қарасуың,  
Қайың-тал жағасында жарасуың!  
Телміріп соған сонша қарап тұрған  
Өзіңнің оқып келген Жарас ұлың.

Туған жер, көкорайлы Көктерегім,  
Есейіп, ер жігітің боп келемін.  
Өзірге қолдағы бар сыйым осы –  
Өзекті өртеп шыққан отты өлеңім!

Әбеннің сыршыл әңгімесінің әсерімен менің туған жер туралы бір өлеңім осылай өмірге келіп еді. «Жақсыдан – шарапат» деген сол.

Араға айлар емес, жылдар салып, Көктерекке келгенім бар. Өзіміздің қарашаңырақ – атам Нұрқанның орнында отырған Таласбай ағамның үлкен ұлы Нағашыбайдың үйіндеміз. Кешкі астан кейін көңілденген тұста

құдайы көрші және бізге құда Төлегеннің Болаты ауылдың алты ауызын айтты. Әуен-сазы беймәлім, бірақ өлең сөзі таныс тәрізді. Сөйтсе, Болат менің «Туған жер» деген өлеңімді өзінше әуендетіп отыр. «О, менің көк-орайлы Көктерегім!» – деп, созып қояды. Үндістаннан келген секілді жылтыр кара жігіт, әппақ тістерін жиі-жиі көрсетеді. Иә, кездескенде әрдайым күлімсіреп амандасатын ініміз, көп сөйлесуге мұршасы жоқ, жұмысбасты ауылдасымыз, бесаспап механизатор бауырымыздың мұндай өнері барын кім білген. Ол сондай-ақ Әбеннің, Ахметжан ағайдың өлеңдерін де өзінше әуендететін көрінеді. Ауылда жүрген әуесқой өнерпаз Көктеректен шыққан көрнекті азаматтың, облыстың халық ақыны атанған Ахметжан Нұртазиннің өлеңдерін әуендетпегенде қайтсін!

Еске марқұм Абылан Бекжанов түседі. Ол да Әбеннің өлеңдерін әндетіп айтады, әсіресе Әбеннің өңкей бір кісі аттарын, ер адамдардың есімін жіпке тізгендей етіп жыр жолдарына айналдырған ұзақтау бір өлеңін Абылан тек өзіне ғана тән бір ескі әуенмен, ерекше мақаммен айтар еді. Көктеректің адамдары, Көктеректен шыққан ұл-қыздардың үлкені бар, кішісі бар – бәрі бұл анырыған ән-өлеңді егіліп отырып тыңдайтын. Өйткені мұнда Көктерек дейтін шағын ауылдан сұрапыл соғысқа аттанып, қан майданнан қайтып оралмаған елуден астам ер-азаматтың есімі аталушы еді. Әбең, Ахметжан Нұртазин, солардың бәрін кезінде көрген, білген-ау, шамасы. Сөйтіп, бұл ұзақ өлең қан майданда қаза тапқандар мен хабар-ошарсыз кеткендерді зарлап жоқтайтын өлең-әуенге, реквиемге айналған. Әбеннің өлеңі қалай аталатынын, Абыланның аңырған әуені қалай аталғанын білмеймін, шамамен, бұл жоқтау-жырды «Боздақтар»

деп атауға болатын шығар. Әттен, Абылан дүниеден өткеннен кейін мұны ешкім айтпады ма, қалай?

Жаңылмасам, 1963 жылғы жазғытұрым. Ленин ауылындағы әкем Әнәстің үйіне күтпеген жерден Лесхоз директоры Ахметжан Нұртазин келді. Көктемгі көгалдандыру және ағаш отырғызу науканымен жүргенін, осында жолай бұрылғанын, көп отырмайтындығын білдірді. Төрге озбай, колқалағанға көнбей, «Әнәстің асханасы» аталып кеткен, үлкен ұзын үстелі бар, үнемі сары самаурын, қара шөген қайнап тұратын ортанғы бөлмеге де онша аялдамай, жаңадан салынып жатқан ауыз үй – верандаға жайғасуды қалады. Осындағы ұзынша, мықты орындыққа жаңа құрақ көрпелер әкеп төсеп, Әнәстің әйелі, біздің шешей Әмина құрақ ұшып жүр. Құрдастың әйелі болғандықтан: «Әй, Ахметжан!» деп өктем сөйлейді. Әбеннің алдына әкем екеуміз көтеріп әкеп қойған үстелдің үстіне жаңа дастархан жайып жатып: «Анау отта тұрған шөгенге ас сала қойсам, тез арада піседі, ас әзір болады, көп бөгелмейсің. Немене, әдейі келіп, құрауыз кетейін деп пе едің?!» – деп, дүрсе қоя берді. Әбен де құрдастық жолымен: «Әй, сен қатын, тыштандама. Сендер қысыр сауып отыр дейді ғой. Сен қымызды бапты ұстайтын көрінесін. Кәне, сусын әкел! – деп, шешемізді билеп кетті. – Қаймағың бар ма жаңа піскен, бөлке наның бар ма? Е, соларды әкел, сол жетеді. Әй, Әнәс, Әмина! Мен мына баламмен сөйлесем. Сендермен де сөзім бар. Отырындар», – деп, өзімсінген сыңай танытты.

Содан әңгіме былай өрбіді: қаңтардың соңында ма, ақпанның басында ма облыстық «Ленин туы» газетінде менің екі өлеңім жарияланған. Екіншісі екі шумақ, қысқа ғана өлең болатын. Әлденені аңсап, әлдекімді

сағынып, қысқы кеште сарылып жол тосқан лирикалық кейіпкер: «Алабұртқан көңілді тоңазытып. Үстімнен бүркей-бүркей жауады қар», – дейтін. Өлеңнің екінші шумағы: «Келгендей жүрегімді суытқысы, Үстімнен борай-борай қар жауады», – деп аякталатын. Әбең осыны тура мағынасында қабылдапты. «Ойбай, мына баланың сырқаты бар болды ғой, соны меңзеп отыр ғой деді ойлап, өлеңді Қайни шешемізге де оқып беріпті. Қайни шешей: «Барып, баланың амандығын білсейші. Әнәспен, әйелімен сөйлессейші», – депті. Содан әнеміне деп жүріп, амандық білудің сәті бүгін келген екен. Содан Әбең маған: «Иә, халың қалай, не бітіріп жүрсің, шырағым?», – деген соң, мен орта мектепте қызметке кіріскенімді, жанадан бір шығарма жазып бітіргенімді айттым. «Е, манадан соныңды айтпайсың ба», – деген Әбең: «Әй, бері келіңдер, тиыш отырындар, тыңдайық», – деп, әкей-шешейді отырғызып қойды да, менің әлгі дүниені оқып беруімді өтінді. Сөйтіп, мен алғашында «Бозбала Тау мен бойжеткен Бұлт туралы баллада» деп аталған:

Көкшетаудың таркамайды мұнары,  
Көрген жанның таркамайды құмары.  
Көк торғындай көк мұнардан туды жыр  
Бозбала Тау, бойжеткен Бұлт туралы.

Әуелгіде әлденендей тозаннан  
Жер-дүние жаралғалы не заман!  
Дәл осылай болады деп түбінде,  
Тау мен Бұлттың тағдырын кім болжаған...

Деп келетін аңыз тектес шағын дастанды үшеуіне дауыстап оқып бердім. Олар 47 шумақ өлен-жырды қыбыр етпей отырып тыңдады. Оқып болған соң Әбең маған сүйсіне қарап: «Міне нағыз менің балам, өзіме тартқан, саған мұндай бала қайдан келсін», – деп, ризашылығын білдірді. Баласын біреу мақтаса, әке-шешеде ес қала ма, Әнәс пен Әмина мәз-мейрам. Ал Әбең барынша ырза көңілмен аттанған тәрізді.

Айтпақшы, мұның алдында Әбенмен бір «қызык» жол жүріп Қызылжарға барып қайтқанымыз бар. 1961 жылдың қаңтар айында Солтүстік Қазақстан облысындағы тың игеруші жас дарындар мен өнер саңлақтарының облыстық слеті өтетін болыпты. Соған біздің ауданнан белгілі айтыскер ақын Ахметжан Нұртазин, жас жазушы Ермек Қонарбаев және жас ақын Жарасбай Нұрқанов – үшеуіміз баратын болыппыз. Әбең жолға өзінің бобик машинасымен шыққан ғой, біздерді бірге ала кетпек. Сонымен біз Сергеевқалатып Қызылжарға аттандық.

Біздер үшін Есілдің арғы жағы болып есептелетін Сергеевка - Қызылжар тас жолында келе жатырмыз. Әдетте бобик жеңіл, майда жүрісті машина болушы еді. Қыстың ашық күнінде, асфальт жолда зырлап отыруға тиіс. Алғашында, Ақанбарактан Жаңаталапқа жеткенше солай сияқты еді. Бірақ Жаңажолдан өте бере, Кеңеске жете бере машинамыз тыркылдай бастады. Күн суық, қызыл шұнақ аяз. Содан машинаның түтігімен бензин дұрыс жүрмейді ме, қалай, әйтеуір бобик жиі-жиі қақалып қала беретін болды. Кабинаның іші мүлдем суып кетті. Ыбырай әлсін-әлсін машинаны тоқтатып, капотты ашып, түтікті сорып, түкіріп тастап, әбден әуре болды. Біздің де мазамыз кетті. Өзіміз де жаурауға айналдық.

Ауылда қалың сияқты көрінегін қысқы пальтомыз пана болмай қалды. Әсіресе аяғымыз тонып, әкетіп барады. Әбең мызғымай отыр, жүзі қарауытып, түтігін алған. Біз бүрісіп алып табанымыздың астындағы мұздай темірді тепкілеп келеміз. Көбештен өттік пе, Явленкаға жеттік пе, оны білуден қалғанбыз. Ақыры Әбең Ыбырайға бірдене дегендей болды. Біз үлкен жолдан бұрылып, бір жерге тонқандай болдық. Сөйтсе, Әбең бізді Мәдениет деген қазақ ауылына әкелген екен. Әбеңнің соңынан еріп, томпаңдап, бір үйге кіре бердік. Киімдерімізді шешуге де үлгермей, қыз-қыз қайнап тұрған пешпен жылап көріскендей болдық.

Бізге салса, жаңағы пештің түбіне жата кетуге әзір едік. Бірақ Әбең қалаға жетіп конуды көздеп, біз тағы да жолға шықтық. Ішімізге ел қонып, бойымыз біраз жылынып-ақ қалып еді, азынаған қораның ішінде барлық суықты өзіне тартқан көк темір, көнетоз машинаға отырысымен бойымыз қайтадан мұздап, қалтырап ала жөнелдік. Машинамыз манағыдан бетер қақалып-шашалып, жүрмей, бөгелуін жиілетті. Ит әуреге түсіп, ұзақ жүріп, қатты жаурап, ұшып кете жаздап, түннің бір уағында Қызылжарға да жетіп, бір үйге келіп түстік. Ұйықтап қалған үй иелері бұл келген Әбең екенін білген соң, әбігерге түсіп, бізді құрақ ұшып қарсы алды. Сондағы тоңғанымыз-ай!

Бір жақсысы, біз ертеңіне барып қатысқан облыстық слет өткен ғимарат жып-жылы екен. Осынау мәдени шараға обком, облыстық комсомол араласқандықтан ба, біз жиналған жер алаулатып-жалаулатып, қыз-қыз қайнап тұр. Жалпы жиналысымыз да, әр сала бойынша бөлініп өткізген секциялық отырыстарымыз да мазмұнды, қызу болды. Өлендер оқыдық, пікір алыстық. Қо-



рытынды мәжілісте халықтың дәстүрлі өнерін жаңа заманға бейімдеуші ретінде облыстың белгілі айтыскер ақыны Ахметжан Нұртазиннің есімі аталды. Ауылда тұрып, еңбек адамдарын әнгімелеріне арқау етіп жүрген Ермек Қонарбаев мақталды. Тыңды, тың игерушілерді жырлаушы ретінде жас акын Жарасбай Нұрқанов болып мен де аталып өттім.

Мұның бәрін айтып отырған себебім: сол жолы біз, Солтүстік Қазақстан облысының бір топ өнерпаздары тұлғасы ірі, келбеті келіскен үлкен акын аға Ахметжан Нұртазинді қоршаған күйі фотоға түсіп едік. Сондай-ақ 1965 жылы, Тың өлкесі тарардың алдында, тың игеруші акын-жазушылардың өлкелік семинар-кеңесі өткен кезде тағы да бір топ жас дарындар бір сәтті пайдаланып, Ғабенді (Ғабит Мүсірепов), Ғалекенді (Ғалым Малдыбаев), Әбенді (Ахметжан Нұртазин) ортаға алып, суретке түскен едік. Мен осы фотоларды 2006 жылы жазда облыстық мұражайға керегі болар, кәдеге асар деп, өлкетанушы қаламгер Ғалым Кәдірәліге беріп едім. Жұртшылықтың назарына ұсынар деп ойладым.

1964 жылдың басында Әбен бізді тағы да Лесхозға шақыртыпты. Мұны маған Ермек айтты да, мені Жылкелді ағайға, Жықана алып барды. Жылкелді Мұқанов – біздің мұғаліміміз, бізге мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытқан, бізді әдебиетке, өнерге баулыған ұстазымыз. Қазір мұғалімдікті қойып, «Тереңсай» совхозының көркем-өнерпаздарына жетекшілік етіп жүрген кезі.

Жайшылықта мені «Жәубай» деп жақсы көретін Жықаң осы жолы тым ресми бола қалыпты. «Нұрқанов, – деді ол, – бізді Ахметжан Нұртазин арнайы шақырып отыр. Үшеуімізді ғана. Ұқтың ба? Ұқсаң, сол, сен көлік

әзірле!». Түсіне қойдым: бұл кезде әкем Әнәс Нұрқанов Теренсай селолық Советінің председателі болатын. Облатком төрағасы Еркін Әуелбековтен сыйлыққа әкелген Размах дейтін арғымағы бар еді. Жықанның көздеп тұрғаны сол. Әкей бұған бірден келісті. Размахты үлкен, жалпақ шанаға жегіп, оған мойыл қорапты орнатып берді. Мойыл қорапка молынан шөп салып, оның үстіне алаша жайып, оған көрпе төсеп берді. Жықан, Ермек үшеуміз осыған жайғасып, арғымақты борт-борт желгізіп, лесхозға тарттық.

Бізді Әбең мен Қайни шешей қарсы алды. Әбең бірден өз бөлмесіне апармақ еді, Қайни шешей: «Шай әзір. Осында отырып-ақ сөйлесе бермейсіндер ме?» – деді. «Ол да дұрыс екен», – деп Әбең келісті. Сөйтіп біз сырттан келген кісіге жып-жылы, аса жайлы асханаға, үлкен үстелге жайғастық. Сәл тыныштық орнағанда анық естілгені: радиодан күмбірлеген күй беріліп жатыр екен. Құлаққа жағымды. Кең, жайлы бөлмеге жарасып-ақ тұр. «Әне біреуді басып қойшы», – деді Әбең. «Күй беріп жатыр ғой, қазір бітсін, – деген Қайни шешей, – Әбең күй тыңдауды білмейді», – деп бізге қарап күліп қойды. «Өзі күй тыңдауға сондай құмар», – деді Әбең, – өзім күй дегенді түсінбеймін».

Мен қайран қалдым. Әбеңнің домбыра тартпайтыны рас. Ән салғанын да біз естіген емеспіз. Бірақ ол – ақын ғой. Қалайша күй тыңдауға құлықсыз болды екен? Күй естілген сәтте елең етпейтін кісі бар ма? Бұл тұрғыдан Қайни шешемізге қатты риза болып, ол кісіге деген бір ырза көңіл, ықылас-пейілім арта түсті. Жалпы бұл кісіге деген бір ыстық перзенттік сезім менің көңілімде ешқашан суыған емес.

Шай үстінде Әбеннің бізді неге шақырғаны белгілі болды. Әбең біраздан бері ойластырып, жазып жүрген жаңа дүниесін, көлемді поэмасын аяқтаған екен. Жазып болған соң машинкаға бастырған сияқты. «Полковник кызы» деп аталған туындысын бізге оқып беріп, тыңдатпақшы екен. Әбеннің тілегі, қалауы – біз үшін заң. Біз поэманы тыңдамақшы болдық.

Өз шығармасын алдымен автор оқи бастады. Біраз оқып, бір кішкене дем алған сәтінде Жықан кезектесіп оқу керектігін айтты. Әбең келісе кетті. Кезек Жықана тиді. Содан соң Ермек оқыды. Одан соң мен оқыдым. Машинкаға басылған өлең шумақтарын оқу қиындыққа түскен жоқ. Поэманы түгел оқып шықтық.

Енді оқылған дүниеге ойымызды, алғашқы әсерімізді айту керек. Әбең соған шақырып отыр ғой. Сөзді Ермек бастап, мен қостап, біраз пікір айттық. Шығарманың өзімізге ұнаған жақсы жерлерін ауызға алдық, кемшін тұстарын да көрсеткен болдық. Жалпы поэманың жалықтырмайтынын, оқырмандарға түсінікті, ұғымды екенін айтып, поэманы жақсы деп бағаладық. Сөзді Жылкелді ағай жалғастырды: ол поэманы мактаудан аянып қалған жоқ. Біз атап өткен жетістіктерін бізден де асырып түсіріп, біз аңғармаған жақсылықтарын алдымызға жайып салып, әжептәуір сөйледі. «Автор өз дегеніне жеткен, поэма көздеген жерден шыққан», – деп қорытты сөзін. Біздерді үнсіз тындап, еңкейіңкіреп отырған Әбеннің еңсесі көтеріле түскендей болды. «Қайнидың асы дайын шығар, қол жуайық», – деді ол көңілденген дауыспен.

«Жарасбай баланның, Ермек баурынның сөзінен гөрі осы Жылкелдінің айтқандары жақсы ғой деймін», – деді Қайни шешей, алдымызға үйеме табак етті қойып жа-

тып. Біз тегіс күлдік. Ермектің құлағына дейін қызарып кетті. Алдыға ас қойылған соң, арақ құйыла бастаған соң Жықаң тіпті тасылды. Әбеннің творчестволық табысы үшін, Қайни шешейдің амандық-саулығы үшін, «Полковник қызының» тезірек жарық көруі үшін тост көтеріп, дастархан басын көңілдендіріп жіберді...

Сәл алға кетер болсақ, Жылкелдінің айтқаны келіп, Ахметжан Нұртазиннің «Полковник қызы» деген жыр жинағы кейін «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Жанағы поэмамен бірге Әбеннің әр жылдарда жазылған өлеңдері кірген. «Қайнетке» деп басталатын бір топ арнау өлеңдер де бар. Соның ішінде мен өз атымды кездестірдім. «Жараспайға» делінген. Әбең осылай жазған болар. Баспадағылар соны «Жарасбайға» деп түзей қоймапты. Осыны айтқанымда, Ермек: «Оны қойшы, бізді айтсайшы; сен алдындасың, біз Полканнан кейін тұрмыз ғой» дегені. Сөйтіп, жинақтағы өлеңдер «Жараспайға», «Полканға», «Ермекке» деп орналастырылған екен, Ермек соны аңғара қойыпты.

Сонымен, Әбеннің, Қайни шешейдің дастарханынан тыңкия тойып алып, сыртқа шықсақ, біздің арғымағымыз да жонышқа аралас көк шөпті құрт-құрт шайнап тұр екен. Аттың ауыздығын салып, божыны бекем ұстаған күйі мойыл қоралпа қонжидық та, жүріп кеттік. Размах үйге қайтарда үнемі желіп отырады. Бірақ... Лесхоздан үш-төрт шақырымнан кейін төбесі көрінетін Алқаағаш ауылының әлі көрінбегені несі? Ойбай-ау, мынау не болып кетті өзі? Айнала аппақ қар, күн бұлыңғыр. Алыстан қалың орман қарауытады. Бұл қай түс екенін ажыратып болар емес. Сөйтсек, лесхоздағылардың ағаш бұталарын, маядағы шөптерін тасыған таптаурын жолына түсіп алып, негізгі жолдан бұрылып кетіп, бет

ауған жакка келе жатыр екенбіз. Акыры Аксудан бірақ шықтық. Бізге таныс мекен. Лесхоздан Ленин аулына жету үшін канша жол жүру керек болса, Лесхоздан осында келу үшін де сондай. Енді үйге жету үшін тағы осындай жол жүру керек Амал канша!

Мен Размахты ауылға бұрайын десем, Жықаң көнер емес. Әуелі Ермекке тиісті. «Әй, Ермек, сенің қайын жұртыңа да келіп қалдық қой. Аксу тиіп тұрған жоқ па? Мына тұрған жерге келіп тұрып, бізге келмей кетіпті деп қайын жұртың өкпелейді ғой. Қой, Аксуға барып қайтайық» демесі бар ма? Ермек тек күле береді. Шамасы, кет әрі емес. Маған Жақаңның тізгін берер түрі жоқ: «Ой, сен немене, әкеннің арғымағын аяйсың ба? Үшеуіміздің басымыз күнде қосыла берер деймісің. Давай, тарт, соғымы семіз, арақ-шарабы теңіз құдалардың аулына!» – деп әмір етті. Сөйтіп, біз тағы да алты-жеті шақырым әрі қарай, Аксуға шалқайдық. Қай үйге барып түсерімізді екеуі де жақсы біледі. «Тілеуің бергір, Тілеужан-ай. Үйің қандай жып-жылы», – деп Жықаң келген үйімізге даурығып сөйлей кірді. – Ой, өзін бізді тосып тойға әзірленіп отырған сияқтысын ғой!» – деді, жылқы етінің иісі бұрқыраған қазандыққа қарап. Пештен әрірек тізіліп тұрған ұзын мойын бөтелкелерді көріп: «Айттым ғой мен, Аксуға бару керек деп. Аксу деген осы!» – деп, масаттанып кетті. Қысқасы, түнімен гуілдеттік. Ертеңіне Размахтың ақ көбігін шығарып, өзіміз мылжа-мылжа болып, ауылымызға оралдық.

Келесі күндері бір әңгіме тарайды. Совхоз кеңсесінің алдына жиналып, ерігіп тұрғандарға Жықаң айтса керек: «Әй, сендер естідіңдер ме, Ермек пен Жарасбай Лесхоздан Ленин аулына тура қайтатын төте жол тауыпты ғой», – деп. Ерігіп тұрғандар елендей қалады. Сон-

да Жықаң: «Лесхоздан Ленин ауылына кордондатып, Аксулатып қайтқан төте болады», – дейтін көрінеді. Бұл әнгіменің шет-жағасы кейін Әбене де естілсе керек. Қызық сөз, қызғылықты жайға кеңк етіп, ақырын ғана күлетін Әбең: «Ол шіркіндердің ондайы бар ма еді?!» депті. Өзгелерді өзіндей көрген соң, бізді де тұзу жүріп, тура баратын болар, дұрыс жолдан бұрылмайтын шығар деп ойлаған тәрізді, жарықтық!

Ақын Ахметжан Нұртазиннің көзі тірісінде «Полковник кызы», «Орман сыры», «Көк тоғай» атты жыр жинақтары жарық көргенін жақсы білеміз. Кезінде «Полковник кызы» мен «Орман сырын» кітап дүкендерінен сатып алып, таныс адамымызбен табыскандай, ауылдан ағайын-туғандар келіп қалғандай қуанып, қызықтап, түгел оқып шыққан едік. Шағын жинақтар кейде жазу үстелінің үстінде жатар еді. Кейде шкафта, кітап сөрелерінде, өзге кітаптардың арасында тұратын. Үйге келген кісілердің алып карауына, парактап оқуына қарсылық жоқ еді. Сол екі кітапшаны мен 2006 жылдың жазында Алматыдан Қызылжарға жөнелттім. «Мүмкін, облыстық музейге қойылар» деген оймен өлкетанушы жерлестердің қолына ұстаттым. Әйелім мұны мақұлдаған жоқ: «Кейін өзіңе керек болмай ма, сонда өкінесін ғой», – деді. Ақыры айтқаны келді.

Әйелдің солай дейтін жөні бар еді. Қазина Сәдуақасқызы екеуміз елдес, жерлес болғандықтан мен секілді ол да Әбеңнің, Ахметжан Нұртазиннің кім екенін білетін. Және жақсы біледі. Ол Қайни шешемізді де бала кезінде көрген, Әбең мен Қайни шешейдің Әсия деген қызымен бірге оқып, Қайрат деген баласымен бір мектепте оқыған. Оқушы кезінде көшет өсіру, ағаш отырғызу, көғалдандыру тұсында, әрине, лесхоз директоры Ахметжан Нұр-

тазиннің есімін жиі естіген, өзін талай көрген. Кейін ол кісінің акын екенін де танып-білді. Целиноград қаласында тұрғанымызда Ахметжан ағайдың Тың өлкесі акын-жазушыларының үлкен бір жиынына келіп қатысқанына куә болған. Әйелдің әлгі кітапшаларды қимаған сөзі дұрыс болып шықты. Әбең туралы естелік айтар тұста оның жыр жинақтарының үйде болмауы жанды қинады ғой. Қиын жағдайдан тағы да әйелдің өзі құтқарды: қолға «Орман жыры» келіп тиді. Бұл – акын қайтыс болғаннан кейін жарық көрген кітап.

Акынның ең тәуір деген дүниелері енген, оның таңдамалысы іспетті бұл жинақ «Орман жыры» деп тегін аталмаған. Ахметжан Нұртазиннің бүкіл өмірі, барша ғұмыры орманмен байланысты. Оның мамандығы – орманшы, атқарған қызметі – орман шаруашылығын басқару, күнделікті жұмыс-әрекеті мен қам-қарекеті – ағаш отырғызу, ағаштарды күтіп-бағып, жайқалтып орман өсіру. Орман – оның өмірі. Мынау «Орман жыры» кітабындағы «Орманшы қарттың өлені», «Қарағай», «Орманда», «Жалғыз қайың», «Жасыл орман», «Күзгі аймақ», «Саялы ағаш» деген өлең-жырлардың атауының өзі соған айғақ.

«Майысқан балдырғандай бала қайың,  
Қуанам жапырағыңды жайған сайын.  
Саянның самалына төсімді ашсам,  
Мас қылып балқытады иісмайың.  
Кешегі қолдан тіккен көгал шырпым,  
Ерінбей еңбектеніп бакқан мүлкім.  
Көркейіп өстің, міне, орман болып,  
Толықсып байығандай елі-жұртым.

Қарағай, жасыл терек, аппак қайың,  
Өсірген өз қолыммен қалқатайым.  
Ағайын, туысымды қыдырғандай,  
Келеді аралағым күн-күн сайын».

– Орманшы осылай деп келе жатты, – дейді автор. Бұл жердегі орманшы – акынның өзі ғой. Орманшы мен акын, өмір мен өлең бірінен бірін бөліп алғысыз, ажырамас бірлікте, жарасымды тірлікте астасып кеткен. Орманшының толғанысы – акынның жан сыры. Ахметжан Нұртазиннің жан дүниесінің толқынысы. «Алқа ағаштың ығына отырғыздым қарағай. Қараймын өзім қызыға, қуанып жас баладай», – деп, акын ағынан жарылады.

Ауылдың сыртына еккен құба талды  
Көргенде еске алар жұрт мына шалды.  
Ыстықтап жұмыстағы жүрген жастар  
Салқындап саясында тұра қалды.

Осы тал – өз қолымнан еккен талым,  
Орман боп өсіп-өніп кеткен қалың.  
Ауылдың сыртына әкеп сая орнатқан,  
Алпыстың үшеуіне келген шалып...

Нақты өмірден, нағыз шындықтан туындаған жыр жолдары ғой бұл. Орманшы Ахметжан Нұртазиннің бастауымен, басқаруымен ауылдарды айнала орман белдеулері орнатылып, саялы орман жайқалдырылғаны елге аян. Бір ағаш отырғызған адамның өзі әжептәуір маркайып жүреді ғой. Ал тұтастай орман белдеуін орнатып, орман өсірген кісінің мактанса, мактағандай жөні



бар. Еңбегінің жемісін көрген жанның мысаттануы әбден заңды емес пе?

Әбен, Ахметжан Нұртазин – бұл дүниенің қызығын бір кісідей көрген адам. Ат жалын тартып мінгелі елдің көзіне түсіп, әртүрлі қызмет атқарды, абыройға бөленді, атак-даңққа ие болып, сән-салтанатпен ғұмыр кешті. Біз Ахметжан Нұртазинді Көктеректен шыққан көрнекті азамат деп мақтанышпен айтуымызға, мақтануымызға болады. Оның орманшы ретіндегі еңбегі, акын ретіндегі өнері ауыл-аймақтан асып, Шал акын ауданына, Солтүстік Қазақстан облысына танымал болды. Елдің есінде, жұртшылықтың жадында, көпшіліктің көңілінде Ахметжан Нұртазиннің жағымды бейнесі қалды, Әбеннің аруағына құдай рахмет айласын!

**Герольд Бельгер,  
жазушы, бірнеше әдеби, қоғами,  
публицистика сыйлықтарының лауреаты**

## **«ҚҰРМЕТТІ ҚҰРДАСЫМЫЗ БЕЛЬГЕР ЕДІ»**

Бұл өлең жолы, әлбетте, маған емес, менің әкем Бельгерге бағышталған. Өлең 1969 жылы тамыз айының 16 күні әкеміздің 60 жылдығына орай шығарылған.

Арнау өлеңнің авторы – біздің Есіл өңіріне танымал азамат – ақын Ахметжан Нұртазин. Мен ол кісіні аз да болса білуші едім. Маған ол ет-женді, ірі, келбетті, батыр тұлғалы, өзіне сенімді, солтүстік ауылдарының беделді, кейде өктем сөйлетін, аяғын нық басатын, көрген-білгені мол, көзі үшкындап, күлімдеп тұратын, аншылыққа құмар, табиғатқа іңкәр, кей-кейде лыкылдап сөйлеп, өзін аскақтап ұстайтын, сыпайы, жомарт, кең етек қазақ болып елестейтін. Әкемнің аузынан ол кісінің есімін жиі еститінмін. Көктерек ауылына барғанда «Нұртазин құрдасымды көрдім, аурушан екен, күркілдеп жөтеліп, жүрегі қысып, алқынады екен, оған ет жеп, сорпа, қымыз ішіп, тоғай аралап, өзін-өзі күтуі керек», – деп отырушы еді.

Кейде Ахаң Ленин колхозындағы біздің үйге соғып кететін, әкем екеуі ұзақ сұхбаттасатын. Мен ол кезде оқушымын, баламын. Ахан маған ауданның үлкен бастығы болып көрінетін.

Кейінірек лесхоздың директоры болды. Естуімше, әкемді сол лесхозға әрдайым шақыратын, «Ол жерде де бір дәрігер керек қой, мен саған карағайдан үй салғыз-

дырайын, жағдайдың бәрін жасайын, аңға бірге шығамыз», – деп үгіттейтін. Оқта-текте лесхозға барғанда, әкем міндетті түрде Ахана жолығып кететін, ем-дом жасайтын.

Сол кездің өзінде Ахаң өлең жазады дегенді еститімін, бірақ мән берген емеспін. Өлеңді қай казак жазбайды?

Жылдар өте мен институт бітіріп, Байқадамда (Жамбыл облысы) екі жылдан аса ұстаздық етіп, аспирантураны тәмамдап, Жазушылар одағының мүшесі болып, ауылға келгенімде Ахаңмен тағы кездестім. Бұл жолы ол менімен ашық сөйлесті, өлеңдерін оқыды (есімде: маған табиғат лирикасы ұнаған болатын), алматылық акын достарын әңгіме қылды, жинақ құрастырып, сәті түссе Алматыға баруды жоспарлап жүрегін айтты. Сол бір есте қалған әңгімеден кейін мен Ахана жақындай түскендей, адами қасиеттерін тереңірек түсінгендей болдым.

Әкем Карл Бельгер 60-қа толғанда ауылдастар жылқы, қой сойып, үй тігіп, мәре-сәре той жасады. Тойға «Волга» машинасымен Ахаң да келіп, дүйім жұрттың алдында әкемді марапаттап, сөз сөйлеп, сонында «Бельгер құрдасыма» деген өлеңін оқыды. Жиналған ығы-жығы қауым мәз болды, ду қол шапалақтады, «бәрекелді» десті. Әкем: «Ну, и что ты написал?» – деп еді, «твой сын переводчик, пусть переведет» деп, Ахаң өлеңін маған ұсынды. Сөздің реті келген соң сол өлеңді осы жерде тұтас келтіре кетейін:

Құрметті құрдасымыз Бельгер еді,  
Бельгерді Есілдегі ел біледі.

Арудың қандай түрі болсадағы,  
Маман жан бәріне де ем біледі.

Біреуді үлкен, біреуді баласынбай,  
Бәрімен бір туысқан ағасындай.  
Сан адамды ажалдан сақтап келді,  
Көзінің ағы менен қарасындай.

Аман-сау босандырып келіндерді,  
Білеміз іске адал берілгенді.  
Шакырса ол аурулар күндіз-түні,  
Білмеді Бельгер досым ерінгенді.

Риза халық сіздің қызметіне,  
Жан адам шыққан емес бір бетіне.  
Әлі де еткен емің шипа болып,  
Халықтың бөлене бер құрметіне.

Жыл сайын жасара бер тіпті, досым,  
Тамаша денсаулығың мықты болсын.  
Әйелің, балаларың аман болып,  
Тойыңыз тойға ұласып құтты болсын!

2008 жылы айтулы азамат, Ахаң, «Ахметжан Нұртазин» жүзге толады екен. Таяуда Ахаңның күйеу баласы ғалым Тілеу Нұрмұратұлымен осы мерей датаны әңгіме қылдық. Сонда Ахаң жайында бір-екі ауыз лебіз білдіруді парыз санадым.

*18 қыркүйек 2007 жыл*

**Көкен Қопышев,  
зейнеткер**

## **МАЙТАЛМАН АҚЫН**

Есіл өңірінен шыққан дарындардың бірі Ахметжан Нұртазин еді. Оны көрген, сөзін тыңдаған, қызметтес не мәжілістес болған адамдардың бірде-бірі осы ұғымды бекерге шығармас деп ойлаймын.

Соғыс біткен соң бір жылдан кейін мұғалімдік мамандығыма байланысты әскер қатарынан запасқа босатылып, елге оралғанмын. Баян орта мектебінде қызмет істеп жатқаным екі жылға жуықтап қалған. Қырық сегізінші жылы, ұмытпасам, маусымның 25-сі күні аудандық партия комитеті шақырып жатыр деген телефон арқылы хабар келді. Қандай жұмыспен шақырғаны айтылмаған. Ол жылдары мектепте бастауыш партия ұйымының хатшысы болатынмын. Сол күні түс ауа шығып, жолда ауылым Ортақшылға соқтым. Жиенім Қазездің үйіне түстім. Біраздан кейін «Әпен үйі сізді шақырады» деп көршісі келді. Әпен Қалиев – менің немере ағам, колхозда көптен басқарма болатын. Келсем төр үйде төрт-бес адам әңгіме құрып отыр екен. Орталарында бұрын мен көрмеген өңі кара торы, дөңгелек жүзді, құс мұрын, кесек денелі адам отыр. Мен сәлемімді беріп аяқтаған соң, Әпен маған қарап: «Көкен, шырағым, бұл кісімен таныстығың жоқ шығар. Ахметжан Нұртазин, біздің ауданның орман шаруашылығының басқарушысы», – деп таныстырды. Менің өзіне іні екенімді айтты. Одан кейін әңгіме жалғасып кетті. Сол бір тұстарда қай елде болмасын әңгіме колхоз шаруашылығының төңірегінде өрбитін. Отырған адамдардың сөздерінін

ыңғайына қарасам, одай емес, ертеде өткен акын, жырау, шешен, әділ билер, кол бастап, ел қорғаған батырлар аттарына байланысты әңгімелерді қозғайды. Біреуі айтып, қалғандары ұйып тындайды. Көбіне әңгіме жалғастырушы – Ахметжан. Бір сәтте Әпен:

– Аха, енді мөлдіреп тұрған ой тұнығы, көркем сөздің шебер қиыстырушысы Шал акынға тоқталсаңыз. Ел ақсақалдарынан естіп, ұққаныңыз мол болар? – деді.

– Әпен-ау, Шал акынның қалдырған мұралары көп қой, әсіресе, адам өмірінің қыры мен сырын толық қамтыған ғой, – деп Ахан ойын аяқтай бергенде:

– Әпен, ас дайын болды, кол жуайық, – деп қонақ күтісіп жүрген Сейтак ағамыз дауыс беріп, төр үйге кірді.

– Онда дәмді қаратып қоюға болмайды, – деп Ахан қозғала бастады. Барлығымыз далаға шығып аздап бой жазған соң кол жуып, дастархан басына орналастық. Дәм келді. Дәмді көзімен бір шолып түсіп, Ахан Кәмила жеңгемді (Әпеннің зайыбы) шақырып алып:

– Кәмила, замандасым, балғын тоқтының етін түгелге жуық асып, оның үстіне сүрден қазы-қарта, жая салыпсың, бұл бірінші беріп отырған дәмдерің емес екеніне түсінем, бұл ертеден жалғасып келе жатқан дархандықтарың болар, рахмет! Әпенге де айтарым осы. Қаншама жылдар болды, соғым сою дегенді де ел ұмытуға айналды. Ел ішінде жүріп, осы өткен қыста жылқы етін асып, дәм берген үйлерді кемде-кем кездестірдім. Өтпелі заман ғой, – деп жанымдағы кісілерге қарады.

– Бу да бір кезең ғой. Аха, «Бір аштықтың бір тоқтығы бар» демей ме дана халық, ел-жұрт аман болсын, халық несібесіз болмас, – деді Әпен.

– Аха, сіз рахмет айтып жатырсыз, сізге де рахмет, көңіліңіздің көркі ашыла берсін, бұйырған дәмді алыңыздар, енді маған рұқсат беріңіздер, ана жақта абысындарым, келіндерім отыр еді, – деп жеңгем ауыз бөлмеге кетті. Дәм ішіліп жатыр, әңгіме де бір баяулап, бірде қызып жалғасып жатты. Дәм қайырылды, кол жуылды. Ахаң Шал ақынды бастап кетті. «Бұл дүниенің мысалы» деген дәс қойды.

Отырғандар разы болып: «Ғибрат сөз деп осыны айт!» – деп гулдесіп қалды, Әпен:

– Аха, бұл жазып алатын дүние екен, – дегенде Ахан:

– Әпен, ол оңай, менде даяр жазулысы бар, – деп екі беті толтырылған бір тарак сарғылттау қағазды Әпенге ұсынды.

Келесі күні аудандық партия комитетінде менімен сөз қысқа болды. Кадрлар жөніндегі хатшы Өмірбай Ыбыраев азғана әңгімеден кейін мені бірінші хатшының кабинетіне алып барды.

– Біз сізді аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне ұсынып отырмыз, – деді бірінші хатшы. Амалым жоқ, партияның шешімін орындауға коммунист міндетті. Сол кездегі ұғым да, тәртіп те солай болатын. Сөйтіп, шілде айының ортасында жаңа қызметке кірісіп кеттім. Жұмыс бастан асып жатыр. Көптеген мектептердің тозығы жеткен, неше жылдан жөндеу жұмыстары жүрмеген, тіпті терезеге деген әйнек те хат, материалдық негізден жоба жоқ, көрнекі оқу құралдары түгіл, оқулық кітаптарды таба алмайсың, мұғалімдер жетіспейді, әсіресе, орта, орталау мектептерді басқаруға жарайтын мамандар саусакпен санарлық. Әрине, осының барлығы ауыр соғыстың жасаған зардабы, кімді кінәлайсың? Сол зардапты жою үшін барлық күш-жігерді, білімді сарқа

жұмсау керек, іскерлікті арттыру қажет, қажымай еңбек ету керек. Сол арпалыс күндердің бірінде Ахаң менің кабинетіме кіріп келді.

– Көкен, жаңа орның, қызметің қайырлы болсын, әдейі соны айта келдім, – деді Ахаң амандық біліскен соң.

– Рахмет, Аха, елеп қайырлы болсын айтуға келгеніңізге, – деп шын жүректен ризалығымды білдірдім. Біраз әңгімелескеннен кейін Ахаңа тағы да рахметімді айтып, кеңседен шығарып салдым. Ахаңмен сыйлыстығым сол кезден басталып өмірінің аяғына дейін сақталды.

Аханьның бір қасиеті – бұрын білмейтін, бірінші рет кездесіп отырған адамын сөйлесе кеткеннен-ақ бауырына тартып алатын. Кім болмасын Аханьның адамгершілігіне, дүние-танымының жан-жақтылығына, халқымыздың ауыз әдебиетін көп біліп, жадында берік сақтауына, өзінің де тамаша акын екеніне дән риза болатын. Содан да болар, жолдастары, дос-жарандары көп болды. Облыстың қандай ауданында болмасын Аханьды білмейтін адам кездеспейтін. Республикамыздың акын-жазушыларының көпшілігімен таныс еді, біразымен тіпті етене жақынды. Бұған өзім талай рет куә да болдым. Ахаң өзі қызмет істеген аудандардың жұртшылығының әрдайым ортасында болды. Бір себептермен кездесе алмай, арасына азын-аулақ уақыт түсіп кетсе не сенбі, не жексенбі күндері азаматтарды үйіне шақырып та алатын әдеті еді. Ондағы ойы – тамақ, ішімдік беріп, тойдырып жіберу емес, әңгімелесіп көңіл ашу, рухани бой сергіту, жаналықтармен хабарлас болу, ой алмасу, жұртшылықтың хал-жағдайын, көңіл-күйлерін дер кезінде біліп отыру. Керек болса, көмегін де тигізуді өзінің парызы деп санайтын. Ахаң шын мәнінде көпшіл адам еді, көпшіліктен бөлінбей өтті. Оның үстіне Ахаң майталман акын



еді, тумысында акын болып жаралған. Бір өкініштісі – сол ақындық дарындылығына жас кезінде өзі мән бермегендігі, тиіп-кашып қана оралып отырғаны. Әйтпесе Аханның қалдырған мұрасы ұланасыр болар еді. Осы ойымызды мына өлеңінен де аңдауға болады:

Сан рет сан соқтырды салақтығым,  
Өсірмей дұрыс, баптап тарап гүлін.  
Асығыс жүріп кеткен жерлерім көп,  
Отырсам өзім байқап карап бүгін.

Сонымен бірге ақындық міндетіне мұқият қараса, жазғандарының көркемдік әсері бұдан да жоғары бола-рын өзі ескерткендей, өкінішін де жасырмайды. Дегенмен денсаулыққа, қызметтің артқан жүгіне қарамастан соғыстан кейін, әсіресе өмірінің соңғы жылдарында көп еңбектенді, ақындар айтысына да қатысты.

Поэзияның осы саласының біздің өңірде канатының кең жайылып қатаюына барынша үлесін қосты. Ахаң айттыстарын былай қойғанда, «Полковник кызы», «Орман сыры», «Көк тоғай» атты үш кітабын шығарды. «Есіл тасып келеді» деген жинағын да дайындап, бірақ баспаға беруге үлгермей, мейірімсіз қаза дүниеден алып кетті.

Енді аз да болса Аханның ақындық шеберлігіне тоқтала кетейін. Ахаң ең алдымен табиғат суреткері. Табиғаттың көркін, алуан құбылысын, тіршілікке ұсынар несібесін, өмірдің кам-қаракетін ажыратқысыз бірлікте сомдап суреттеу оған тән қасиет еді. Әсіресе, өзі туып өскен, балалық шағын, саналы азаматтық дәуірін өткізген асыл Есілді, оның табиғатын, қажырлы еңбек адамдарын қандай тебіреніспен жырлады десеңізші! «Туған өлке» деген өлеңінен үзінді келтірейік:

Атақты атақоңыс асыл Есіл,  
Күмістей суың аппак, салкын Есіл.  
Шілдеде тамылжыған ыстық күнде  
Сусынды кандыратын балсың, Есіл.

Жаз болса бозбалалар жуар атын,  
Ойнақ сап жуған жылқы қуанатын.  
Күн бата қыз-келіншек ән шырқап кеп,  
Сылкылдап ойнап-күліп су алатын.

Елім бай, суым күміс, жерім алтын,  
Көркінмен келтіресің көңіл шартын.  
Кір жуып, кіндік кескен ерке Есілдің  
Өткіздім өнірінде жігіт салтын.

Бұ жерде өтті менің бала шағым,  
Әлі көп берешегім, алашағым.  
Ұрпағым, жеткіншегім, өс, өркенде,  
Бұданда қызық сенің болашағың.

Осы шұмақтарда орнын таппай тұрған бөгде бір сөз жоқ, колданылған теңеулер өлеңге көрік берумен бірге айтар ойдың мазмұнын тереңдетіп тұр. Ахаң, әсіресе, Абай өлеңдерінен сусындаған. Өлеңдегі сыртқы түрмен мазмұнның сикыр сырын үңіле білген. 1962 жылы шілде мен тамыздың аралығында Октябрь ауданында Тың өлкесінің идеология жөніндегі хатшысы Имашев Саттар келе қалды. Ол кезде Некен (Н. Ә. Болатбаев) ауданда бірінші хатшы, мен насихат саласындағы хатшымын. Имашев сөз арасында Аханды сұрады. Некен қолма-қол телефонды алып, лесхозбен жалғасты, Ахаң кабинетінде екен.

– Аха, сізбен бір адам сөйлеспекші, трубкуны берейін,  
– деді Некең. Шамасы, кім деп сұрады-ау деймін.

– Сөйлескен соң білесіз ғой, – деп трубкуны Некең Саттарға ұсынды. Имашев Ахаңмен сөйлесіп болғанын, Некең екеуі Новопокровкаға жүріп кетті.

Түстен кейін менің кабинетіме Ахаң телефон шалып:

– Көкен, қасындағы адамымен Ніл Әдігамович кешкі 7-де біздің үйде болады, сен келіп қал, – деді.

– Үлкен үйден келген адамнан ұят болмай ма, Аха?  
– дедім.

– Кешікпей келетін бол, жеңген де тапсырып тұр (Қайниды айтады), олардың ұйғарындысы солай.

– Жаксы, тырысамын ғой.

Мен айтылған уақыттан он бес минут бұрын келдім.

– Аха, Имашев сізді жаксы білетінге ұқсайды, – дедім мен.

– Биылғы өлкеде өткен мәдениет майданы қызметкерлерінің мәслихатына барғанымда қабылдауында болғам, ұзақ әңгімелескенбіз. Сіздің облысқа жол түсе қалса, сізге міндетті түрде соғамын деген, айтқанын орындады, рахмет.

Үйде аздап болған соң Имашев сыртқа таза ауаға шығуды ұнататынын білдірді. Ахаң отырған конысының айналасына отырғызылған қайың, қарағай, әр түрлі шырша жеміс ағаштарын көрсетті. Бұл кезде күннің көзі ұясына қарай ойысып, жасыл орманға мөлдіреп нұрын құйып, төңіректі тек қана сұлулық билегендей әсер қалдырған еді. Имашев тоқтап, жан-жағына құмарта қарап:

– Осы араның табиғаты жыр құйылтып, әнге бөлеп тұрған сияқты, қандай адамның жаны рахат таппайды бұл жерден, құстар да сайрап тұр, – дегенде, Саттардың сөзін бөліп:

– Сәке, Аханның ақын екендігін өзіңіз білесіз ғой, Есіл өңірінің табиғаты Ахаң творчествосының өзегі десем артық айтқаным емес, қандай тақырыпқа қаламымен жол тарта қалса, Есілдің көркем суретін көз алдыға елестетіп жібереді, – деді Некең.

– Ахаңды тындасак қалай болады? – дедім мен. Сонда Ахаң мына шұмақтарды төгілтіп жіберді:

Қоршаған қонысымды жас карағай,  
Қызықтап аралаймын жас баладай.  
Өсірген өз қолымнан ормандарым  
Өзіме көрінеді астанадай.

Бірі балам, біреуі інімдей боп,  
Жапырағы жайқалып гүлімдей көк.  
Естіледі бір дыбыс құлағым,  
Сұлу қыздың сыңсыған үніндей боп.

Самалын аймалаймын төсімді ашып,  
Көкірегім қуанып, тасқын тасып.  
Ұл-қыздарым құлпырып ер жеткендей,  
Арасында келемін алшаң басып.

Ахаң табиғатты сүйіп қоймай, міне, осылай өрнектеп, жырлай да білді. Біз Ахаңа риза болдық.

Ахаң халқымыздың қанына сіңген аңшылық, құс салу, ит жүгірту, жүйрік ат міну деген құмарлығын қадыр тұтқан адам. Сондықтан өзінің маңайына өзі әуендес азаматтарды тартып, демалыс күндері қансонар болса деп аңсаған. Ондай сәт туа қалса, қапы жібермеген, әсіресе жылында алатын бір айлық демалысының көп уақытын осы бір тамаша сауықпен өткізген. Оны

Ахаңның аңшылық тақырыбына жазылған өлеңдерінен көреміз.

Ұлпа қар, жел де тымық, күн шырайлы,  
Сонарда үйде отырып кім шыдайды.  
Аңсырап иттерім де елегізіп,  
Жұлынып, жіберші деп қыңсылайды.

Аңшылар ит жетектеп, алып найза,  
Жөнеледі желе тартып терең сайға.  
Жаңада жүріп кеткен төрт қасқырдың  
Жосылған ізі келіп болды пайда.

Жолдастар, саятшылар кәнігі епті,  
Амантай ақжал атпен барып жетті.  
Жанына жетіп барып қабырғалап,  
Қасқырды ақ сойылмен қағып өтті.

Тағы бір өлеңінде нағыз құмар тарқатар аңшылықтың сәті қандай жағдайларға байланысты екенін ашық айтады:

Жүйрік ат, алғыр ит пен аңшы жолдас,  
Олармен арман бар ма болсаң қолдас.  
Егерде соның бірі жетіспесе,  
Қансонар болса-дағы жолың болмас.

Шалағай жолдастарға ісім түсіп,  
Жүремін ыза болып күйіп-пісіп.  
Қабдолла, Қошан, Ғалым, шіркін, Сыздық,  
Көзімнен тұрсыздар-ау бір-бір ұшып.

Бұл жолдардан кім көрінген аңшы бола алмайтыны, аңшының да аңшысы бар екені бесенеден белгілі болып тұр, нағыз аңшы жолдастарын аңсаған кездерін де еске түсіреді.

Аханның ағайынға, жолдастарға деген мейірі ерекше болған. Мына жолдарына көңіл аударайықшы:

Адаммын койдан жуас қоңыр шекпен,  
Ақырын, алшаң басып келем еппен.  
Достық мол, қастығым жоқ ешбір жанға,  
Жатырқап бір жаным жоқ сыртқа тепкен.

Қойса кейбір туысым үйге кірмей,  
Еріксіз келтіремін сүйрегендей.  
Келмесе ағайыным елендеймін,  
Көңілім қоңыр тартып күйге келмей.

Аханмен жолдастық, адамдық катынаста болған біздер осының куәсі едік қой. Аханның адам баласына, жолдастарына көңіл қиығы болмаған, өмірі кәдімгі таусылмайтын махаббат жырына ұқсайды. «Шіркін-ай» деген өлеңінде осы ойды құрматқандай бір шумак бар:

Жолдастарды жиі-жиі көрсем мен,  
Зор байлыққа батқандаймын белшемнен.  
Құйма құлак құрбылар мен жастарға  
Ұққанымды түгел айтып берсем мен.

Бұл жерде құрбыларына, келешегі бар жастарға пайдасын тигізіп, қамқорлық жасағысы келетінін ашып айтады:

Бітпегенмен бір өзіме ізгілік,  
Елдің камын жүрген жанмын, сөз қылып.  
Аянбадым, ауыр жүгін артса да,  
Алмаймын деп ағайынды бездіріп.

Мен сондықтан дос жолымен дәл бастым,  
Оның үшін өмірде ұят алмаспын.  
Жоқшылықта үзім нанды бөліп жеп,  
Таршылықта қол ұшымен жалғастым.

Ұққан адамға Ахандардың өмір жолы үлкен тарих,  
өнеге. Өмірдің ауыр жолын ауырсынбай, жеңілінде  
даңдансымай адамдығын сақтағандар болды ғой, соның  
бірі кешегі көз көрген Ахаң екендігіне кімнің таласы  
бар?!

Ахаң өмірінде өзінен ересек, өзімен тұстас адамдар-  
мен қадірлес болды, оның ішінде, жоғарыда айтқандай,  
ақын-жазушылар мен өнер саласындағылар. Мен бар-  
лығын айтып та, жазып та жеткізе алмаспын, бір-екеуіне  
ғана тоқталайық. Ең алдымен Ахаң Сәбит Мұқановпен  
өмір бойы қошеметтесіп, сыйласып өткен ғой. Екеуі де  
өмірден өтті, иман байлығын берсін. Ахаңның Сәбене  
арнаған өлені творчествосының ішінде өте сәтті шыққа-  
нының бір деуге толық болады, өзі ұзақ та емес:

Сарыарқа Сәбең келсе құлпырады,  
Төсіне қызыл-жасыл гүл тұнады.  
Жайрандап кәрі-жасы қол алысып,  
Аталап жас бөбек те ұмтылады.

Ақ жарқын, кішіпейіл, жылы сөзбен  
Жарасады ырысты ынтымағы.

Жетпіске келген бүгін біздің Сәбен  
Арқаның темір топшы бір қыраны.

Солтүстік өз ұлына мақтанады,  
Томдарын ақ тілекпен актарады.  
Салмақты әрбір сөзі саф алтын ғой,  
Жадында жұртшылықтың жатталады.

Теңіздей талқып жатқан казына мол,  
Сәбенде сыры ашылмай жатқан әлі.  
Томдары тозбай туған мәңгі мұра  
Кіршіксіз кіл күмістей сақталады.

Сәбеңнің бар өмірі өнегелі,  
Акындар дайын тұрған дастан дескен.  
Дастан түгіл, Сәбеңдер – ғарыш әлем,  
Күн жүзіп омырауынан, аспан көшкен.

Ахаңның осы жазғандарына түсінік жазудың қажеті болмас. Не қосып, не алыптастар жері жоқ. Қандай әділдік, қандай дөп басқандық, қандай өрелі баға, қандай биік көркемдік!

Ахаң шын мәнінде азамат, акын ретінде туысқа, ағайынға, жолдас-кұрбыларына, достарына бүкіл келбетімен, жан-дүниесімен адал, ақ жарқын, жомарт, көңілі көл-дария асыл тұлға еді. Сондықтан ол елінің сүйікті ұлдарының бірі болды. Ондай адамның бейнесі ардақты аты халқының жүрегінде мәңгі сақталмақ.

*«Ленин тұы» газеті, 14 қазан. 1993 жыл*



**Тұрсынзада Есімжанұлы,  
Қазақстан жазушылар Одағы  
Ағалар алқасының мүшесі**

## **ТАБИҒАТ – АҚЫНДЫҚТЫҢ АЛТЫН ТАҒЫ**

Біздің жыл санауымыздан бұрын да, одан бергі барлық уақыттарда да жер шарының қай халқында болмасын, каламдарын қасиеттеп ұстаған ақындардың бірде-бірі туып-өскен табиғаты хақында тебіренбей өте алмаған. Оның мысалын бір-бірілеген өлеңдермен, поэмалармен ғана емес, мындаған томдармен де толтыруға болады.

Табиғаттан алшақ тұрған акын жоқ. Шынтуайтқа келгенде, табиғат ешкімнің алдында да аласармайды. Ақындығын ұлы табиғаттың өзі арнап берген тұлғалардың бәрі де сол мәңгілік табиғаттың төл перзенті екенін ешқашан да ұмытпайды.

Жер жүзінде табиғатты тамаша жырлағандардың бірегейі – Сергей Есенин. Оның мына бір шумағы жас кезімде қатты әсер еткен еді.

Ақпанның түні. Қалғиды айың.

Ақ кебін киген бел-белес мекен.

Жылайды қайын тоғайлар сайың.

Кім өлген мұнда? Мен емес пе екем?!

«Ия, менің бүкіл өмірбаяным – жырларымда», – деп Есенин айтқандай, қай-қай ақынның да азаматтық, тұлғалық бейнесін қалдырған мұрасынан қапысыз тани аламыз. Бұл жағынан келгенде биылғы жылы ғасырлық мүшел тойы болатын Ахметжан Нұртазиннің кешіп өткен өмір жолы оның шығармаларында ерекше шынайы-

лықпен сақталған. Әрине, анық-қанық табиғи ақындық көзбен, баянды талғаммен қараған жанға ғана. Ал, саяз талғаммен салдыртып өте шығатындар ауылдың, облыстың деген шекаралармен шектеп, өздерінше сортап-бөліп, жиырмасыншы ғасырдың көркемдік ойына кемел үлес қосқан маркасқаның рухани сыбағасын шақтағылары келуі де мүмкін.

Ал, Ахметжан әкеміздің азды-көпті шығармаларын ілтифатпен оқып шыққаннан кейінгі менің түсінігім – түбірімен өзгеше.

Бір ғана қазақ әдебиеті емес, Кеңестер Одағының әдебиетіне Мағжан Жұмабаевтай, Ғабит Мүсіреповтей, Сәбит Мұқановтай, Иван Шуховтай алыптарды берген, одан беріде де Сафуан Шаймерденов, Кәкімбек Салықов, Герольд Бельгер, Жарасбай Нұрқанов, Есләм Зікібаев сияқты таңдаулыларды сыйлаған; жері де ғажайып сұлу өлкенің, тұрғылықты халқы да, көркем әдебиетті оқушылары да кемел емес, кеменгер емес дегенге кім сенеді. Олай болса, облысы мен ауданы анық мойындап құрметтеген, көзі тірісінде әлпештеп алақанында ұстаған Ахметжан Нұртазинді бері салса республика, әрілесен әлем оқушысы бағалай алмайды деуге бола ма?! Мәселе, Ахметжанның қалдырған мұраларының қамқор қолға, жанашыр жүректерге жетпеуінде. Бұның үстіне, Ахметжан Нұртазиннің соншалықты қарапайым, қанағатшылдығын, атакқұмарлықтан адалығын қосар едім. Мен ол кісімен онша көп араласқан адам емеспін. Сонда да болса, дастархандас болып жүргендегі бір жағдайды есіме ала кетудің ерсілігі жоқ.

Жазушылар Одағының өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында шақырылған кезекті съезінде Аксудан Алматыға келе қалайын. Ғафу Қайырбеков пен Саттар Сейіт-

хазин үшеуміздің қазіргі Өсімдік қорғау ғылыми- зерттеу институт жатақханасының екі бөлмесін алып тұратын, кейіннен сол институттың жиырма жылдан астам мақтаулы директоры болған Нұрмұратов Тілеудің қымызға армян коньягын қоса кезек-кезек қопарыла көтеріліп, қолпаш тостарды тоғытып отырғанымыз еске түседі.

Тілеу ағамыздың жеке басы біз оқыған Мамания мектебінде (Ақсу ауданы Талдықорған облысы) тәртібі жағынан да, адамгершілік болмыс-бітімі жағынан да үлгілі оқушылардың бірі болғанын білгеніммен, жеңгеміз Зылиханың, оның әкесі Ахметжан Нұртазин ақынның жақсылық жақтарын сырттай естігенім болмаса, араласым аздау еді. Ал, мына жерде Ғафудың да, Саттардың да кезектесе тасытқан марапатты сөздерінен кейін Ахан мен Зылихаға аңтарыла қарап, бір-біріне айнымай ұқсаған кие мен иенін дастарханында отырғанымды сезінгендей болдым. Сол өңірден шыққан сыбызғы мінезді Сафуан мен Есләм еске түсті. Бәрінен де гөрі орнықты, момын көрінетін, бірақ ақындығы да, жазушылығы да одан да орнықты, астарлы атына заты сай Жарасбай Нұрқановтың да шабыт тамыры Ғабит Мүсірепов кейіннен өзгертіп жазуды ұсынған Солтүстіктың (бұрын Солтүстік дейтінбіз), ия байтақ Қазақстанның орманы да, өзендері де алып Ресеймен араласып кеткен Солтүстік облысының – табанын өле-өлгенше кіндік қаны тамған жерінен айырмаған, өз өңірінің Алатауындай Ахметжан сияқты қарттарда жатқаның сезінгендей болдым.

Аханның отырысында да, сөйлесінде де сұлу табиғаттың сәбиіндей тазалық, құдайға қараған әділеттік, саф алтындай салқын сабыр салтанат құрып тұрар еді.

Біз болсақ, күні бүгінге дейін орман-тоғайға шалқыған шабытымызды, шаттығымызды, кейде өмірден жеген

опығымызды бөлісуге, Табиғат-анадан ақыл сұрап күш алуға барамыз. Басқаны кайдам, өзім көбінесе Алатаудан алуға баратын сияктымын. Сарқыраған өзенді сайлардың бәріне де жан-арым мен балаларымды ертіп демалуға барғанда, ұмытпағанымыз болмаса, көшет ала барып көшелі іс тындырғаным шамалы.

Табиғатты сүюге баулыған, шығармашылық шындықтарым бар болса бар да шығар, ал бірақ екі-үш сағат жайғасып демалған жеріңе екі-үш тал болса да шанши кеткеннен қанға да, жанға да рахат тарамас па еді?! Туған табиғаттың аясынан рахат тауып қайтатын мындаған, он мындаған пенделердің бәрі де солай жасаса ғой, шіркін!

Осыны ойлағанда, Солтүстік Қазақстанның көрнекті азаматы атанған Ахметжан Нұртазиннің бүкіл өмірі орман шаруашылығының ұлдығы мен құлдығында өткенін, туған адамдық, ақындық жасампаздығы алдының алғысын алардай арпалыспен аяқталғанын да ардақ тұтуымыз, ұрпаққа үлгі-өнеге етуіміз парыз. Ахандай азаматқа өзі туып-өскен Көктерек атты ауылдың атын бүгінгі ұрпақ бағалап беріп жатса, олардың да Аханның аруағын риза қыларда алла алдындағы парызын ақтағаны болар еді.

Жалпы, Ахметжан Нұртазиннің өзі қызмет еткен халық ортасында да, Алматыдағы алдыңғы қатарлы ақындар қауымдастығы ортасында да озық орны бар азамат екенін осы кітапқа енгізілген республикамыздың ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің төрағасы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мактай Сағдиевтің, қазақ жырының хас тұлпарындай жүйткіп өткен Ғафу Қайырбековтың, атакты мемлекет және қоғам қайраткері, дүлдүл акын Кәкімбек Салыковтың, қазақ әдебиеті-

не де, қоғамы мен заманына да ерекше бөлек еңбектері бар Герольд Бельгердің Аханның жақын інілерінің бірі айтулы акын Жарасбай Нұркановтың ой-пікірлері де ақиқат анықтайтын сияқты.

Сонау алпысыншы жылдардағы көңілді бір отырыстан жарты ғасырдай озып келіп, бүгінгінің сөзін айтып кетуім де – киелі аруакқа деген көңіл ілтифатынан туса керек.

Отырысқа оралсақ, жазушылар съезінің өту барысы жайлы аздаған әңгімеден кейін дастархан аяғы Алатау бауырындағы сейіл-серуенге, жыр мүшәйрасына айналып кетті. Сол кездесуде Аханның өз аузынан естіген мына бір өлеңі есімде ерекше жатталып қалыпты. «Қабдолланың кара бүркіті» аталған өлеңді көктемде құшағын айқары ашқан Алатау да ұйып тындағандай болды.

Ақ боран алты тәулік ашылмады,  
Сұрапыл сокты үдете, арсылдады.  
Жоғалса қасқыр алған кара бүркіт,  
Дос түгіл тосын жанның ашыр жаны.

Бүктеліп көкжал қасқыр жатыр сұлап.  
Қасында көрінбейді бүркіт бірақ.  
Жүрегі бұл жұмбаққа бойлай алмай,  
Атынан түсіп аңшы тұрды жылап.

Қасқырдың қан жосыған шекесінен,  
Батыпты батыл тұяқ жетесінен.  
Көкиген көкжал қасқыр күнде мал жеп,  
Алыпты сыбағасын көкесінен.

Аспанда бұлтқа сүңгіп кетіп әрмен,  
Қиядан сол қасқырды көзі шалған.

Жентектеп жерге тастап құрбандығын,  
Күн бата көкті жарып кете барған.

Қасқырын қанжығаға байлап алып,  
Аспанға келе жатса көзін салып,  
Қиядан көзі шалып өз иесін,  
Құдия кара бүркіт келеді ағып.

Жақындап бір атылып, жалтылдады.  
Қасқырды көріп көңілі қарқындады.  
Қолына иесінің қонып алып,  
Қыраны қуанғаннан саңқылдады.

Қыран мен адамның достығын жырлаған бұл өлен Ахаңның қолымен жазылса да, жанымен де, ақындығымен де Абайға жақын жаратылысты елестетер еді.

«Орман жыры» жинағына жазған алғыс сөзінде Ғафу Қайырбеков айтқандай, Ахметжан Нұртазин шығармашылығының басты қасиеті – бұл ақынның табиғатты молынан жырлауы, орман жыршысы болуында. Бұл қазақ профессионал ақындарында да бірыңғай кездесе бермейтін тақырып. Бақсақ, мұның үлкен себебі бар екен.

Республикамыздың солтүстік өңірінде туып-өскен Ахметжан Нұртазин өмірінің көбін орманшылық қызметте өткізген. Тіпті, ұзақ жылдар орман шаруашылығының басшылық қызметінде болған маман еді. Тамаша табиғаттың аясында өмір кешкен ақын табиғаттың өзіндей әсем жанды, жомарт пейілді, сері көңілді. Ол өз өлкесінде айтулы аңшы атанған, жүйрік баптап, ит жүгіртіп, құс салған адам. Оның поэзиясы осы күнгі туған жер табиғаттын қорғау ұранымызбен де үндесіп жатады.

Сол бір дуылдаған, зуылдаған жыр күнінен кейін тағы бір есте қалғаны – Аханның бастауымен, Тілеудің қостауымен қолымызға күрек алып Өсімдік қорғау институтының ауласына өз қолымызбен бір-бір алма ағашы көшетін отырғызып кеткен едік.

Бұрында халық алма ағаш ормандарының жаңа құрылыстарға орын беріп оталып жатқандарын көргенде де Ахметжан Нұртазин тектес аға ұрпақтың өмірден көшіп кеткендігі өкінтеді, көшіп кетсе де, біржола өшіп кетпей, «Соңында ұрпақ-жан қалсын, ұрпақтар күтіп өсірер баубақша мен тал қалсын» деген өсиетті сөздерін қайталай бергің келеді.

Біздің туып-өскен Ақсу өңіріндегі қарапайым қара шалдардың, солардың ішіндегі дана шалдардың біреуі Нұрмұрат ақсақал да таңның атысы, күннің батысы ел мен жерді көгертуге зор-зор үлес қосқан, сөйлесе кетсең аузынан Абайдың даналықтары төгіліп тұратындай, кемелдік пен кемеңгерліктің лебізіне бай кісі болатын. Сол кісінің ұрпағы Тілеу ағамыз да Ахметжан ақсақалға күйеу бала ғана емес, аға ұрпақтың өмірлік істерін жалғастыра сүйеу бала болып, республикамыздың Өсімдік қорғау институтына жарты ғасырға жуық еңбек сіңірді, биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық ғылымдар академиясының академигі дәрежелеріне ие болды. Оның аттай жиырма жылдан астамында директорлық тұғырда болды. Осы кітаптың шығуы да Тілеудің еңбегі. Ақынға қара сөзден өлең оңай демекші, Тілеу Нұрмұратовтың алпыс жылдық тойында оқыған арнауымды да айта кетудің артықтығы жоқ. Бұл өлең сол бір дүбірлі тойда Тілеу ағамыз бен Зылиха жеңгеміздің республикалық көлемде көрнекті-көрнекті орындарда қызмет істеген доста-

рының және министрліктерден келген шын жүректен шыққан құттықтау сөздерінен кейін оқылған болатын.

Сүйеусін Далаға да, Тау ұлына,  
Күйеусін Ақан, Біржан ауылына.  
Тілеусін, калың Елдің тілеуісін  
Қасқайған катал кезең Дауылына.  
Ел ырза қаранардай Перзентіне,  
Мен ырза дара мандай бауырыма.

Қуалап атак-данқты бұландатып,  
Шыңдарға шықпасаң да шығандатып,  
Қырық жылда жүз еңбекті түгендепсін,  
Ешкімге айқайламай, ұрандатып.  
Төрінде Алматының той жасадың,  
Әкелер Аруағын бір аунатып.

Қаранар Тілеуіне қазағының  
Тік тұрып тілек-өлең жазады інің.  
Азаткер Қазақстан – төл жемісі  
Арттағы Ата-баба азабының.  
Нұрмұрат, Ахметжандар сенген саған  
Қазақстан нанының тазалығын.

Тұлғасы талайларды қызғандырған  
Ахметжан өлмес, өшпес із қалдырған.  
Ақкөңіл ақындықтан жаралғандай  
Дариға, Зылихадай қыз қалдырған.  
Ұрпақтар ұлағатпен өсе берсін  
Бакыттың құстарындай Сіз қондырған.



Ахметжан, Нұрмұраттың Тілеуісін.  
Аксудың ақ баталы түлегісін.  
Алпыс жас – ақсақалдар жасы болса,  
Сен де енді ақсақалдың біреуісін.  
Тәуелсіз Қазақстан – Алтын Орда,  
Мызғымас өз орнында тіреуісін.

Тіреулер кім болмақшы – ғалым болмай,  
Алашка атақ-даңқы мәлім болмай.  
Тілеу де, Тіреулер де құламайды –  
Болса да заман қанша тарылғандай .  
Ғалымдар – Адамзаттың ақыл-ойы.  
Жанбақшы ақыл-ойсыз бағың қандай?!  
Ежелден Ақын сөзі – Алла сөзі,  
Жатталар жүректерде ар-имандай.

Алпыста алтын тіреу иілмеген.  
Алдында ат-шапан көп киілмеген.  
Зылиха-дархан жеңгем, жүз жаста да  
Көрейін дәл осындай күйінде мен.  
Немере, шөберелер аспандасын –  
Дос түгіл, қас қалмасын сүйінбеген!

Заманның кемеңгерлер – киелері.  
Киені сүйгендерді сүйеді Елі.  
Ақындық пен ғалымдық бар уақытта  
Бар қоғам, бар заманның сүйенері.  
Жасасын азат ойлар, озат ойлар!  
Сол ойдың сайыпқыран иелері!

**Звериченко В.М.,  
бывший начальник управления  
Северо-Казахстанской области**

## **ОН ВСЕГДА В МОЕМ СЕРДЦЕ**

Судьба свела меня с Ахметжаном Нуртазиным в трудные послевоенные годы. В 1949-м, после окончания Воронежского лесохозяйственного института я был направлен в распоряжение Минсельхоза Казахстана и начал трудовую деятельность в должности инженера лесного хозяйства Октябрьского лесхоза Северо-Казахстанской области. Его я выбрал по совету одного из старейших специалистов отрасли. Лучше, говорил он, в крупном многоотраслевом хозяйстве освоить специфику и местные условия, научиться работать с коллективом людей под руководством опытного и душевного человека. Им оказался директор лесхоза Нуртазин Ахметжан. Благодаря ему я буквально в первые же дни стал полноправным членом коллектива. Его талант организатора и душевного человека спланивали нас. Все, кто тогда был в хозяйстве, работали добросовестно, не считаясь со временем и трудностями. Это была команда. И опять же это была заслуга Нуртазина. В этот период перед лесхозами стояла нелегкая задача: выполнить грандиозный государственный план в степных и лесостепных районах по преобразованию природы. Необходимо было активизировать работу по озеленению населенных пунктов, а главное, на достаточно высокий уровень поднять престиж лесхоза и в целом лесного хозяйства. Усилиями только работников хозяйства успехов в этом было бы

трудно добиться. И здесь неопределимую роль сыграла способность Ахметжана находить общий язык с руководством района и области. Дело пошло. И не только в преобразовании природы. Районное руководство активно подключалось к решению социальных нужд лесхоза. В результате небольшой поселок, расположенный в самой что ни на есть глубинке, в короткий срок преобразился. Были построены новая начальная школа, мастерская по переработке древесины, контора лесхоза. К 1953-му году в поселке функционировали школа, фельдшерско-акушерский пункт, сезонный детсад-ясли, библиотека, клуб, мельница, новая общественная баня. По тем временам это было сравнимо с выдающимися достижениями.

К периоду освоения целины Октябрьский лесхоз был реорганизован в механизированное хозяйство и разделен на четыре лесничества, которые затем были укомплектованы молодыми специалистами, направленными в Казахстан из российских и украинских лесохозяйственных техникумов. Увеличилось число мастеров, механизаторов и других специалистов. Это потребовало большой воспитательной работы с работниками лесной охраны, специалистами и рабочими.

Ахметжан старался привить мне традиционное уважительное отношение к аксакалам. Такие люди были во всех поселках, где проживали казахи. Он всегда подчеркивал их осведомленность о событиях, происходящих не только в районе и области, но и в стране, способность дать им оценку. За советом следовало обращаться к аксакалам, а при необходимости можно попросить их о помощи, говорил Ахметжан. Следование этим неписанным правилам убедило меня в большом влиянии,

что способствовало успеху в личной жизни и работе. Ахметжан был непримирим к жадности, особенно когда она проявлялась у казахов. Он всегда говорил «казах и жадность не совместимы» и где шуткой, где традиционной поговоркой призывал не допускать ее в жизни. И это всегда оказывало положительное влияние.

Несмотря на большую занятость, он всегда находил время для занятия своим хобби. Ахметжан был страстным охотником. Отпуск брал только осенью или зимой и использовал его для охоты на волков и лис. Немало времени он уделял и встрече с интересными рассказчиками былин, сказаний, пословиц. Он был поэтом-импровизатором, его стихи и песни быстро становились популярными и исполнялись на айтысах, торжественных мероприятиях районного и областного масштабов, семейных событиях.

Уйдя на заслуженный отдых, Нуртазин увлеченно занимался обработкой собственных материалов и, при поддержке Союза писателей Казахстана, опубликовал свои труды. Сборники его стихов пользуются большим спросом.

В жизни и на работе у нас с ним складывались доверительные и уважительные отношения. На второй год я занимал должность старшего лесничего, обзавелся семьей. Всегда доброжелательные и доверительные взаимоотношения как в своем коллективе, так и с руководством района и области были основаны на признании неординарности его личности и его незаурядных способностей.

Прошло много лет, но память об этом человеке навсегда осталась в моем сердце, как преданного делу работника, талантливого и душевного человека.

## МАЗМҰНЫ

<b>ӨЛЕҢДЕР .....</b>	<b>7</b>
Тұңғыш мектеп тойында.....	9
Жастық.....	12
Көңіл күйі келгенде .....	12
Жауды нөсер, ақша қар .....	13
Қазақ арба .....	14
Ешкі ұрлығы .....	14
Жакып .....	15
Қол шалғы.....	16
Сіз десемші.....	16
Мұрын.....	17
Қасқыр .....	17
Бригадирді жығып сап.....	17
Құрдас .....	18
Айт күні .....	18
Елім .....	19
Туыстарға майданнан хат .....	19
Майдандағы ініме .....	20
Ешкі.....	20
Мұғалім Ақан картка .....	21
Ет кептірді.....	22
Көкшетауға айтыс ұйымдастыруға барғанда .....	22
Таяк жеген теке .....	23
Озаттар мәжілісінде.....	23
Мереке Ғарифуллинге .....	24
Жараспай Нұрқановқа.....	25
Өрнектің өріне шыққанда.....	26
Бұл дүние бітер емес асықтырып... ..	26

Шалағай аңшылар.....	27
Біраз жастар ескі әдіс деп.....	28
Ермек Қонарбаевқа.....	28
Ақтарылса дәм тойдың аузын ашып... ..	29
Полкан .....	29
Сөз төркіні .....	31
Ой – теңіз, қалам – кеме, сөзім – сағым... ..	31
Алпыстың асқарында .....	31
Бурабай бауырында .....	33
Жаздың жайлы бір күні.....	34
Есілім менің .....	34
Шабытым шалқып .....	35
Жыр толғадым .....	36
Бакыт бағына .....	36
Кәкіма .....	37
Екі жеңгем.....	38
Епсіздік.....	38
Өмірлік серік ізде.....	38
Шабан келін .....	39
Қайниға хат .....	39
Дүйсенбек.....	40
Жұдырықтай жүрегім.....	40
Ойын-сауық .....	41
Аязын сықырлатып сірестіріп... ..	41
Қашаутабан .....	41
Аңшылық .....	42
Туған өлке .....	43
Байқасам .....	44
Есіл тасып келеді .....	45
Құрама отырысы .....	45
Құдалар.....	47
Жүдетіп жүгіртумен кара ала атты... ..	47

Жүректегі пернелер .....	48
Сағила сал .....	49
Ержетті де кері кетті .....	49
Айтуар жылқышының әні .....	50
Бай колхоз .....	51
Жоктау .....	51
Орманшы карттың өлеңі .....	54
Қарағай .....	54
Төрт келін .....	55
Алтайдың алыбы .....	56
Қабдолланың кара бүркіті .....	57
Аңшының жолдастарына хаты .....	58
Есіл .....	59
Келгенде ақ маралдың басын алып... ..	60
Әлім .....	60
Тайыр Жароков (ескерткіш) .....	61
Орманда .....	62
Есіл жағасында .....	62
Жалғыз қайың .....	63
Ынтымақ .....	63
Сапарға .....	64
Немереге .....	64
Жасыл орман .....	65
Қыр көктемі .....	66
Шіркін-ай .....	66
Күзгі аймақ .....	67
Бүркітшілер .....	68
Ұйқас .....	70
Дос қандай .....	71
Өткен күнде белгі жоқ .....	71
Ырысты өңір .....	72
Есімде (Партизан Қарамұқанға арнадым) .....	72

Тау-тау астық («Заря» совхозының дикандарына) ....	73
Аншы әзілі (Қошан Жантілеуовке) .....	75
Шешендік.....	77
Сапта тұрған солдаттай.....	77
Қоян әкелді.....	78
Өлкені аралап келіп .....	79
Теңізде .....	79
Өнегелі өмір.....	80
Ағайын.....	81
Шапатылау шал емеспін... ..	81
Болса да ой да арман, бой да дарын... ..	82
Қырманда .....	82
Әсияның әні .....	83
Көктерек ауылының сауыншыларына .....	83
Аупартком конференциясында .....	84
Мектебім.....	84
Өзіме .....	85
Өлең .....	87
«Сергеевка» су қоймасы .....	87
Торғын аспан .....	88
Қыс қыспағы.....	88
Ұстаз (Рахымға) .....	89
Сырымбет тауында .....	90
Екі аккумулятор.....	91
Сенде концерт.....	92
Кейде жақсы жырды жазып... ..	92
Ескерткіш (Халық ақыны Молдахмет Тырбиевке)....	93
Саятта .....	94
Талапкер .....	94
Торға түсті ақиық.....	95
Алты қасқыр .....	96
Жиендерге барғанда .....	96



Саялы ағаш.....	97
Үйде отырсаң.....	97
Құрдасқа.....	98
Ақбұзау.....	98
Сессияға шақырса, кеш барады... ..	98
Жана мода.....	99
Кім кінәлі?.....	100
Еріншек келін, ерке бала.....	100
Жалқаулар.....	101
Менің мінезім.....	101
Кәрілікке көнбеймін.....	103
Сүйгеніңді ал.....	104
Көңіл.....	105
Жиендерім.....	105
Тереземнің түбінде.....	106
Қыз туса.....	106
Ойдың кені.....	107
Сүймеген сұлу.....	108
Өмір ғажап.....	108
Аурудың азабы.....	109
<b>ПОЭМАЛАР.....</b>	<b>111</b>
Орман сыры.....	113
Ауылдағы арпалыс.....	126
Аңшылар.....	163
Полковник қызы.....	171
Таубай.....	196
<b>АРНАЛҒАН ҰРПАҚТАРҒА</b>	
<b>АМАНАТЫМ (Қ. Хамзаұлы).....</b>	<b>217</b>

<b>ШЕЖІРЕ-ДАСТАН</b> .....	221
1.Орта жүз.....	224
2.Арғын.....	225
3.Күдайберді.....	229
4.Ырсай.....	232
5.Бәйімбет.....	240
6.Қарауыл.....	246
7.Керей.....	249
8.Қыпшак.....	252
9.Найман.....	253
10.Қоңырат.....	256
 <b>ЕСТЕЛІКТЕР</b> .....	 257
Балтабаев А. Табиғатты сүйіп өткен акын Атамның рухына арнаймын .....	259
Сағдиев М. Р. Жадымда жыры қалған жатталып.....	273
Салықов К. Сарыарканың санлағы .....	277
Қайырбеков Ғ. Ақ кайыңдар жыршысы .....	285
Жарасбай Нұркан. Көктеректен шыққан көрнекті азамат .....	288
Бельгер Г. «Құрметті құрдасымыз Бельгер еді...».....	307
Қопышев К. Майталман акын.....	310
Тұрсынзада Есімжанұлы. Табиғат – акындықтың алтын тағы.....	322
Звериченко В. М. Он всегда в моем сердце .....	331

**Ахметжан  
НҰРТАЗИН**

**ӨЛЕҢДЕР  
ЖИНАҒЫ**

Верстка: Ржавина Е. В.

Корректурa: Жакупова А. М.

Подписано в печать 18.07.2023 г.

Формат 60X84 1/16.

Бумага офсетная. Печать цифровая. 21,25 усл.п.л.

Отпечатано в ТОО «Издательство «Северный Казахстан»  
150001, г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5.



ISBN 978-601-7958-49-7



9 786017 958497